ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘОЖ 94 (574) "7/12" Қолжазба құқығында

КОШЫМОВА АКНУР ОРАЗГАЛИЕВНА

VIII-XIII ғасырлардағы Оғыздардың түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орны

6D020300 – Тарих

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілер
Отандық ғылыми кеңесші:
Г.Б. Хабижанова
тарих ғылымдарының докторы,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
профессоры.

Шетелдік ғылыми жетекшісі:
Муалла Уйду Южел
тарих ғылымдарының докторы,
Стамбул университетінің
профессоры, Түркия.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР.....3
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....5
КІРІСПЕ 6
1 Түркі халықтарының этникалық үдерістерін зерттеудің теориялық негіздері.....30
1.1 Этникалық үдерістердің негізгі ұғымдары мен концептуалды тұрғылары.....30
1.2 Түркі халықтарының этносаяси дәстүріндегі сабақтастық (оғыздардың үш оқ, боз оқ этникалық бөлінуінің мысалында).....43
1.3 Оғыздардың орналасу ареалы.....53
2 Орталық және Кіші Азия халықтарының этникалық тарихындағы оғыз компонентінің орны 64
2.1 Енесай қырғыздарының этникалық құрамындағы оғыздар.....64
2.2 Ежелгі әзербайжан халқына ортағасырлық оғыз тайпаларының әсері.....74
2.3 Байырғы түрікмендердің этникалық құрамындағы оғыздардың орны.....85
2.4 Осман түріктерінің этникалық тарихындағы оғыздар.....99
3 Оғыздардың Ұлы дала территориясындағы ру-тайпалардың қалыптасуына ықпалы.....111
3.1 Ортағасырлық оғыз тайпаларының жалайыр, қаңлы, ошақты ру-тайпаларына әсері.....111
3.2 Оғыз тайпаларының найман, қоңырат руларымен тарихи-этникалық байланыстары.....123
3.3 Оғыздардың адай, шеркеш, жаппас ру-тайпаларының этногенезіне ықпалы..... 133
ҚОРЫТЫНДЫ.....145
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ 149
ҚОСЫМША А.....167

АНЫҚТАМАЛАР

Диссертация жұмысында келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Автохтонды (көне грек. αύτός –өзі, χθών – жер)– алғашқы пайда болған жерінен қоныс аудармай, мәдени біртектілікті сақтай алған ең ежелгі деген мағынаны білдіреді.

Геноним – көне әулет немесе тайпа бірлестігінің өзіндік атауы.

Инструментализм –Джон Дьюимен және т.б. қорғалған көзқарас, соған байланысты ақыл мен интеллект (логикалық, этикалық және басқа формалар) дене мүшесі сияқты өзгеру шарттарына бейімделетін құрал (инструмент) болып табылады. Инструментализмнің жақтаушылары этникалықты қоғамның ақсүйектері шығарған және белгілі бір пайда табу үшін және билікке ие болу үшін пайдаланылатын этникалық аңыз-әңгімелердің өнімі деп санайды.

Консорция – бірдей тарихи тағдыр (тауқымет) біріктірген адамдардың тобы (Л.Н. Гумилевтің анықтамасы бойынша).

Конструктивизм – іргелі байланыс орнаған басқа қауымдастықтарға қатысты мәдени өзіндік сәйкестендірудің (өзін-өзі билеу) негізіндегі адамдар қауымдастығы. Бұл концепция этносты саяси және экономикалық мақсаттарын жүзеге асыру үшін лидерлер арқылы қалыптасатын жасанды конструкция ретінде қарастырылады.

Примордиализм – Энтони Смиттің анықтамасы бойынша этностардың терең тарихи тамырлары бар екендігі туралы түсінік. Кейде субстанциализм мен эссенсиализм (лат. essentia – мән) деп аталатын примордиализмнің жақтаушылары (ағылшын. primordial – бастапқы, байырғы) этносты онтологиялық бастапқы құрылым, ал этникалық – адамның байырғы белгісі деп есептейді.

Селжұқ әулеті (1038–1194) – түркі-оғыз әскерінің сол қанатын құраған қынық тайпасынан шыққан әулет, оның негізін салушы Селжұқ.

Семиотика (гр. semeion – белгі, таңба**) (семиология)** – таңбалық белгілер жүйесі туралы ғылым, адамзат қоғамына қызмет ететін салалардағы (тіл, мәдениет, салт-дәстүр, кино т.б.), табиғаттағы (жануарлар дүниесіндегі коммуникация) немесе адамның өз қызмет-қабілетіндегі (заттарды көру, есту арқылы қабылдау, логикалық пайымдау) ақпараттың сақталуы мен қабылдануына қатысты әртүрлі таңбалық жүйелердің құрылымы мен қызметінің жалпы мәселелерін зерттейтін ғылыми пән.

Субстанциализм – кеңістік пен уақытты дүниенің алғашқы негіздерінің бірі ретінде қарайды. Яғни кеңістік – субстанциялық алғашқы негіздердің бірі, этностыонтологиялық бастапқы құрылым, ал этникалық – адамның байырғы белгісі деп есептейді.

Субэтнос (латын. sub **–** астында, грек. ethnos **–** халық) **–** мәдени-тұрмыстық, тілдік тұрғыдан диалектикалық ерекшелігі бар этностың бір бөлігі. Ол шағын аумақта орналасады. Консолидация нәтижесінде субэтнос негізгі бөлігімен бірігуі мүмкін. Субэтнос тілдік, мәдени, өзін-өзі сезіну тұрғысынан

ерекшеленеді. Мұндай этнос мүшелерінің этникалық санасына қосалқылық тән: бір жағынан этносқа, екінші жағынан субэтносқа жататындығын сезіну.

Суперэтнос (лат. super – үстінде, грек. ethnos – халық) – метаэтникалық қауым, полиэтникалық қоғамдарда мәдени-тарихи, этнографиялық ұқсастықтарына, сол қауымның шығу ортақтығы негізінде пайда болады.

Топонимика (грек. topos – мекен, жер және onomo, onyma – атау) – ономастиканың жер-су, елдімекен атауларының шығуы мен пайда болуын (этимологиясын), мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикалық, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі.

Этногенез (грек тілінен – ethnos – тайпа, халық; genozis – шығу тегі) – әртүрлі қауымдық топтар негізінде жаңа құрамдағы туыстас тайпаның немесе халықтың қалыптасуы.

Этноним (грек тілінен έθνος – тайпа, халық; όνυμα – атау) – кез келген ру, тайпа, тайпалық одақ, бірлестік, халық, этностың атауы.

Этнос – кең мағынада, «этнос» ұғымын көпшілік зерттеушілер барлық дәрежедегі этикалық жүйелер жиынтығы ретінде түсіндіру қалыптасқан (тайпа, халық, ұлт, т.б.). Ал, тар мағынада алғашқылардың бірі болып «этнос» ұғымына анықтама берген М.Вебер: «Этнос – мүшелері сыртқы бейнелерінің, әдет-ғұрыптарының ұқсастықтарына қарай немесе ортақ отаршылық не көші-қонды басынан өткерген тағдырлас тарихына қарай өздерінің шығу тектерінің бір екендігіне сенетін топ», – деп көрсетеді.

Этносфера – тарихи уақытта үнемі өзгеріске ұшырап отыратын және жер шары ландшафтарымен байланыста болатын мозаикалы антропосфера.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АН СССР	Академия наук СССР
AÜDTCFD	Ankara Üniversitesi Dil ve Tarih-Cografa Fakültesi Dergisi
ИВЛ	Издательство восточной *литературы*
IÜEFTD	Istanbul Üniversitersi Edebiyat Fakültesi Dergisi
ҚПЖӘМ	Қ.П. Жүсіповтер отбасының әулеттік қолжазба мұрағаты
ҚҰЭ	Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы
МАЭ РАН	Музей антропологии и этнографии Российской академии наук
МИТТ	Материалы по истории туркмен и Туркмении
МИКК	Материалы по истории киргизов и Киргизии
МОН РК	Министерство образовании и науки Республики Казахстан
МГУ	Московский государственный университет
ОҒККҚ	Орталық Ғылыми кітапхана ... қоры
РАН	Российская академия наук
СПб	Санкт-Петербург
СЭ	Советская энциклопедия
TTA	The Technology Transfer Accelerator Turkey
Т.ғ.к.	Тарих ғылымдарының кандидаты
Т.ғ.д.	Тарих ғылымдарының докторы
TTK	Turk tarih kurumu
ЮТАКЭ	Южно-Туркменистанская археологическая комплексная экспедиция
ХГУ	Харьковский гос.университет им. А.М. Горького
М	Москва

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертация жұмысында қазақ, әзербайжан, түрікмен, қырғыз, түрік тәрізді түркі халықтарының этногенезіндегі оғыздардың орны зерттеледі.

Зерттеудің өзектілігі. Бұл мәселе отан тарихында да, шетелдік тарихнамада да өзіндік орны бар өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Егер қандай да бір халықтың қалыптасу үдерісі ертеден басталатындығын ескерер болсақ, жалпы түркі, соның ішінде қазақ тарихының ерекшелігі олардың оғыздық ру-тайпалар тарихымен тікелей байланысты екендігін зерттеуші қауым жақсы біледі.

Жекелген түркі халықтарының өзіне тән қалыптасу, даму бағыттары мен ерекшеліктерін қарастырғанда олардың әрбірінің түп негізінде басты фактор болып саналатын тұрғылықты халықтар мен сырттан келушілер арасындағы араласулар нәтижесінде этникалық құрамын, тілін, мәдениетін айқындайтын миграциялық және ассимилияциялық үдерістердің атқарар қызметі зор екендігін көреміз. Сондықтан да заманауи көзқарастар тұрғысынан қарағанда Орталық және Кіші Азияны, Кавказды мекен еткен оғыз тілдес халықтар тарихын қазақ халқы тарихымен сабақтастыра зерттеу арқылы құнды ғылыми нәтижелер алуға мүмкіндік береді. Өзін тәуелсіз санайтын әрбір ел ең алдымен, өзінің өткен тарихын, ата-бабасының арғы тегін, олардың қай елдермен туыстық байланыстар бар екендіктерін білуге талпынып, яғни олардың этникалық тарихи бастауларын анықтауды басты мақсаты деп есептейді. Өз кезегінде мұндай ұстаным қазақ халқының тарихын зерттеуде де басты бағыт болып табылады. Ру-тайпалар тарихымен терең байланысқан қазақ халқының тарихы тікелей рулық-тайпалық құрылымдар мен аймақтардың бірлігі негізінде зерделенеді. Мұндайда әрқашан ескеруді қажет ететін маңызды мәселе − қазақ халқын қалыптастырып отырған жалайыр, найман, қаңлы, қоңырат, адай, жаппас және т.б. осы тәріздес үлкен-үлкен рулар өздерінің этникалық бастауларын оғыздармен байланыстырады. Арғы тегін оғыздардан, қыпшақтардан және т.б. әртүрлі түркітілдес бірлестіктерден бастау қазақ халқының, ұлтының өзіне ғана тән тарихи ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Оғыздардың арғы күрделі тарихы этникалық бастау, этникалық жақындық, өзара араласулар мен әртүрлі түркітілдес халықтардың түзілу үдерістері аса ауқымды мәселеге жататындықтан ортағасырлық оқиғаларды, ішкі және сыртқы мәселелерді әсер етуші фактор ретінде алып қарастыруымызға мүмкіндік береді. Бүгінде тарихы оғыздармен байланысты қай халықтың этногенез мәселесін алып қарастырсақ та, бұл мәселеге нүкте қойылып, толық шешім табылды деп айту қиын. Мұны әлі күнге дейін зерттеуші ғалымдар арасындағы түрлі пікірлердің орын алуынан айқын көріп отырмыз. Өз кезегінде бұл мәселе қазақ халқының оғыздармен байланысты тарихына да қатысты, сонымен қатар егер тарих ғылымындағы маңызды бағыттардың бірі этникалық түзілім, этногенез мәселелерін зерттеу дер болсақ,

онда оғыздар мәселесін айналып кете алмаймыз. Мұның өзі біз қарастырып отырған тақырыптың аса маңыздылығын тағы да дәлелдей түседі.

Орта Азия шеңберінде орналасқан қазақ, түрікмен, қырғыз тәрізді халықтардың ата-бабаларын құраған ортағасырлық тайпалар тарихын біртұтас, бір-бірімен байланыстыра зерттеу бұл маңызды істе көптеген тың тұжырымдар жасауға алып келеді, әрі зерттеу барысында біршама жаңа жетістіктерге жетуге көмектеседі. Этникалық үдерістердің өзіне ғана тән ерекшеліктері болып саналатын тайпалардың өзара жақындық байланыстарын зерттей отырып, түркі халықтарының туыстығын анықтауға болатыны белгілі. Оғыздардың географиялық орналасу жақындықтарын не болмаса этникалық ортақтығын ескере отырып, олардың қаншама ғасырлар ағысында ру-тайпааралық тығыз қарым-қатынаста болғандығын басшылыққа алып, этникалық тарихты тығыз байланысқан біртұтас жүйе ретінде қарастырдық. Міне, осы аталған мәселелер VIII ғасырда Моңғол үстірті мен қазіргі Қазақстанның оңтүстік-шығыс бөлігінен бастау алып, Сырдария алқабына, одан әрі қазіргі Түркменстан, кейіннен Әзербайжан және Анадолы жеріне дейін жаппай көшудің нәтижесінде осы аймақтардағы этникалық үдерістердің өзгеруіне түбегейлі ықпал еткен оғыздар тарихын тарихи-генетикалық сабақтастығын ескере отырып қарастыру қажет. Түркі халықтарының Алтай өңірінен Еуразияның далалық аймақтарына қоныс аударуының екінші кезеңі қазіргі Қазақстан, Шығыс Еуропа және Орталық Азия территорияларында өмір сүрген халықтардың тағдырында үлкен тарихи маңызға ие болды. Өйткені оғыз тайпаларының жаңа жерлерге қоныстануымен Еуразия аумағындағы мемлекеттер халықтарының түркіленуінің жаңа кезеңі басталды. Сол кезеңде пайда болған мемлекеттік құрылымдар қазіргі түркі халықтарының тарихи алғышарттары және этникалық бастауы, кейіннен ұлттық бейнесінің бастамасы деуге болады. Көрсетілген аймақтардағы түркі халықтары этногенезінің ерте кезеңінің қалыптаса бастауы, атақонысы мен алғашқы мекендері Қазақстан территориясымен тікелей байланысты екендігін ескеру қажет. Сондықтан да тарихтың барлық аспектісін тұтастай және өзара байланыста қарастыру қазіргі түркі халықтарының қалыптасу тарихын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Осылайша, зерттеу объектісі ретінде алынып отырған оғыздардың түркі халықтарының қалыптасуындағы орны мен рөлін анықтау мәселесі тарих ғылымы үшін жоғары дәрежедегі өзектілікке ие.

Түркі халықтарының этникалық байланыстары мен туыстығын зерттеу тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі Елбасы – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың саяси және мәдени бастамаларындағы маңызды басымдықтары ретінде қабылданды. Ортақ тарихи бастаулары мен түркілік бірліктің маңыздылығын жиі еске түсіретін, түркі халықтарын ұйыстыруға бағытталған Тұңғыш Президенттің идеялары мен бастамалары жаһандану және интеграциялық үдерістер жағдайында аса құнды болып табылады. Осыдан туындайтын басты қорытынды, түркілердің этникалық тарихы мен этногенезіне қатысты тақырыптар бүгінде ғылыми-тарихи өзектілікті ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік және идеологиялық мәселелер қатарын құрайды. Жаһандану

кезеңінде түркі әлемін құрайтын халықтар өздерінің этникалық бірегейлігі мен мәдени ерекшеліктерін сақтауға күш салады. Міне сондықтан да түркі тарихында оғыз мәселесінің жаңа қырларын аша түсу қажет.

Зерттеудің нысаны ортағасырлар кезеңіндегі түркі халықтарының, соның ішінде түрікмен, әзербайжан, анадолы түріктері, қырғыз және қазақ тарихындағы этникалық жақындық, сабақтастық, саяси және этникалық өзара байланыстарды көрсететін оғыздардың қатысуымен болған этникалық үдерістер болып табылады.

Зерттеудің пәні ретінде түрікмендер, осман түріктері, енисей қырғыздары, сондай-ақ қазақ халқының құрамындағы жалайырлар, наймандар, қоңыраттар, адайлар, қаңлылар тәрізді белгілі бір ру-тайпалардың қалыптасуына ықпал еткен VIII-XIII ғасырлардағы оғыз компоненті анықталады.

Диссертацияның мақсаты: VIII-XIII ғасырлардағы оғыздармен тарихи сабақтастықтағы түркі халықтарының этногенетикалық байланыстарындағы оғыз компонентінің рөлін зерттеу.

Зерттеудің мақсатына сәйкес келесідей міндеттер қойылды:

– түркі халықтарының этникалық үдерістерін талдаудың теориялық ұстанымдарын негіздеу;

– пәнаралық және археологиялық зерттеулердің нәтижелерін ауызша тарихнама мәліметтерімен салыстыра отырып, Енесай қырғыздары этногенезіндегі оғыз компонентінің орнын анықтау;

– ортағасырлық түрікмен, әзербайжан, осман түріктерінің қалыптасуындағы оғыз ықпалдастығын миграциялық үдерістермен, рухани-мәдени байланыстармен және оғыз тайпаларының қалдырған этникалық іздері – топонимдік атауларға талдау жасау арқылы ашу;

– ортағасырлық оғыздардың жалайыр, қаңлы, ошақты ру-тайпаларымен этнотарихи сабақтастығын фольклорлық және шежірелік мәліметтерге салыстырмалы талдаулар жасау негізінде зерттеу;

– оғыздардың найман, жалайыр, қоңырат ру-тайпалық бірлестіктерімен этногенетикалық байланыстарын зерттеу негізінде этникалық құрамның өзара ықпалдастығы мен сабақтастығы мәселесіне баға беру;

– оғыздардың адай, шеркеш, жаппас руларының этногенезімен тарихи байланысын анықтауда археологиялық зерттеулер нәтижесінде табылған таңбалық белгілер мен жазба дерек мәліметтеріне салыстырмалы түрде зерттеу жүргізу.

Хронологиялық шеңбері VIII-XIII ғасырлар аралығын қамтиды. Зерттеудің бастапқы уақытын белгілеуде VIII ғасырдағы Оғыздар, әсіресе Тоғыз оғыздар туралы нақты жазбаша мәліметтер беретін Орхон ескерткіштерінің (Күлтегін, Білге қаған, Тұнық-ұқ, Ел етміш (Білге атачым) Йабғу бітіктастарының) тарихи мерзімдері басшылыққа алынды [1; 2]. Оғыздардың этникалық тарихы VII ғасырдан, Түркі қағанаттары құрамынан бастау алады. Олар туралы нақты да сенімді жазба деректер осы, аталған бітіктас ескерткіштерінде айтылады [3]. Оның үстіне Түркі тілдерінің

шығуының жалпы сызбасын жасаған белгілі түркітанушы Н.А.Баскаковта Оғұздар бірлестіктерінің «Ерте түрік дәуірінде», яғни V-X ғасырлар аралығында біртіндеп қалыптасқанын, алғаш олар «Қыпшақ-Оғыз» бірлестігі түрінде болып, VIII ғасырдан бастап «Қыпшақ» этнонимінің жеке аталып, тарих сахнасына шығуына байланысты Оғыздар бірлестіктерінің бөлек айтыла бастағанын көрсеткен еді.

Зерттеудің соңғы мерзімі ретінде XIII ғасырдың алыну себебі, Оғыздар тарихын зерттеген белгілі ғалымдардың көпшілігі өз зерттеулерін осы тарихи кезеңге дейін жеткізеді [4; 5; 6; 7]. XIII ғасырды соңғы зерттеу кезеңі ретінде айқындауымызға осы саладағы ең көрнекті маман С.Г. Агаджановтың оғыздарға арналған «Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв.» атты монографиялық еңбегін осы XIII ғасырмен аяқтауы, яғни жалпы тарихи кезеңдеумен емес, фактілік материалдармен байланыстыруы шешуші ықпал жасады [8]. Жазба деректерде оғыздардың XIII ғасырда да Кавказ маңы мен Кіші Азияға қоныс аударған оңтүстік тобы азербайжан, анадолы түріктерінің этногенезінде маңызды рөл атқарғанын көрсететін мәліметтер сақталған [9]. Расында да этникалық үдерістерге белгілі бір этникалық компоненттердің ықпалы ұзақ мерзімдерге дейін өз әсерін тигізе беретіні сөзсіз. Сонымен қатар уақыт өте келе өзара ықпалдасу мен қалыптасу үдерісінің шешуші кезеңінің соңы аяқталатындығын айтуға болады. Жоғарыда біз атап көрсеткен Н.А. Баскаковтың сызбасы бойынша X-XV ғасырларды қамтитын келесі, Ортатүрік дәуірінде оғыздар арасында оғыз-бұлғар, оғыз-селжұқ, оғыз-түрікмен тәрізді оғыз тілінің үш бағыттары қалыптаса бастады. Бұл үдеріс негізінен X-XIII ғасырларда аса белсенді болды. XIII ғасырдағы монғол жаулауы бұл этникалық ерекшеліктердің эволюциясын тоқтата алған жоқ. Өйткені батыстағы, оңтүстік батыстағы оғызтілдес халықтар монғол мемлекетінің ықпалды саяси-этникалық орталықтарынан едәуір шалғай жатты. Кейінірек, XIII ғасырдан кейін, XV ғасырға қарай оғыз-бұлғар тілдік диалектісі негізінде гагауз және балқан түріктерінің сөйлеу мақамы қалыптасса, ал оғыз-селжүк диалектісі негізінде әзірбайжандардың, түріктердің, қырым татарларының тілдік ерекшеліктері айқындала бастады. Ал оғыз-түрікмендері кейінгі түрікмендердің тілін қалыптастырудың басында тұрды.

Осы айтылғандар біздің зерттеу тақырыбымыздың тарихи кезеңін VIII-XIII ғасырлармен шектеу қажеттігін айқындап берді.

Зерттеу жұмысының теориялық-методологиялық негізі орта ғасырлардағы оғыздардың түркі халықтарымен этникалық және тарихи, саяси байланыстарының ерекшеліктерінің күрделілігінен, түркі халықтарының ортақ этногенезінде көптеген теориялық, әлеуметтік және саяси мәселелердің тереңдігінен дәлелді түсіндірулерді қажет етуінен туындайды. Сондықтан да зерттеуде түркі халықтарының этногенетикалық тарихын ашып көрсететін объективті әрі шынайы әртүрлі ұстанымдарды және идеяларды қарастыруға ұмтылып, олардың шынайы тарихқа қызмет ететін тұстарын қалыптасқан ғылыми тұжырымдар мен тарих ғылымында орын алған теорияларға сүйене отырып негіздейміз. Себебі, этногенетикалық зерттеу жүргізудегі

методологиялық принциптер кешенді зерттеу әдісін пайдаланудың маңызын көрсетіп отыр. Өзінің этногенетикалық мәселеге арналған зерттеуінде С.А. Токарев: «Жекелеген халықтардың этногенез мәселесін қарастыру өте қиын. Кез-келген барлық дерек түрлері мен этникалық үдерістерді жан-жақты тұтастықта зерделемейінше, бұл мәселені толықтай шешу мүмкін емес.
Өкінішке орай, көбіне көп зерттеулер халықтардың пайда болуы мәселесін тек бір қырынан, яғни, антропологиялық, тілдік, археологиялық және басқа да материалдардың біреуімен ғана шешіліп жатады. Нәтижесінде мәселенің тек бір қырының ғана шешім тапқанын көреміз» [10], – деген болатын. Сондықтан да аталған деректерді кешенді түрде талдап, зерттеуде пайдалана отырып, мәселені теориялық тұрғыдан жан-жақты қарастырамыз. Диссертациялық жұмыстың теориялық бөлімінде осы бағыттағы негізгі қағидалар мен ұстанымдарға жеке тоқталып, арнайы қарастырған болатынбыз. Соның негізінде методологиялық зерттеулер көрсетіп отырғандай не болмаса қалыптасқан барлық тұжырымдарға талдаулар жасай келе, Г.В. Малининнің әрбір тәсіл мен қағидалардың этногенез мәселесін зерттеудегі өзіндік орнын ескере отырып, зерттеу жұмысы барысында этникалық құбылыстарды тереңінен ашу үшін, олардың әрбірі этногенез мәселесінің жекелеген қырларынан хабарлар беретіндіктен оларды зерттеу барысында бір-бірін толықтырушылар ретінде алып қарастыруымыз қажет деген қорытындыға келдік.

Зерттеуде ғылыми-методологиялық талдауларға баса мән беру себебіміз әлі күнге дейін бұрын жарияланған ғылыми еңбектерде түркі халықтарының қалыптасуы туралы тұжырымдардың берік орнықпай, әлі де әртүрлі алыпқашты пікірлерге негіз болып, жаңа дискуссиялар туғызулары дер едік. Сондықтан да зерттеу барысында анықтауды қажет ететін мәселелерге қатысты ретроспективті талдаулар жасалынды. Сондай-ақ бұл мәселеге проблемалық-хронологиялық тұрғыдан келгенімізде этногенетикалық үдерістердің сан қырлы, күрделі әрі ұзақ кезеңді бастан өткергендігін тағы да байқадық. Сондықтан да мәселені зерттеу барысында пәнаралық байланыстарды басшылыққа ала отырып, мәселенің мән-жайын біршама объективті аша түсеміз.

Диссертация жұмысын жазу барысында деректер мен зерттеу жұмыстарына тарихи-салыстырмалы талдаулар жасалынып, объективтілік қағидалары басшылыққа алынды. VIII-XIII ғасырлар аралығы ауқымды, әрі күрделі оқиғалардан тұратын тарихи кезеңдегі ұзақ уақытты алып жатқанын естен шығармай, Ұлы дала аумағынан басталып Әзербайжан, Анадолы, Түрікмен жеріне дейінгі кең аумаққа таралған оғыздар тарихында орын алған тарихи оқиғаларға шынайы баға берудің басты тәсілдері саналатын талдаулар жасау, мәліметтерді салыстыру, жинақтау, жүйелеу әдістерін пайдаланып, ғылыми қорытындыларға келдік.

Диссертация жұмысының деректік негізі. Диссертациялық жұмыс түркі халықтарының этногенезіндегі оғыздар мәселесіне арналып

отырғандықтан деректер көлемі мен түрлері жағынан өте ауқымды болып келеді. Сондықтан оларды төмендегідей топтарға бөліп жіктедік.

Деректердің бірінші тобын ауызша деректер, екінші тобын ортағасырлық жазба деректер, үшінші тобын археологиялық және пәнаралық зерттеулердің мәліметтері құрайды. Деректерді топтастыруда және оларды сипаттауда соңғы жылдары отандық зерттеушілердің ауызша дерек мәліметтерін «жергілікті» (ішкі), ортағасырлық жазба деректерді «сыртқы» дерек мәліметтері [11, с. 15] деп жіктеу принципі басшылыққа алынды.

Сонымен біріншіден, маңызды дерек түрлері қатарында халық ауыз әдебиеті үлгілерін ерекшелеп айтуға болады. Бұл ретте айта кетер жәйт, В.П. Юдин Өтеміс-қажының «Шыңғыс-намесінде» ұсынған далалық ауызша тарихнама деп көрсеткен деректік тобын [12, б. 57] кейінгі жылдары жаңа сыныптауларға сәйкес ішкі деректер деп атау да негіз алуда [11, с. 15-16]. Мұндай деректердің маңыздылығы және тарихшы-зерттеушілердің зерттеу объектілеріне алынбай келгендігі жайында М.Х. Әбусейітова былай деген болатын: «Ауызша дәстүрлерді талдауға деген алғашқы талпыныстар мен оны Қазақстан тарихының тарихи дерегі ретінде пайдалану XX ғасырдың басына сәйкес келеді. Дегенмен де қазақ халқының ауызша шығармашылығы көбіне фольклористердің, әдебиетшілердің басты объектісі болып келді, ал тарихшылар мен этнографтар қазақ халқының өткен тарихын қалпына келтіруде өте сақтықпен қарады» [13, с. 67].

Осындай ішкі деректер тобына жататын деректер қатарына астарында тарихи шынайылықтар жасырынған, мысалы, «Оғыз-наме» [14], «Қорқыт ата кітабы» [15], Әбілғазы Баһадүрдің «Түрікмен шежіресі» [5], «Түрік шежіресі» [16], «Манас» жыры [17], Махмұд Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түркі» [18], Рашид ад-Диннің «Жами ат-тауарихы» [19], Өтеміс-қажының «Чингиз-намесі» [12, б. 59], Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы» [20] Шәкәрім Құдайбердіұлының «Қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі» [21], және халық арасында кездесетін түркілердің пайда болуына байланысты, тайпалардың шығу тегіне қатысты аңыздық-шежірелік деректердің бірнеше нұсқалары және т.б. аңыз-әңгімелер мен шежірелік мәліметтер жатады.

Бұл дерек мәліметтерін зерттеуімізде пайдалануымыздағы ерекшелік – бүкіл түркі халықтарына деректердің сюжеттік (этногенетикалық аңыздар) ортақтығы болып табылады. Деректердің өзі біз қарастырып отырған түркі халықтарының өзара тарихи тамырларының ортақ екендігін дәлелдеуге өз көмегін тигізеді. Сондай-ақ, бұл ауызша деректердің мәліметтерін өз кезегінде жазба, археологиялық деректер де жоққа шығармайды. Жоғарыда аталған аңыздық, шежірелік деректер тобын құрап отырған ауыз әдебиеті үлгілерінен оғыздардың этникалық құрамын анықтауға болады және олардың әрқайсысындағы мәліметтер өзара сәйкес келіп отырады. Мысалы, Әбілғазының «Түрікмен шежіресінде» Оғыз ханнан таратылатын ұлдары мен оның немерелерінің аттары, олардың әрқайсысына тиесілі деп есептелінетін таңбалары көрсетілген [5, с. 13-30]. Бұл мәліметті біз Махмұд Қашқаридің «Түрік тілінің сөздігі» [18] атты еңбегінен де ала аламыз және археологиялық

қазба жұмыстары кезінде табылған заттай жәдігерлерден сол маңды мекен еткен тайпалардың өзіне тән таңбаларының бейнелерін кездестіреміз [22-24]. Және аңыздық туыстық белгілері этникалық бастауларының ортақтығы туралы шынайы фактілермен де сәйкес келіп жатады. Оның үстіне түркі тайпалары тарихының ерекшелігі шежірелік бастауларды мифтік, аңыздық бейнемен байланыстыратындығын естен шығармаған жөн. Бұл жерде айта кететін жайт, көптеген түркі халықтарына, оның ішінде қазақ халқына да ортақ шежірелік тарқату Оғыз хан, Алаша хан не болмаса Қорқыт ата есімімен тікелей сәйкестендіріліп жатады.

Рашид ад-Дин оғыздардың (түрікмендердің) тайпалық бөліністерінің тізімін (24 тайпа) береді. Ондағы атаулар XI ғасырдағы араб авторы Махмұд Қашқаридің мәліметтеріндегі оғыз тайпаларының жиырма бірімен сәйкес келеді. Махмұд Қашқарида келтірілген бір тайпаның атауы (джаруклуг) Рашид ад-Динде жоқ, оның орнына соңғы келтірілген үш оғыз тайпасының атауы (яйырлы, қарқын, қарық) М. Қашқари кезеңінде болмаған. Сондай-ақ Рашид ад-Дин ұйғыр, қыпшақ, қаңлы, қарлұқ, қалаш (халадж) және ағашері тәрізді басқа да түркілер жайында мәліметтер қалдырған. Шығармада Рашид ад-Дин қыпшақ, қарлұқ, және т.б. түркі тайпаларын оғыздың 24 тайпасымен байланыстырып, Оғыз ханның шежіресін, оғыздардың аңыздың бабасын Нойдың ұлы Яфетке әкеліп тірейді [14. б. 24].

Кейінгі түркі халықтарының тарихы кезіндегі осындай тарихи тұлғалардың, ру-тайпаларды басқарушылардың есімдерімен байланыстырылуы қандай да бір сабақтастық пен этногенетикалық ортақтықтың бар екендігін анықтауға мүмкіндік береді. Мұндағы аңыздық, шежірелік сипаттағы ауыз әдебиеті үлгілеріндегі мәліметтердің ерекшелігі ол бір ғана түркі халқына тиесілі емес, оғыздық негізі бар деп есептелетін барлық түркі халықтарына ортақ болып келеді. Бір ғана мысал – түрікмендердің этникалық тарихына қатысы бар аңыз-әңгімелерде кездесетін тұлғалардың есімдері, олардың өмір сүрген географиялық ортасы, шекаралас аймақтары Қазақстанмен де, Түрікменстанмен де байланысып жатады. Сондықтан да бұндай деректер халықтардың этникалық туыстығы туралы ұғымды қалыптастыруға мол үлес қосады.

Сондай-ақ жер-су атауларына қатысты және шежірелік мазмұндағы аңыздық деректер мәліметтерін «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында жарыққа шыққан көп томдық «Бабалар сөзі» атты жинақтардан алдық. Бұл жинақтардың біздің зерттеу объектімізге тікелей қатысты мәселелері 32, 33, 34, 80, 82, 83, 85томдарындағы шежірелік дастандарда, тарихи аңыздарда, батырлар жырында көрініс тапқан. Онда «Қазақтың жалпы шежіресі» [25], Оғыз-қыпшақ заманының тарихи тұлғаларына қатысты аңыздар топтастырылған, атап айтар болсақ, «Алпамыс батыр жыры» мен «Қорқыт туралы аңыздың» бірнеше нұсқалары берілген [26; 27]. Сондай-ақ, дүниежүзінде таралған халықтардың тайпалар мен руларға бөлінуіне байланысты шежірелік жыр-аңыздар топтамаларын [28; 29] қазақ ру-тайпаларының атауларының шығу тегіне қатысты талдауларда пайдаландық. Зерттеуші қауым өкілдерінің атап

көрсеткеніндей әрбір жыр-аңыздар мен шежірелік дастандарда, батырлар жырында жасырын шынайы ақпараттардың көрініс беруі заңдылық. Ауыздан-ауызға тарағандықтан да тарихтың ауызша деректері бойына көптеген заман оқиғаларын жинайтыны тағы бар. Дегенмен де тарихшының міндеті – зерттеу жұмысы барысында өзіне қажетті ақпараттарды алу. Осы мәселе тұрғысынан келгенде зерттеу жұмысында қаңлы, жалайыр, ошақты, жаппас тәрізді қазақ рутайпаларының атаулары мен оғыздар мекен еткен Ұлы Дала аймағындағы жер-су, қала аттарына қатысты аңыздық деректерді пайдаландық. Олардың ішінде Оғыздар мемлекетінің астанасы саналған Жаңакент, сондай-ақ, Құмиян, Шәуілдір, Сығанақ, Баршынкент, т.т. осы тәрізді қалалар жөніндегі аңыздық мәліметтерді кездестіреміз [30].

Бұл сол кезеңде оғыздардың миграциялық көшуіне тікелей ықпал еткен қыпшақтардың күшейіп, Сыр бойынан ығыстыруымен байланысты болып келеді. Ондағы «жылан ойрандаған», т.т. тәрізді сөз тіркестерінің қыпшақтар құрамындағы тайпаларға қатыстылығына байланысты қолданылды. Жер-су атауы ретінде бүгінгі күнге дейін жеткен оғыздарға билік айтқан жеті қыздың қатарындағы Баршын сұлуға қатысты аңыздарды [30] оғыздардың шекарасы мен қалалары атты тараушада пайдаландық.

Екіншіден, жазба деректердің негізінде сол кезеңдегі мемлекеттердің, рутайпалардың тарихын жан-жақты ашуға қол жеткізе аламыз. Олардың этникалық құрамына қатысты, шекаралас көрші халықтары хақындағы мәліметтері, әрбірінің мемлекеттік құрылымы, басшылары мен олардың жүргізген ішкі және сыртқы саясаттары және дүниетанымы жайындағы мол мағлұматтар бүгінгі зерттеу жұмыстарын жүргізуде құнды әрі маңызды деректер болып табылады. Сыртқы дерек мәліметтерін өз ішінде тілдік және мазмұндық принципіне сәйкес араб-парсы деректемелері, армян, сириялық, византиялық деректер, және селжұқтық-османдық деректемелер, қытай деректері деп жіктедік.

Араб-парсы деректері.

Біздің зерттеу жұмысымызды жеңілдете түсуге деректердің аударылып шығуы үлкен септігін тигізді. Олардың қатарында «Материалы по истории туркмен и Туркмении» [31], «Материалы по истории киргизов и Киргизии» [32], Ф. Асадовтың аудармасымен басылып шыққан «Арабские источники о тюрках раннего средневековья» [33], М. Кожобеков пен Т. Абдиевтың жинастырған «Кыргыздардын жана Кыргызстандын тарыхый булактары» [34] атты деректер топтасы мен кейіннен басылым көрген «Қазақстан тарихы араб деректемелерінде» [35] атты деректік жинақтардан ортағасырлық оғыздардың территориялық орналасуы, қалалары, этникалық құрамы мен саяси жағдайлары туралы мәліметтерді алдық. Көрсетілген жинақтардың құрылымында 20-дан астам араб-парсы авторлары мен саяхатшыларының шығармалары орын алған. Олардың қатарында, жеке тоқталып өтер болсақ, Әл-Истахридің «Китаб масалик ал-мамалик» [31, с. 167-180] еңбегінде оғыздардың шекарасы, территориясы, көрші орналасқан тайпалар туралы сөз болады. Сондай-ақ тоғызоғыз, қырғыз, қимақ, ғұз сияқты түркілерге келер болсақ, тілдік

ортақтығы, олардың әрқайсысының бір-бірін түсінетіні және олардың бәрі бір-бірімен этникалық жағынан жақындығы, туыстығы, олардың ислам дінін қабылдап, мұсылман болғандығы туралы мәліметтерді кездестіреміз.

Белгісіз парсы авторының «Худуд ал-алам мин ал-Машрик ила-л-Магриб» («Шығыстан батысқа дейінгі әлемнің шектері туралы кітап») [32. с.44] шығармасы ортағасырлық географиялық әдебиеттің құнды ескерткіші болып табылады. Бұл географиялық еңбектің мақсаты авторы айтып өткендей өзіне белгілі әлемді мекен еткен тұрғындардың ортақ, ұқсас сипаттарын ашып көрсету болған. Аталмыш шығарманың біздің зерттеуіміз үшін құнды бөлігі Орталық Азия мен оған іргелес жатқан Иранға қатысты мәліметтері деп айтуға болады. Онда тоғызоғыздар мен қырғыздарға байланысты мағлұматтарды кездестіреміз. Бұл дерек бетінде сол кезеңдегі түркілердің қатарындағы бай саналатыны тоғыздар екендігі және татарлардың тоғызоғыз тайпаларының бірі болып табылатындығы айтылған [32, с. 40].

Мухаммад ибн Наджиб Бекранның «Джахан-наме» («Әлем туралы кітап» немесе «Әлемді сипаттау») аталатын географиялық шығармасының екі қолжазбасы сақталған: бірі Ұлттық кітапханадан табылған париждік нұсқасы болса, екіншісі А.Г. Туманскийдің «Худуд ал-алам»-мен бірге тапқан қолжазба. «Джахан-намеде» берілген Әзербайжан, Қырғыз географиясы туралы мәліметтер [36] көбіне-көп пайдаланылмай келді. Зерттеушілердің басым бөлігі Әзербайжан тарихына қатысты «Худуд ал-алам», «Нузхат ал-гулуб» және «Сейахат-наме» шығармаларында берілген мәліметтерді пайдаланумен ғана шектелді. Сондықтан да «Джахан-наме» дерегінен Әзербайжанның географиялық жағдайы, оның табиғи байлығы, қалалары, шаруашылығы, сауда жолдары және т.б. туралы құнды мәліметтерді тарихи айналымға енгізуге болады. Және бұл деректе оғыздардың бір бөлігінің белгісіз себептермен Хатлан шекарасына, Балх шегіне қоныс теуіп, сонда Шахид Санжар ибн Мелик-шах Нур ад-Диннің тұсына дейін тұрақтап қалғандары, кейіннен 547 жылы (1152–1153 жж.) Хорасан жаққа қарай кеткендері туралы айтылады [32, с. 50].

Әл-Масудидің «Китаб ат-танбих ва-л-ишрафы», әл-Макдисидің «Ахсан ат-такасим фи-ма'рифат ал-акалимінде» оғыз-түрікмендердің қалалары жайында мәліметтер кездеседі, әл-Идрисидің «Нузхат ал-муштак фи ихтирак ал-афак» немесе «Китаб-Роджер» деп аталатын еңбегі [37], және т.б. атап өтуге болады.

«Арабские источники о тюрках в раннее средневековье» деректер топтамасындағы Ибн әл-Факихтың «Елдер туралы хабар» еңбегінен түркілер және олардың шекарасы туралы мәліметтерді ала аламыз. Онда түркілердің елі – тоғызоғыздар, олардың елі түркілердің ішіндегі ең үлкені деп көрсете келе, ұғыздар, тоғызоғыздар, қимақтар – әміршілер, олар елдегі көп жерді өздеріне қаратып, иелік етеді дейді [33, с. 43]. Оғыздар мен жаңбыр тудырушы тас туралы әңгімесі қызықты мәліметтердің қатарын толықтырады. Әбу Усман Амр ибн Бахр әл-Жахиздің «Түркілер мен халифаттың басқа да әскерлерінің артықшылықтары туралы әл-Фатх ибн Хаканға хабарынан» Орта Азия

территориясында мекен еткен ру-тайпалардың тарихына қатысты жазылған мағлұматтарды кездестіруге болады [33, с. 52]. Бұл жерде ерекше атап айтарлық деректің бірі – «Таварих ал-Салджук» (Селжұқ руының жылнамасы) болып табылады. Онда сипатталған оқиғалар 1194 жылмен тәмамдалады. Бұл шығарма Ануширван ибн Халидтің жазбасының толықтырылып, Имад ад-дин Мухаммад ибн Халил ал-Исфаханидің авторлығымен бізге жеткен. Сондай-ақ ал-Исфаханидің еңбегі ал-Фатх ибн Али ибн Мухаммад ал-Бундаридің 1261 ж. қысқартылып-өңделген түрінде таралған және ол «Китаб зубдат ан-нусра ва нухбат ал-усра» деп аталады. Онда Әзербайжанда Али Арсланның жаулаушылығы, жорықтар және т.б. мәліметтерді ала аламыз [38]. Ал Ибн ал-Асирдің «Тариха-ал-Камиль» (Полново свода истории – Тарихтың толық сипаттамасы) шығармасында Әзербайжан жеріне оғыздардың бір бөлігі иемденгендігі және саяси тарихындағы екі жақтық соғыстар сипатталады [39].

Әл-Мұхтадирдің Бұлғар патшасына жіберген елшісі Ахмад ибн-Фадлан ибн-Аббас ибн-Рашид ибн-Хаммадтың [40] кітабынан оғыздарға қатысты қызықты мәліметтер ала аламыз. Оғыз тайпаларының Кіші Азия жеріне енуімен байланысты этникалық құрамы жайындағы мәліметтер 1331–1334 жылдары Анадолыға саяхат жасаған ибн-Баттутаның [41] шығармасында бар.

Армян, сириялық, византиялық деректер.

Түрік тарихындағы орны өзгеше саналатын селжұқтардың жаулаушылығымен байланысты оғыздардың Кіші Азия жеріне ене бастауы мен орнығуы жөнінде XI-XIII ғасырлардағы армян деректерінде ерекше айтылады. Олардың ішінде XI ғасырдағы Аристакэс Ластивертциді, Матфей Эдесскийді [42], Мхитара Айриванскийді (XIII ғ.) айрықша айта аламыз [43]. X-XII ғасырлардағы түріктер мен өзге де түркі тайпалары туралы армян деректері Х.Д. Андреасянның [44] еңбегінде берілген. Сириялық жазбаларының қатарын Михаил Сирийцтің [45; 46] деректері толықтыра түседі. Онда түркі тайпаларының Батыс Азия территориясына қоныстануы көрініс тапса, X ғасырдағы Константин Багрянородныйдың [47] шығармасынан Балқан мен Кіші Азия аумағына енген оғыздар жайлы ақпараттарға қол жеткіземіз. Сондай-ақ ерекше атап өтуге болатын дерек көздерінің бірі Анна Комнинаның шығармасында Византия жеріне қоныс тепкен оғыз-селжұқтары және басқа да түркі тайпалары туралы мәліметтер бар [48, с. 58]. Венгер ғалымы Дюль Моравчиктің еңбегінде түркі тайпалары мен түркі тілі туралы византиялық дерек мәліметтерінің жүйелендірілуі бұл деректерді пайдалануды жеңілдетеді [49].

Селжұқтық-османдық деректемелер топтамасы: Низам әл-Мулктің «Сиясат-намэсінен» [50] Селжұқ басқарған оғыздар тобының бір бөлігінің батыс шекке жылжуы, жол бойындағы жаулаушылығы, және Тоғрыл бек (1038–1063), Алп-Арслан (1063–1072), Мәлік-шах (1072–1092) тәрізді басшылары тұсындағы тарихи оқиғалардың сипаттамасын анықтай аламыз. Бұл жазба дерек беттерінде саяси мәселелермен қатар, тақырып аясына келетін тайпалардың екінші бір территорияға ену үдерістерінің орын алуы және олармен бірге енген түрік элементтері, селжұқ әскерлерінің саны, оғыз-

түрікмен тайпаларының жағдайы туралы мәліметтер көптеп кездеседі. Дәл осы селжұқтарға қатысты мәліметтерді Захир ад-дин Нишапурдың «Селжұқ-намесінен» [51] де кездестіруге болады. Кіші Азияға тікелей қатысты селжұқ жылнамаларының қатарында Ибн Бибидің Селжұқ мемлекеті туралы еңбегінің орны ерекше.

Сондай-ақ «Azərbaycan tarixi üzrə qaynaqlar» [52], «Oğuz-Türkmən tayfaları Orta əsr qaynaqlarında» [53] атты Әзербайжан тарихына байланысты деректер топтамасында Садр ад-Дин Али ал-Хусайнидің «Ахбар ад даулат ас-Сальджукиййа (Зубдат ат-таварих фи ахбар ал-умара ва-л-мулук ас-Сальджукиййа) [53] атты шығарманың бірінші бөлігі XIII ғасырдың I жартысындағы Селжұқ әулетінің билігіне арналады, ал екінші бөлігі Әзербайжан атабегі Өзбәйдің 1225 жылдан қайтыс болған кезіне дейін қамтиды.

Эвлия Челеби өзінің «Саяхат кітабында» XVII ғасырлардағы Анадолы тұрғындарының тілі туралы мәлімет қалдырады [54]. Сондай-ақ селжұқтардың Кіші Азия территориясына кіруі мен олардың саяси тарихынан да мәліметтер береді.

Қытай деректемелері: Тайпалар, олардың пайда болуы, орналасуы мен этникалық құрамы туралы қытай мәліметтерін құраған деректерді Н.Я. Бичурин, Н.В. Кюнер, Ю.А. Зуев аударған болатын. Н.Я. Бичуриннің «Ертедегі Орта Азияны мекендеген халықтар туралы мәліметтер жинағынан» [55] қаңлылар жайында да мағлұматтарды алуға болады.

Қорыта айтқанда, араб, парсы, армян, византиялық және т.б. жазба деректер диссертациялық зерттеу жұмысымызда кеңінен пайдаланылды. Себебі әрбір деректе сақталған оғыздардың этникалық құрамына, көрсетілген хронологиялық мерзімде орын алған этникалық үдерістерге, шекаралық орналасуы мен олардың қалаларына арналған мәліметтер біздің зерттеуіміздің құндылығын арттыра түседі.

Зерттеу жұмысы тарихи үдерістерді сипаттауға бағытталғандықтан да **үшінші деректер тобын** қосымша дерек сипатындағы археологиялық және пәнаралық зерттеулердің (мысалы, ДНК сараптамалары және т.б.) нәтижелері құрайды. Археологиялық зерттеулердің нәтижелері Орталық Азия аймағында болып өткен тарихи маңызды оқиғалардың көрінісі саналатын оғыз тайпаларының мекендері, қалалары, әрбір тайпаның өзіндік ерекше белгісі есептелінген таңбалары жайында мәліметтерді бойына сіңірген.

Зерттеу жұмысын жазу барысында кездескен адам есімдері мен жер-су атауларының, ру-тайпалар мен географиялық аймақтардың атауының жазбаша және ауызша деректерде бірдей көрініс беретінін, олардың бір-бірімен ерекше байланысын, сәйкестігін анықтадық. Әсіресе, түркілердің қалалық мәдениеті жайындағы ақпараттар өте маңызды. Ұлы дала аумағында өмір сүрген оғыз бірлестігінің құрамына кіретін тайпалардың көрші орналасқан түркітілдес тайпалармен араласуы, миграциясы, саяси байланыстары, этносаралық арақатынасы сияқты мәселелер осы деректерде көрініс тапқан. Үлкен тарихи хронологиялық шеңбер мен кең ауқымды алып жатқан территориялық түзілісте

орналасқан түркі халықтарының этногенезі тарихын қарастыру осы кезеңге қатысты түрлі дерек көздерін ғылыми айналысқа тартуды қажет етеді.

Қорыта айтқанда, зерттеу жұмысында VIII-XIII ғасырлардағы орын алған тарихи оқиғалар мен этникалық үдерістердің территориялық шегі мен белгілі бір хронологиялық шеңбер аясын қамтитын дерек көздерінің барлық түрлерін ғылыми айналыста пайдалануды қажет етеді. Мәселенің бұл тұсы да зерттеу жұмысы барысында естен шығарылған жоқ. Ортағасырлық оғыз тайпаларымен қандай да бір этникалық байланысын көрсететін әрбір дерек көздерінің маңызы зерттеу жұмысының барысында анықтала түсті.

Диссертация жұмысының зерттелу деңгейі. Ортағасырлардағы түркі халықтарының бір-бірімен байланысқан тарихы қай кезде де түрлі саладағызерттеуші-ғалымдардың қызығушылығын тудырып отырған күрмеуі шешілмеген күрделі мәселелердің қатарынан саналып келеді. Солардың қатарында түркі дүниесінің қалыптасуы мен дамуы мәселесі әлі күнге дейін ғалымдар арасында пікір-таластар туындатып отырғаны анық. Қарастырылып отырған оғыз бірлестігі құрамындағы ру-тайпалардың кейінгі түркі халықтарының этникалық қалыптасуындағы алатын орнын зерттеп, зерделеу өзінің мазмұны жағынан әрқилы болғандықтан мәселенің зерттелу деңгейі: оғыздардың саяси тарихына, этникалық тарихына, оғыздардың миграциясына, ортағасырлардағы түркі этностарының этногенезі үдерістеріне, осы үдерістерге қатысушы этникалық топтарға, түркі халықтарының қалыптасуына, этнонимдерге және т.б. проблемаларға тоқталып отыруымен ерекшеленеді.

Осындай мәселелер зерттеуші ғалымдарды сонау XVII ғасырдан бастап-ақ қызықтыра бастады. Дегенмен де, XVIII ғасырды түркі халықтарын танып-білумен, олардың діни наным-сенімдері мен дүниетанымдарының, қайдан бастау алатындығын, яғни ру-тайпалардың пайда болуы мәселелерін анықтайтын материалдар жинаумен, халықтың пайда болуы мен жасауы жөніндегі халық арасындағы тараған ауыз әдебиеті үлгілері аңыз-әңгімелер мен жыр-дастандарды жинастырумен байланыстырамыз. Алғашқылардың бірі ретінде француз ориенталисі Де Эрбелоның еңбегін айтуымызға болады. Автор қазіргі Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан тәрізді Орталық Азия мемлекеттері халықтарына, орналасуы және қалалары мен басқарушы хандарына қатысты мәліметтерді топтастырған. Ол көптеген араб, парсы деректерін топтастыра отырып, оғыздар мен түрікмендердің пайда болуы мен тарихи тағдырына қатысты деректерді тарихи айналымға енгізеді. Бұл еңбек бүкіл Шығысқа арналған тарихи сөздік болып есептеледі [56].

Осы алғашқы кезеңде түркі халықтарының тарихына деген қызығушылық одан әрі артып, оларға қатысты деректік қорлар жинастырылып, зерттелінуі өз жалғасын тапты. Бұл істі жалғастырушы өкілдердің қатарында Н.Я. Бичурин [55, с.78], В.В. Радлов [57], Н.А. Аристов [58], В.В. Бартольд [59] және т.б. ғалымдардың еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Оғыз мәселесін кей ғалымдар тікелей қарастырар болса, түркітанушы, шығыстанушы ғалымдар түркі халықтары тарихымен айналысу барысында ішінара қарастыруға мәжбүр. Өйткені түркілердің көптеген рухани және

мәдени мәселелерін оғыз мәселесінен айналып өтіп зерттеу мүмкін емес. Сондай-ақ Селжұқ мемлекетінің тарихын қарастыру барысында олардың іргелі мемлекеттік дәрежеге көтерілуіне үлес қосқан ірі тайпалардың бірі әрі бірегейі ретінде оғыздар тарихына соқпай өтпейді. Себебі Селжұқ мемлекетінің ең ірі, мемлекет құраушы тайпасының бірі осы оғыздар болатын. В.В. Бартольд «Турция, ислам и христианство» деп аталатын еңбегінде Кіші Азиядағы түрік-селжұқтарының тарихы, олардың франк рыцарларымен байланыстары мәселесі жеткілікті дәрежеде зерттелінбегендігін айтқан болатын [60].

Сондай-ақ оғыздар мәселесіне қалам тартқан В.В. Бартольд қазақ тарихындағы орны ерекше ескерткіш – оғыздардың «Китаб дәдәм Коркуд» батырлық эпосын аударуға атсалысқан еді [61]. Оғыздардың аталмыш эпикалық жырын тарихи және фольклорлық тұрғыдан түсіндіру барысында автор Қорқыт туралы оғыз (түрікмен) және қазақ аңыздарының ортақтығы туралы өзіндік тұжырым жасайды.

Академик В.В. Бартольдтің түркілердің рухани кемеңгері Қорқыт атаның арғы тегін танытатын, оғыз ұлысының құрылып, даму тарихынан толық мәлімет беретін еңбектері де баршылық. Мысалы, оның «Түрікмен халқы тарихының очеркі» деген еңбегі алғаш аталмыш тайпалардың пайда болу, қалыптасу замандарынан бері қарай зерттеп, оларды ғылыми негізде дәлелдеп береді. В.В. Бартольдтің осы салада жазылған еңбектерінің бірі «Оғыздар (Түрікмендер) Селжұқ империясы құрылғанға дейін» деген зерттеу жұмысы. Мұнда оғыздардың ұлыс болып қалыптасып, дәуірлеген тұстарынан мәлімет береді. Сондай-ақ, шығармалар топтамасында автор «ғұз – оғыз» анықтамасын түсіндіре отырып, османдық дәуірдегі Анадолы жерінде «Оғыз заманының» орнығуы, және осы оқиғалардың «Қорқыт ата жыры», «Оғыз-наме» тәрізді жырларда көрініс беруін, сондай-ақ аталмыш жыр туындыларының оғыздардың қоныс аударуынан бұрын шығып, Анадолы және Әзербайжан жеріне оғыздық ру-тайпалар арқылы жеткендігіне баса назар аударған [62].

Сонымен қатар, «Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии» еңбегінде XI ғасырдағы оғыздар билігінің қыпшақтарға көшуі, осыған сәйкес аймақтың жаңа билеушілер қолына шоғырлануы оғыздардың өз қонысынан ығыса батысқа жылжуына себеп болған оқиға ретінде қарастырады [63]. В.В. Бартольдтің Енисей және Тянь-Шань қырғыздарының тарихына жеке-жеке тоқталған «Қырғыздар» [64] деп аталатын тарихи очеркінің де маңызы зор.

Екінші кезең түркі халықтары жөніндегі жазба деректердің аударылып, баспада жарық көре бастаған тұсымен сәйкес келеді. Осы тұрғыда бұл кезеңді атақты аудармашы, Орталық Азия тарихын зерттеудің негізін салушылардың бірі Н.Я. Бичурин есімен [55, с. 60] байланыстырамыз. Сондай-ақ, ортағасырлық дерек болып табылатын Әбілғазы Баһадүрдің «Түрікмен шежіресі» атты еңбегін Г. Саблуков [65] аударған болатын.

Бұл үрдіс кейін келе де өз жалғасын табады. Мысалы, Г.Н. Потанин де түркі халықтарының, оның ішінде жергілікті халықтың ауыз әдебиеті үлгілерін жинаумен, оларды ғылыми айналымға енгізумен айналысты. Өзінің

этнографиялық зерттеулерінде ол салыстырмалы әдісті пайдалана отырып, түрлі халықтардың аңыз-әңгімелерін олардың өткендерімен салыстыра зерттеп, бір этностың екінші бір этносқа мәдени ықпалдастығын тарихи тұрғыдан ашуға тырысты. Ол қазақ ру-тайпалары туралы көптеген аңыздарды жинастырды. Одан қазақ ру-тайпаларының ертедегі түркілермен байланысы, тарихи сабақтастығы жөнінде мәліметтерді кездестіруге болады [66].

Қазақтың біртуар тұлғасы Ш.Ш. Уәлиханов [67] та халық арасында тараған аңыз-әңгімелер мен жыр, шежірелерді көптеп жинастырған болатын. Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалар жинағынан халықтың ру-тайпалық шежірелері мәліметтерін алуға болады [68].

Н.А. Аристов еңбегінде ортағасырлық түркі тайпаларының арақатынастарымен қатар, олардың түркі емес тайпалармен де қарым-қатынастары мәселесіне жете көңіл бөлінеді [58, с. 41]. Сондай-ақ, көшпелі түркілердің этникалық құрамын көрсететін, атауларынан өзге тұрмысымен байланысты ру-тайпалардың ерекше белгісі саналатын таңбалардың орнын ерекшелеп көрсете отырып, ру таңбаларының алғашқыда рулардың қорғаушысы міндетін атқарып, кейін келе рулардың жеке таңбасына айналса керек деп ой түйіндейді. «Нәтижесінде, тайпалық таңбалар, әсіресе, тайпалық және көшпелі өмір салтын сақтаған көптеген түркі тайпалары мен этникалық топтарынан жиналып зерттелген кезде, тайпалар мен рулардың этникалық құрамының айтарлықтай маңызды көрсеткіштері болуы мүмкін» дей отырып, рулар таңбаларын кешенді зерттеу олардың этникалық құрамын анықтауға өз көмегін тигізетініне мән береді [58, с.183]. Назар аударар бір мәселе, Н.А. Аристов шығармашылығының маңызды кезеңі ертедегі қырғыздардың оғыздармен байланысты этникалық тарихын зерттеуге арналған еңбектерімен байланысты.

Қырымға дейін жетіп, Дунайды жайлаған көшпелілер туралы мәліметтер византиялық, араб және батысеуропалық деректерде кездеседі. 1064 жылдың қыркүйек айында Дунайға жеткен оғыздар саны 600 мың адамды құрады. Олар деректерде әртүрлі аталады, мысалы, орыс деректерінде олар печенегтер деген атпен белгілі. Міне, осы печенегтердің әлемдік аренада пайда болуы тарихына арналған В.Г. Васильевскийдің «Византия и печенеги (1048–1094)» атты еңбегінде олардың Византиямен арадағы жаугершілік кезеңіне сипаттама бере отырып, оғыздар туралы әңгімеленіп, олардың өзге түркі тайпаларымен туыстас екендігіне назар аударылады. Сонымен бірге, зерттеушілердің түркі тайпаларының жақын туыстық байланыстарына көңіл бөлмей келгендігін, яғни, әсіресе византиялық және орыс тарихындағы үлкен қателік – түрлі түркі тайпаларының арасындағы туыстық байланыстарды бірін Түрік, ал екінші бірін айырмашылық ретінде Тюрк деп атау арқылы алшақтата түсетіндігін баса айтады. Осылайша, Печенектер мен Уздар не болмаса қыпшақтар олар Түрік-селжұқтары не болмаса Түріктер сияқты бір халық деп қорытынды жасайды [69].

Орыс ғалымы П.В. Голубовский IX-XI ғасырларда печенегтердің Азиядағы оғыздардан бөлініп, Еуропаға жайылуын, сол печенегтердің арғы тегі

қаңлы екенін айтады. Және XI ғасырда оғыз тайпаларының оңтүстік бағытқа жылжып, билеуші әулет Селжұқ атауын алады. XVI ғасырда осы жолмен жылжыған қаңлылардың бір бөлігінің кейіннен Осман түріктері атауымен танымал болғандығын көрсетеді [70, с. 139-146; 71].

Оғыздар мәселесіне жан-жақты көңіл бөлгендер қатарында В.А. Гордлевский [72], А.Ю. Якубовский [73], С.П. Толстовтардың [74; 75] еңбектерін ерекше атауға болады. В.А. Гордлевский еңбегінде қаңлы атауына түсініктіме берілген дерек келтіріледі. Қайсы бір ру-тайпалар атауының мәнін талдап аша түсу қандай мағынаны білдіретіндігімен бірге туыстық байланыстың бар екендіктерін де анықтай түсуге көмектеседі. Осы арқылы олардың тарихында этногенетикалық сабақтастықтың да орын алатындығын дәлелдеуге болады. Бұл үрдісті жалғастырған С.Г. Агаджанов бастапқы кезде ғылыми мақалаларын жариялай отырып, «Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв.» атты еңбегін [8, s. 16] жарыққа шығарады.

Өз зерттеулерінде парсы, түрік және араб жазба деректерін кеңінен қолдана отырып, С.Г. Агаджанов IX-XIII ғасырлардағы оғыз-түрікмендер тарихын жан-жақты қарастырады. Аталмыш еңбек оғыз атауының дерек беттерінен алғаш көрініс беруінен бері қарай моңғол жаулаушылығынан кейінгі кезеңде осы этнонимнің тарих бетінен жойылып кетуіне дейінгі аралықты қамтиды. Сондықтан да автор еңбегі Қазақстан, Орта Азия және Шығыс Еуропа тарихында маңызды рөл атқарған Сырдария оғыздары туралы көлемді зерттеу болып табылады. Онда оғыздардың шығу тегіне қатысты жарық көрген зерттеушілер еңбектеріне және де ортағасырлық тарихи-географиялық деректерге тарихнамалық талдаулар мен шолулар жасалынады. Міне, осы себептен де С.Г. Агаджанов еңбегінің маңыздылығы оғыздар, түрікмендер, селжұқтар тарихын зерттеуде ерекше.

Аталған еңбегінде автор оғыздар мен түрікмендердің таралу аймағына, олардың қоғамдық және саяси құрылымдарының негізгі, басты сипаттарына, IX-XIII ғасырлардағы оғыздар мен түрікмендердің тарихи тағдырына қатысты зерттеулер жүргізген.

А.Ю. Якубовский VIII ғасырдан XV ғасырға дейінгі түрікмендер тарихына арналған еңбегінде алдыңғы орта ғасырлардағы оғыздардың рулық-тайпалық құрылымы, шаруашылық өмірі және әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы ауқымды материалдар жүйелендірілген [73, с. 34].

Осылайша С.П. Толстов Қазақстанның тарих ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосты. С.П. Толстов Сырдария оғыздары туралы үлкен тарихи-археологиялық материалды ғылыми айналымға енгізіп, «Города гузов» атты еңбегін дүниеге әкелді. Аталмыш зерттеуінде ол Сырдария бойында орналасқан оғыз қоныстарының, қалаларының сипатын анықтап, X ғасыр мен XI ғасырдың басындағы оғыздардың шығу тегіне қатысты өз пікірін білдірді [6, с. 80].

Оғыздардағы мемлекеттілік мәселесіне тоқталған С.П. Толстовтың «Города гузов» деп аталатын еңбегі ортаазиялық оғыздар археологиясы бойынша алғашқы зерттеу болып табылатынын да айта кету керек. Аталмыш

еңбегінде автор зерттеу барысында екі бағытта қорытынды жасайды. Оның бірі – Арал бассейнінде орналасқан түркі халқының шаруашылық-тұрмыстық тарихы мәселесіне арналса, екіншісі – оғыздардың этникалық тарихына қатысты бірнеше мәселенің басын ашуға талпыныс жасай отырып, «...Осы бассейндегі ежелгі массагет-ғұн-оғыз жартылай көшпелі халықтарының қимақ-қыпшақ иммигранттарымен қиылысуы негізінде кейіннен қарақалпақ халқының этникалық субстраты болып құрылған, қаңлы деген атаумен белгілі болған маңызды тайпалық бірлестік XII-XIII ғасырларда құрылады», – деген пікір білдіреді. Ол одан әрі Сырдариядан қоныс аударған оғыз-печенег топтарының хорасандық және тохаристандық түркі топтарымен араласып, түрікмен және басқа да оңтүстік-батыс түкілерінің этногенезінің негізін құрағандығын, осылайша оғыздардың оңтүстікке жылжуында сандық жағынан басым келіп, кейінгі түрікмен тайпалары мен Әзербайжан және Кіші Азияның этникалық дәстүрлерінде ерекше орын алатын салор тайпаларының маңызы зор болғандығы туралы қорытынды жасайды [6, с. 101].

Зерттеуші өзінің «По следам древнехорезмийской цивилизаций» атты еңбегінде Оғыз мемлекеті VIII ғасырда ыдыраған Батыс Түрік қағанатының бір бөлшегі екенін ескерте отырып, X ғасырдағы оғыздар өздерінің «варварлық» державасын құрды деп түсіндіреді. Мұндайда ғалымның «варварлық» деген түсінікті жиі қолдануы оның мәселеге маркстік концепция, формациялық принцип тұрғысынан келуінен деп түсінуіміз керек. Зерттеуде тайпаның саяси бірігуіне шешуші әсер еткен ішкі әлеуметтік-экономикалық факторлар екендігін анықтай келе автор, табиғи-шаруашылық қажеттілігін жоғарылатқан тауарлы мал шаруашылығын дамыту ықпалды дала ақсүйектерінің қалыптасуына әкелгендігін, осының нәтижесінде оғыздардың көшпелі ақсүйектері қарапайым малшылар мен Сырдария қалаларындағы отырықшы тұрғындарға үстемдік орнатқан деп көрсетеді [74, с. 15].

Оғыз мемлекеттілігіне қатысты XX ғасырдың 50-жылдары жарық көрген еңбектердің қатарында А.А. Росляковтың «Туркмены и огузы» атты еңбегін атай аламыз [75]. Осы еңбегінде автор таптық ұстаныммен оғыздар мемлекетін ерте феодалдық мемлекетке жатқызып, мемлекеттің пайда болуына қатысты өз ой-пікірін: «Сырдария жабғуының державасы құлдар мен еркін қауымдарды басып отыратын оғыз ақсүйектерінің саяси ұйымы ретінде пайда болды, – деп қорытып, мемлекеттің пайда болуы үстем тап өкілдерінің рөлімен байланыстылығына көңіл бөледі. Автор өз ойын IX-X ғасырларда «хан», «қаған» деген басқарушылық титулдардың кездеспейтіндігімен дәлелдейді.

Кеңестік зерттеушілерді қызықтырған тақырыптар қатарындағы түркі халықтарының этникалық шығу тарихы, этнонимдердің түсіндірмесі, ру-тайпалардың пайда болуы тәрізді мәселелер төңірегінде А.И. Бернштам [76], А.Н. Кононов [5, б. 4] және т.б. ғалымдар да өз зерттеулерін жүргізді.

С.М. Абрамзонның «Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи» [77] деген еңбегі ортағасырлық қырғыздардың этникалық құрамын, тарихи-этногенетикалық байланыстарын қарастыру барысында көптеген деректерді айналымға қосуымен маңызды. Этногенез мәселесін

айтқанда оның ең маңызды тұстардың бірі этнос атауына қатысты екенідігі белгілі. Бұл тұрғыда «қырғыз» этнонимінің төркіні жөнінде К.И. Петров [78] секілді көптеген ғалымдардың зерттеулері мен болжамдарын тағы да атап айтуға болады.

Сыр бойын мекен еткен қаңлылардың оғыздар келгеннен кейін бір бөлігі мекенінде қалып, екінші бір бөлігі қоныс аударғанын айта келіп, қаңлылардың қалған бөлігінің оғыздармен араласып, сіңісіп кеткендігі туралы В. Юферев те атап көрсетеді. XX ғасырда қазақ халқының оғызбен байланысты этногенезі мәселесіне арналған еңбектердің қатарында М.Тынышбаевтың «История казахского народа» атты еңбегі алғашқы тарихи-этнографиялық еңбек болып табылады [79; 80].

Кеңестік кезеңдегі қазақ зерттеушілерінің бірі Ә.Х. Марғұлан еңбектерінен ерте кезеңдегі жыр-аңыздармен қатар, оғыздарға қатысты олардың орналасуы, көшіп-қону ареалы жөнінде мәліметтер алуға болады [81].

Біз қарастырып отырған халықтардың этногенезінің қалыптасуы оғыздар және басқа да түркі тайпалары келгенге дейін-ақ, жергілікті халықтар негізінде қалыптасқан деген көзқарастар әзербайжандар тарихында да орын алады. З.М. Буниятов Әзербайжан тұрғындарының түркіленуі жайындағы мәселенің ертеден келе жатқандығын айта келіп, әлі де бұл тақырыптың басы ашылмағанын ескертеді [82]. Ал, аталмыш қыпшақ және оғыз тайпаларының бұл халықтардың қалыптасуындағы шешуші орны туралы тұжырым өз кезегінде КСРО халықтары тарихы бойынша жарық көрген академиялық басылымдарда көрініс тапқан [83].

Осы мәселе төңірегінде жарық көрген С.А. Плетневаның [84], И.М. Мизиевтің [85], Л.Р. Кызласовтың [86], Р.А. Гусейнзаденің [87; 88] және т.б. еңбектерін айтуға болады.

Оғыздардың түркі халықтарының этногенезінде алатын орны жөнінде әр елдің зерттеуші-ғалымдары өз еңбектерінде жазып қалдыруда. Мысалы, осы тұрғыдан әзербайжан, қырғыз халықтарының тарихына қатысты В.Я. Бутанаев, Ю.С. Худяков [89], В.М. Запорожец [90], Г.А. Гейбуллаев [91], А.В. Гадло [92], Э.Р. Исмаилов [93], Т. Акеров [94] және т.б. зерттеулерін айтуға болады.

Айта кетер мәселе бұл халықтардағы оғыздық компонент тұрғысына келгенде көптеген зерттеулерде даулы мәселелер де орын алып отырады. Түркі халықтарының ішінде ғағауыз болмаса әзербайжандардың этногенезі мәселесін қарастырғанда, бір топ ғалымдар олардың шығу тегін қыпшақтық, кумандық деп есептесе, келесі бірі этникалық қалыптасуындағы оғыздардың басым үлесін көрсетеді, ал енді бірі оғыздардың да, қыпшақтардың да ешқандай рөлі болған жоқ, олардың этногенезіндегі басты орынды ежелден осы территорияларда мекендеген жергілікті түркі халықтары иеленді дейді. Дегенмен де, зерттеушілер тарапынан ұсынылған пікірлердің қатарында «Әзербайжандардың қалыптасуында XII-XIII ғасырлардағы қыпшақтар мен оғыздардың шешуші рөл атқарғандығын» Р.А. Гусейнов [95] және т.б. ғалымдар қолдайды.

Ағылшын ғалымы әрі публицисті Генри Хойл Хоуорс «History of the Mongols: from the 9th to the 19th Century»атты еңбегінде Әбілғазы мен Рашид

ад-Дин деректеріне сүйене отырып, түркі тайпаларына сипаттама беріп өтеді [96]. Ағылшын ғалымы Р. Фрай еңбегінде араб жаулаушылығы және одан кейінгі кезеңдегі қоғамдық-саяси жағдайлармен бірге IX ғ. екінші жартысы мен XI ғасырда Әзербайжан территориясына селжұқтардың миграциясына қатысты жекелеген мәселелерге де тоқталады [97; 98].

Көрнекті британдық шығыстанушы К. Босворттың ғылыми мақалалары мен монографияларынан ерте ортағасырлардағы Әзербайжан тарихына қатысты зерттеулері де маңызды. Автордың еңбектерінің хронологиялық шегі XI ғасырға арналғанын ескерер болсақ біздің жағдайымызда селжұқтардың миграциялық үдерісін ашуда өте пайдалы болып табылады [99]. Түрік-селжұқтардың Әзербайжан жеріне миграциясының ерекшеліктері П. Гольден мен Э. Пикоктың ғылыми мақалаларында нақтырақ ашылып көрсетіледі [100]. Аталған екі автор да бұл территорияға түрік-оғыздар миграциясының себептерін, мақсатын, бағыттары мен салдарын көрсетеді. Э. Пикок көшпелі қоғам үшін маңызды жайылымды жерлер, Әзербайжандағы жергілікті халықтың басым бөлігі үшін ислам дінін қабылдауда селжұқтарды қолдауы христиандарға, әсіресе, Византияға қарсы әскери одақ құруды көздеген жоспарынан еді дейді. Оған қоса автор селжұқтардың қозғалысы мен Әзербайжан территориясындағы билігі сипатына көңіл аударады [101]. П. Гольден түркі тайпаларының Орта Азиядан Әзербайжанға қоныс тебуінен этнолингвистикалық өзгерістердің белгілі бір дәрежеде орын алып, тұрғындардың ары қарайғы «түркілену» үдерісінің жүргендігін, және миграциялық толқын мен жаулаушылық көріністерінің жергілікті халықтың экономикасына кері әсерін тигізгендігін атап өтеді.

Халық этнонимдерінің шығуын, оның мазмұнын зерттеу этногенез мәселесінде өзекті деп есептелінеді. Өз зерттеулерін осындай бағытқа арнағандар қатарында Х.Г. Раверти [102], Фарук Сумер [103], А.Вамбери [104], түрік этнографы И. Кафесоглудың [105] зерттеулерін атап өтуге болады. Мұнда авторлар түрік, оғыз, түрікмен атауларының бастаулары, түбірі бір екендігіне тоқталады.

Айта кетер мәселе біз қарастырып отырған халықтардағы оғыздық компонент тұрғысына келгенде көптеген зерттеулерде даулы мәселелер де орын алып отырады. Мысалы, ғағауыз, әзербайжан халқының этногенезі тарихына тоқталар болсақ, бір топ ғалымдар олардың шығу тегін қыпшақтық, кумандық деп есептесе, келесі бірі этникалық қалыптасуындағы оғыздардың басым үлесін көрсетеді, ал енді бірі оғыздардың да, қыпшақтардың да ешқандай рөлі болған жоқ, олардың этногенезіндегі басты орынды ежелден осы территорияларда мекендеген жергілікті түркі халықтары иеленді дейді. Осындай тағы бір пікірді ғағауыздардың «оғыз-селжұқтық» шығу тегін ұстанушы ғалымдардың қатарында болгарлық тарихшы П. Мутафчиев, сондай-ақ Лондон университетінің шығыстанушысы Пауль Виттек [106] те бар. Бұл теория өз кезегінде түрік ғалымдары тарапынан да қолдау тапты. Мысалы, Осман Туран [107], Фарук Сумер [108] және т.б. осы қатарда. Дәл осындай көрініс әзербайжандар тарихынан да орын алады.

Бүгінгі таңдағы түркі халықтарының этникалық тарихы белгілі бір деңгейде ортағасырлардағы оғыз тайпаларымен байланысты болып отыр. Оғыздардың және оларға туысқан этникалық топтардың сол кездегі тарихи оқиғаларға байланысты жылжып қоныс аударуы, X-XI ғасырлардағы Иран, Мауереннахр, Хорасан секілді жерлерді жаулап, бір бөлігі Шығыс Еуропа даласына жетіп, сол жерлердегі жергілікті тұрғындармен сіңісіп кетуі оғыздардың әлемдік тарихқа енуіне алып келді. Сонымен, Орталық Азия мен Шығыс Еуропа тайпаларының тарихи тағдырына «Сырдария жабғулары» мемлекетінің құрылуы елеулі әсер етіп, маңызды саяси рөлге ие болды. Міне, осы тұрғыдан келгенде оғыздар тарихы өз өзектілігін жоймай кейінгі кездерде де зерттеу объектісінен табылатындығы сөзсіз.

Рефик Туран [109] және т.б. түрік ғалымдары түрік-селжұқтарының Кіші Азияға кіре бастағанын айта келіп, олардың кейінгі Осман түріктерінің этногенезіндегі алатын орнына тоқталады. Хусейн Чынар қайылармен бірге оғыздардың қынық тайпасының да Түркия жерін жаулау жорықтарына қатысып, елді басқарудағы маңызды орнын, географиялық жер-су атауларындағы тайпа есімдерінің қалуын ерекшелеп көрсетеді [110]. Селжұқтардың Анадолы жеріне, Әзербайжан, Түрікмен территорияларына баса көктеп кіріп жаулаушылығының жергілікті тұрғындар мен жаулаушы халықтар арасындағы ассимилияциялық араласулардың орын алғандығын Демир Нежати [111], Мехмет Нешри [112], М.Х. Йынанч [113], Х.Н. Орхун [114], Йалгын А. Риза [115], Ф. Демирташ [116] сияқты зерттеушілердің еңбектерінде қамтылған.

Кейінгі жылдары Стамбұл университетінің профессоры Муалла Уйду Южелдің де бірқатар еңбектерінде бұл мәселенің кейбір тұстары көрініс табуда. Олардың қатарында «Karadeniz'in Kuzeyinde Oğuz – Guz – Uzlar» [117] атты мақаласында оғыздар құрамына кіретін тайпалардың миграциялық жүріп өткен жолында белгілі бір ықпалының болғандығын топонимдік атаулардағы оғыздық компоненттердің орын алуына баса көңіл бөледі.

Сонымен бірге оғыздардың тарихи сахнаға шығуына, селжұқтар дәуіріне арналған Әкбар Нәжәфтың [118], әзербайжан тарихының XV-XVI ғасырлардағы мемлекеттілік мәселесіне арналған, аққойындылар мен қарақойындылардың саяси да этникалық мәселелеріне қатысты «Иранның Кембриджідік тарихының» мәліметтерін талдаған Ахундова Наргиз Фаик гызының [119] еңбегін, XI ғасырдағы Әзербайжандағы қоғамдық-саяси жағдайларды талдап, Селжұқ қозғалысының әзербайжан тарихындағы орнын ашуда Л.Р. Кафар-Заденің [120], С.Г.Гамзабекованың [121] еңбектерін айтуға болады.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғаннан кейін саяси және әлеуметтік-экономикалық саладағы реформалармен қатар қазақ халқының рухани қайта жаңғыруы да орын алуда. Әрине, жаңа тарихи жағдайдағы рухани жаңғыру халықтың болашағын нақты айқындауда және тәуелсіздікті нығайту үшін ұлттың өзін-өзі тарихи тұрғыдан тануы арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да кез келген ел өзінің тәуелсіздігін нығайту жолында өздерінің бұрын кім

болғандарын анықтау үшін ғылыми негізделген зерттеу жұмыстарын жүргізіп отырады. Біз көтеріп отырған оғыздар тарихы да міне осындай маңызға ие.

Осы тұрғыда қазақ халқының құрамындағы Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз қазақтарының кейбір руларының оғыздармен этникалық байланысы бар екендігі туралы жаңаша теориялық-методологиялық ұстанымдар, осы бағыттағы жан-жақты зерттеулер профессор, ҚР ҰҒА-ның Құрметті академигі Т.Омарбеков бастаған Б.Б. Кәрібаев, Г.Б. Хабижанова, М.С. Ноғайбаева сынды бір топ белгілі ғалымдардың көп томдық ұжымдық монографияларында орын алды. Мысалы, авторлар сегіз оғыздар – наймандар екендігін, және қытай деректерінде сегіз-оғыз тайпаларының алуан түрлі құрамы кездесетіндігін көрсетіп, оларға терең талдамалы зерттеулер жүргізе отырып, бүгінгі наймандардың сегіз-оғыз аталған бірлестіктің қай бөлігіне тиесілі екендігін ашып көрсетеді. Сондай-ақ, оғыз тайпаларының әрбіріне үлестіріліп берілген таңбалардың бүгінгі қазақ халқымен қоса, бауырлас өзге түркі халықтарының арасында да ұшырасатындығын М. Қашқаридің, Ш. Құдайбердіұлының, В.В. Радловтың және т.б. деректері мен зерттеулеріндегі нұсқаларды салыстыра отырып ғылыми айналысқа қосқан [122]. Жоғарыда есімдері көрсетілген тарихшылар наймандар тарихын ғана емес, сонымен бірге қаңлылар мен жалайырлар, тамалар тарихына да қатысты жан-жақты сарапталған көлемді де іргелі зерттеу еңбектерін тарихи айналымға енгізді [123]. Т.Омарбеков мәселені зерттеуді кейінгі жылдары да үзбей жалғастырып «Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX-XV ғасырлар)» [124], «Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны» [125] атты көлемді зерттеулері мен көптеген ғылыми мақалаларын арнады. Түркі халықтарының этногенезі мәселесінде маңызды орынды алатын халықтардың этнонимдердің этимологиясына арналған еңбектер де жазды [126]. Бұл мәселені одан әрі жалғастырушылардың қатарында т.ғ.к. Е.М. Тургунбаевтың «Шежіре – тарихи-этнографиялық дерек» деген еңбегі де бар. Онда шежірелік деректерде суреттелетін ру-тайпалардың таңбалары мен олардың әрқайсысының өзіне ғана тән ұрандарының ерекше сипаттары көрсетілген және қазақ құрамындағы ру атауларының қырғыз, түрікмен т.т. халықтардың да ортасында ұшырасуынан, аталған халықтардың бір-бірімен этникалық байланыстарын ашуға болатындығына баса назар аударылған [127]. Этногенез мәселесін лингвистикалық, антропологиялық тұрғыдан зерттеуге арналған жұмыстар қатарында ежелгі кезеңнен ортағасырлардың басына дейінгі аралықты қамтитын герман тайпаларының тарихы мәселесіне арнаған Қ.Т. Жұмағұловтың еңбегін де жатқызамыз. Онда этногенез мәселесін зерттеудің теориялық-методологиялық аспектілері де арнайы сөз болады [128]. Одан өзге ежелгі және ортағасырлардағы түркілер тарихына, оның ішінде ғұндар мен аландарға, ғұн басшысы Аттиланың саяси аренадағы рөлін сомдауға [129], ішінара қыпшақтарға қатысты шетелдік деректерді саралауда және ғылыми айналысқа түсіруде Қалқаман Тұрсынұлының еңбектері маңызды орынды алады [130]. Сондай-ақ, этникалық үдерістер, түркі халықтарының этногенезі мәселесін назарға алған қазақстандық белгілі этнолог ғалым А.Б. Қалыштың еңбегінің де маңызы зор

[131]. Қазақстан тарихының ертедегі этникалық кезеңдері туралы, қазақ этносының қалыптасуы жайында Еркін Әбілдің де зерттеу еңбегінде қарастырылған [132]. Ал түркітанушы ғалым Қ.Сартқожаұлы «Орхон ескерткіштерінің толық атласында» келтірген «Тайхан жартасындағы ескерткіштегі» тайпалардың таңбаларын Кіші жүз құрамындағы рулардың таңбаларымен сәйкестендіре зерттеуде пайдаландық [133].

Этногенез тарихындағы тағы бір мәселе ол – этника түзудегі діннің, оның ішінде ислам дінінің алар орны туралы зерттеулер де жарыққа шығуда [134].

К.Р. Аманжоловтың «Түркі халықтарының тарихы» атты екі томдық еңбегінде түркі халықтарының қалыптасуы тарихы, саяси мәселелері қарастырылады [135]. Г.Б. Хабижановаңың «Тюркский фактор в становлении протоказахских племенных образований в IX-XII вв.» деп аталатын докторлық диссертациялық жұмысының біздің қарастырып отырған оғыздардың жалайырлармен, қаңлылармен этникалық байланыстары жан-жақты талданған бөлімі маңызды болып табылады [136].

Моңғол үстіртін мекен еткен IX-XII ғасырлардағы түркі тайпаларының шығыстан батысқа қоныс аударуларының себептерін қазақ тарихшысы З.Қинаятұлы ғылыми түрде жан-жақты талдаған еді [137]. Ал, ортағасырлық көшіп-қону үдерістерін зерттеудеқимақ мемлекетінің тарихын жан-жақты қарастырған ортағасырлардың білікті маманы, тарихшы-шығыстанушы Б.Е. Көмековтің еңбегі өте маңызды [138].

Оғыздардың қалалық мәдениеті, олардың орналасу шегі туралы зерттеулерді елімізге танымал археолог ғалымдарымыздың зерттеу еңбектерінен аламыз. Олардың қатарында – У.Х. Шәлекенов, М.Елеуов, К.М. Байпаков, С.Е. Әжіғали және т.б. бар.

Белгілі археолог ғалым С.Е. Әжіғали Арал-Каспий маңын мекен еткен тұрғындардың этникалық тарихын, оғыз тайпалары таңбаларының түрікмендер құрамындағы тайпаларда да кездесетіндігін археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған заттай деректердің бетінде бейнеленген кескіндерді зерттеп көрсетті [23, с. 50; 24, с.11].

Сондай-ақ, түркі тайпаларының этникалық мәселелерінің кейбір қырлары кейінгі жылдары З. Майданәлі [139], Ғ. Искакова [140], М. Өскенбай [141] тәрізді жас зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тауып отыр.

Қорыта айтқанда, жоғарыда көрсетілген зерттеулердің ғылыми маңыздылығы оғыздар тарихындағы проблемалық және кезеңдік ерекшеліктерімен айқындалады. Дегенмен де, біз қарастырып отырған мәселеде, яғни оғыздардың түркі халықтарының қалыптасуындағы орнын айқындауда толығымен шешімін тапқан деп айтуға келмейді. Себебі, көріп отырғанымыздай зерттеу еңбектерінде ортақ бір тұжырым, ортақ бір қорытынды жоқ. Дегенмен де, аталмыш мәселенің кейбір тұстары мен қырларын зерттеу жұмыстары барысында ішінара тоқталып өткен авторларды жоғарыда атап көрсеттік. Оның үстіне оғыздардың түркі халықтарының этногенезіндегі орны мәселесі, түркі халықтарының тарихындағы оғыздық компонент мәселелері диссертациялық зерттеу аясында жеке тақырып ретінде

қарастырылмаған. Бұл еңбектер біз үшін маңызды әрі бүгінгі таңдағы зерттеулерді жалғастыру үшін негізгі платформа болып табылады және де біздің зерттеу еңбегімізде жоғарыда аталған әрбір түркі халықтарының өміріндегі оғыздық қандай да бір компоненттері, яғни этногенез мәселесінде маңызды деп есептелінетін көріністері ашып көрсетіледі.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы.

1. Этникалық үдерістерді зерттеудегі концептуалды ұстанымдарды талдай отырып түркі халықтарының этногенезіндегі миграциялық теорияның маңызы, негізгі ұғымдары мен ерекшеліктері дәлелденеді.

2. Пәнаралық және генетикалық зерттеулер нәтижелері, сондай-ақ ауызша дерек мәліметтерінің негізінде Енесай қырғыздарының қалыптасуында оғыз компонентінің шешуші рөл атқарғандығы анықталды.

3. Зерттеуде оғыздармен этникалық сабақтастығы болған түркі халықтарының (түрікмен, анадолы түріктері, әзербайжандар және т.б.) этникалық тарихы байырғы қазақ тарихымен тікелей байланыста қарастырылды және бұл өзекті мәселе кешенді ғылыми зерттеу объектісі ретінде алғаш рет зерделенді. Оғыздар тарихы мен мәдениетіне қатысты ауызша деректердің негізінде кейбір түркітілдес халықтардың мәдени тамырларының ортақтығы, тарихи-этногенетикалық байланыстары ашылды.

4. Ортағасырлық оғыз тайпаларының жалайыр, қаңлы, ошақты ру-тайпалық бірлестіктерімен этнотарихи сабақтастығын ашып көрсетуде жазба дерек мәліметтерін этнолингвистикалық талдау нәтижелері мен фольклорлық және шежірелік деректермен салыстырмалы түрде талдау жасаудың маңыздылығы көрсетілді;

5. Найман, Жалайыр, Божбандардың (Қоңырат руларына қарасты) оғыз тайпаларымен этникалық байланысын ашып көрсетуде, кейінгі түркітілдес халықтардың ежелгі ру-тайпалармен тарихи тұтастығы жайында болжамдар жасауға мүмкіндік беретін нәтижелер алынды;

6. Адай, Жаппас, Шеркеш руларының оғыздармен этникалық байланысын анықтау барысында бірегейліктің маңызды белгілерінің бірі саналатын таңбалар мен ұрандардың мәні негізделді.

Жұмыстың ғылыми-тәжірибелік маңыздылығы. Диссертация жұмысы материалдарын қазақтардың ортағасырлық тарихын және VIII-XIII ғасырлардағы өзге түркі халықтарының этникалық тарихын, рухани мәдениетін және саяси оқиғаларын зерттеу барысында пайдалануға болады. Сондай-ақ, диссертацияның ғылыми нәтижелерін түркі халықтарының этногенезі, этникалық байланыстары бойынша жүргізілетін арнайы дәрістер курсы барысында студенттер мен ізденушілер, оқытушылар қолдана алады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар

1. Түркі халықтарының қалыптасуы мен дамуының барлық аспектілері мен қырларын, этногенезін және оның қатысушыларын, этникалық компоненттерін, миграцияның айрықша рөлін, этникалық қауымдастықтың қалыптасуы және ұйысу ерекшеліктерінің әртүрлі кезеңдері мен сатыларын зерттеу аса маңызды. Сондықтан түркі әлеміндегі этникалық үдерістерді

зерттеуде миграциялық теорияға байланысты тұжырымдарды автохтондық теориямен өзара салыстыра отырып қарастыру қажет. Еуразияның түркі тайпалары тарихының мазмұны өзінің сипаты мен әлеумттік-мәдени тұрғысынан көшпелілердің қоныс аударуы деструктивті ғана емес, ондай-ақ этноинтеграциялық және этноконсолидациялық тенденцияларға негіз болды деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан ортағасырлар кезеңіндегі миграцияға ұшыраған көшпелі түркі тайпаларын этностардың құрама тобы ретінде емес, біріктіруші күшке ие этникалық құрылым ретінде бағалау мен зерттеудің маңыздылығы арта түседі.

2. Оғыздар ежелгі дах-масссагет тайпаларының этникалық бастауын кейінгі ортағасырлардағы ру-тайпалардың мәдени-идеологиялық тарихымен байланыстырушы қызметін атқарады. Сондықтан да оғыздар тарихын олардың өздерінен бұрынғы түркі қағанаттарында өмір сүрген ертедегі түркілерден бөліп қарастыруға болмайды. Ал мұның өзі қазіргі түркітілдес халықтардың тарихи тамырларының тереңде екендігін дәлелдей түседі.

3. Тарих ғылымында осман түріктері, түрікмендер, әзербайжандар, қазақтар арасындағы мифологиялық сюжетке құрылған оғыздық фольклорлық үлгілердің ортақтығы, олардың басты кейіпкерлерінің ұқсастығы, аймақтық жағынан өзара байланыстылығы әлі күнге дейін этникалық байланыстарды анықтауда тереңдетіп қарастырылмаған. Бұл эпостық және басқа да шығармалардың қаһармандарын анықтауға, әртүрлі аймақтардағы мифтер мен аңыздардың ұқсастығына қатысты. Халықтардың арасында таралған этногенетикалық сюжеттердің, фольклорлық үлгілердің ортақтағы олардың этногенезіндегі оғыз компонентінің ортақ болуымен түсіндіріледі.

4. Оғыздардың шығыстан батысқа миграциясының қазіргі Қазақстан жері арқылы өткендігіне отандық тарихнамада жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбеген. Оғыздар тарихы біржақты, қазақ тарихындағы оқиғалар мен үдерістермен терең байланыссыз сипатталады. Қазақтардың этникалық бастауы тек автохтонды тұрғындармен байланысты деген пікірлердің негізсіз үстемдік алуы қазақ тарихында оғыз мәселесін зерттеуге кедергі келтірді. Мұндай ұстаным түркі халықтарының этногенезі мен этникалық тарихын және байланыстарын салыстырмалы зерттеуде методологияның жоқтығынан туындайды. Осыған байланысты біз көтеріп отырған аталмыш мәселенің кейбір аспектілері алда да терең зерттеуді қажет етеді.

5. Этнонимдер мен топонимдерді зерттеу барысында пайдаланылған жазба деректер мәліметтерін лингвистикалық талдау нәтижелерімен салыстырмалы талдаулар жасау нәтижесі найман, жалайыр, божбан (қоңырат тайпасының құрамындағы) тәрізді ру-тайпалардың қалыптасуында оғыздардың айтарлықтай маңызды рөл атқарғандығын көрсетеді.

6. Түркі халықтарының ертедегі тарихының ортақ бастауларының нақты белгілері олардың арасындағы этномәдени байланыстар мен тайпалық одақтар арасындағы қарым-қатынастарды зерттеуде анық байқалады. Нақтылай түссек, бұған қазақтардың құрамындағы адай, жаппас тәрізді рулардың таңбалық белгілерінің түрікмендердегі салорлардың рулық таңбасымен сәйкес келетіндігі

мысал бола алады. Мұндай фактілер бұл халықтардың тарихи тағдырының ортақтығын, тығыз этникалық байланыстардың орын алғандарын көрсетеді.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі және мақұлдануы: Диссертация тақырыбы бойынша 14 мақала жарыққа шыққан. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары 2014 жылы «Қазіргі заманғы жаһандану және ықпалдастық жағдайында әлемдік қауымдастық және Қазақстан» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарында; 2015 жылы өткен «Қазақ хандығы: тарих, теория және бүгінгі күн» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясында; 2017 жылы «Қазақстанның жаңа жаһандық жаңғыруы: «Алаш» және «Мәңгілік ел» идеялары» атты және «Ә.М. Оразбаевтың 95 жылдығына арналған «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының материалдар жинағында; 2017 жылы Прагада өткен «Peoples of Eurasia: history, culture and interaction problems» атты VII халықаралық ғылыми конференциясы және «Актуальные вопросы научных исследований» атты XV халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы материалдарының жинағында, сонымен бірге «ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы», «Қазақ тарихы» сияқты БҒСБК тізіміндегі республикалық журналдарда және «Milli Folklor», «Analele Universităţii din Craiova» атты Скопус базасында (SJR - 0.123) тіркелген халықаралық журналдарда жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы: Жұмыс анықтамалардан, қыстартулар мен белгілеулерден, кіріспеден, 3 тараудан, 10 тараушадан, қорытындыдан, пайдаланған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады.

1 ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1.1 Этникалық үдерістердің негізгі ұғымдары мен концептуалды тұрғылары

Қандай да бір халықтың қалыптасу жағдайы күрделі де қайшылықты мәселелерге толы болып келетіні барша зерттеуші қауымға мәлім. Сонымен қатар кез келген халықтың, ұлттың қалыптасуы өзінің тарихи тамырын тереңнен алатыны және белгілі. Ал бұл зерттеу жұмысында теориялық-методологиялық мәселелерді арнайы қарастыруды қажет етеді. Оның үстіне біз көтеріп отырған мәселеге сәйкес түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы оғыздардың рөлі мен орнын айқындау ең бірінші кезекте жаулаушылықпен қатар, миграциялық көші-қон үдерісімен тікелей байланысты болғандықтан, мәселенің теориялық аспектісін ашып алу да қажет болады. Көшпелі түркі халықтарының, оның ішінде бүгінгі қазақ халқының ұлт болып ұйысып, халық болып қалыптасуы ертедегі, ортағасырлардағы ру-тайпалар тарихымен тікелей байланысты, ажырамастай біртұтас десек артық айтқандық емес. Міне, осы тұрғыдан алғанда оғыздық компоненттерді өз бойына сіңіріп жинаған түркі халықтарының, оның ішінде ерекше баса назар аударылатын қазақ халқын құрап отырған үш жүз құрамындағы оғыздар ықпалымен қалыптасқан ру-тайпалардың тарихына теориялық талдаулар жасалынуы қажет-ақ [142].

Бұл мәселенің өзектілігін және де көбіне-көп көңілдің бөлінбей келе жатқандығын қазақ ру-тайпаларының тарихын зерттеумен айналысып жүрген ғалымдарымыздың бірі тарих ғылымдарының докторы, профессор Талас Омарбеков кейінгі «қазақ» аталған халықтың қалыптасуында ерекше орын алатын ру-тайпалардың тарихына жеткілікті дәрежеде көңіл бөлінбей келе жатқандығын ескерте отырып: «...Тайпалық-этникалық негізде құралған бұл одақтардың рулық құрылымдары тарихымызда әлі де толық ашылмағандығын» [123, б. 11-12] жазады.

Осыған байланысты тарихи-мәдени мұраларымызды, ғылыми зерттеулерді жаңаша ұстанымдармен қайта қарастырып, халықтың тарихи-мәдени жадын қалпына келтіріп, нығайтып, оғыздардың түркі халықтарының этникалық түзілісіндегі рөлін анықтаудағы көзқарастырды салыстыра зерттеп, Еуразия құрлығында жасаған олардың өзге тайпалар арасындағы үстемдікке қол жеткізгендігін анықтау маңызды.

Көтеріліп отырған мәселенің аса күрделілігін ескере отырып, түркі халықтарының этникалық тарихы мәселесін зерттеп зерделеуде қолдағы бар этнографиялық, антропологиялық, археологиялық, лингвистикалық және тарихи мәліметтер мен зерттеулерді бір-бірімен салыстыра, әрі сабақтастыра отырып зерттеу де өте маңызды. Этногенез, этногенетика мәселесі ертеде өмір сүрген ру-тайпалармен бүгінгі жер бетінде өмір сүруші халықтар арасындағы қандық, рухани, материалдық байланыстар мен сабақтастық қаншалықты дәрежеде екенін де анықтауды қажет етеді. Этногенетикалық арақатынас тек

генетика арқылы емес, сондай-ақ олардың рухани, мәдени, территориялық, сондай-ақ этникалық ара да анықтап қарастырады. Тарих ғылымында кездесетін сабақтастық ұғымы біз қарастырып отырған этногенетикалық жалғастық пен байланысқа тікелей тәуелді болып келеді.

Сондықтан да зерттеу объектісі ретінде тақырыпты тек бір ғана мәселемен шектелмей, бірнеше қырынан салыстырмалы-талдаулар жасай отырып зерттер болсақ, онда тұтастай бір тарихи кезеңнің «құпиялары» ашылатындығы сөзсіз. Сондықтан да оғыздар мәселесін зерттегенде олардың этногенетикалық негізіне ықпал еткен оғыздардан бастау алатын әрбір түркі халықтарының тарихын жекелеп емес, тұтастай алып қарастырсақ, оғыздар тарихының ортағасырлық тарихи кескінін толығырақ көрсете аламыз.

Оғыз бірлестігін құрған ру-тайпалардың миграциялық үдеріс барысында көптеген аумақтарды жаулап иемденуі, кейіннен сол территорияларды өз мекендері етіпалуы, және жергілікті халықтармен араласу процесі нәтижесінде дене және бет пішіндерінің өзгеріске ұшырауы заңды құбылыс болып табылады. Десек те, олар моңғолоидтық деп табылып, түрікмендер мен әзербайжандардың этникалық тарихында ешбір рөл атқармағандығы, селжұқтар аталмыш аумақтарға басып кіргенге дейін-ақ олардың этникалық құрылымы анықталып, қалыптасып қойған деген пікірлер тарихи ақпарларды бұрмалау, яки көзге ілмеу болып табылады. Себебі Әбілғазының еңбегінде де бұл теориялық мәселенің беті ашылып, бес-алты ұрпақ өткеннен кейінгі тұрғындардың қоршаған ортаның климаттық жағдайларға сәйкес бет-пішіндерінің өзгеріске түскендігі айтылады [16]. Бұл жерде көңіл бөлетін жағдай – уақыт мөлшері және тайпалардың климаттық географиялық-территориялық орналасуының маңыздылығы. Себебі кезкелген халықтың, ұлттың этникалық қалыптасуын алып қарастырар болсақ, оның белгілі бір уақыт аралығын қажет ететіні белгілі. Осындайда дегенмен де миграция мәселесінің өзін теориялық тұрғыдан қарастыруға тура келеді.

Алғаш рет 1885 жылы ағылшын ғалымы Равенштайн миграциялық үдерістердің түсінігі мен заңдылығын қалыптастыруға тырысқан еді. Ал миграцияны жеке бағыт ретінде қарастырудың негізін қалағандар қатарында А.А. Кауфман, Н.П. Огановский, Н.М. Ядринцев, А.А. Исаев, Г.К. Гинс, О.А. Квиткин және т.б. бар. Бүгінгі таңда миграциялық үдерістерді талдауда бірқатар теориялар басшылыққа алынуда. Олардың қатарында тақырыпқа сәйкес: 1) миграция қадым-қадымдап жүзеге асады; 2) миграция жақын қашықтықты қамтиды; 3) үлкен қалалар мен елдерді құрап отырған тұрғындар табиғи өсімге қарағанда көп жағдайда халықтың миграциясы есебінен өсіп отырады және т.б. қағидалар бар. Равенштайнның «Миграция өмір мен дамуды білдіреді, ұтқырлықтың болмауы – стагнация» деген тезисі әлеуметтік тәжірибеде өз құнын жойған жоқ [143, p. 30]. Себебі адамзат тарихы қозғалыстар мен халықтың бір жерден екінші бір орынға қоныс аударуынан тұрады. Миграция түрлі факторларға әлеуметтік-экономикалық даму параметрлеріне тәуелді және параметрлердің аумақтық ерекшеліктеріне тікелей байланысты.

Миграцияны зерттеу түрлі әлеуметтік үдерістердегі (мысалы, ассимилияция, аккультурация және әлеуметтік-экономикалық жетістіктер) әртүрлі этникалық топтардың ерекшеліктерін салыстырумен байланысты. Олардың бір артықшылығы өздерінің жеке мәдениетін жаңа ортаға барғанда да жалғастыра алады: «Олардың бірі ағылшын, албан не болмаса моңғолдық болсын жаңа қоғамға өту кезінде басқа дәстүр мен түсініксіз тілдермен кезігіп жеке мәдениет пен ұлттық бірегейлік туралы хабарлар көтереді» [144, p. 30-41].

Халықтың көші-қоны ұғымы деп территориялық араласумен байланысты, және де тек өмір сүріп отырған қонысынан, яғни өзінің ру-тайпалары өмір сүріп отырған мемлекет территориясынан, аумағынан өзге жерге қоныс аударып, сондағы жергілікті тұрғындармен араласуды ғана ұғыну қажет. Сонымен миграция түсінігінің басты белгілеріне адамдардың өздерінің тұрғылықты мекендерін тұрақты түрде, ұзақ уақытқа немесе уақытша сипатта аз ғана уақытқа ауыстыруы жатады. Ал бұл ортағасырларда көбіне-көп тұрақты қоныс аударуды білдіріп отырды. Яғни бұл миграцияның қайтымы жоқ (қайтымсыз) түрі деп есептелінеді [145; 148]. Себебі сол кезеңдегі ру-тайпалардың өзге территорияға баруы біріншіден, өмір сүру ерекшеліктері мен шаруашылығына тікелей байланысты болса, екінші жағынан, оғыздар тарихы мысалынан көретініміздей,бұл үдерісте белгілі бір күшті тайпалардың ығыстыруынан орын алып отырған. Мұндай жағдайда олар кейін қайтпай, басқа территорияларға барып орналасқан. Зерттеушілердің бірқатары миграцияның бұл түрін толық, толыққанды миграция деп атап көрсетеді. Бұл миграциялық үдеріс өз кезегінде екі жағдайға бірдей жауап береді: біріншіден, мұндайда бір орыннан қозғалысқа түскен тұрғындардың екінші жаңа мекендердегі тұрғындармен араласуы жүреді, екіншіден, бұл араласу жаңа жерден тұрақты өмір сүру орнын, қонысты табумен қатар орын алады. Мұндай жағдайларда миграция тұрғындар ішінде барынша араласып, сіңісулерді қалыптастырады. Қарастырылып отырған қайтымсыз миграцияның басқа миграция түрлерінен ерекшелігі бұл үдерістің ру-тайпалардың қоныстанған жеріндегі жергілікті тұрғындар құрамының толықтай қалыптасуының маңызды бір бөлігі болып табылатындығында. Мұндайда жергілікті тұрғындармен тікелей мәдени де, рухани, этникалық, тілдік араласулар белсенді орын алып, басымдыққа ие болған ру-тайпалардың ерекшеліктері мен атаулары басқаларға сіңіп, тарих сахнасында осылай қалып отырады. Нәтижесінде әлемнің түкпір-түкпіріне көшкен ру-тайпалардың орналасуынан, араласуларынан түбі бір туысқан мүлде жаңа халықтар қалыптасып шығады. Дегенмен де, олардың қай-қайсысының арасында да бөліп тұрған шек жоқ. Сондықтан да бұл терминнің түпкі мәні қоныстану және араласу деген мағынаға ие. Өз кезегінде мұндағы қоныстану мен араласу ұғымдарының мағыналары әр түрлі.

Миграция этносаралық араласу, консолидация және ассимилияция арқылы тарихи түбі бір халықтарды өзара жақындастыруға, қалыптастыруға өзінің әсерін тигізетін процесс болып табылады. Этностардың топтасуы олардың (рулардың, тайпалардың, т.т.) бірігіп, жаңа, ірі халықты қалыптастыруын білдіреді. Этносаралық топтасуы, консолидация үдерісінің

маңызды тұстарының біріне тілдік бірліктің азғана уақыт аралығында жылдам кірігуі жатады. Яғни, миграциялық үдеріс барысында консолидация мен ассимилияция, яғни жаңа ұлттың пайда болуы жүреді де, ал этносаралық интеграцияда жаңа халықтың пайда болуы жүрмейді. Бұл кезеңде бір-бірінен тілдік, мәдени жағынан ерекшеленетін бірнеше этностардың өзара байланысы орнап, ал бұл ортақ сипаттардың пайда болуына алып келеді [147, с. 68].

Миграциялық теорияның ерекшеліктері мен басты бағыттарының географиялық және аумақтық критерийлері ішкі және сыртқы екі типті бөліп көрсетеді. Ішкі миграцияны сыртқы миграциядан бөліп қарастыруда кезкелген мемлекеттік не болмаса әкімшілік шекараның қиылысу жағдайы есептелінуі тиіс. Бұл жерде территориялық шекті ескеру қажет. Егер де әкімшілік аудандар арасы шекарамен қиылысып, бірақ аймақтармен шектеспесе, бұл ауданаралық миграция болып табылады да, ел ішіндегі араласулар ішкі миграция болып есептелінеді [147, с. 13]. Оғыздар тарихында бір емес, бірнеше реттік және бағыттық жылжулар, қоныс аударулар орын алғанын тарихтан білеміз. Мысалы, алғаш рет олар Шығыс Түрік қағанаты аумағынан қазіргіҚазақстан жеріне келіп қоныстанса, кейіннен VIII ғасырда қимақтар күшейіп, олардың Жетісу жерінен оғыздарды ығыстыруы орын алды. Жетісудан жылжи отырып Сыр бойына жеткен оғыздар мықты мемлекеттік билік жүйесін құрғанымен де кейінгі орын алған сыртқы және ішкі саяси жағдайлардың қиындығынан әлсіреп, билікті қыпшақтарға қалдырады да өздері бұл қоныстарынан тағы да ығыстырылады. Осы кезеңге дейінгі қоныс аударулар мен араласулар ішкі миграцияның белгісін көрсетсе, ал қыпшақтардың билікке келуімен XI-XII ғасырлардағы жылжулар нәтижесінде сыртқы миграция орын алады. Ал ортағасырдағы көптеген өзгерістерге өз ықпалдарын тигізіп, үнемі қозғалысты қамтамасыз етіп отырған көшпелілер өкілдері екендігін айта кету керек.

Бұл идеяны негіздеген Ф.Ратцель «көшпелі халықтардың мемлекет құрушы күші» туралы теорияны енгізеді [148, с. 16]. Халықтардың миграциясы этностың маңызды өзгеруін де туындатады. Миграцияға қатысқан әрбір қоныстанушы белгілі бір этникалық сипаттың (тілдің, таным-түсініктің, психологияның, дүниетанымның, мәдениеттің және т.б.) тасымалдаушысы. Оғыздар тарихында белгілі мәдени құндылықтардың бірінен саналатын «Қорқыт Ата кітабының» түркі халықтарының ешқайсысына да жат еместігі осының көрінісі. Оның үстіне бұл жырды әрбір түркі өзінің территориясында дүниеге келген деп те ойлайды. Яғни, оғыздар өздерінің миграциялық үдерісі кезінде қай территориялық аумаққа барса да, мәдениеттің ерекше үлгілерін санада сақтап, өздерімен бірге тасымалдаған.

Мынаны да ескермей болмайды: адамзаттың мінез-құлқындағы, әдет-ғұрыптарындағы, мәдениетіндегі өзгешеліктер қандай да бір туа біткен биологиялық құрамдағы ерекшеліктермен байланысты.

Этникалық сепарация (латын тілінен separatio – бөліну) деген ұғым белгілі бір этностан оның бір бөлігінің бөлінуі дегенді білдіреді. Ол, яғни мұндай бөлік әдетте, уақыт өте келе өз алдына жеке этносты құрайды. Егер де этникалық парциация кезінде бастапқы этнос өзінің өмір сүруін тоқтатса, ал

этникалық сепарация кезінде ол сақталады. Міне, оғыздардың құрамындағы 24 ру-тайпа миграция кезінде бірнеше бағытқа жылжыды да, ал оның құрамын толықтырып отырған әрбір ру-тайпаның да өзіндік бағыты болды. Мысалы, оғыздардың құрамындағы қайы, аққойлылар және т.б. Кіші Азия бағытында жылжи отырып, кейіннен басқаларды қосып алып, Осман түріктерін құраса, ал баяндырлар, салорлар Түрікменстан жеріне қарай қоныс теуіп, осы жолда басқаларды қосып алып, қазіргі түрікмендердің этногенезіне бірікті. Дегенмен де, олардың жылжуы, орын ауыстыруы барысында парциацияға қарағанда сепарация басым орын алды десек болады. Сондай-ақ этностың басты бөлігі үшін бұл үдеріс этникалық өзін-өзі тануын туғызатын өзгеріске алып келмейді, яғни ол этноэволюциялық сипатта болады. Яғни біртіндеп қалыптасатын үдеріс.

Этникалық сепарация түрлі себептерден туындауы мүмкін. Атап айтар болсақ, бұл: қандай да бір бастапқы этнос топтарының көшіп-қонуы, этникалық территориялардың мемлекеттік шекаралармен бөлінуі, этностың бір бөлігіне өзге этникалық топтың ықпалдастығының таралуы және т.б. Өз шекарасынан өзге жерге қоныс аударуы барысында этностың белгілі бір тобы жергілікті тұрғындардан ерекшеленетін, оқшауланған шағын массивтерді қалыптастырады. Олай болмаған жағдайда олар сол жердегі жергілікті тұрғындарға сіңісіп кетуден қашып құтыла алмайды. Осыған байланысты көшпелілерден таралған бүгінгі таңдағы халықтардың әлі күнге дейін сақталып өмір сүруі олардың бір орында тұрақтап қалмай, өмір сүру сипатынан көші-қонуларымен тікелей байланысты дейді түрік ғалымы Ахмет Ташағыл.

Деректерге талдау жасай келе көшпелілер тарихында орын алған топтасып, бірігумен қатар, бірнеше бөлікке ыдырай бөлінгендігін де аңғарамыз. Ал мұндай бөліністердің нәтижесі ру-тайпалардың этникалық атауларының да өзгеріске ұшырайтындығын көрсетеді.Сонымен бірге ортағасырлық мемлекеттердің атаулары тек билік басына келуші тайпалардың есімдерімен тікелей байланысты болып, ал олар әлсіреп, ыдырап бөлінсе, олардың орнына билікке келген екінші бір тайпалар мемлекетке өз аттарын беріп билік жүргізе беретінін де көрсетіп отыр. Осыған сәйкес, мемлекет басшылығына келген әулеттер арасында тек билік алмасулар жүріп, өзге тайпаның басшылығына қараса да, құрамындағы этникалық өзгерістер көбіне-көп орын алмағанын көруге болады. Бұл жағдайда алғашқы бірлестік атауын көбіне-көп жетекші рөл атқарып жүрген басты тайпа ғана сақтап қалып, өзгелері осылардың құрамына кіріп, не болмаса басқа жаңа атау алып, сол атаумен танылып жатады. Сондықтан көшпелі халықтардың үдерістерінің теориялық мәселелері этникалық, этносаяси құрылымының ерекшеліктерімен де тығыз байланысты қарастырылуы тиіс.

А.Герченкрон «Тарихқа негізделген кезкелген сабақтастық тұжырымы уақыт аралық салыстыруды қажет ететіндігін» атап көрсетті [149]. Осының нақты көрінісі – оғыздардың рухани мәдениетінің, ауыз әдебиеті үлгілерінің бірден-бір көзі, сабақтастық бастаулары ортағасырлық дерек саналатын «Оғыз-наме» жырының біз қарастырып отырған түркі халықтарының бәріне де

ортақтығы және олардың әрқайсысының өзінің тарихи этнотамырларын Оғыздан тарататындығы.

Ортағасырларда өмір сүрген түркі тайпаларының этникалық құрылымымен қатар, олардың кейінгі халықтардың этногенезіндегі орны мәселесін талдағанда этногенез этностың құралу үдерісіне тиесілі болса, ал оның аяқталуымен жаңа этникалық тарих кезеңі басталатынын есте ұстау қажет. Этногенез, этникалық тарих ұғымдарын тар және кең мағынасында түсіндірген этнограф А.П. Садохин этногенезді кең мағынада алып қарастырар болсақ, ол этнос өмір сүрген уақыт шеңберінің бөлінбес тұтастай кезеңінде кездесетінін айтады. Яғни бұл кезде ол этностың тарихи дамуының бір қыры ретінде сипатталады. Ал кең мағынада этникалық тарих этностың барлық тарихи сатыларын қамтиды, яғни оның қалыптасуы мен этникалық бірліктің дамуы, оның қазіргі жағдайы туралы мәселелерді қамтиды [150].

Смит пен Ю.В. Бромлейдің пікірінше этностың ортақ таралымы этникалық құрылымда басты орынға ие. Бромлейге сүйенсек, этникалық танымды құраудың басты негізі олардың ортақ таралымы жөніндегі идеясы дейді. Бұл таным-түсінік этникалық қауымды сипаттаудың бастапқы бейнесі болып табылады және ол ұзақ уақыттан кейін ғана жоғалатын қоныстанушыларда кездеседі [151, с. 41].

Түркі халықтарының, оның ішінде әзербайжан мен түрікмендердің, түріктердің этногенезінің қалыптасуын қарастырғанда біз миграциялық теорияға сүйенеміз. Ал миграциялық теория өз кезегінде жоғарыда айтқандай екі бағыттағы гипотезаның қалыптасуына алып келеді. Оның бірі бұл халықтар бүгінгі өмір сүріп отырған территориясына қоныс аударып көшіп келген оғыздардың ықпалымен қалыптасты деген тұжырымды ұстанса, яғни миграциялық теориясын, екінші бірі автохтондылық теориясын (теория автохтонности) бетке ұстай отырып, түрікмендер оғыздар келмей тұрып-ақ пайда болған, олар ежелден келе жатқан жергілікті тұрғындар деген тұжырымды ұстанады. Дегенмен де, әдеттегі көшіп-қону мен қоныс аударудың ара-жігін шатастырмай ажыратып алу қажет. Сондай-ақ миграциялық теорияның зерттеу объектісі ретінде территорияның бір бағытынан екінші бір бағытқа жылжудың да орын алатынын ескеру керек. Ру-тайпалар тарихы көбіне-көп дәстүрлі шежірелерде көрініс беретіндігіне мән бере отырып, этногенез тақырыбын қарастырғанда жазбаша дерек мәліметтерімен деңгейлес маңыздылығын естен шығармау керек. Жазба және ауызша дерек мәліметтерін салыстыра қарау арқылы біз өткен тарихтың миграциялық үдеріс сипатын қалпына келтіре аламыз. Бұл дерек түрлерінен қай этникалық компоненттің этногенез үдерісіне қаншалықты дәрежеде қатыса алғандығын және қай халықтың қалыптасуына ықпал ете алғандығын ажыратуға болады. Фольклорлық деректерде ең басты мәлімет этнос атауына қатысты мәліметтер жиі кездеседі. Мұндай деректерді өз бойына жинаған халық ауыз әдебиеті үлгілері белгілі бір дәрежеде этникалық үдерістер мен этногенез мәселесін ұғындыруда көмектеседі.

Этникалық тарих ұғымы этникалық үдерістер барысында белгілі бір этникалық топтың белгілі бір географиялық қоршаған ортаға шоғырланған жиынтығының тарихын білдіреді. Яғни бұл мәселені қарастыру барысында этностың ортақ діні, ділі, мәдениеті, дүниетанымы мен саяси-территориялық құрылымы ескерілуі қажет. Қалай десек те, бұл үдеріс жасампаз тарих барысында тоқтамай, үздіксіздік танылады. Демек, қандай да бір этностың дүниеге келуі, көшу ареалы, келесі бір орынға қоныстануы немесе өзге этностың құрамына сіңісуі не болмаса жойылуы табиғи құбылыс [152, с. 62-69]. Себебі, этника деген ұғымды беретін этнос, ол – ру, тайпа, халық. Яғни, олар өмірге келеді, дамиды, этникалық құрамы толығып отырады, сондай-ақ, өмірден, тарих сахнасынан кетеді. Бұл жерде Л.Н. Гумилевтің «этнос» ұғымын әлеуметтік әрі биологиялық тұтастық, яғни биосфераның бір бөлшегі ретінде алып қарастырғанын да айта кеткен жөн болар [153]. Этностың басты белгілерінің бірі – этникалық өздік сана. Этнос ұғымын айқындаушы сипат түрлеріне мәдениет, тіл, өздік сана мен өзіндік атау жатады.

Ю.В. Бромлей ғылыми-техникалық революция жағдайында адамзаттың бірлігі айқынырақ көрінетіндігін, сонымен бірге ол жан-жақты да күрделі қалпында қалып отырғанын айта отырып, «Осындай өзіндік ерекшелігі бар көптүрліліктің көріністерінің бірін этностар және этникалық қауымдастықтар көрсетеді. Осы мағынада қазіргі кезеңде дүниежүзі халықтарының әртүрлерін: ұлтты, халықтықты, тайпаларды, этникалық топтарды және т.б. қабылдау әдетке айналып кеткен. Ықшамдап есептегеннің өзінде қазіргі адамзат өткеннен екі-үш мың этникалық ортақтықты қабылдап алған» [151, с. 3], – дейді. Этнос пен биологиялық популяцияның қатынасы жөніндегі мәселеде Ю.В. Бромлей «этностың негізі популяция емес, оны қалыптастырушы әлеуметтік факторлар» болып табылады дейді [154, с. 84-91].

Жалпы, қандай да болмасын халықтың, ұлттың, ру-тайпаның шыққан тегі болатыны белгілі. Осыған байланысты оғыздар да белгілі бір өзіне дейінгі өмір сүрген тайпалардың ұрпақтары болып табылады және олар тарихи сабақтастықты жалғастыра отырып, бүгінгі халықтардың этногенезінің қалыптасуына өз ықпалдарын тигізді. Яғни, оғыздардың бүгінгі күнгі ұрпақтары жайында сөз қозғар алдында олардың кімнен, қайдан шыққандығы жөнінде де қарастыру маңызды. Мұндай ойды айтып жүрген зерттеушілер де баршылық. «Егер, кейде неолит заманынан бастау алатын өте ежелгі рулардың аттарының бүгінгі күнгі түріктердің арасында сақталуы заңдылық болса, бірнеше далалық рудың мықты одағының мұнша ұзақ өмір сүруі басқа – сакральды байланыста болса керек», – дей келіп, «Тұран қоғамындағы ежелгі ру-тайпалық ұйымға таңғажайып ұқсастығы олардың атын атауға мүмкіндік береді. ...«Жеті ру» тайпалар одағы бұрынғыша Орталық еуразиялық далада өмір сүріп жатыр. Ол Тама, Табын, Кердері, Керейт, Рамадан, Жағалбайлы және Телеу аталатын батыс қазақстандық тайпаларды құрайды», – деп жалғастыра түседі айтылғандарды Ж. Байжумин [155, б. 74].

Жалпы, кез келген халықтың қалыптасуы оның екінші бір халықпен сіңісуі нәтижесінде де жүзеге асып жатады. Мысалы, бұл тұрғыдан алғанда

оғыздар конфедерациясы жергілікті және осы аумаққа келіп қоныс тепкен элементтердің ассимиляциялануы мен этникалық синтезінің негізінде қалыптасқандығы белгілі. Ал олардың құрамын билігі жүрген оғыздарға бағынған қаңғар-печенектер тәрізді Сырдария алабы мен Арал бойындағы және Солтүстік Каспий маңын мекендеген басқа да тайпаларды кіргіземіз. Бұл өз кезегінде осы территорияларда өмір сүрген аландар мен астарға және оғыздар келгенге дейін жасаған баджгардтар мен нукардтар және баджналарға да қатысты. «Оңтүстік Қазақстан топырағындағы оғыз мемлекеті (IX-XI ғасырлар) Сырдария алқабының этникалық топтары – қаңлы (қаңғар) мен печенегті, Арал-Каспий өңіріндегі ас пен аланды, сондай-ақ Жетісудан батысқа қарай қоныс аударған көшпелі түрік тайпаларын біріктірді (олардың ішінде қарлұқ пен халаджа, чагра мен чарук та бар)» [156, с. 52].

Бұл жерде ескеретін жәйт, этникалық айқындауыштарға жататын әрбір белгілерге, мысалы, территорияның бір болуы, мәдениеті мен тілдік жақындықтары, діни ұстанымдары, этникалық өзін-өзі тану, атаулары (этноним), азиаттық, еуропалық дегендей мәселелерге талдаулар жасалынуы тиіс. Екіншіден, белгілі бір халықтың өзінің мәдениетінде сақталынған мәліметтерді толығымен ашу қажет. Мұндайда айта кетер нәрсе, кейде осы тәріздес және т.б. белгілер арқылы зерттеу жүргізу әдісі зерттеушілерді этникадан алшақ алып кетіп, мәселені біржақты әлеуметтік құрылым ретінде зерттеуге алып келеді. Сондықтан да мұндай жағдайға тап болмас үшін этникалық субстанциялар мен этникалық мәнге назар аудару керек.

Жалпы адамзат өзін-өзі тануы үшін, оның дамуындағы белгілі бір кезеңде орын алып отырған үдерістерді түсіну үшін ең алдымен «этногенез», «пассионарлық», «этникалық тарих» деген терминдердің мән-мазмұнын ашып түсініп алуымыз қажет. Л.Гумилев әлеуметтік тарих адамзаттың өткенін айтарлықтай бір жақты қарастырады және онда адамзат дамуының тікелей жолында қилы-қалтарыстар, дамуға еш қатысы жоқ дискретті үдерістер қатар орын алады, − деп көрсетеді. Оның ойынша, бұл мәселе жалпы биосферамен тікелей байланысты.

Ең алдымен, «этногенез» үдерісін зерттеуде «ethnos», яғни «этнос» терминін түсіндіру өте маңызды. Себебі, мұның өзі бір ауыз сөзбен айтқанда, бұл термин «халық, тайпа» деген ұғымды білдіретін қарапайым сөз көрінгенімен, шындығына келгенде өте күрделі де мағынасы кең ұғымдардың қатарынан саналады. Белгілі тарихшы-антикварист В.С. Голубцова көптеген ежелгі жазба деректер мен шамамен 15 мың эпиграфиялық жазбаларға және көптеген археологиялық мәліметтерге талдау жасай келе «этнос» сөзін айтқанда ежелгі гректердің және грек тілді ежелгі римдік жазушылардың «халық» деген ұғымды емес, тайпа дегенді түсінгендігін алға тартады. Ал ерте кезеңде бүгінгі түсініктегі халық ұғымының орнына «демос» термині қолданылған. Дегенмен де, «демос» дегеніміз ауыл, қала халқы не болмаса провинция халқы, тайпаны құраушы халық дегенді де білдіруі мүмкін. Тағы бір назар аударар мәселе, әлі күнге дейін «этнос» пен «демос» ұғымдарының арақатынасының толықтай зерттелмей, шешімін таппай келе жатқаны. Сондай-

ақ, «natio», «gens», «civitas», «triba», «populus», «vicus» секілді ежелгі грек терминдерінің арақатынастарын анықтау да маңызды [157, с. 21-36].

Айта кетер бір мәселе жекелеген жағдайда археологиялық мәліметтер көмегімен этногенез үдерістеріне талдаулар жасап, этникалық құрылымдардың, сондай-ақ этностағы ұзақ мерзімді тұрақтылықтың және этникалық топтың жоғалуының және т.б. осындай мәселелердің мәнін ашуға бағытталған жұмыстар жасай аламыз.

Дегенмен де, бұл маңызды мәселелер деректерді әмбебап қарастырып, мәселені теориялық тұрғыдан тереңдете қарастыруды қажет етеді. Этносты зерттеудің теориялық мәселелері көбіне-көп 1950-1960 жылдары этнос теориясын негіздеген этнограф-мамандардың (Ю.В. Бромлей, В.И. Козлов, С.А. Токарев, Н.Н. Чебоксаров, Ю.И. Семенов, С.А. Арутюнов және т.б.) еңбектері шеңберінде ғана шешіліп келді. Ал, Л.Н. Гумилев тұжырымдамасы кеңестік қоғамтану ғылымында маргиналды позицияны иеленді. Ұлт және ұлтшылдық теориясы мен осыған сәйкес ғылыми ұстанымдар кеңестік кезеңде тарихи материализм аясында дүниеге келді және олардың шын мәнінде, этнос теориясымен ешқандай байланысы болмады.

Ал Парк концепциясы мәселені табиғат зерттеуші Ч.Дарвиннің эколюциялық даму теориясына негіздеп түсіндіреді. Сондықтан да Парк адамзат қоғамы экологиямен байланыста дамыған деген идеяны қабылдайды, және «әлеуметтік экология» деген түсінікті ұсынады. Оның биологиялық экологиядан басты айырмашылығы «әлеуметтік экология» адамдардан құралған қауымдастық пен адамдардың өмір сүру сипатымен байланысты. Мұндайда ортаның антропогендік өзгеруі – адамзат өмір сүруінің басты белгісі болып табылады. Биологиялық ортамен салыстырғанда әлеуметтік ортаның тіл мен адами мәдениеттің күрделі жүйелерін ретке келтіру мүмкіндігі зор [158].

Этнос дегеніміз бәлкім тілге қатысты айтылатын шығар деушілер де бар [159, p. 63-117]. Себебі тілдік топтасу да халықтарды біріктіреді деген түсінік орныққан. Тілдік ерекшелікпен қатар, антропологиялық бет-пішін, яғни сырт келбеті – бұлардың бәрі этносты құрап отырған топтық белгілер.

Топтық бірегейлікке қатысты антропологиялық тәсілдердің бірі «мәдениет аймағы» ұғымы болып табылады.Мәдени ерекшеліктері кешені, белгілі бір экологиялық зоналар осыған жатады. Бұл мәдени кешендер келісілген, бірақ олардың арасындағы шекара бірегейленбеген. Мәдени аумақ ұғымын жақтаушылар мәдениет пен топқа бөлетін символдар мен белгілерге талдау жасамай-ақ, мәдениетті сыныптауды ұсынады. Сондықтан да мұндайда этникалық бірегейлікті талдауда қажет болмай қалады [160]. Макмиллан (Macmillan) антропология сөздігінде этногенез: «топтық бірлік пен тез өзгеріске ұшырауға бейім адамдардың мәдени ерекшеліктерін сақтауы. Оны жаңа этиникалық жүйені түсіндіруге де қолдануға болады» – деп түсіндіріледі [161, p. 97]. Ал Т. Паттерсон болса, бұған: «этногенез – өзінің ұжымдық бірлігін сездіретін, сәйкестік сезімін тудыратын адамдардың тарихи құрылымы» – деген анықтама береді [162, p. 31]. Әлеуметтік даму тұрғысынан алғанда Г. Эмберлинг этникалық бірліктің қалыптасуын мемлекеттің пайда болуымен

байланыстырады және «этногенез мемлекет пен мемлекеттік бақылау үдерісінің қалыптасуымен тікелей байланысты деп қарайды. Оның айтуынша,жаңа этникалық бірліктің көрінісі мемлекет не болмаса империя тәуелсіз топтарды жеңгенде пайда болады» [163, p. 308].

Шетелде мұндай проблематикаға әлеуметтану да және мәдени антропологиялық зерттеулер де этникалық қауымдастық ретінде емес, этникалық жеке тұлға ретінде қарастырады. Бүгінгі күнге дейін соңғы онжылдықтағы оқиғаларға қарамастан бір-біріне тәуелсіз екі ғылыми этнологиялық ойлар ағымы ортақ теориялық және методологиялық вакуумды құруға күш салып келеді. Ал бұл мәселенің философиялық тұрғыдан зерттелінуі, әсіресе, шетелдік философтар тарапынан этникалық теория немесе методологиялық мәселе ретінде әлі де қолға алынбай келеді. Тек жекелеген авторлар ғана (Ю.М. Бородай тәрізді) өз еңбектерінде көрсетілген мәселенің кейбір аспектілеріне тоқталып өтті.

Сонымен қатар, этносты қалыптастыруда жоғарыда көрсетілген «этникалық белгілерден» өзге антропологиялық белгілердің де атқарар рөлі ерекше. Этникалық мәселелерді зерттеудің жаңа әдісі ретінде философиялық-антропологиялық көзқарас ұсынылып негізделуде. Бұл тәсілді қолдану этниканың, этностың, ұлттың, сондай-ақ этникалық радикализмнің әлеуметтік-саяси құбылысындағы табиғаты күрделі феноменіне жаңаша сапалы тұрғыда қарауға мүмкіндік береді. Этника әлеуметтік философия мен этнология саласындағы категориялық ұғым болып табылады. Сондықтан да «этникалық деструктивтілік», яғни бөліну, ыдырау үдерістері, «апперцепция», яғни этностың өткен тарихындағы өмір тіршілігі мен тәжірибесіне тәуелділік тәрізді жаңа ұғымдар ғылыми айналымға енгізілген.

Зерттеулерде этникалық бірліктің бар екендігін жоққа шығармайтын конструктивизмге қарама-қайшы келетін субстанционалистік (алмастырушы) ғылыми парадигмаларды түсіндіру үшін «эссенциализм» термині енгізілген. Алайда, бұл жалғыз өзі «примордиализм» айналасына шоғырланған түрлі көріністердің дұрыс бірігуін қамтамасыз ете алмайды. Бұл бағытты ұстанушылардың қатарында неміс философы Артур Шопенгауэр де бар. Оның айтуынша, өмірде «даталар мен есімдерден» басқа «маңызды» болып есептелінетін құбылыстардың ешқайсысы да өзгеріске ұшырамайды [164, p. 28]. Яғни, осындай өзгеріске ұшырамайтындар қатарында дін, тіл, мәдениет пен салт-дәстүр және т.б. бар. Эссенциалистік ілімдерге, көбіне биологизаторлық теориялар арқау болады. Мысалы, психоанализ, марксизм, Э. Дюркгейм және Т. Парсонс ілімдері. Бірақ бұл ілімдерді зерттеушілер әртүрлі қабылдайды. Эссенциализмді сынға алған постмодернистік, конструктивистік және постфеминистік бағыттағы авторлар биологиялық және басқа да себептілікке негізделген әдіснамалық ұстанымдарға қарсы ортақ методологияны құруға ұмтылды.

Десекте көптеген авторларда көрсетілгендей, «этнос» және осы тәрізді терминдердің ортақ қабылданған анықтамасы жоқ. Этностың және этниканың мәні туралы мәселелерді шешудегі түрлі бағыттар мен әдістерді түйіндей келе,

оны ғалымдар негізінен үш түрге бөледі. Олар: примордиализм, инструментализм, конструктивизм. Осы аталмыш түрлерді қолдаушылар этнос ұғымын зерттеулерінде екі бағытта қарастырады. Олардың біріншісі – Субстанциализм (примордиализм, эссенциализм) болса, екіншісі – Антисубстанциализм (субъективизм). Бұл бағыттарды әртүрлі түсіндіретіндер бар. Олардың алғашқы тобына жататындарэтниканың табиғи (табиғи-антропологиялық) түсіндірмесін басшылыққа алатындар жатады. Олардың қатарында Геродот, Ш. Монтескье, К. Гирц, Х.Айзекс, П.Ван ден Берге, Л.Н. Гумилев тәрізді зерттеушілер бар. Бұл тұжырымды қуаттаушылар этника ұғымын жеке тұлғаның табиғи-географиялық не болмаса биофизикалық факторларға объективті негізделген, байырғы сипаттамасы деп түсіндіреді. Мұндайда этника феноменінің деректері немесе негіздері ретінде – этникалық феноменнің биофизикалық, генетикалық, биологиялық, табиғи-географиялық детерминациялары қарастырылады. Р. Шоу, де Местр, Г.В. Малинин тәрізді зерттеуші-ғалымдар арасындағы орныққан пікірлердің екіншісі әлеуметтік биологиялық түсіндірме. Бұл бойынша этнос – ұжымдық бейсаналыққа архитипальді түрде енгізілген биосоциалды құрылым, «этникалық құбылыстың кілтті кезеңі сананың бейсанамен не болмаса этникалық апперцепциямен кездесуі» [165, с. 18] және адамдар тарихы мен табиғат тарихының нақты бірлігі, олардың органикалық тұтастығының субстанциясы [166, с. 18] ретінде қарастырылады. Мұндайда этника феноменінің негізі әлеуметтік-тарихи және табиғи-биологиялық детерминациямен анықталады. Үшінші пікірді құрайтындарэтностың әлеуметтік-мәдени тұжырымын ұстанушылар. Олар материалдық және рухани мәдениетті объективті-тарихи тұрғыдан негізделген ерекшеліктер ретінде қарастырады. Және олардың зерттеулерінде этнос әлеуметтік-тарихи, мәдени-тарихи, әлеуметтік-психологиялық, рухани детерминациямен анықталады. Бұл пікірлердің бәрі жоғарыда айтқанымыздай субстанциялизм бағытының аса күрделілігін байқататын көпқырлы пікірлер.

Екінші антисубстанциализм (субъективизм) бағыты өкілдерінің ұстанымдары төмендегідей пікірлерден тұрады: алғашқысы В.А. Тишков, Э. Хобсбаум, П. Бурдье тәрізді ғалымдардың конструктивистік көзқарастары бойынша этнос – «бейнелемелі қоғамдастық, символикалық шек пен әлеуметтік-мәдени ерекшеліктердің/ бірліктердің әлеуметтік құрылымы» деп түсіндіріледі. Ал енді этникалық топтар мен олардың арасындағы шекара әлеуметтік тәжірибенің нәтижесімен анықталады және олардың ешқандай да эссенциалды мәліметтермен байланысы жоқ [167, с. 7]. Келесі ой-тұжырымдарды Н.Н. Чебоксаров, Дж. Нейджел, С.А. Арутюнов сияқты инструменталистік бағыттықолдайтындар құрайды. Олардың өкілдері этникалық мәселені әлеуметтік және саяси тұтастықтың құралы, әлеуметік топтың мақсатына жұмыс жасайтын құрал деп есептейді. Бұл пікірді ұстанушылар этникалық бірегейлік саяси күштерге, одақтар мен топтарға, діни-философиялық білімдер мен әлеуметтік идеяларға және т.б. қарсы қозғалыс кезінде көрініс береді дейді.

Л.М. Дробижеваның еңбегінде «конструктивистік және примордиалистік тәсілдерді мәдени топтық шектелу құралы ретінде, әлеуметтік қалыптасқан феномен мен мәдени дистанциялық құбылысты мәдениеттің «жақындық-қашықтығын» айқындайтын субъективті бейне ретінде түсіндіруге талпыныс жасады [168, с. 35]. Э. Хобсбаум этнос тұжырымдарына талдау жасай келе: «Әлі күнге дейін этнос мәселесінде субъективті де, объективті де анықтамалар шешімін тапқан жоқ және бұл бізді тұйыққа тірейді. Сондықтан да зерттеуші үшін бұл саладағы нағыз бастапқы орнатылым агностицизм болып табылады», – деген қорытындыға келеді [169, с. 17].

Дегенмен де, барлық тұжырымдарға талдау жасай келе Г.В. Малинин жоғарыда көрсетілген бұл тәсілдердің ешқайсысының да этникалық үдерістердің толықтай мәні мен мағынасын ашып көрсете алмайтындығын атап көрсетеді. Оның үстіне зерттеушілер әрбір тұжырым этникалық үдерістердің белгілі бір тұстарынан, белгілерінен ғана хабарлар беретіндіктен, олар өзара қарама-қарсы болып қана қоймай, кейде бір-бірін толықтыра да алатынын айта кетуді де ұмытпайды. Сондықтан да зерттелініп отырған этникалық құбылысты тереңінен қарастырып, оның тұтас мәнін анықтау үшін айтылғандардың барлығын біріктіре қарастыру қажет [166, с. 18].

Қорыта келгенде, этногенез мәселесінде біз көтеріп отырған оғыздар мәселесі де жоғарыдағы тұжырымдармен санасуды қажет етеді. Сондықтан да атап көрсетілген тұжырымдардың тақырып аясын ашуға көмектесетін қажетті бөліктерін, түсіндірмелерін ғылыми-зерттеу жұмысымыздың мәні мен мазмұнын ашуда пайдаландық. Мысалы, этниканың табиғи түсіндірмесі бойынша оны жеке тұлғаның табиғи-географиялық не болмаса биофизикалық факторларға объективті негізделген, адам туылғаннан бергі сипаттамасы деген тұжырымды басшылыққа алдық. Оғыздардан этникалық бастау алған деп есептелінген түркі халықтарының территориялық орналасқан аймағындағы топонимдік атауларында кездесетін оғыздық қандай да бір компоненттің олардың этногенез, этника мәселесін шешуде де ықпалы болды. Олардың қатарында түрікмендер, ғағауыздар, әзербайжандар арасындағы оғыз тайпалары есімінің түбірінен құрылған жер-су атауларына талдаулар жасалынды. Біздің зерттеуімізде сондай-ақ, енесай қырғыздарының этногенезіндегі оғыздардың орны қырғыздар мекен еткен ортада қалған заттай деректердің бетіндегі ру-тайпалардың ерекше белгісі саналатын таңбалық белгілер де этникалық мәселенің мазмұнын ашуда көмектесті. Онда оғыздар бірлестігіне кірген тайпалардың таңбалық белгілері мен зерттелініп отырған халықтарға тиелісі деп есептелінген материалдық, заттай деректер беттеріндегі белгілерге салыстырмалы талдаулар жасалынды. Бұл мәселелер этнос – адамдар тарихы мен табиғат тарихының нақты бірлігі, олардың органикалық тұтастығының субстанциясы екендігін дәлелдей түседі.

Сонымен бірге, этникалық қалыптасу барысындағы мәдени өзара әсерлесу тұжырымында айқындалған, ортағасырлардағы этногенетикалық байланысты орнықтырудағы және сабақтастықты ұстап тұру міндетін атқарған рухани мәдениеттің сипаттамасы ұстанымын ортағасырлық оғыздардан тараған

өзге түркі халықтары мен бүгінгі қазақ руларының арасындағы рухани-мәдени байланыстарды анықтауда «Қорқыт ата кітабы», «Оғыз-наме» жырының нұсқаларына қатысты және т.т. пайдаландық. Көшпелілер өмірі мен қоғамының ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, бұл тұжырымдардың аталған адамдар қауымдастығының әрқайсысында кездесетін этнос, этногенез ұғымын ашатындығын ескердік.

Көшпелі ру-тайпалардың қалыптасуы мен дамуының көп қыры, этногенезі, этникалық компоненттері, миграциясы, тайпа, халық ретінде қалыптасуы сатыларының ерекшеліктері зерттеу жұмысында аса маңызды. Сондықтан да қандай тарихи кезеңді алсақ та көшпелілер тарихын олардың өздерінің жолымен, өз көшінің ізімен жүре отырып қарастыру керек. Мұндайда міндетті түрде олар бірігіп, мемлекеттік дәрежеге көтерілгенде құрамдарына қандай ру-тайпалар кіргендігін, ал керісінше, бөлініп, бөлшектеніп ыдырағанда қай ру-тайпаның қайда қоныс аударып, не болмаса кімдердің құрамына ауысқандарын, тайпааралық ассимилияция үдерістерін ажыратып алу қажет. Және мұндай зерттеулер міндетті түрде көшпелі өмір салты тудырған заңдылықтарға сәйкес халықты көшпелілікке мәжбүрлеген табиғи-климаттық ерекшеліктерге сай жазылуы тиіс.

Мұндайда көшпелілерге байланысты бұрыннан қалыптасқан ескі еуроцентристік көзқарастарды сынға ала отырып, сонымен бірге қазіргі кезеңде біраз өзгерістерге ұшыраған миграциялық теориямен автохтондық теорияны өзара салыстыра отырып қарастыру қажеттілігін анықтадық. Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, бұл мәселеде көшпелілердің миграциясы шын мәнінде этностарды ыдыратуға емес, жақындастыруға, ұйыстыруға қызмет ететіндігін байқатады. Мұның көшпелілер келіп қоныстанған автохтонды белгілі бір аймақты мекендейтін халықтың этникалық үдерістеріне де тікелей қатысы бар, яғни, көшпелілерді миграция толқынына ілесіп, бір орыннан екінші орынға сырғып отырған этностардың құрама тобы ретінде емес, топтасқан этностық құрылым ретінде қарастыру аса қажет. Мұндайда көшпелілердің біз зерттеп отырған кезеңге қатысты айтар болсақ, батысқа қарай жылжуы шын мәнінде, елсіз, жалаңаш аймақтарға қоныстануымен сипатталмайтынын, керісінше миграция жасаған түркі халықтары жаңа қоныстарда өздеріне жақын, туыстас, этногенез өкілдерін іздестіргенін, мұның өзі шын мәнінде, көшіп-қону мен қоныс аударудың халықтар тағдырына жағымды әсер еткенін, мұндай көшіп келген этнос пен бұрыннан қоныстанып отырған автохтонды халықтардың арасындағы өзара кірігу және жақындасу үдерістері шын мәнінде, жаңа халықтардың этникалық тұрғыдан тарихи сабақтастық жолымен қалыптасуына тиімді ықпал жасағанын ескерген жөн.

Осы айтылғандардың бәрі шығыстан батысқа Ұлы Дала аймағы арқылы жылжыған біз зерттеп отырған оғыздарға толық қатысты. Мұндайда оғыз этностарының қалыптасуындағы түбірлі теориялық өзгерістерді біз жоғарыда айтып кеткен әртүрлі концепцияларды салыстырмалы түрде қарастыру арқылы анықтауға болады. Сонда ғана біз Моңғол үстіртінде әртүрлі оғыздар бірлестігі құрылымының батысқа жылжуы барысында этникалық тұрғыдан жаңа

өзгерістерге ұшырауының және олардың біртіндеп басқа түркі тілдес халықтардың (түрікмендердің, түріктердің, әзербайжандардың және т.б.) қалыптасуының негізі болған себептерді толық айқындай аламыз.

1.2 Түркі халықтарының этносаяси дәстүріндегі сабақтастық (оғыздардың үш оқ, боз оқ этникалық бөлінуінің мысалында)

Қазақ ру-тайпалары өздерінің этникалық даму жолында ұзақ кезеңдерді бастан өткерді. Сандаған ғасырлар бойы белгілі бір территорияда өмір сүрген ру-тайпалардың қоғамдық-саяси, әлеуметтік өмірі, дәстүр-салты дәстүрден ауытқымай ішінара өзгерістермен ғана өз жалғастығын тауып отырды. Оның ішінде тайпалық бірлестіктер мен одақтардан мемлекеттік дәрежеге көтерілген ру-тайпалар билігі тұсындағы этникалық, әкімшілік-басқарудағы бөліністерді ерекше атап өтуге болады. Сақ-ғұн дәуірінен мұра болып қалған этникалық-әкімшілік бөліністер арқылы басқарудың көрінісіболып табылатын ортағасырлық оғыздардың «үш оқ», «боз оқ» деген екі этникалық топқа бөлінуі аса мән берілуі тиіс маңызды мәселелердің қатарынан саналады. Осы оғыздар тәрізді кезкелген мемлекет құрушы қандай да бір тайпаның атауын зерттеу тарихтың қатпарын ақтаруды, деректерге тереңдеп баруды қажет етеді. Ал мұның өзі қашанда этникалық мәнге ие. Осындайда аталмыш мәселенің біздің зерттеу жұмысымызға тікелей қатыстылығын, әрі зерттеудің негізгі мазмұнын ашатын болғандықтан да оғыздардың тайпалық бөліністеріне кеңірек тоқталып қарастырғанды жөн көрдік.

Жалпы түркі халықтарының біріктіруші формасы өздік сана болып табылады. Бұл сананың қалыптасуы олардың ортақ шығу тегіне алып келеді. Яғни, белгілі бір мемлекеттің пайда болып құрылуы, оның басшысының шежірелік шығу тегімен байланыстырылады. Демек, билік басына келген кезкелген ру-тайпаның басшысы мемлекеттегі ру-тайпалардың таралу шежірелерін де дүниеге келтіреді. Өз кезегінде қандай да бір тайпаның, рудың, мемлекеттің пайда болуы белгілі бір дәрежеде аңыздық тұлға есімімен байланыстырылады. Сондықтан да жоғарыда атап өткеніміздей көшпелілердің мемлекет құрудағы басты қағидалары тек қоғамдық-саяси не болмаса шаруашылық-экономикалық жағдайлармен ғана шектеліп қоймайды, сондай-ақ мұнда әлеуметтік сананың да орны ерекше.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев өз зерттеуінде оғыздар кезеңіне тоқтала отырып, ондағы тарихи, салт-дәстүрлік байланыстарды ашып көрсету барысында аңыздық, шежірелік деректерді кеңінен пайдаланған. Онда: «Бұл шежіреден біздің алып отырған сыбағамыз – Уыз (Оғыз) хан балаларына өз пайым-парасатын, көзіне көрінген нәрсенің толымды-жарамдысын ат қылып қоя беріпті: Күн, Ай, Жұлдыз, Тау, Теңіз деп. Сол аттарды күні бүгінге шейін біздің қазақ айдың басында туған баланың атын Айбас қояды. Таң ата туған баланың атын Таңатар қояды. Күн шыға туса, Күншығар қояды. Түн ортасында туса, Түнқатар қояды. Көл басында туса, Көлбай қояды. Тауда туса Таубай, жайлауда туса Жайлаубай, қыстауда туса Қыстаубай, күзекте туса Күзекбай, Күзеубай, Есілде туса Есілбай, Нұрада туса Нұрабай. Уыз ханнан ұстап қалған үлгі-өнеге

– осы» [170, б. 76-77] – дейді. Сондай-ақ мұндай атаулардан басқа бізге ең қажеттісі шежірені пайдалана отырып, зерттеушінің қазақтардың үш жүзге бөлінуін көрсетуі болып табылады: «Арғы атамыз Ер Түрік, екінші буын атамыз Мұғол, Маңғұлыскейге қосыламыз. Үшінші буын атамыз – Уыз хан. Ай мен Күн, Жұлдызына таласпай-ақ қоялық. Үш оқты бізге қимай ма?! Біз неге бұл күнге шейін үш жүз атанып, үш алаш атанып жүрміз?!» [170, б. 77]– деп, жазады. Мұндайда әрине, Алаш деген тарихи тұлға туралы айтпай кетуге болмас. Ал «алаш» атауының «Қазақстан ұлттық энциклопедиясындағы» түсіндірмесіне тоқталар болсақ: «Алаш (ежелгі түрік сөзі – бауырластар, қандастар, туыстар) – көне заманда, түркі халықтары бөліне қоймаған қауым кезінде дүниеге келген ұғым. Ортағасырлық және одан ерте кезеңдегі деректерде қазақтың өз алдына ел болып хандық құрғанға дейінгі ежелгі тайпаларының ортақ атауы. Алаш аты тарихта кездесетін ең көне атаулардың қатарына жатады. Моңғол-татар – қазақ шежірелерінде Алаш (Алашы) хан туралы айтылады» [171, б. 25], – делінеді. Енді Ж. Көпеевтің үш оқ жөніндегі ой-тұжырымын одан әрі Х. Әділгереев те жалғастырады. Ол өзінің «Қазақ халқы құрылуы тарихынан» деп аталатын мақаласында Оғыздар мемлекетінің үш ордаға бөлінгендігі туралы сөз етеді [172, б. 10]. Ж.Көпейұлы шежірелік, аңыздық деректерді одан әрі қарастыра келе қазақ халқының шығу тегін былайша өрбітеді: «Біздің қазақ халқының көз көргендері: «Біз үш ханның баласымыз, – десіп сөйлейді, – Сейіл хан, Жайыл хан, Ел хан. Сейіл ханнан – сегіз арыс түрікпен. Жайыл ханнан – Майқы, Майқыдан туған өзбек Елден-Сыбан. Өзбектің үш баласы бар: үлкені – Мың, ортаншысы – Жүз, кішісінің аты – Қырық, – дейді. Сыбаннан Қазақ пен Созақ. Созақ баласы – Қарақалпақ. Қазақтан: Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс. Үш жүздің баласы: «Қазақтың атасы осы үшеуі екен», – деп айтысады. Ел ханның балалары Қондыгер жұрты. Ол қайда десең халифа қол астында «Қондыкердің ауыр жолы» деп айтылатұғын бұрынғының сөзінде бар емес пе» [173],– дейді. Яғни, бұл жерден көріп отырғанымыз – Ж.Көпейұлының үш оқтың негіздемесін қазақтың үш жүзімен сәйкестендіріп отырғандығы. Дегенмен де, бұл жерде ескерілуі тиіс жайт, қазақта «Үш сан алашпен» қатар «алты сан алаш» сөз тіркесі тағы бар. Осы тұрғыдан алғанда «Үш сан алашты» – Оғыздың үш ұлы деп қарастырар болсақ, ал «алты сан алашты» мүмкін Оғыздың алты ұлымен байланыстырып, түркі халықтарының басын біріктіретін символ деп есептерміз.

Тарихи жазба деректерден өзге халық ауыз шығармаларының ерте кезеңге тән сипаты аңыздық, эпикалық шығармалар болып табылады. Солардың қатарында «Оғыз-наме» жырының алар орны ерекше. Мұнда үш оқ, боз оқ бөлінісі туралы мәліметтерді кездестіреміз. Осындағы атауларды ертедегі сақ-скиф заманындағы екіге бөліністің болғандығы туралы тарихи зерттеулермен байланыстыруға да болады. Бұл атауға қатысты айтар болсақ, грек-парсы авторлары сақтарды скифтер деп атаған болса, скифтер өздерін патшасының атымен сколоттар (Σκολοτες, Scoloti) деген. Осы скиф-сақтарда аталған ішкі (яғни, ежелден сол жұртты мекен еткен бірлестіктің құрамындағылар) мен ташқы (сол бірлестікті құрап отырған басқа да рулар)

атаулары (ішкілік, ташқылық) қырғыздарда да сақталынып отыр. Яғни, мұнда көріп отырғанымыздай, «боз оқ», «үш оқ» рулық-тайпалық бөлінісі «Оғызнама»жырында көрініс тапқандай оғыздар заманында емес, одан да ілгері кезеңде пайда болса керек.

Бұл атаулардың орын алуы жөнінде қытайлық зерттеуші Шадыман Ахметұлы: «Боз оқ терминіндегі «боз» сөзі ақшыл, қылаң түс, боз ала таң сәрі мағыналарынан тыс, бетегелі, изенді, селеулі ақ дала деген мағына береді. Боз оқ – ақ боз үй мағынасын беруі мүмкін. Бұл «Оғызнамада» айтылғандай қағанаттың шығыс бөлігін (Таң сәріні) мекендеуші алтын жақтың мұрагерлері Күн, Ай, Жұлдыз атты ағайынды үш жігіттің кіндігінен тараған Жоңғарияның шексіз, шетсіз боз даласынан Сыр бойына жылжыған оғыз ұлыстарын, ал алтын оқтың мұрагерлері үшоқтар қағанаттың батыс бөлігі (Түн сәрі) тарихи ичгуз тайпаларынан біріккен Көк, Тау, Теңіз атты ағайынды үшеудің ұрпақтары сыңайлы. «Оғызнамада» бұл үш ағайындының шешелерінің көзі көктен көгірек деп суреттелуі де, олардың еуропеоидтық сипатын ашады. ...Оғыздың үшоқ тобының таңбасы садақтың оғы пішіндес. Бір кездері ғұн қағанатына қараған аққойлылар ғұндардың ұлы қоныс аударуы кезеңінде батысқа қоныс аударған соң бозоқтарға енген секілді. «Оғыз қаған» жырында бозоқтардың ақ қой байланған оң жаққа отыруы осы жайдан хабар береді әрі бозоқтардың қағанаттың шығыс бөлігін қоныстаған тарихи жағдайын паш етеді. Оғыз қағанның бәйбішеден туған үш ұлын таң сәріге (шығысқа) алтын жақты іздеуге аттандыруы да осыдан» дейді [174, б. 313].

Әрине, бұл мәліметтің бәрін тарихи шындық ретінде қабылдауға болмас. Дегенмен де «аққойлылардың» кейінгі түрікмендерде, ал қазақтың сиқым руында ру немесе рулық бөлімше ретінде кездесуі оғыздардың кейбір түркі халықтарының тарихында терең із қалдырғанын тағы да аңғартады. Алайда, «Оғызнамеде» айтылатын бұл деректерді хронологиялық тұрғыдан айқындау аса қиын. Мәселені айқындауда ірі тұлғалардың белгілісі Қорқыт туралы деректер көмек бере алмайды.

Қорқыт Ата VII ғасырдың бірінші жартысы мен VIII ғасырдың бірінші ширегінде ғұмыр кешкен тарихи әрі аңыздық тұлға. Осыған да қарап оғыздардың өз ішінен екіге бөлінуі Қорқыт Атадан да ертеректе орын алғанын аңғарамыз. Аңыздық деректе кездесетіндей Дерсе ханның тойына «іш оғызды, тыс оғызды» шақырды деп екіге бөліп атап көрсетуі, не болмаса Төрәлі ханның қалыңдық іздеудегі ішоғыз елін аралады, тысоғыз еліне барды деген тіркестер де осыны дәлелдесе керек. Міне, бұл жерден де біз ассириялық деректерде кездесетін «асғұз», «исғұз», «ашғұз», «ішғұз» аталған скифтердің атауымен байланысы бар екеніне көзіміз жете түседі.

Ертедегі сақ-скифтердің тарихы ортағасырларда өмір сүрген түркілерге жат емес. VII ғасырдың екінші жартысында орын алған тарихи оқиғалардың бірі скифтер мен ассириялықтардың арасындағы соғыста ішоғыздардың атақты көсемі саналған Ишпақайдың қайтыс болғаны туралы мәліметтер құжаттарда ұшырасады [175; 176].

Алдыңғы бөлімде сөз еткеніміздей көшпелілер тарихы бірігіп бас қосып, мемлекеттіліктің жоғары дәрежесіне көтерілу мен сол жоғарыдан іштей алауыздықтар мен сыртқы саяси жағдайлардың әсерінен ыдырауды бастан өткеріп отырды. Сондай-ақ мемлекет басына қай тайпаның билеушісі келсе, ел атауы да соның есімімен байланыстырылды. Тіптен, Рашид ад-Динде келтірілетін байырғы шежіреден Түрік – Моңғол – Оғыз – Қарахан тәрізді тарихи тұлғаларды білеміз. Олардың есімі кейіннен халықтарға, тіптен мемлекеттерге берілгені және белгілі. Жалпы ежелгі көшпелілердің барлық рулар тармақтарын жеке тұлғалардан өрбітіп отырған. Осы тұрғыдан келгенде және жоғарыдағы келтірілген деректерге талдау нәтижесі бізге «іш ғұз», «тыс ғұз» бөлінісі ежелгі кезеңнен келе жатқанымен, ол уақыт және этникалық құрылым ерекшеліктеріне байланысты өзгерістерге түсіп, әр кезеңде өзіне тән ерекшеліктері болып отырған. Бұған жеке көсемдер мен тұлғалар да өз үлестерін қосты.

Скиф басшысы Ишпақайдың басқаруы тұсындағы мұндай бөлініс географиялық-аумақтық орналасу принципіне сүйенген де, далалы аймақтың таулы күнгей жағын мекен еткен халықтардың баршасы «ғұздар» деп аталған. Ал олардың батыс бөлігін алып жатқандар Каспий теңізінің солтүстік-батыс бөлігінен Карпатқа дейінгі аралыққа қоныстанып, «ішғұздар» атауын иеленсе, ал шығыс бөктеріндегі Каспий теңізінің солтүстік-шығысынан бүгінгі Шығыс Түркістанға дейінгі аумаққа орналасқан жұрт «тысғұз» аталған.

Бұдан аңғаратынымыз оғыздардың «үш оқ», «боз оқ» бөлінісі ғұздардың бөлінісі негізінде жүзеге асқанымен, олардың этникалық құрылымы да, құрамы да өзгеше. Олар – шығысқа бет алып, қоныс аударған түрік халықтарының территориялық орналасқан жері мен жаңадан құрылған бірлестік құрамына кірген тайпаларға байланысты орын алған. Биік тау жоталарынан бастау алған, одан әрі Байкалды кесіп өтіп, ары қарай өзен-көл жағалауларын қамтыған бұл халықтар «ғұздар» деп аталынған.

Осы аталған оғыздар орналасу ерекшеліктеріне қарай үшке бөлініп, сыртқы бөлігі – «қыр-ғұздар», ішкі бөлігі – «ой-ғұздар» және орта бөлігі – «ой-қыр» деген атауды иеленеді. Мұндай бөліністің болғандығын ортағасырлық географ әл-Масудидің де деректік мәліметтерінен кездестіреміз. Онда: «Ғұз мемлекетінің бір бөлігі көшпелілер, бір бөлігі қала тұрғындары – бәрі ғұз тайпалары. Олар өзара жоғары, төмен, орта болып үшке бөлінеді» [177], – делінген. Бұл бөлініс те түркі халықтарына ортақ әкімшілік-басқару, географиялық-территориялық орналасу заңдылықтарына сүйене отырып орын алған. Олар атақты Түрік қағанаты ыдырағаннан кейін батысқа жылжи отырып осы территорияға тұрақтанғанда ертедегі бөлініс дәстүрін басшылыққа ала отырып екіге бөлінген де, «ішоғыз», «тысоғыз» деп аталған. Көріп отырғанымыздай ертедегі ғұздар территориясын жайлаған кейінгі оғыздар бөлініс дәстүрін сол күйі қалдырған қалпы Сыр бойындағы жабғу мемлекетінің негізін қалап, жүзеге асырды.

Осы орайда тағы айтар кетер жайт, оғыздар түріктердің (бұл жердегі мағынасы Түрік қағанаты) заңды мұрагері болып саналатындығы. Олардың

этникалық құрамының екіге бөлінуінің негізін анықтауға және әл-Масудидің атап көрсеткеніндей, оғыздардың көшпелі және отырықшы болғандығына мынадай жағдай септігін тигізеді: Жетісу жеріне қоныстанған оғыздардан бұрын осы елді-мекенде жасаушылар мен кейіннен олардың құрамын толықтырушы тайпалармен қатар, Сыр бойына жылжыған кезеңдегі осы аймақты ежелден мекендеген сақтар, ғұндар мен үйсіндер, қаңлылар тәрізді тайпалардың бір бөлігі енген. Бес томдық «Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)» еңбегінің 1-томында: «...Тегінде, Батыс Арал өңірінің дала халқы да осындай аралас халық болса керек, онда оғыздарға дейін VIII-IX ғасырларда бажғарлар, нукардалар және бажналар мекендеген. Осы топтардың арасындағы тығыз қарым-қатынастардың арқасында этникалық және мәдени жақындасу жүзеге асты. Сірә, қалаларда басқа жақтан келіп қоныстанушылар саны оғыздардың отырықшы топтарынан көп болса керек. Мәселен, X ғасырда Жанкент, Жент, Хора тұрғындары негізінен алғанда «мұсылмандар» болған, ал ол кезде оғыздардың негізгі бұқарасы, соның ішінде олардың билеушілері де әлі ислам дініне кірмеген еді» [178, б. 318-319] – делінеді.

Отырықшы жергілікті тұрғындар оғыздардың келуіне дейін-ақ, ал олардың көшпелі бөлігі осы толқынның тұсында және оңтүстікте орналасқан соғдылардың ықпалымен мұсылман дінін қабылдайды. Бұл араб, парсы деректерінде нақтыланған. «Оғыз-наме» жырында көрсетілгендей оғыздар Боз оқ, Үш оқ деп аталған екі қанаттық бөліністі құраған. Осы жерде Оғыздың қай ұлы боз оқ қанатына, ал қай ұлы үш оқ қанатына кіргендігіне тоқтала кетсек. Боз оқтың Күн ханынан Баят, Қара үйлі, Қайы, Алқа үйлілер тараса; ал Дудырға, Дүкер, Иазыр, Жапарлылар екінші ұлы Ай ханнан таратылады; Авшар, Қарқын, Бекделі және Қызық – Жұлдыз ханның балалары еді; ал келесі бөлік Үш оқтық Көк ханға – Печене, Баяндұр, Чепне, Шауылды жатса; Тау ханнан Ала-Ионтлы, Имир, Үрегер, Салыр; Теңіз хан деген баласына – Игдир, Бүкдүз, Ауа (Йиуа), Қынық деп аталатын тайпалар кірген [14, с. 19]. Бұлардың барлығы да Үш оқ пен Боз оқты құрап отырған Оғыз балаларының ұрпақтары қатарында аталады. Сондай-ақ олардың әрқайсысының еншілеген орны мен ұстаған жілігі, құсы, таңбасы бар.

Яғни, оғыздардың мұндай екі қанатқа бөлініп, әкімшілік басқаруының түзілуі жоғарыда айтылғандай ертеден келе жатқан дәстүрді жалғастыруды көздеген Оғыздың батысқа, шығыс пен күнгейге жасаған жорықтарынан кейін түпкілікті жүзеге асқан. Себебі, жырларда суреттелгендей, садақ пен жебені өз кіндігінен тараған алты ұлына теңдей етіп бөліп беруі бір жағынан жаулап алынған жерлерді үлестіруі іспетті, Оның үстіне тарихи жырлар мен аңыздарда кездесетіндей үлкенді сыйлау, кішіге ізет деген ұстанымды бұл жерден де көреміз. Үлкен ұлдары мен кіші ұлдары өзара жастарына қарай бір-бірін сыйлауға міндеттелген. Оның үстіне бұл жерде көрініс тапқан садақ әміршінің, ал жебе болса оның әмірін атқарушы деп есептелініп, үш оқ тайпалары боз оқ тайпаларына жора бойынша жол беруге тиіс болған. Сонымен боз оқ балалары оғыздардың оң қанат әскерін түзе отырып, Сайрамнан Қарабаққа дейінгі жерге, ал үш оқ әскердің сол қанатын құрап, Құртақтан Алатаудағы Алмалыққа

дейінгі аумақты мекен еткен. Деректерде кездесетін Ескі Оғыз және Жаңа Оғыз ұлыстары деген атаулар да осы екі қанатқа бөлінісімен байланысты қалса керек.

«Оғыз-намеде» көрсетілгендей Оғыздың балаларына өсиеті, яғни үлкенді сыйлау, билік басына үш оқтың емес, боз оқ ұрпақтарының отыруы керек деген өсиетнамасы алғашқы кезде орындалып келді, ол өз кезегінде оғыздардың күшейген, дәуірлеген шағын сипаттап көрсетеді. Алайда, келе-келе бұл жоралғы өз дәстүр жалғастығын бұзады. Ал бұл екінші кезең оғыздардың құлдырай бастауына сәйкес келеді. Дегенмен де, бұл құлдырау тек олардың дәстүрді сақтамағандығынан деген бір жақты қорытынды шығаруға болмас. Бұл өсиеттің бұзылуы Боз оқтан тараған ұрпақтың билікті өз дәрежесінде дұрыс игере алмағандығынан да болса керек. Оның үстіне оғыздар ертеден сол аймақты мекен етушілер мен олардың мекендеріне жаңадан қоныстанушылардан, яғни көшпелілер мен отырықшылардан құралғандығын жоғарыда сөз еттік. Ал бұл жағдайда мемлекеттік билік пен замана талабына және жағдайына бұрыннан қалыптасқан дәстүрді дұрыс бейімдей алмағандығынан да болар. Себебі түркі заманынан жалғасқан үлкенді құрметтеу, үлкеннің өсиетін өле-өлгенше орындау келісімі қол беріп, уәде ету қол қойылған қағаз түріндегі заңнан да жоғары есептеліп келген. Осыған байланысты Оғыздың ұрпақтары ата өсиетін жерде қалдырмай орындаған болар еді. Дегенмен де, замана талабына бейімделе алғандар бұрынғы жолмен жүргендерден үстемдік танытты. Басшылық билікте өсиеттегідей аға балалары ғана отырмай, іні балалары да таласып, келе-келе түпкілікті деңгейде солардың қолына өткендігі сол себепті де болар. Оғыздар жөнінде қалған фольклорлық деректерде кездесетін басты кейіпкерлер боз оқ өкілдерінен емес, үш оқ тарапынан орын алып отырады. Бұл да өз кезегінде айтылғандарға дәлел болар. Мысалы, үш оқтың құрамында аталатын печенектер, салырлар, қынықтар арасында үнемі билікке талас туындап отырды. Әдепкіде салырлар үстем болып, солардың басшылығы кезінде ордалары Жаңакентке көшірілген еді. Оғыздардың бұл ордасындағы үстемдігі кейіннен барани (салыр тайпасына қарайтын баранды, берендей) әулеті қолына көшеді.

Этногенез мәселесін зерттеу барысында ең басты назар аударылуы тиіс нәрсе, ол – сол халықтың атауы мен шығу тарихы болып табылады. Бұл жағдайда оғыздар көптеген түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуы барысында оларға өз ықпалдарын тигізіп, бүгінгі таңда оның көріністері де айқын байқалуда. Мысалы, «оғыз» этимологиясы жөнінде зерттеушілер арасында көптеген пікірлердің бар екені жасырын емес. Солардың бірі «оқ+з» түбір мен жалғаудың жалғануы арқасында құрылған деп жатады, яғни «тайпа» мен сол кезеңде түркі сөзіне көптік жалғау «з» жалғанып, «тайпалар» деген мағынаны білдірген деген көзқарас пен «түрікмен» атауына байланысты көзқарастардың ішіндегі «түрікмен» – «мен түрік» дегенді білдіретіндігі, «түрк» сөзіне талдау жасап, оны «түр»+«к» деп бөліп көрсетушілер де кездеседі. Бұл жердегі «к» ежелгі түркі жазуларындағы көптік жалғау болып табылады да, ал «түр» сөзі «тайпа, халық» деген ұғымға сәйкес келеді делінеді.

Көріп отырғанымыздай оғыз этимологиясы мен түрік, түрікмен түсіндірмелері де бір мағынада, бір-бірінен еш алшақ емес, яғни бәрі де тайпалар деген ұғымға келіп саяды.

Осындайда XVIII ғасырда зерттеулерде пайда болған әрі кейінгі зерттеушілердің бірі, түрікмен әдебиеттанушысы Ахмед Бекмурадов негіздей түскен түсіндірмені келтіре кетуді жөн көрдік. Олардың ойынша түрікмен атауы алғашқыда «тиркоман» деп дыбысталған, осыған байланысты талдау жасай келе «тир» – «оқ» (стрела – садақ) дегенді білдірсе, ал «коман» – «лук» (оқ) дегенді аңғартады дейді. Ауытқымалы мағынада «түрікмен» «садақ пен жебені меңгерген халық»дегенді білдіреді дейді. Яғни, «мерген», «оқ атқыштар» (стрелцы) деп те аударылған. Бұл ретте еске түсер жайт «оғыз» этимологиясының түсіндірмесі де осыған келіп саятындығы. Және де оғыздардың «үш оқ», «боз оқ» бөлінісіндегі «оқ» сөзі. Талдаулар жасай келе анық болғаны «түрікмен» де, «оғыз» да бір-бірінен алыс емес, бірдей ұғымды түсіндіруге алып келетіндігі. Оғыз атауының түсіндірмесін өз кезегінде И.Маркварт та «садақтың оғы» дегенді білдіретіндігін жазған еді [179, p. 185]. Мұндай талдау зерттеулердің қажет екендігін мойындай отырып, зерттеушілердің «түрікмен» атауын ежелгі «түрік» атауымен байланыстырудан қашқақтау себептерін түсіне алмаймыз. Қытай жылнамалары «түрік» атауын «Дулыға» деген түсінікпен байланыстырады. Біздіңше зерттеушілердің мұны да ескергендері жөн. Оның үстіне батысқа жылжыған оғыздардың «түрік» этнонимін өздерімен бірге ала кеткендері, сондықтанда Орталық Азияның Моңғол үстіртінде, Ұлы Далада «түрік» атауы ұмытылғаны белгілі. Десекте жоғарыда айтылғандар «оғыз – түрікмен – тиркоман» атаулары бұл халықтардың түбірінің бір екенін дәлелдесе керек-ті.

Сондай-ақ, оғыздар туралы мәліметтер қалдырған ортағасырлық авторлар Махмұд Қашқари мен басқа да ортағасырлық авторлар еңбектерінде кездесетін оғыздардың тайпалық құрамы жөніндегі сәйкессіздіктер жөнінде де бірталай пікірлердің орын алғандығы мәлім. Алайда, олардың көрсеткен сандық мәліметтеріндегі алшақтықты былайша түсіндіруге болады: «үш оқ», «боз оқ»– бұл екі атау жөнінде де айтар болсақ, ортағасырлық авторлардың еңбектеріне міндетті түрде сүйенуіміз керек. Махмұд Қашқаридің «Түбі бір түркі тілі» атты еңбегінен «оқ» сөзінің – жебе, оқ; жер үлесі; мұра үлесі секілді түсініктемелерге жауап беретіндігін байқаймыз [18]. Ал Әбілғазы еңбегінің «Оғыз ханның жұртына келіп той қылғаны туралы» деп аталатын бөлімінде:

«Оғыз қылды ол тойда рақатты,
Бұ алты ұлына сый тартты.
Бұлар көрсетіп еді мәрттігін,
Әкесімен бірге неше даналық,
Әкесімен олар серік болып,
Ұрыс күндерінде баршасы болды бірге.

Онан соң нөкерлерінің атқан, шапқан қылған қызметтеріне лайық – шаһарлар, шекара қызметтерін, кенттер, сыйлықтар берді. Ұлдарына айтты: «Сіздер, үш ұлым алтын садақты тауып әкелдіңдер, тағы оны бұзып, бөліп алдыңдар. Сіздердің аттарың Бұзұқ болсын! Сіздерден таралған ұлдар һәм қияметке шейін Бұзұқ аталсын! Сіздер, үш оқты әкелген кіші ұлым, одан таралғандар бүгіннен бастап дүниенің ақырына шейін Үш оқ аталсын. Садақты, оқты әкелдіңдер, ол кісіден емес, тәңірден болды. Бізден бұрын өткен халықтар садақты падишаһқа балап, ол оқты – елші орнына балады. Сондықтан садақ, оқты қайсы тарапқа тартып жіберсе, сонда барар еді.

Енді мен өлгеннен соң Күн хан менің тағыма отырсын. Онан соң Бұзұқ нәсілінен кімнің қабілеті болса, халық соны падишаһ қылсын. Дүние ақыр болғанша Бұзұқтың бір жақсысы падишаһ болсын! Өзгелер оң жақта отырсын. Үш оқ солда болсын. Үйінің сол жағында отырсын. Дүние ақыры болғанша нөкерлерге разы болсын» деп еді», – дейді [5, с. 19]. Айтылғандардан байқап отырғанымыздай, оғыздың алты ұлы болып, оның әрқайсысынан төрт-төрттен немере сүйген болса, және олардың әрқайсысына орнын белгілеп бергенде Оғыздың өзі ұлдарын үш-үштен жіктегенін ескере отырып (және олардың әрқайсысының төрттен балалары болғанын естен шығармау керек) есептер болсақ, онда жоғарыдағы оғыздардың он екі-он екіден жиырма төрт тайпасы да шығады деп қорытынды жасауға болады.

Махмұд Қашқаридың «Дивани лұғат ит-түрік» («Түрік сөздігі») атты еңбегінде оғыздардың 24 тайпасының атауы аталынады, ал XI ғасырда олардың 22 тайпасын кездестіреміз, Марвази еңбегінде тіпті, 12 тайпа деп атап өтіледі. Бұл жердегі сандық көрсеткіштер мен есімдік көрсеткіштерді қарастыра келе, біз олардың 24 тайпадан құралғанын және жоғарыда атап өтілген «боз оқ», «үш оқ» атауларына бөлінгенде 12 тайпадан келіп шығатынынан да кейбір ортағасырлық деректерде осылай кездескен деген пікірдеміз.

Тағы да Әбілғазының дерегіне сүйенер болсақ, «Он екі жүздік, жиырма төрт аймақтың мағынасы туралы» деп аталатын бөлігінен:«...Оғыз ханның некелі қатындарынан туған алты ұлынан жиырма төрт немересі болды. Күн хан оларды екеуара бір үйге отырғызды, сонда он екі бөлек болды. Осы он екісінен туғандарды жүзлік деді. Себебі әр нәрсенің жүзі артқы жағынан жақсы болар, елдің, халықтың жүзге тұтқандары да жүзлік еді.

Оғыз ханның бірнеше ат қойған кісілері, күңнен туған немерелері һәм жиырма төрт кісі болды. Баршасының аттарын жоғарыда бір-бірден айтып өттік. Бұлардың баршасы үйде отырды, он екісі ат ұстап тұрды, он екісі есікте отырды.

Бұ жиырма төрттен туғандарды аймақ деді, түбірі – омақ деген. Әдетте, қара ұлыстың сөзді айта алмайтындары, жартылатып айтады. Қазіргі кезде де һәм бір кісі, бір кісіден сұраса «еліңнің омағы қайсы?» деп сұрайды. Омақ – моңғол сөзі. Қазіргі уақытта қалмақтар һәм «омақ» дейді. Омақтың мағынасы ру деген. Түрікмендердің он екі жүздік, жиырма төрт аймақ дегендерінің мағынасы осы еді» [5, с. 20], – деген деректі кездестіреміз.

Бұдан байқайтынымыз, кейбір деректерде не себепті оғыздардың он екі тайпа болып кездесетіндігі.

Әбілғазы: «Оғыз ханның үлкен ұлының аты – Күн хан, одан кіші ұлының аты – Ай хан, одан кішісінің аты – Жұлдыз хан, одан кішісінің аты – Тау хан, одан кішісінің аты – Теңіз хан. Бұл алтауының әрқайсысында некелі қатындарынан төрттен ұлдары бар еді... Енді Оғыз ханның күннен туған алты ұлының ұлдарының аттарын атаймыз. Бірақ олардың қай ұлдардан болғандары мәлім емес. Кене, Күне, Турбатлы, Герейлі, Сұлтанлы, Оқлы, Көклі, Сушлы, Хорасанлы, Иуртшы, Жамшы, Турумшы, Құмы, Сорқы, бұ уақытта оны Сорқыхи дейді, Қуржақ, Суражық, Қаражық, Қазығұрт, Қырғыз, Тикин, Лала, Мурдашеуй, Сайыр... Енді бірнеше елдерге Оғыз хан ат қойып еді, олар Оғыз хан нәсілінен емес һәм сонда да сол себептен аттары намада жазылды. Олардың аттары: Қаныклы, Қыпшақ, Қарлық, Қалаш», – деп жазады [5, с. 19].

Мұндай бөліністер мен жіктелістер оғыздардан өзге оған дейін өмір сүрген көптеген мемлекеттік құрылымдар мен қағанаттарда да кездеседі. Мысалы, Үйсін мемлекетінде – тайпалар сары үйсін, қара үйсін, алүйсіндерге (қызыүйсін) бөлініп, олардың арасында өзара соғыстар, билік үшін күрестер орын алып, билікке талас болып тұрды.

Және бұл жағдай ауыз әдебиетінде сақталып, бізге жеткен жәдігер «Қорқыт Ата кітабында» жырланады. Бұрынғы жырларда оғыздардың алғашқы мемлекеттік құрылысы кезінде «қалың оғыз» дегенді көбірек кездестірер болсақ, оғыздардың соңғы күшейіп барып құлдырау дәрежесіндегі мына жырдан олардың екіге айырылғандарына анық көзіміз жетеді. Бұл жерде тағы бір ескерер жағдай фольклорлық мұралар өз кезегінде дерек ретінде маңызын жоймақ емес.

Оны Энтони Смитөзінің этникалық аңыздарға қатысты жазған еңбегінде аңыз-әңгімелерде кездесетін тұлғалардың халықтар тарихында алатын орнын ашып көрсетеді. Онда басты кейіпкердің біртұтас қауымды құрайтындығы туралы ойын айтады [182].

Ал енді «Қорқыт Ата кітабының» соңғы «Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы шығуы және Бамсы-Бейректің өлімі туралы жыр» деп аталатын жырын – оғыздардың өзара қырғиқабақ соғыстарын баяндайтын жыр деуге болады. Бұл жырда оғыз тайпасының өзара тату-тәтті, достықта тұрған ежелгі дәуірі мадақталады. Көне заманды жырлағанның өзінде толып жатқан нақты, тарихи деректер келтіріліп отырады. Мұнда, тіпті, тарихи деректер мен эпикалық оқиғаларды бір-бірінен ажырату қиын секілді.

«Сыртқы оғыздардың ішкі оғыздарға қарсы шығуы және Бамсы-Бейректің өлімі туралы жырдың» қысқаша мазмұны мынадай: Қазан өз үйін өзі тонауға береді. Мұндай тонауға бүкіл оғыз елі, яғни «үш оқ» (ішкі оғыз) та, «боз оқ» та (сыртқы оғыз) қатысуы керек еді. Бірақ Қазанның үйін тонау салтанатына тек ішкі оғыздар ғана келеді.

Ал Қазанның нағашысы Аруз-қожа бастаған сыртқы оғыздар өкпелеп, бұл салтанатқа келмей қалады. Олар келмек түгілі, енді қалайда Қазанға бір жамандық істеу жолын іздей бастайды. Осындай мақсатпен Аруз-қожа ішкі

оғыздардың беделді бегі, батыры Бамсы-Бейректі шақыртып алады. Сөйтіп оны Қазанға қарсы шығайық деп азғырады. Бірақ мұндай опасыздыққа адал жүрек Бамсы-Бейрек, сірә, көнбей қояды. Бектер бегін Қазанға адалдығы үшін Аруз-қожа оны зұлымдықпен өлтіреді.

Бамсы-Бейректің өлімі жөніндегі суық хабар күллі оғыз елін дүр сілкіндіреді. Ашу-ыза кернеген ішкі оғыздар дереу сыртқы оғыздардан қанды кекті қайтаруға бел байлайды. Қазанның өзі бастаған қалың қол сыртқы оғыздарға қарсы соғысқа аттанады. Аласапыран, қым-қиғаш шайқас басталады. Осы соғыста екі елдің арасына іріткі салған Аруз-қожа өледі», – деп аяқталады жыр [15, с. 88-89].

Бұл жырға талдау жасау барысында оғыздардың тағы да екіге бөлінгенін көреміз де, алайда, олардың не себепті екіге бөлінгені туралы сауалға жауап бере алмаймыз. Себебі ол жөнінде ешқандай дерек қалдырылмаған. Дегенмен де, бұл жырдан оғыздардың екі қанатының бектері арасындағы қырғи-қабақтықты көріп, олардың іштей жауласып жүрген кезеңі екенін аңғарамыз. Және де «үш оқ», «боз оқ» жөнінде айтылып отыр, яғни бұл дерек бізді оғыздардың елінің «екі қанатқа» бөлінгендігінен хабардар етеді.

Және «Қаңлы-қожа баласы Төреәліге қалыңдық іздеп іш оғызды аралап көрді, қыз болмады. Тыс оғызға келді, қыз болмады» деген тәріздес оғыздардың өзара іштей екіге бөлінетінін әйгілейтін деректер берілген [15, с. 171].

Бұл эпос мазмұнындағы мәліметтерді жазба деректер де жоққа шығармайды. Керісінше екі дерек көзі бір-бірін толықтырып, мәселенің күңгірт тұстарын аша түседі. Бұл ретте айта кетер жайт, осындай фольклорлық деректер мен жазба дерек нұсқаларын салыстырып зерттеуден көретініміз, оғыздар тарихы ұлттық тарихымыздың бірден-бір сүбелі тұсы деп түйіндеуге болады.

Сонымен бірге, Оғыз ханның балалары мен немерелерінің атауларына жасалған лингвистикалық талдаулар да бүгінгі түркі халықтарының қатарынан саналатын, бірақ оның қатарына кірмейтін, бұл күндері ислам дінін емес, христиандық бағытты ұстанатын сахалар (якуттар), хакастар, хазарлар секілді халықтардың этногенетикалық қалыптасуында да айтарлықтай ықпалының болғанын көреміз.

Қорыта айтқанда, оғыз тайпаларының мыңдаған жылдар мен сандаған ғасырлар барысындағы дәстүрлі күрделі де қайшылықты даму барысында қазақ жерін мекен еткен ру-тайпалары мекендерінің тұрақты болмай ауысып отыруы сол кезеңге тән табиғи заңдылық, әрі мәжбүрліктен туындаған жағдай еді. Осының нәтижесінде территорияның о шеті мен бұ шетін мекен еткен рулар мен тайпалардың өзара этникалық араласуы жүзеге асып, оларды жақындастыра түсетін тілдік, антропологиялық ортақтық пайда болды.Мұны ортағасырлардағы оғыздар тарихына жасалған талдаулар айқындай түседі. Ал бұл жағдай келе-келе халықтардың этникалық біртұтастығын қамтамасыз етті. Сондай-ақ, қазақ жерін мекен еткен, кейін келе қазақ халқын құраған рулар мен тайпалардың тек өздеріне ғана тән ерекше белгілерін жан-жақты терең зерттеу этникалық тарихтың қатпарлы тұстарын ашып, тың әрі жаңа тұжырымдар

жасап, қорытындыға келуге мүмкіндік туғызады. Оларда кездесетін әрбір этноним, топоним, түрлі бөлініс атаулары өз кезегінде сол тайпалардың өмір сүрген тарихи жолы мен тарихи байланыстарын, этникалық үдерістер барысын да аша түседі.

Жалпы оғыздар тарихындағы этникалық өзгерістерді қарастырғанда біз жоғарыда әңгімелеген олардың «үш оқ» және «боз оқ» атты этноқұрылымдарға бірігу себептері аса маңызды болып табылады. Өйткені, біздің зерттеуіміз көрсеткендей бұл оғыз мемлекеттік бірлестігінің оң қанатын және сол қанатын құрайтын, яғни мемлекеттік маңызы бар бірлестіктер болып табылады. Егер оғыздар тарихы о бастан-ақ сандық өлшемдермен, яғни оның құрамындағы тайпалар санымен белгіленіп отырғанына назар аударатын болсақ (сегіз оғыз, үш оғыз, тоғыз оғыз) оғыздардың этникалық құрамында өзара жақын тілдік, тұрмыстық және антропологиялық тұрғыдан бірегей бірлестіктердің, яғни тайпалар мен рулардың бірігуі оғыздар бірлестігін нығайта түскенін көреміз. Осының нақты көрінісі біз жоғарыда айтқан Махмұд Қашқаридың, әл-Марвазидің және т.б. еңбектеріндегі оғыздар бірлестігінің сандық көрсеткіші болып табылады. Яғни оғыздар бірлестігі күшейген жылдары, мысалы, XI ғасырда олардың тайпалық бірлестігінің 22 бірлікпен өлшенгенін көреміз. Мұның өзі таза көшпелі халықтар бірлестігінің ынтымақтаса және біріге келе Сыр бойында Оғыздар қағанаты аталатын мықты мемлекет құруына ықпал етті. Ал «үш оғыз» және «боз оқ» бірлестіктері осы оғыздар елінің екі қанатының қалыптасқан құрылымын анықтап берді. Мұндай бірігу болашақ оғыз тілдес халықтардың жүйелі түрде қалыптасуына игі ықпалын тигізді.

1.3 Оғыздардың орналасу ареалы

Қазақ тарихы ертеден, яғни сақ, ғұн заманынан бастау алып, түркі кезеңінде ортағасырлық тарихына, яғни түркі халықтары мен қағанаттары тарихы кезеңіне жалғасты. Сол тарихтың ажырамас бөлігі көптеген этникалық құрылымдармен соның ішінде оғыздармен тікелей байланысты. Өйткені қаншама халықтың этникалық түзілісінде өз әсерін қалдырған оғыз тайпалары Ұлы дала территориясын өзінің мекені етіп, мықты мемлекетін де құрған еді.

Тарихтан белгілі оқиғалар ықпалынан, атап айтқанда Батыс Түрік және Түргеш қағандықтарының билігі әлсіреп, құрамындағы ру-тайпалардың өзара қырқысы мен билік үшін тартысы нәтижесінде құрылған Қарлұқ қағандығы билігінің орнығуына байланысты Батыс Жетісу территориясын жайлаған оғыздар ендігі кезекте Сырдариянның орта және төменгі ағысы алқабы мен Арал өңірін өздеріне қаратады. IX ғасырдың аяғында Арал өңірінің солтүстігіндегі саяси үстемдікке ие болған оғыз көсемдері хазарлармен одақтасып, печенегтерге қайта соққы береді де, нәтижесінде Еділ мен Жайық өзенінің аралығын иеленеді.

X ғасырда Оғыз мемлекетінің астанасына айналған Жаңакент қаласы (Янгикент немесе Жаңа Гузия) Еуропа мен Азияны жалғастырып жатқан маңызды керуен жолы торабында орналасты. Осы Жаңакент қаласы арқылы керуен жолдары қимақтар еліне, Хорезмге және Мауераннахрға өтіп отырды.

965 жылы Киев князі Святославпен саяси одақ жасасқан Оғыз басшысы хазарларды еңсере жеңіп, Хазар қағандығын талқандайды. Бұл қағандықтың құлауы Оғыз мемлекетінің саяси қуатының одан әрі өсуіне себепші болды. X ғасырдың аяғында оғыз жабғулары Киев князьдерімен біріге отырып, Еділ бұлғарларын күйрете жеңді. Дегенмен де, XI ғасырдағы Оғыз мемлекетінде орын алған ішкі саяси ахуалдың салдарынан әлсірегенін елдің оңтүстігіндегі селжұқтар тиімді пайдаланады. Селжұқтардың қолынан қаза тапқан оғыз билеушісі Шаһмәліктен кейін елде ішкі қақтығыстар орын алып, терістік шығыстан келген қыпшақ тайпаларының соққысынан кейін біржолата құлайды. Нәтижесінде бір бөлігі қыпшақтардың қыспағынан Кіші Азия, Шығыс Еуропаға бет түзесе, қалған екінші бір бөлігі Мауераннахрдағықарахандарға, хорасан селжұқтарына, қалғаны Дешті Қыпшақ тайпаларына араласып кетті. Ал Ұлы дала төсінде өмір сүріп қалған оғыз тайпалары кейінгі қазақ ру-тайпаларының этникалық қалыптасуындаайтарлықтай рөл атқарды.

Әбілғазы жазып қалдырғандай оғыздардың алғашқы қоныс мекенінің шығыс жақ шекарасы Ыстықкөл маңы мен Шу алқабындағы жерлер болған. Дәлме-дәл келтірер болсақ: «Оғыз елінің жұрттарының шығысы – Ысық көл және Алмалық, құбыласы – Сайрам, Қазығұрт тауы, Қаражық тауы, темірқазығы – Ұлықтау, Кішіктау – мыс кені еді, күнбатысы – Сыр суының аяғы, Иаңакент, Қарақұм. Осы айтылған жерлерде төрт мың, бес мың жыл отырды, қайсы ру көп болса, содан падишаһ көтерді» [181, с. 21].

Ал кейінірек қарлұқтардың Жетісудағы иелігінің күшеюімен оғыздар батысқа қарай жаппай қоныс аудара бастаған болатын. Хорасандық тарихшының біріне сілтеме жасай отырып, Махдидің тұсында оғыз тайпаларының Мауреннахрға қарай өткендігі де жазылған [182, с. 167]. Яғни, X ғасырдағы жазып қалдырылған деректік мәліметтерден оғыздардың басым бөлігі енді Жетісу алқабында емес, Арал теңізі маңында шоғырланғанын байқаймыз.

X ғасырда оғыз атауы қазіргі Солтүстік Түрікменстаннан бастап Оңтүстік-Батыс Қазақстан аумағына дейінгі жерлерде танылып, бұл аумақ «Ғұз даласы» (Муфазат әл-Огузия) аталғаны және белгілі. Сонымен, «Оғыз» атауының кеңінен таралғаны соншалық, ол енді Арал теңізі маңындағы көшпелі тайпалардың баршасының ортақ атауына айналады. Осылайша, Арал маңы мен Каспий теңізінің шығыс жағалауы аралығында қоныстанған тайпалар шығыс авторларының шығармаларында «оғыз» деген жалпы атауды иемденді.

Шығыстық деректердің тарихи мәліметтерінен оғыздар құрамындағы тайпалардың атауларын кездестіріп отырамыз, кейбірінің есімдері түркімендер қатарындағы ру-тайпалардың арасында, сондай-ақ Қазақстан аумағындағы жер-су атауларында осы уақыттарға дейін сақталып келді. Жетісудан Сыр бойына қарай ығысқан оғыз тайпалары тұрғылықты тайпалардың бір бөлігін белгілі дәрежеде өз құрамына қоса отырып, XI ғасырдың өзінде-ақ ұйысқан, біртұтас халық бола бастаған болатын.

Нарративті деректерге сүйене отырып, оғыздардың X ғасырдағы иемденген жер ауқымы мен көші-қон аймағының Ырғыз, Жайық, Жем, Ойыл,

Сағыз сияқты басқа да өзендер бойында болғанын және сол секілді Аралсор көлі мен Арал теңізі маңында, одан әрі шығысы Шу мен Іле, Талас Алатауына қарай ұзыннан-ұзақ аумақта шашырай орналасқанын байқаймыз. Бұл жерлерде олар қандай да бір қауіп-қатер бола қалған жағдайда пана ететін, аса үлкен емес, Дарку, Даранда сияқты бекініс қамалдарын салдырып қалдырған.

Сауран, Сығанақ, Жаңакент, Жент, Жуара секілді Маңғыстау жері де оғыздардың қалалық мәдениеті ошағының бірі болған. Оны Маңғыстауға қарайтын Шетпе деп аталатын мекеннен солтүстік-шығыс, солтүстік бағытқа қарай орналасқан Жезді, Қызқала сынды қалашықтары мен ортағасырлық Ашықтайпақ сынды бекініс қамалдары, сондай-ақ Байлама, Қарлыбас, Дағар, Кертті, Сығынды, Шөміштікөл-2 сияқты оғыз заманының бекініс ескерткіштері де байқатады. Хусейнидің баяндауынша, Маңғыстауда қыпшақтармен қатар, маңғышлақтық оғыздың басты тайпасының бірі йазғур – язырлар да қоныстанған [183, p. 61].

Жоғарыда айтылғандардан көретініміз, Оғыз мемлекетінің орнығып, бірнеше ғасырлар бойы бірегей мемлекет болып өмір сүрген, мекен еткен территориясы Сырдың орта және төменгі ағысы, Арал мен Каспий маңы өңірлері екендігі. Сыр бойының кейінгі Қазақ хандығы өзге мемлекеттерден қызғыштай қорыған оғыздар салып қалдырған қалаларға толы екеніне де көз жеткізіп отырмыз. Бұл да оғыздардың кейінгі қазақ халқымен тарихи территориялық байланысы үзілмегендігінен хабардар етеді. Яғни, Қазақстанның осы аумақтарында мекен етіп, әртүрлі оқиғаларға байланысты қоныстарынан кеткен тұстарда құрамындағы оғыз тайпаларының бір бөлігі кейіннен осы аймақты мекен етуші келесі өзге мемлекет құрамына енген тайпаларға сіңісіп, осында тұрақтап қалып қойған [184; 185].

Жоғарыда айтқанымыздай, Сырдарияның солтүстік бөлігін, Арал теңізі мен Каспий теңізі аралығындағы «Ғұз даласы» (араб тілінде Оғыз) деп танылған [186] аймақтағы қалалар (Аркөк, Аққорған, Баршынкент, Үзгент, Сығанақ, Сауран) бертін келе қазақ елінің XV-XVI ғасырлардағы саяси және экономикалық өмірінде маңызды орын иемденсе, Түркістан (Йассы) қаласы оңтүстік өңірде астаналық дәрежеге жетіп, бой көтерген еді. О бастан-ақ, Сығанақ, Құмқала сияқты қалалар сауда орталығы болып, жол торабында, яғни керуен жолдарының қиылысында орналасқандықтан, олар бертінге дейін өзінің бұрынғы маңызын еш жойған жоқ.

Оғыздар аймағы деректерін оқығанда айқындала түседі. X-XI ғасырлардағы оғыз тайпаларының орналасуы әл-Истахридің «Китаб Руджар» аталатын еңбегіндегі тарихи-географиялық мәліметтерде көрініс тапқан [182, с. 58]. Одан аңғаратынымыз Оғыз тайпасы Қазақстанның далалық аймағында Оңтүстікте Балқаш бойынан Еділдің төменгі жағына дейінгі жерлерде орналасқан. Ортағасырлардағы Қазақстанның батыс аймағында орналасқан тайпалардың көрші аймақтармен этникалық және рухани байланыстарын зерттей келе, тарихшы Е.М. Ужкенов оғыздардың орналасу, көшіп-қону аймақтарын нақты анықтауға болатындығына да баса назар аударады [187]. Автор «Китаб Руджар» дерегіне сүйене отырып: «Оғыз тайпалары Оңтүстік

Балқаштан Еділдің төменгі ағысына дейінгі Қазақстанның далалық аймақтарын мекен еткен. Оғыздардың көшіп-қонатын жерлері Ырғыз, Орал, Ембі, Аралсор жағалаулары еді. Оғыздар сондай-ақ, Орал маңында, Сырдария өзенінің алқабында, Қаратау етегінде, Шу, Талас, Іле өзеніндерінің бойында да орналасқан. Әрине, оғыздар көрсетілген ауқымды аймақтардың бәрінде де тұрғындардың басым бөлігін құрды деп айта алмаймыз», – деп аталмыш тайпалардың территориялық шектерін анықтайды [187, с. 33].

X ғасырда оғыз тайпасының бір тобы Шу өзені мен Талас Алатауын жағалап көшіп-қонып жүрді. Бұл аумақты қоныстанған тайпалар өздерінің ержүректілігімен және тәуелсіздігімен ерекшеленді. X ғасырда оғыздардың тайпалары, сондай-ақ Сырдарияның орта ағысы мен Сырдария Қаратауы етегінде қоныстанды. Оғыздардың Сырдарияның ортаңғы ағысында орналасқанын X ғасырдағы өзге де араб тілді деректер нақтылай түседі. Ибн Хаукалдың шығармасында оғыздардың Шаш өзенінің Сабран шекарасымен түйіскен жеріндегі далалы жерде өмір сүргені айтылады. Оғыздардың осы Сырдария аймағында орналасуы жөніндегі мәліметтер Истахри еңбегінің парсы тіліндегі нұсқасында кездеседі «Когда (река Чач) говорится в этом источнике, – проходит пределы Сабрана, то на этой реке (в местности) Даруйе находятся жилища гузов» [186, с. 36].

Оғыз көшпелілері Сырдарияның сол жақ жағалауына да барды. Бұл жөнінде жоғарыда аталған Истахри еңбегінде айтылады. Онда Сүткент қаласы көшпенді түрік-оғыздармен Мауераннахр аралығындағы шекаралық шеп болып саналады деп жазылады. X-XI ғасырларда Сүткент Фараб округі құрамына енеді. Оғыз тайпалар тобы Фараб пен Кенджид аралығындағы Сырдария аймағын мекен етті. Кенджид аймағы Арыс өзенінің орта ағысында орналасқан. Аймақтың басты қаласы Субакент болды [186, с. 39].

Қарастырылып отырған тарихи-географиялық материалдар оғыздарды Қаратау етегіндегі Бугуни, Шаян мен Арыстың Шымкентке дейінгі аудандарда орналасқанына көз жеткізуге мүмкіндік береді. Оғыздардың оңтүстіктегі көшіп-қону ареалы Шәуілдірден басталып, Алакөл Құмының шығысындағы аяқталар шегіне дейін қамтыды.

Оғыздардың екінші бір бөлігі X ғасырларда Келес даласы мен Ангрен, Шыршық аңғарында және Өгем қыраттарында өмір сүрді. Оғыздар мұнда қарлұқтармен және басқа да түркі тілді топтармен аралас мекендеді. Оғыз тайпалары тек Сырдария өзенінің орта ағысында ғана емес, сондай-ақ осы өзеннің төменгі ағысында да мекендеді. Мұнда олардың Жент, Жаңакент және Хора атты қалалары орналасты.

Сонымен қатар, көрсетілген мерзімде әл-Масудидің көрсеткеніндей Арал мен Каспий теңізі аралығындағы далалы жерде оғыз тайпаларының негізгі бөлігі көшіп-қонып жүрді [188]. Оғыз көшпелілері мен бекінген ставкалары Аралдан батысқа қарай созылып жатты. X ғасырдағы географиялық атластарда оғыздар Каспий теңізінің солтүстік және шығыс жағалауларына орналасқан.

Ежелгі карталарда Солтүстік Каспий теңізінде Сияхкух деп аталатын тау көрсетілген. «Худуд ал-аламда» Сияхкухте «оғыздардың түрік топтарының»

орналасқаны туралы айтылады. Сияхкух тауында орналасқан оғыз тайпалары Идриси картасында да көрініс табады. Зерттеушілердің бір бөлігі Сияхкухты Маңғыстау түбегінде деп көрсетеді. Истахри картасы бойынша және Ибн Руст куәлігі бойынша X ғасырда Сияхкух деп Маңғыстаудың тасты жартылай шөлейт жерлеріменқатар, Үстірттің тік жарлы құздары да аталады. X ғасырда оғыздардың батыс шептегі қоныстары мен қамалдары Оңтүстік Орал мен Төменгі Еділ бойына дейін жетті. Оғыздар Ырғыз бойында, Мұғалжар тауы етегінде, Ембі, Орал, Аралсор жағалауларында көшіп жүрді.

«Худуд ал-аламда» оғыздар Хазар теңізіне, солтүстікке қарай Еділге (Аттил) дейін орналасты. Онда: «Ғұздардың шығыс аймағы Ғұздар шөлімен және Мауреннахр қалаларымен, ал оңтүстігі тағы да сол тәрізді осы Ғұз шөлінің кейбір жерлерімен шектеседі. Екінші жағынан алып қарағанда бұл аймақта – Хазар теңізі, ал оңтүстік пен солтүстікте – Аттил өзені бар» [189, с. 37], – деген жолдар бар.

Сонымен, қыпшақтар қысымына төтеп бере алмаған оғыздардың біраз ру-тайпаларының Қазақстан территориясынан Шығыс Еуропа мен Кіші Азияға, келесі бір бөлігінің Мауераннахрдағы қарахандарға, Хорасан селжұқтарына, қалған бөлігінің Дешті Қыпшақ тайпаларына араласып қазіргі түркі халықтарының негізін қалағанын және түркі халықтарының негізгі Отаны – қазақ жерімен тікелей байланысты екенін көріп отырмыз [190, б. 156]. Міне, бұл көрсетіліп отырған айғақтардан біз оғыздар бірлестігінің қазақ тарихындағы орнын айшықтай аламыз.

Ортағасырлық «Худуд әл-алам мин әл-машриқ или-л-мағриб» мұрасынан оғыздардың орналасу аймағына қатысты, өздері тұрғызған қалалары мен қыстақ-мекендері туралы маңызды ақпараттарды кездестіреміз. Онда оғыздардың Сыр бойы мен Арал өңірін, Қарақұм мен Қызылқұмды мекен ететіндігі көрсетіледі. «Оның қолжазбасынан шежірешінің осы өңірді аралап шыққанын аңғаруға болады. Бірқатар географиялық нүктелердің арақашықтығын сөз ете отырып, ол: «Хорезм (Арал) теңізінің айналасындағы жердің бәріне гуздер (оғыздар) иелік етеді», – деп жазады. Сол сияқты қыпшақтардың, қимақтардың, шігілдердің, тухсилардың, қарлықтардың қоныстары жөнінде де нақтылы деректер келтіреді. «Худуд әл-алам мин әл-машриқ или-л-мағрибтен» соң арада бір ғасыр уақыт өткенде түркі халықтарына ортақ әлемдік алып тұлғалардың бірі Махмұд Қашқари 1072-1074 жылдары жазған даңқты «Диуани лұғат-ат-түрк» атты кітабында Қарнақ, Қаражұқ (Қарашық), Сабран (Сауран), Сұғнақ (Сығанақ) секілді мекендердің оғыз шаһарлары екенін айтады» [191, б. 135].

XI ғасырдың орта шенінде оғыздар қыпшақ тайпаларынан ойсырай жеңіліп, мемлекет ретінде өмір сүруін де тоқтатып, бүгінде әлемнің түкпір-түкпіріне жайыла, түркі әлемін құрай орналасқан түрлі халықтардың құрамына кіріп, сіңісіп кетеді. Дегенмен, артында өшпес із қалдырған оғыздар тарихы бүгінде өзектілігін сақтап қалып отыр.

Ортағасырлық түркі ақыны Жүсіп Баласағұнның бір ауыз өлеңінен талай сырды аңғаруға болатын шығар. Оның:

«Болған талай қалалар да, халық та,
Уақыт көмді бәрін жерлеп табытқа.
Болған талай ауылымыз, тайпамыз,
Енді соның ізін тауып байқаңыз» [192],

– дегені оғыздарға да қатысты. Талай-талай мемлекеттердің ордалары мен қоныстары, қалалары мен елді мекендерінің болғаны айқын көрінеді. Ақын бүгінгі халықтардың түп аталары өмір сүрген атамекеннен көптеген ру-тайпалардың мұраларын аршып алар болса, әрқайсысының тарихынан сыр ақтарар жәдігерліктер қалғанын, оны зерттейтін, құм басқан қалалардың орнын аршып, тарихты жаңартатын ұрпақтарына аманат қалдырып кеткендей. Сондай ірі-ірі қалалардың қатарында қазақ даласындағы ең мықты мемлекеттің астанасына айналып, тарихтан лайықты орын алатын ежелгі Сығанақ қаласын айта аламыз. Сығанақтың қазақтың алғашқы мемлекеті – Ақ Орданың да астанасы болғаны туралы мәселенің сыры әлі күнге дейін толық ашыла қойған жоқ [193, б. 103].

Сығанақ қаласы туралы ең алғашқы дерек авторы анықталмаған «Худуд әл-алам мин ал-Машрик ила-л-Магриб» («Шығыстан батысқа дейінгі әлем шекаралары») еңбегінде «Сунах» атымен белгілі болды [194, б. 90]. XI ғасырда өмір сүрген ғұлама ғалым, түркі тілінің маманы Махмұт Қашқари өзінің «Түркі тілінің сөздігі» еңбегінде Сығанақ қаласын оғыз қалаларының ішінде атап өткенін жоғарыда айттық. X ғасырда өмір сүрген араб географы әл-Макдиси Сығанақты Отырармен кіндігі бір егіз қала деп көрсеткен.

Сонымен, көріп отырғанымыздай, жалпы қазақ мемлекеттілігінің тарихында үлкен маңызға ие, өзіндік орны бар Сығанақ қаласы жайындағы мәліметтер, тарихи деректер жеткілікті. Бұл қаланың орналасқан аумағы қазіргі Қызылорда облысының Жаңақорған ауданындағы Төменарық стансасынан 8 шақырым жерде, Қаратау қыратының оңтүстік-батыс етегінде, Сырдария өзенінен 15 шақырым қашықтықтағы Белқор үстіртінде орналасқан, жалпы аумағы 20 гектардай жерді алып жатқан бес бұрышты төбе.

Сығанақ қаласын IX-XI ғасырларда оғыз тайпалары мекен етсе, XI-XII ғасырларда ол Қыпшақ мемлекетінің астанасы болған. XIII-XIV ғасырларда Ақ Орда хандығының астанасына айналып, XV ғасырда Қазақ хандығының астанасы ретінде қайта бой көтерген. Тарихи байланыс, тарихи сабақтастық деп осыны айтқан болар едік. Қазақ жерінде өмір сүрген ірі мемлекеттердің астанасы ретінде лайықты орын алған Сығанақ қаласының кейінгі ұрпаққа сыр қылып айтары көп-ақ [193, б. 104].

Қалай десек те қала өзінің пайда болуынан бастап ірі-ірі саяси оқиғаларды басынан өткергені анық. «Сығанақ халқы отырықшы болған. Онда сауда, қолөнер жақсы дамыған және үлкен әскери-стратегиялық мәнге ие болды. Қазақ хандығы үшін экономикалық, саяси-әкімшілік орталық, әскери тірек пункті ретінде ерекше маңызды болып саналды. Сығанақ халқы Сырдария бойындағы басқа қалалардың тұрғындары секілді суармалы егіншілікпен

айналысқан» [195, б. 7]. Ол жөнінде Ибн Рузбихан өзінің еңбегінде: «Егістік жерлерді суғаруға пайдаланылған арықтар Сейхуннан бастау алады», – деп көрсеткен.

Сыр өңірі ежелден-ақ адамзат баласының құтты мекені болғаны тарихтан жақсы таныс. Уақыт көші алға жылжыған сайын олар жайында құнды деректермен қауышып жатырмыз. Сырдария бойындағы ескі қала, күмбез, мұнаралар мен олардың қирап жатқан орындары Оғыз дәуірінен қалған белгілердің аса күрделісі де, құндысы болып саналады. Бұл тайпа VIII-XI ғасырларда Сыр өзені мен Торғай өлкесінің арасында көшіп-қонған іргелі ел болғандықтан да олар жайында дерек беретін тарихи жәдігерлер бұл аймақта жиі кездесіп отырады. Янгикент (Жанкент), Жент, Узгент (Өзгент), Баршынкент (Қызқала) шаһарлары аталмыш тайпаның осы өлкедегі ең атақты мекендері болып саналады.

Әбілғазының «Түрікмен шежіресінде» оғыз елінің Жаңакент қаласында бас қосып, қайы халқының арасынан Инал Яумды хан көтеріп, оған Қорқыт Атаны уәзір ететіні айтылады.

Ал енді оғыздардың астанасы Жаңакент, не болмаса Жанкент қаласы жайына келер болсақ, жазба деректерде ол алғаш рет араб тарихшысы Ибн-Рүстемнің еңбегінде аталады. Сондай-ақ, араб географы Ибн-Хаукал оғыздардың басты қаласы Жанкент болғанын, оны ирандықтар Нау-Керде, арабтар Эл-Хариат, сарматтар Дахи-Нау деп атағанын жазады. Бұл шаһар биікке орналасқан. Жанкент атауының өзі Янгикент – Жаңакент – Жанкент (Жаңа қала) деген мағынаны білдіреді. Оның тарихы ғасырлар қойнауында жатыр. Қаланың гүлдену дәуірі IX ғасырдың екінші жартысы мен XI ғасырдың алғашқы ширегіне сәйкес келеді.

Жалпы алғанда, тарихта кездесетін этнонимдердің әрбір елдің жер-су атауларымен байланысы халықтар арасындағы жақындықты аңғартатындай. Оны: «Ежелгі оғыз тайпаларының ең жақын мұрагерлерінің бірі болып есептелінетін әзербайжан елінде қазір «Нахичевань» деп аталатын қала бар. «Географический энциклопедический словарь» атты сөздіктен орыс тілінің ыңғайына қарай «Нахичевань» аталатын атаудың әзербайжан тіліндегі тұлғасы «Нахчыван» екендігін көреміз. Зер салып қарар болсақ, «Нахчыван» атауы мен «Шобанақ» топонимінің мағыналас сөздер екенін аңғару қиын емес: «Нах + чыван» = «Шобан + нақ». Топонимдерде ұшырасатын мұндай қызықты деректерді тасқа түскен түркі жазулары мен қазіргі жер-су атауларынан көптеп кездестіруге болады» [191, б. 140],– деген үзіндіден байқаймыз.

Ел тарихы ең алдымен адамдармен қатысты болса да, сол адамдармен бірге жасаған қалалар, шаһарлар, кенттер, кесенелер, қорғандар мен бейіттер, т.б. тарихы да ел тарихының бір бөлігін құрайтынын естен шығармаған дұрыс-ақ. Міне, осылармен бірлікте зерттеліп, жазылғанда ғана шын тарих өзінің шынайы келбетін аша түсері хақ. Қай кезде де тарихи орындарға ұқыппен қарап, өткен дәуірлерден жеткен көне мұра ретінде болашаққа аман жеткізу мәселесі өз өзектілігін жойған емес. Мұндай қалалардың қатарында Махмұт Қашқаримен [18] қатар сол тұстағы араб барлаушылары болған

саяхатшылардың жазба деректерінде кездесетін оғыздардың Жетісу жерінде орналасқан Екіөгіз, сондай-ақ, Сауран, Сүткент, Сығанақ, Қарнақ, Хора-Жуара, Жент, Дарқу сынды қалаларын да атап айтар едік. Одан да өзге Узгент (Өзгент), Баршынкент (Қызқала), Янгикент (Жаңакент) шаһарлары осы атырапта орналасқан оғыздардың атақты мекендері саналады.

Сырдария бойындағы ескі қала, күмбез, мұнаралар мен олардың қирап жатқан орындары Оғыз дәуірінен қалған белгілердің аса күрделісі де құндысы болып саналады. Бұл тайпа VIII-XI ғасырларда Сыр өзені мен Торғай өлкесінің арасында көшіп-қонған іргелі ел болғандықтан да олар жайында дерек беретін тарихи жәдігерлер бұл аймақта жиі табылады.

Ел аузында кездесетін аңыздармен бірге, көптеген түркі халықтарына танымал «Оғыз-наме», «Қорқыт Ата кітабы» секілді дастандарда да жер-су атауларына қатысты мәліметтер кездесіп отырады. «Қорқыт Ата кітабындағы» Бамсы Байрақ туралы жыр көп ғалымдардың анықтауынша, өзінің жыр құрылысымен, жазылған мотивтерімен, әртүрлі мегзеуімен, ерлік рухымен көптеген түркі халықтары арасында бүгінге дейін жырланатын атақты «Алпамыс батыр» жырымен бірдей. Қорқыт жырындағы Бану-Шешек (Бамсы Байрақтың жұбайы) қазақтар арасында ғана емес, сондай-ақ өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрттар арасында тараған Алпамыс батыр жырындағы батырдың жары Гүлбаршын деп қарастыруға жетелейді. Баршынның аты Әбілғазыда оғыздарға шешім айтқан қыздардың қатарында аталады: «Түрікмен тарихын білетін жақсылар, бақшылардың айтуынша жеті қыз барша оғыз елін аузына қаратып, көп жылдар бектік қылыпты.

Олардың біріншісі – Алтын Гөздекі, Сұндұн байдың қызы және Салор Қазан алыптың әйелі, бойы ұзын болып еді. Екіншісі – Қармыш байдың қызы, Мамыш бектің әйелі – Баршын Салор еді. Оның қабірі – Сыр суының жағасында еді, халыққа мәшһүр еді, өзбек оны Баршынның Көккешенесі дейді, кешене көрікті, жақсы күмбез еді» [5, с. 15]. Яғни, Қармыш байдың қызы, алып Мамыштың (Алпамыстың) әйелі Баршын сұлудың аты осы күнге дейін Сырдария бойында кездесетін жер атауларында сақталған. Ерте кезде жасап, кейін қирап қалған бір қаланың аты тарих бетінде «Баршынкент» атауымен қалды, ол Қызылорда қаласына жақын маңда орналасқан. Халық Баршын сұлуды «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» эпосындағы Баян сұлу сияқты аса қадірлі санағандықтан, Баршынкентті «Қызқала» деп те атаған.

Баршын сұлудың көркем кесенесі сол қаладан алыс емес, ол Сығанақ қаласынан төменірек, Сырдарияның оң жақ бетінде, биік белеңнің үстіне салынған. Әбілғазының түрікмен шежіресі бойынша, бұл кесенені оғыз-қыпшақ заманында (X-XI) Баршын сұлуға арнап салған, ел аузында – «Баршынның көк кешені» қазақша «Көккесене» деген атпен әйгілі [196, б. 551].

Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан Шәуілдір атты қала атауының шығуына қатысты аңыз-әңгімелер де халық арасында кеңінен таралған. Оның бір нұсқасы бойынша,Бұзық қаласында билік еткен Мұрындық ханның қала халқына кімде-кім су жеткізер болса, өзінің айдай сұлу Дүрия есімді қызын бермекші болған әрекетінен басталып, оқиға барысы әрі қарай келесідей

сарында өрбиді. Дүриядан үміткер қала халқының қатарында, бұл істі Мұрындықтың жылқышы Шәміл есімді жігіті ғана соңына жеткізе алады. Шәміл мен Дүрия бір-бірін ұнатқан жастар еді. Екеуінің арасын бөліп тұрған тек әлеуметтік теңсіздік-ті. Ханның жарлығы құлағына жетісімен Шәміл «Дүрияға қосылудың сәтті жолы осы» болар деген оймен бар ынтасын салып, нәтижесінде Бұзық қаласының тұрғындарына су жеткізеді. Бірақ соңында қала билеушісі өз сөзінен айнып, қызын бермеуге тырысады. Мұндай теке-тіреске қарамастан Шәміл қызды күшпен алып, орманды паналап кетеді. Олардың бірге өмір сүруіне барынша қарсылық танытқан хан-әке екеуін де өлтіруге бұйрық береді. Екі ғашықтың мекен еткен жерін халық «Шәміл мен Дүрияның ауылы» атап кеткен. Біршама уақыт өткеннен кейін бұл ауылдың аты қысқартылып «Шәмілдүр»,«Шәуілдір» деп аталып кеткен деген әңгіме бар [30, б. 269-270].

Осы Шәуілдір атауы туралы аңыздың екінші нұсқасы бойынша Отырарды билеген Қайыр ханның інісі әскербасы болады. Оның Дүр атты жалғыз қызы болады. Ай десе аузы, күн десе көзі бар Дүр Қайыр ханның баласы Шәмілмен құрдас еді. Шәміл де өз кезегінде ер тұлғалы, келісті жігіт еді. Туысқандығына қарамастан Қайырды жеңбекке бекінген жаулары оны айламен еңсермек болады. Қайыр хан аң аулауға кеткенде екі жасқа шарап ішкізіп, масайтып, ел арасына қауесет таратады. Екі жасқа өлім жазасы үкім етіледі. Қала халқы екіге жарылып, жазалаушы әскер қаруларымен халық ортасынан жарып өтуі тиіс жастарды өлтіруге бекінеді. Шәмілге қару жұмсалғанымен өлмейді, бірақ еш хабарсыз кетеді. Ал Дүрдің басы алынып, кейіннен денесі Арыстанбабқа жерленеді. Кейін келе бұл елді мекен «Шәміл-Дүр» деп Шәуілдірге айналып кетіпті делінеді [30, б. 271-272].

Көріп отырмыз, халықтың тарихи тұлға туралы аңызы санада жатталып, бүгінгі күнге жер, ел атауы болып жеткен.

Сондай-ақ оғыздардың Құмиян қаласының да тарих бетінен жойылуына, ел аузындағы аңыздарға қарағанда, ордалы жыландардың ойраны себеп болған деседі [30, б. 183]. Яғни қала тағдыры Жанкент қаласы сияқты жыландар тарапынан ойрандалумен аяқталған. Аталған аңыздардың астарында белгілі бір дәрежеде шындықтың жасырын жатқаны анық. XI ғасырдың орта шенінде қыпшақ тайпаларының Оғыз мемлекетін ойрандағаны тарихтан мағлұм. Қыпшақ тайпалар одағына қимақтар да кіретін еді. Қимақтардың тотемі жылан екенін жазбаша жәдігерліктердің көпшілігі-ақ айғақтайды. Зерттеушілер арасында егер қимақтарды жыланға теңесе, оғыздарды «Ақшылдар» ретінде қарастырады. Осыған байланысты армян тарихшысының: «Жылан халқы» деген анықтама даулырақ болып көрінеді. Оларды бәлкім Қайымен немесе Қитанмен байланыстырған табыстырақ болар», – деп жазғаны бар. Яғни, армян тарихшысы «Жыландардың» «Ақшылдарға» шабуылдап оларды талқандағаны туралы деректі Šārī/ Sārī жеріне лап қойған қайлардың миграциялық шебіне байланыстырады [197].

Қайылардың әскери туларында жыланның суреті салынған, таңбалары да ирелеңдеген жылан тәрізді болатын. Ал қимақтарға келсек, қазақ тарихшысы С.М. Ақынжановтың: «Қимақтар Ертіске көшіп келген келімсек халық, ал

олардың қимақ деген этнонимінің өзі кітапта ғана қолданылатын тек араб, парсы тілде информаторлардың айналымына белгілі этноним болып табылады. Олардың өздерінің аты тегінде кай болса керек. Өздерін қоршаған баяғыдан бері қазіргі Шығыс Қазақстанның аймағын мекендеген түркітілдес қыпшақ және имек тайпаларынан олар бәлкім ұран деген атауды алған болар. Өйткені, кай және ұран аударғанда жылан деген мағынаны аңғартады. Қимақтар - жылан, айдаһар халқы» [198, с. 146], – деп айтқаны белгілі. Марвази кундар өз жерін «жайылымдық жердің жетіспеуінен» тастап кетті десе де, мұның басты себебі мынада еді деп түсіндіреді Б.Е. Кумеков: «Оларды кай деп аталатын халық қудалап болмады. Олар бұлардан әлдеқайда көп және күштірек еді. Сондықтанда кундар сарылардың жеріне келіп қоныстанды, ал сарылар болса, түрікмендер жеріне кетті. Түрікмендер гуздардың шығыс жерлеріне барып қоныстанды, ал гуздар печенектер еліне кетті» [138, с. 551].

Зерттеуші Б.Қошым-Ноғай Әбілғазы баһадүр ханның «Түрікмен шежіресінде» «Қазығұрт» атауы этноним қатарында бірнеше рет аталып, бір рет топоним ретінде ұшырасатынын айтады [191, с. 44]. Ал шежірешінің өзі болса, оғыздар мекен еткен ел аумағының шекарасын: «Оғыз елінің жұрттарының күншығысы – Ысық көл және Алмалық, құбыласы – Сайрам, Қазығұрт тауы, Қаражық тауы, темірқазығы – Ұлықтау, Кішіктау – мыс кені еді, күнбатысы – Сыр суының аяғы, Йаңакент, Қарақұм. Осы айтылған жерлерде төрт мың, бес мың жыл отырды, қайсы ру көп болса, содан падишаһ көтерді»,– деп бейнелейді [5, с. 21]. «...біз бұл деректен Қазығұрттың Оғыз қағанатының оңтүстік-батысындағы шекарасында жатқан тау екенін көріп отырмыз. Демек, бұл тау «Оғыз тауы» аталуға тиіс еді. Біз бұл жерде бір кезде Оғыз қағанатының аумағында жатқан Қаратаудың тұйықталар тұсы күні бүгінге дейін «Өгізмүйіс» (Оғыз мүйісі) деп аталатынын да еске алып отырмыз. Әбілғазы баһадүрдің «Қаражық» деп атап отырған тауы кәдімгі Қаратау болуы да ғажап емес. Әрине, біз бұл топонимнің ру атына қатысты қойылғанын білеміз, оның үстіне Қаратаудан басталатын бір өзеннің аты әлі де «Қарашық» (Қаражық = Қаражұқ) деп аталады»,– деп түйіндейді Б.С. Қошым-Ноғай өз пікірін [191, б. 223].

Бүгінгі қазақ жерінің өткені тұнып тұрған тарих дейтін болсақ, бұрын оғыздар мекен еткен Сыр бойының тарихы оның бір бөлшегі болып саналады. Айтары мол қазақ тарихын тереңдете зерттеу бүгінгі күннің талабы. Бүгінгі уақыт – тарихына қарап елін танитын уақыт.

Қорыта келгенде айтарымыз, Алтайдың оңтүстігінен басталған оғыздар көші Жетісу жері арқылы IX ғасырға қарай Сырдарияның орта және төменгі ағысы алқабында, яғни Арал өңірінде өздерінің жаңа мемлекетін құрып нығайтты. Астанасы Жаңакент қаласы болған бұл мемлекет дүниежүзі тарихына белгілі. Алайда, оғыздардың осы алғашқы қонысынан кейінгі қонысына дейінгі миграциялық үдерістері әлі күнге дейін тарихымызда жеткілікті зерттелмеген. Бірақ бұл мәселеге қатысты тарихи деректер баршылық. Осыны ескере отырып, жоғарыда біз IX-XI ғасырлардағы оғыз мемлекетінің мекендеу аймағын нақтырақ анықтай түсуге алғашқы қадамдар

жасадық. Егер бірқатар халықтардың қалыптасуына негіз болған оғыздар бірлестігінің осы Сыр бойындағы мемлекеттен бастау алатынын ескерер болсақ, бұл мәселенің тарих ғылымы үшін маңызы зор деп ойлаймыз.

2 ОРТАЛЫҚ ЖӘНЕ КІШІ АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ОҒЫЗ КОМПОНЕНТІНІҢ ОРНЫ

2.1 Енесай қырғыздарының этникалық құрамындағы оғыздар

Зерттеушілер Тянь-Шань мен Саян-Алтайды мекен еткен халықтардың ру-тайпалары құрамына қатысты өткеннен қалған әртүрлі дерек көздерінде сақталған материалдарды халық тарихының әр қырын ашуға, этникалық тарихтың негізгі кезеңдерінен де мәліметтер табуға, соның негізінде тарихтың ақтаңдақ тұстарын толықтыру мақсатында пайдалануға тырысуда. Бұл айтылғандар оғыз тарихымен байланысы бар Енесай қырғыздарына да қатысты. Енесай қырғыздарының ортағасырлар мәдениетіндегі бай әрі бірегей жетістіктері бүгінгі таңда көптеген елдер мен халықтардың көңілін өзіне аудартып отыр. Қырғыз тарихындағы қиын да күрделі, шиеленісті, даулы мәселелерінің бірі қырғыз этногенезіне қатысты. Себебі кең хронологиялық шеңберді қамтитын ежелгі және ортағасырлардағы қырғыздар туралы мәліметтер бірде алдыңғы қатарға шықса, бірде деректер беттерінен мүлдем көрінбейді. Кейде бұл жазба мәліметтері дәстүрлі қалыптасқан ел тарихының айшықты да анық емес кезеңдерімен байланысты болып келеді. Өткен ғасырлар қырғыз халқының тарихи жолында өзіндік мәдениет, бүкіл Орталық Азияға таралған қорғандар, тұрақтар, петроглифтер, таңбалар секілді қазыналы ескерткіштерді қалдырды. Бұл қолдағы деректер бүгінгі таңда қырғыз тарихындағы шешілмеген шиеленісті тұстарға өз жауабын табуда көмек берері сөзсіз. Халық тарихы тереңдей түскен сайын оны зерттеуге, білуге деген құштарлық та ұлғаймаса, жоғалмайды.

Өз кезегінде С.В. Вахрушин «Енесай қырғыздары тарихының қараңғы да түсініксіз жақтары көп» екенін айтқан болатын. Сондықтанда қандай да болсын фактіні бөлшектеп, жеке-жеке қарастырғаннан гөрі, фактілерді мәселе төңірегінде тұтастай бір-бірімен сабақтастыра зерделер болсақ, ол бізге, әрине, дәлелді негіздеуге көмектеседі.

Қырғыздардың шығу тегіне қатысты түрлі көзқарастарды кездестіруге болады. Ертедегі қырғыздардың тарихы әдеттегідей, ғұндармен, динлиндермен, сақтармен және үйсіндермен тығыз байланысты. Ал, VI-X ғасырларында Шығыс Тянь-Шань, Ертіс өңірі, Саян, Алтай аймақтарында жайлаған түркітілдестер арасында қалыптасады.

Қырғыз халқының ертедегі этникалық тарихы ғұндар, сақтар, динлиндер мен үйсіндер тәрізді ежелгі тайпалық одақтардың тарихымен сабақтасады. Кейін келе, яғни б.з. VI-X ғасырларда Ертіс өңірі, Саян-Алтай, Шығыс Тянь-Шань аймақтарын тұрақ еткен түркі тілдестер тайпалардан қырғыздардың этникалық негізі қалыптасады. «Хакас жері ертеден түркілердің мекен еткен жері. Сол кездегі қырғыздардың Енисейдегі бөлігі қытай деректемелерінде б.з.б. 201 жылды, яғни ғұндардың өмір сүрген еске түсіреді. Қырғыз сөзі ежелгі қытай жазбасында гяньгунь делінсе, VII ғасырдағы қырғыздарды қытай транскрипциясы хягас деп жазады. Ол сөз 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін хакас деген атқа ие болды. Орхон жазбаларында кездесетін барлық халық

атауларының арасынан өте ертедегі қытай деректерінде қырғыз атауы ғана кездеседі. Сондай-ақ, сол уақытта біздің заманымызға дейінгі және хундар дәуірі туралы әңгімелерде де қырғыздар аталады.«Тань мұрагерлерінің тарихы»атты қытай дерегінде сол кезден-ақ қырғыздардың өз тілінде (қырғызша) сөйлейтіндігі айтылған, мысалы, «аі» («ай») сөзі» [135, б. 171].

Ертедегі қырғыздар жайындағы алғашқы мәліметтерді қытайдың «Тарихи жазбаларынан (Шы цзи)» да көре аламыз. Онда: «Содан соң солтүстіктегі хнүйі, Шүйш, диңлиң, гыкүнь және Шинли елдері (Модэге) бағынды» // – деп жазылған. Осында аталған «гыкүнь» – қырғыздардың арғытегі – этногенезі екендігін әлем тарихшылары бірауыздан мойындаған.

Бұл мәселені зерттей келе белгілі тарихшы Н.Мұхаметқанұлы былайша талдайды: «Бірінші, «Тарихи жазбаларда» қырғыздарды «Гыкүнь – Гэгунь» - деп атаса, «Ханьнамада» «Жянкүнь»– деп жазған. Бұның бірінші иероглифі ұқсамағанымен, оның мағынасында айырмашлық жоқ. Бәрі де қырғыз деген жергілікті халықтың өз этнонимінің қытай тіліндегі транскрипциялануы; екінші, жянкүньдер – қырғыздар бір мезет хұн империясының билігінен қол үзгенімен, көп ұзамай Жыжы тәңіркұт оларды өзіне қайта бағындырған. Сонымен, қырғыздар солтүстік хұндардың басқаруында болған; үшінші, қырғыздардың географиялық орналасуы, яғни өсіп-өнген жері Енесай өзенінің шығыс аңғары болған. Бұл жөнінде б.з. III ғасырында жазылған қытайдың «Вэйнама – Вэй шу»деген жылнамасында: Жянкұндерден «шығыстағы хұн тәңіркұтының ордасы тұрған Аншишүйге дейін 7 мың ли, оңтүстігінен Шышыдағы (Чешы) алты елге дейін 5 мың ли, батысынан Қаңлы шетіне дейін 3 мың ли, қаңлы патшасы тұрған жерге дейін 8 мың ли» // – деп жазылған. Мұнда айтылған қашықтық сандары дәл болмауы мүмкін, бірақ қырғыздардың алғашқы атамекені Енесай өңірі болғандығы анық жазылған. Осындай деректерге сүйенген қытай тарихшылары қырғыздардың алғашқы өсіп-өнген өңірі – Енесей өзені аңғары деп қорытынды жасаған» [199].

Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты шежірелік еңбегінде оларға: «...Қырғыздар Ғайса пайғамдардан бұрынғы 300 жылда Таннуола менен Алатау арасында жүрген. Шыңғысхан тұсында қырғыз ханы – Арыс Айнал деген еді. Айнал деп ханын атаушы еді, аты Арыс еді. ....Әбілғазы хан сөзінше, қырғыз Оғузханның бір немересі еді, қырғыз соның нәсілі дейді. Осы күнде қырғыздың көбі ескі орны Алатаудың күнбатыс тұмсығына жақын Сынтас асуынан Памирдің таулы жотасында. Олар оң-сол деп екі бөлек. Рулары: бұғұ, сарбағыс, солты, шерік, бағыш, саяқ. Бұл алтауы Оңның Сағай дегеннің нәсілі және Адгене дегенінен адгене, мұңғыш, ішікілік; мұның соңғы екеуі біздің қыпшақ, арғын, найманнан қырғыз болғандар. Бергі заманда қазақ атанғаны болмаса, біздің қазақ та қырғыз нәсілінен» [21, б. 36], – деп түсініктеме беріп өтеді.

Осы айтылғандардың өзі-ақ қырғыз тарихының аса күрделі екендігін дәлелдей түседі. Оның тарихын Оғызханмен байланыстыру бұл мәселенің біздің зерттеу тақырыбымызға жақындығын байқатады.

Жалпы этногенез мәселесін қарастырғанда олардың алып жатқан мекендері де, арттарында қалдырған материалдық мәдениеті де айтарлықтай ерекше рөл атқарады. Себебі жазба ескерткіштердің көптігіне қарамастан қай халықтың болса да этногенетикалық үдерістерін қарастырғанда, талдағанда осы жазба деректермен ғана шектеліп қалуға болмайды. Этникалық үдерістер жөніндегі мәліметтер ортағасырлық авторлардың жазба деректерінде атүсті жазылған, мазмұндау түріндегі жолшыбай мәліметтер, сондай-ақ субъективті факторлардың әсері де сезіледі. Сонымен бірге қандай да бір халықтың этногенез мәселесін қарастырғанда тілдің пайда болу және дамуымен тығыз байланысты глотогенез үдерісімен сәйкес келетін лингвистикалық мәліметтердің де берері мол. Себебі этнонимді зерттеу түрлі мақсаттарды көздейді. Мысалы, этнограф бірінші кезекте халықтың шығу тегін (этногенез) анықтауға ұмтылса, лингвистер халық тарихымен тығыз байланысты тілдердің қандай да бір тобының шығуына назар аударады [200, с. 18].

Қырғыздардың орналасуы, территориялық бөлігі, ежелден қай жерді мекен еткендігі жөнінде де бір тоқтамға келген шешім жоқ. Ол жөнінде ғалымдар арасында жүрген бірнеше тұжырымдарды атап өтуге болады. Бірінші, А.Н. Бернштамның қырғыздардың Тянь-Шаньға көшіп келуі 1300-1400 жылға созылып, көп кезеңді бастан кешірген деген ойы. Бұл гипотезаны күні бүгінге дейін ұстанушылар бар. Олар ең кем дегенде, қырғыздар моңғолдар жаулап алушылығына дейінгі кезеңде Тянь-Шаньның аборигендері болған деп есептейді. Екінші бағыт А.Н. Бернштамның гипотезасына өте жақын, бұл бағыт қырғыздар ежелден бері Тянь-Шань және Памир-Алтай баурайында өмір сүрген деп есептейтіндер. XIX ғасырда Н.Я. Бичурин, Ш.Ш. Уәлиханов, Н.А. Аристов секілді ғалымдар осы көзқарасты ұстанған. Бұл мәселе төңірегінде Ш.Ш. Уәлиханов тарапынан айтылған бірқатар ой-пікірлерге көз жүгірткен А.Х. Марғұлан: «IX-X ғасырларда қырғыздардың саяси бірлігінің орталығы Үрімші шаһарының аймағында және Тұрфанның солтүстік тарапында орналасқан деген қорытынды жасайды. Осы жерден қырғыздар әртүрлі тараптарға көшіп жүрген. Тянь-Шаньға қарай қоныс аударғандардың кейбір күшті бөлігі қазіргі территорияда қалып, осы жерде пайда болған елге қырғыз деген ат берілген» [196, б. 12-13], – дейді.

Әл-Истахридің «Китаб масалик ал-мамалик» деп аталатын еңбегінде қырғыздардың шекарасы: «Хырхыздарға келетұғын болсақ, олар тоғызоғыздардың, қимақтардың жерлері, теңіз және халаждардың жеріменшектескен аймақты мекендейді» [3, б. 17], –деп беріледі.

Сонымен қатар, қай халық болса да өзінің ежелгі кезеңіне қатысты жазба мәліметтердің жеткіліксіздігінен ертегілер,шежірелік жырлар, аңыз-әңгімелер тәрізді адамзаттың ертедегі тарихы сақталған ауызша дерек түрлерін пайдаланып, сол кезеңнің сипатын ашуға тырысады. Біз де зерттеу жұмысы барысында ертедегі қырғыздардың этникалық тарихын қарастыруда ауызша дерек үлгілерінен іздестіріп көруді жөн көрдік. Шежірелік деректерден Оғыз ханның Күн хан, Ай хан, Жұлдыз хан, Көк хан, Тау хан, Теңіз хан атты алты ұлының болғандығын білеміз. Алғашқы үшеуі – «боз оқ» деп, ал қалған үшеуі –

«үш оқ» деп бөлініп, Оғыз қағанатының екі қанатына айналады. Хиуа ханы Әбілғазының «Түрікмен шежіресінде» аталған алты ұлының әрқайсысынан төрт ұлды болып, Оғыз 24 немерелі болады делінеді [16, б. 13-30].

Әбілғазының аталмыш еңбегінде Көк хан «көп жыл падишаһлық қылды» дейтін сөз тіркестері кездеседі. Мұнда ауызға алынып отырған Көк хан, зерттеулер нәтижесі көрсетіп отырғандай, ерлері Тәңіріден өзгеге бас имеген айбарлы Көктүрк қағанаты дәуірін бейнелейтіні бұл күндері баршаға да түсінікті болып қалды. Осы ретпен келгенде Оғыз ханның бесінші ұлы Тау хан көне хакас мемлекеті болуы мүмкін деген болжамдар да айтылуда. Л.Р.Кызласов «Древняя и средневековая история Южной Сибири» атты еңбегінде: «Ежелгі Хакас мемлекеті деректердің хабарлауынша,VI ғасырға қарай «олардың (қырғыздардың) тайпасы динлиндермен араласқан соң қалыптасты». Алғашқы кезде әлеуметтік ерекшеліктер этникалықпен сәйкес келіп отырды. Түркітілді қырғыздар билеуші аристократиялық топ болып саналды. Оларға самодейлік, угорлық және кетотілді этникалық топтар бағынды. Біртіндеп мемлекеттегі халықтың түркітілді ядросында өздерінің туыстығын және бір екендігін түсіну айтарлықтай өрістеді. Ассимиляция үдерісі барысында. Жазба деректерде тіркелген «хакас» атауы VI-XII ғасырларда Саян-Алтай қыратына топтасқан ортағасырлық халықтардың жалпы атауы. Деректер ежелгі хакастарды негізінен еуропоидтер ретінде сипаттайды. Олардың терісі ақшыл, шашы сарғыш және көздері көгілдір болып келді. Бірақ шашы қара «жасыл көзді адамдар да бар болатын»», – деп жазады [201, с. 43-44].

Көріп отырғанымыздай Оғыздан тараған ұлдардың атауын түркі этнонимдері деп, не болмаса түркі халықтары құрған қағанаттар болуы мүмкін деген болжам жасауға алып келеді.

Ал енді жазбаша жеткен тарихи ескерткіштерде хягас, хякас, киликидзи, кэргэ, хагас, ха-кадзы, ха-кацзы, хэ-куцзы, хекос, киликизцы, хакас, т.с.с. этнонимдердің дұрыс атауы «қырғыз» екені бүгінгі күні белгілі [191, б. 249]. Р.А. Агеева өз еңбегінде: «Ортағасырлық шығыс жазба ескерткіштерінде, сондай-ақ XVII ғасырдағы орыс құжаттарында Хакас-Мунисин ойпатының халқы қырғыздар деп аталады. Хыргыс халқы хакастардың тарихи фольклорында да көрініс береді. Онда бұл халық орта Енисей аңғарының байырғы халқы деп саналады. Хакастар қазіргі күндері де ортағасырлық қабірлерді қырғыздардың моласы деп атайды. ...Өткен ғасырдың өзінде де көршілері алтайлықтар, тувалықтар, коттылар және камасиндар хакастарды және Хакасия Хоорайды осылай атап келген болатын. Оның үстіне хакастардың фольклоры хоорай халқының шығу тегін ерте ортағасырлардағы енисей қырғыздарымен тікелей байланыстырады» [200, с. 18],– деп мәлімдеме жасайды.

«Қырғыз» этнонимінің төркіні жөнінде Ш.Ш. Уәлиханов, В.В. Бартольд, К.И. Петров, Н.А. Баскаков, А.Н. Кононов, Д. Айтмуратов, М. Ремзи, Н. Асим, А.Байтур секілді көптеген ғалымдардың зерттеулері мен болжамдары белгілі. «Шежіреге қарағанда қырғыздар қырық тайпа елден тұрған. Сондықтан оларды

«қырық рулы ел» деп атайды, – деп жазады Д. Жүнісов. Академик А.Н. Кононов қырғыз этникалық термині қырық сөзіне көне түркі тіліндегі ру, тайпа деген ұғым беретін оғ (оқ) сөзі мен көптік мағынаға ие – у/з» жалғауының бірігуі арқылы жасалған. Сонда қырғыз атауының қалыптасуын былайша көрсетуге болады: Қырық – оғ (оқ) – уз, яғни қырықоғуз, қырқыз, қырғыз [202, б. 39].

Татар ғалымы Мухаммет Мурат Рамзи: «Қырғыздар тегінде Оғыз хан ұрпақтары болған түрік тайпаларының ішіндегі ең ірі бір тайпасы, не болмаса олар Оғыз ханға жақын жүрген адамдардың не оның әскер басшыларынан таралған болса керек. Қырғыздардың атауы болып келген «гыз» деген сөз «оғыз» сөзінің бұзылып айтылған түрі болса керек... Түрік тілінің сөздік мағынасында жайлауларды «қыр» деп атайтынын ескерсек, демек, қырғыз деген сөз «қырда жасаған оғыздар (қыр-оғыздары, қыр-ғыздар) деген сөз болса керек» [203], – деп жазған еді.

Сагымбай Орозбак ұлынан жазып алынған «Манас» жырының бір нұсқасынан:

«Кырк уруу кыргыз элек,
Кырда мал багып,
Кылган ишибиз агып,
Кыйлага ырыс элек.
Тогуз уруу кыргыз калдык.
Көкөтөйдун ашы деп,
Тополоңду жаман салдык.
Катарында казак болду,
Калгандарга аш деген азап болду,
Узуз уулу Манаска мазак болду...» [204, б. 8], – деген жолдарды кездестіреміз.

Көріп отырғанымыздай жырда қырық рудың болғандығы, содан тоғыз рудың қалғаны, және сондай-ақ, Манастың оғыз екені де айтылып отыр. Бұл жырдың көнелігін ескерер болсақ, алынған дерек құнды.

IX ғасырдың ортасы қырғыздар үшін Ұйғыр қағанының ордасын талқандап, Орталық Азияға өз үстемдігін орната алған мезгіл. Ал В.В. Бартольд қырғыздар тарихының бұл кезеңін Қырғыз Ұлы державасы дәуірі деп атағаны белгілі. Сондай-ақ, бірқатар зерттеушілер осы аталмыш Қырғыз Ұлы державасы дәуірін қырғыздың «Манас» эпосының дүниеге келуімен сәйкестендіреді. Мысалы, олардың қатарында С.Г. Кляшторный сол кезеңнің оқиғаларын, оның ішінде Алп Сол Тепек генерал басшылығындағы әскери экспедицияның Шығыс Түркістандағы ұйғырларға бастап баратын тұсын «Манас» эпосының жазылуы кезеңімен байланыстырады [205, с. 147-153].

Бұл мәселе төңірегінде Асылбек Эшиев өзінің «Манастың ұлы Қырғыз мемлекеті: рухани дүниесі, идеологиясы, геосаясаты, мәдениеті» атты еңбегінде: «...Демек, Манастың дәуірінде қырық ру қырғыздың ішіндегі

автономды рулардың да егемендікке ұмтылу үдерісі өршіп отырған. Эпос бойынша отыз бір ру әр кездеегемендікке ие болып,қырық ру қырғыз федерациясынан бөлініп шығып кеткен екен. ...Бірақ бұл этнонимдік атаудың бастауында Оғыз деген эпикалық-тарихи эпоним тұрады. Қырғыз этнонимінде де оғыз деген сөз бар. Иә, қырық оғыз. Айырмасы қырғызда қырық оғыз болса, мұнда тоғыз оғыз болып отыр. Манастыңуақытында (IX-X ғғ.) да тоғыз ру қалған болып тұр. Бәлкім, сол «тоғыз оғыз» Манастың сол тоғыз рулы қырғызы болып жүрмесін!» – дейді [206, б. 13].

«Манас» жырында кездесетін оғыз-түрікмен тайпалары құрамы мен этнонимдеріне тыңғылықты талдаулар жасалынса,олардың түркітілдес халықтарға ортақ тұстарын анықтауға болады. Сондай-ақ, қарақалпақ, өзбек, түрікмен, қырғыз және қазақ секілді түркі халықтарының ауыз әдебиеті үлгілеріне салыстырмалы-тарихи негізде талдаулар жасау нәтижесінде бұл халықтардың этногенетикалық түбі, негізі бір екеніне көзіміз жетеді [207, б. 551]. Оған мысал, «Манас» жыры мен «Оғыз-намеде» кездесетін ру-тайпа атауларындай айырмашылық жоқ [208, с. 162]. Міне, осындай жағдайларды ескере отырып, қырғыздардың оғыз тайпаларымен этникалық байланысы жөнінде және Қырғыздың бабасы Оғыз болғандығы туралы ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетінін Жengиз Буяр өз еңбегінде талдап көрсеткен еді [209]. Сондай-ақ, осы «Манас» жырының Енисей қырғыздарына қандай да бір қатысы барлығы жөнінде белгілі тарихшы Н. Мұхаметқанұлы «Енисейден ауып келген қырғыздар Қазақстан Алтайында Манас батыр эпосының алғашқы нұсқасын туғызған деп айтуымызға деректі дәлел аңыздар бар» [210], – дейді.

Махмұт Қашқари өз еңбегінде этнолингвистикалық мәліметтерді жаза отырып, қырғыздарды түрікмен-оғыз, чігіл, яғма тәрізді тайпалардың қатарында атап өтеді [18].

Әбілғазы еңбегінің «Оғыз ханның ұлдары, немерелерінің аттары туралы» деп аталатын арнайы бөлімінде Оғыз ханның ұлдары мен немерелерінің аттарынан кейін күннен туған алты ұлынан өрбіген өзге немерелерін де атап өтеді. Міне, осылардың қатарында Қырғыз деген атты да кездестіреміз. Автор өз кезегінде «қайсысы Оғыздың қай ұлынан екені белгісіз» екендігін де көрсетеді [16].

Ал Құрбанғали Халид «Тауарих Хамса» аталатын еңбегінің «Қырғыз баянында» «Қырғыз – Мансұр Халлаж әулеті» деген аңыз бар екенін, бірақ ондағы кездесетін ақпарлардың жалған екенін дәлелдеуге тырысады. «Хусайын-ибн-Мансур Халлаж лақабымен аты шыққан әулие адам уақиғалары жайында тарихи кітаптар да бар. Оны алдымен дарға асып, содан денесін күйдіріп, күлін желге ұшырған. Жел күлді өзенге түсіріп, көбігі ағып, су бетіндегі бір бауға сіңген. Бұл бау бір ханшаның бауы болып, қырық кәнизак және қызметші қыздармен сонда тұратын. Бұлардың бірі су бетіндегі көбікті көріп жалап көрген, дәмі татымды болып көрінеді. Содан басқалары да татып көріп, барлығының аяғы ауыр болып қалған. Хан бұл жағдайды біліп сұрастырса, бәрінің сөзі осы, не айтарын білмей ақырында шаһардан шығартып жіберген. Бұлар тауға кетіп, өз беттерінше күн көріп, өсіп-өніп көбейеді, содан

қырғыз атанған. Біреулер қырық қызына нанып, көбігіне нанбайды. Хан бұл жағдайды білген соң тексеріп, араларында бір қызыл ит бар екен, содан келген пәле болар деген. Осыдан «қырғыз қызыл иттен пайда болды» дейтін жалған қағидалар бар. Мұның негізгі себебі Ферғанада хандықтың жиі ауысуынан болған. Билік қырғыздарға өткенде екіжүзділер олардың сеніміне кіру үшін өз ата-аналарын бір әулиеге не болмаса пайғамбарлардың біріне тірейді. Ондағы мақсаттары билерге, хандарға жақын болуды ойлайды. Кейін келе бұл жалған ақпарлар кітаптарға да жазылады» [211, с. 67-68], – дей келе қырғыздардың шыққан тегі ежелгі түркілерден бастау алатынын атап көрсетеді, «Мират-әл-кайнат» – қырғыздарды Яфас әулетінен түркілердің атақты бөлігі деп – Қырғыз деп жазған. «Шажрайы түркте» Оғуз ханның қырғыз атты бір немересі бар еді,ол осы әулеттен тараған еді дейді. «Укянуста» қырғыздар түркі халықтарының бірі және Ғазна қаласынан үй соқтырған адам аты ретінде көрсетіледі. Демек, қырғыз Мансур Халлаждан бұрын-ақ бар екені және танымал қауым екеніне талас жоқ. Бұлардың ең тарихи шындыққа келетіні «Шажрайы түрктегі» Оғуз ханның немересі деген анықтама Оғуз хан татар-моңғол тарихында да келтірілген» [211, с. 68].

Жазба деректерде де, сондай-ақ қырғыздардың ауыз әдебиеті үлгісі саналатын «Манас» жырында да қырғыздардың мекен еткен жері жөніндегі мәліметтер ұқсас-ақ. Онда қырғыздардың алғашқы мекені Шығыс Түркістан аумағы болғаны айтылады. «Манас» жырында Манастың қырғыздарды Алтайдан Алатауға көшіріп, бұл жағдайды «атадан қалған жерді иелену үшін осылай еткендігімен» байланыстыра көрсетеді.

Енді бұл мәліметтерді бүгінгі таңдағы ДНК генеалогияға жасалынған талдаулар мен зерттеулерге байланыстыра отырып қарастырар болсақ, ата-бабалардың мыңдаған жылдар бұрын кім болғандығын және қай жерлерді мекендегендерін анықтауда, ғылыми нақтылауда фольклорлық мәліметтердің бұл арадан алшақ кетпегендігін байқаймыз.

2007 жылы Қырғыз Республикасы Халықаралық университетінің президенті Асылбек Айдаралиевтің бастамасымен осында Соренсон молекулярлық-генеалогиялық қорының арнайы мамандары келген болатын. Олар Қырғызстанның түрлі аудандарында орналасқан қырғыздардың ДНК материалдарын алып, зерттеулер жүргізіп нәтижесін жариялаған-ды. Міне, осы зерттеуге қатысқан 45 қырғыздың ішіндегі 35-і Қырғызстаннан, 7-еуі Моңғолиядан, ал 2-еуі Қытайдағы қырғыз ұлтынан еді. Зерттеудегі басты мақсат қырғыздардың рулық жақындығы мен бабаларының шамамен жас өлшемін табу болатын. Зерттеушілер өз кезегінде тек R1a1a гаплотипіне жататын қырғыздарды ғана таңдап алғанын айту қажет. Зерттеулер нәтижесі бүгінгі қырғыздардың қырғыз шежіресіне сәйкес баяндалатын оң және сол қанат болып бөлінген екі тармаққа ие екенін, және бабалары шамамен, 1300-1400 жыл бұрын өмір сүргендігін көрсетіп отыр. Яғни, Тянь-Шань қырғыздарының ортақ бабасы шамамен, 7-8 ғасырларда өмір сүрген [212].

Кез келген халықтың материалдық мәліметтері этникалық белгілерді өзінде сақтайды, себебі ол белгілі бір этностың қоршаған ортаға бейімделу


тәсілі болып табылады [132]. Оның үстіне археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған материалдық мәдени ескерткіштерінде кездесетін қандай да бір белгілерден осында мекендеген ру-тайпалардың тек өздеріне ғана тән ерекшеліктерінен, яғни таңбалары мен ұрандары жайынан хабарлар ала аламыз. Ал бұл мәліметтер көрші болмаса шеткері орналасқан туысқан ру-тайпалардың белгілерімен салыстыру көптеген туысқандық белгіні, этногенетикалық жақындықты көруге алып келеді.

Печенектер мен қырғыз рулары арасындағы этникалық ұқсастықтарды қарастырған автор оғыз-түрікмен шежірелерінде Печенектің Көк ханның екінші ұлы екенін және ол сол қанатқа кіргенін айта келіп, қырғыздардың да екі қанатқа – оң қанат және сол қанат деп бөлінгенін алға тартады. Қырғыздардың сол қанатына: Саруу, Кушчу, Кытай, Мундуз, Басыз, Тебей, Жетиген рулары кіреді. Осында көрсетілген Саруу руы (құрамына кіргендердің) мен печенектердің таңбаларына талдаулар жасайды.

Мысалы, археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілген печенектердің Саркел қаласынан табылған заттай деректердің бізге берер мәліметтерінен мұндағы өмір сүрген тұрғындар мен қырғыздардың арасындағы жақын байланыстың барын аңғара аламыз. Төмендегі көрсетілген суреттен Саркелден табылған ыдыс-аяқтарда бейнеленген бейнелерді қырғыздардың сол қанатына кірген Саруу руына кіретін ұрықтарының таңбаларымен салыстыра зерделер болсақ, көптеген ұқсастықтарды байқаймыз. Мұндағы кездесіп отырған таңбалардың қоңырат руының «босаға таңбасымен» сәйкес келетінін ескерсек, арадағы туыстық қатынастың белгісін байқаймыз.










Ал қырғыздардың ертедегі этникалық негізінің қалыптасуындағы саруу руының орны ерекше. Бұл рудың негізгі мекені Ақсу, Талас, Нарын және Ыстықкөл аймақтары. Оның құрамына «тубай (туай), көчпөс, қырық ұл кіреді. Ірі ұрықтары қатарында меңди чүкө, тагайберди, бала саруу, сатыке, балыкчы, сакоо, оготур, байсу, боркемик, бошмоюн, календер, алакчын, оторчу, мачак, багыш, агынай, мамаяр, берендер, бешкаман, майдан және т.б.» айтуға болады [213, с. 260].

Сонымен Саруу руына кіретін топтың тізбегін және олардың таңбаларын келтірелік:

1. Алакчын –.
2. Жеті ру –
3. Қырық ұл –
4. Келдей –
5. Мачак –
6. Берен –
7. Колпоч –
8. Бёлёк чал –
9. Сакоо – [214, б. 32-44]

Ал енді салыстырмалы түрде археологиялық қазба жұмыстары кезінде Саркел қалашығынан табылған түрлі заттардың, бұйымдардың бетінде бейнеленген белгілерге назар аударайық:

Кесте 1– Саркел қалашығынан табылған оғыз тайпаларының таңбалары

Бұйым беттеріндегі суреттер	Ондағы таңбалар	Таңба сәйкес келетін оғыз тайпалары (М.Қашқари бойынша)
		Салғұр
		Тұтырқа
		Тугәр - Тігәр
		Қынық
		Чувулдур, қарабөлук

Әбілғазы баһадүрдің айтулы еңбегінде «Көк ханның үлкен ұлының аты – Байындыр, екіншісі – Бечене, үшінші – Шауылдыр, төртінші – Шепні» [16, б. 19] деп көрсетіледі. Бұл дегеніміз печенектер мен қырғыздардың арасында қандай да бір байланыстың барын дәлелдеуге көмектеседі.

«Қырғыз этнографиясы бойынша сөздікте» сары ұйғырларға түсініктеме беріле келіп, кейбір мәліметтер бойынша бүгінгі мекендеріне VII-VIII ғасырларда Орталық Азиядан (Моңғолия, Алтай) қоныстанғандығын көрсетеді. Сондай-ақ, С.М. Маловтың зерттеулерінде көрсетілгендей сары ұйғырлардың тілі қырғыз тілінің тарихи қалыптасуының бастапқы кезеңі болғандығы туралы пікірмен қатар, Э.Р. Тенишевтің ғылыми зерттеулерінде сары ұйғырлардың тілінде ежелгі қырғыз тілінің әсері мен ықпалының күшті екенін дәлелдеген пікірін айта келіп, «Қырғыздардың және сары ұйғырлардың рулық құрамындағы этнонимиялық атаулардың ұқсастықтары ең маңызды дерек қызметін атқарары анық. Бұл этностық топтың құрамында кездесетін этнонимдердің басым көпшілігінің шығу тегі Оңтүстік Сібір, Саян-Алтай, Моңғолияның этностық-мәдени аясымен байланысқандығын байқауға болады. Мысалы, сары ұйғырлардағы «кыргыс» этнонимінің параллельдері хакас, тува, алтайлықтарда, моңғол тілді елдерде «кыргыс», «хыргыс» формаларында айтылып, жазылып келеді. Сары ұйғырлар IX ғасырда Ұйғыр қағанатын талқандап, батысқа қарай қоныс аударған, орта ғасырлық кейбір ұйғыр элементтерін өз бойына сақтаған ежелгі қырғыздардың бір бөлігі дегенге толықтай негіз бар. Бұған сары ұйғырлардың тілінің (лексика) қазіргі қырғыз тіліне өте жақындығы, басты мәліметтердің бірі ру-тайпалар атауларындағы генетикалық жақындықтар дәлел бола алады: Мысалы, кыргыз-кырхыс, коңурат – коңрат, анжиянчы – анджан, кулунтай (саяк) – кулун, манак (баргы, бугу) – мнак, ондон (бугу) – он, оргу – орге, баят (тейит) – пайат, бай (сарбагыш) – пай, соколок (муңгуш) – сокаллыг, жети урук (саруу) – жети, сулдуз (мундуз) – султуз, темир (баргы, басыз) – темирт, тобок (саяк) – товык (яглахкыр), туманчы (найман) – туман, шарттык (жору) – шартек, отуз уул – оглан (отуз оглан), уранхай (тынымсейит) – орангат ж.б. Сары ұйғырлардың тілінде, мәдениетінде және т.б. Оңтүстік Сібірдің элементтері көптеп кездеседі. Әсіресе, ғылымда сары ұйғыр тілінің хакас және шорлордың тіліне жақындығы анықталған. Бұл мысалдар сары ұйғырлардың қырғыздармен этногенетикалық ортақ байланысының бар екендігін дәлелдейді» [213, б. 260-261], – деп көрсетіледі.

Ұйғырлардың тоғыз оғыздардан этногенетикалық байланысын табатынын ескерер болсақ, «Манас» жырында кездесетін тоғыз ру//тоғыз оғыз// қырғыз арасында қандай да бір жақындықтың бар екенін айта аламыз.

Осы тарихи уақытта Енисай қырғыздарының саяси аренада тоғызоғыздармен, Моңғолия және Тува тұрғындарымен, сонымен бірге Шығыс Түркістанды мекен еткен ұйғырлармен тығыз байланысы этномәдени қатынасты нығайтты [215].

Қорыта айтқанда, қырғыздардың этникалық тарихы мен этногенезі мәселесін этносаяси, этногенетикалық, этномәдени, этнолингвистикалық және Еуразиядағы миграциялық үдерістермен бірге сабақтастыра қарастыруда қол жеткізілген нәтижелер қырғыздардың оғыздармен этногенетикалық байланысының бар екенін жоққа шығармайды. Оны өз кезегінде халық ауыз әдебиетінде көрініс тапқан мәліметтермен, сондай-ақ археологиялық қазба нәтижесінде қолға түскен мәліметтермен ұштасып жатқандығын да байқаймыз. Сонымен бірге кейінгі ДНК зерттеулерінің де фольклор үлгілерінің деректік мәліметтерінен алшақ еместігін көрсетіп, қырғыздарда оғыздық этнотамырдың болғандығын тағы да дәлелдеп отыр. отыр.

Жалпы түркі халықтарының тарихын зерттегенде ортағасырлардағы Енисай қырғыздарының этникалық құрамы және оның кейінгі қырғыз халқының қалыптасуындағы орны мен рөлі арнайы қарастырылады. Алайда, Енесай қырғыздарының өзі қандай этникалық құрылымдардан қалыптасты дегенді іздестіруге келгенде зерттеушілер мәселеге үстірт қарайтын тәрізді. Шын мәнінде қырғыз халқының қалыптасу тарихы оның құрамында оғыздар компонентінің болуына едәуір дәрежеде тәуелді болғанын жоғарыдағы зерттеуімізде дәлелдеуге тырыстық. Әртүрлі зерттеулер және лабораториялық, археологиялық талдаулар оғыздардың Енесай қырғыздарының құрылымында шешуші рөл атқарғанын байқатады. Мұның өзі қырғыз халқының қыпшақ тілдестермен ғана емес, оғыз тілдестермен де туыстық тамыр байланыстары бар екенін аңғарта түседі.

2.2 Ежелгі әзербайжан халқына ортағасырлық оғыз тайпаларының әсері

Еуразияның өзге көшпелі тайпалары секілді оғыздар да ортағасырлық Батыс Азия мен Шығыс Еуропа тарихында айтарлықтай орын алды. Оғыздардың әлемдік тарих сахнасына шығуы көптеген оқиғалармен тығыз байланысты. Ол өз кезегінде Саманидтер мен Буид мемлекеттерінің өмір сүруін тоқтатуымен, Газневидтер әулетінің құлауымен және Византия империясының да құлдырауымен сәйкес келеді. Бұл дәуірдің өзіне тән ерекше оқиғалары қатарына Селжұқ империясының құрылуы мен крест жорығының басталуы жатады, сондықтан да, оғыздардың тарихи тағдыры Таяу Шығыс, Алдыңғы және Кіші Азияның көптеген аумақтарымен тығыз байланысты. Оғыздар өз кезегінде көрші елдер тарихына этникалық, саяси және әлеуметтік тұрғыдан да ықпалын тигізбей қоймады. Оғыз тайпаларының тарихи айшықты ізі Қара теңіз, Оңтүстік Орыс өлкесі, Балқан түбегі тарихында да қалды.

Қоныс аудара көшкен оғыздардың көптеген халықтардың халық болып қалыптасуында да өз орны бар. Этникалық қалыптасу тұрғысынан көптеген ғалымдардың қызығушылығын тудырған оғыздар мәселесінің даулы әрі шешілмеген тұстары көп-ақ. Осыған байланысты зерттеулерінде әзербайжан ғалымдары өздерінің ата-бабаларының қалыптасу тарихына көптеген өзгерістер енгізуде [216, с. 33].

Этногенез мәселесін қарастыру барысында тарихи, жазба және археологиялық дерек мәліметтерінің басшылыққа алынатындары белгілі. Сондай-ақ, мұндайда этнография, антропология, лингвистика және т.б. ғылым салалары да көмекке келеді. Қалай дегенмен, мол дерек қорын салыстырмалы түрде пайдалана отырсақ та, мұндай қиын да күрделі «ақтаңдақ» тұстары көп маңызды мәселе тарих ғылымында жуық арада толығымен өз шешімін табады деп кесіп-пішіп айтуға болмас.

Тарихшы-зерттеушілердің ортасында әзербайжан этногенезінің қалыптасуына қатысты мәселеде бір ортақ тұжырым жоқ. Осыған байланысты бұл тақырыпты күні бүгінге дейін өзекті мәселе деп айтуға болады. Тек зерттеуші Г.А. Гейбуллаев қана өзінің осыған қатысты нақты ойын «К этногенезу азербайджанцев» атты еңбегінде айтқан. Олармен танысқанда белгілі бір ой туындайды. Дегенменде, зерттеушінің пікірінше XI-XII ғасырларда селжұқ-оғыздардың осы аймаққа келіп қоныстанғанына дейін-ақ әзербайжандардың этникалық қалыптасуы негізінен аяқталған. Автордың айтуынша, оғыздар бұл территориядағы түркі халықтарының санының көбеюіне ықпал ете отырып, жергілікті тұрғындармен араласып, этногенездік түзілісіне қатысады [91].

XX ғасырда тарих ғылымының өзекті мәселелерінің қатарында әзербайжан халқының этникалық үдерісінің сипаты белсенді талқылауда болды. Мұндағы маңызды да даулы мәселелердің қатарында халықтардың түркіленуі мәселесі тұрды. Кейбір зерттеушілердің көзқарасын алып қарастырар болсақ, қабылданған пікірлер бойынша ежелгі Әзербайжанды (яғни, кавказдық Албанияны) мекендеген тұрғындардың басым бөлігі түркітілдес болған [217, с. 13].

Дж. Бучан XI ғасырдағы Әзербайжан жеріне Селжұқтардың шабуылы мен орнығуы Ширван, Арран және Муганьдағы түркі тұрғындарының тек сандық өсіміне алып келген деп жазады [218].

Қандай да болсын халықтың этникалық тарихын зерттеуде сол елдің атауының, яғни этнонимнің шығу тарихын қарастыру маңызды да шешуші орын алады. Мұндай мәселенің басын ашуда әр зерттеуші алдына қойған мақсат-міндеттерін анықтай отырып, түрлі әдістерді қолданып қарастырады. Этнография ғылымы тәрізді тарих ғылымы да энонимдерді зерттеуге қатыса алады. Этнографиялық мәліметтерсіз этнонимдік материалдарды толыққанды деп есептей алмайтынымыз тәрізді этникалық атауларды талдауда да этнография ғылымы көмектеседі.

Белгілі әзербайжан топонимисті Г.А. Гейбуллаевтың зерттеулеріне сүйенсек, Әзербайжан жеріндегі этнотопонимдердің осы аумақтағы этникалық үдерістер тарихы мәселелерін шешуде маңызды болып есептелінетін олардың түбірлік мағыналарының түркі этнонимдеріне бағыт беріп тұратындығын байқаймыз [219].

XI ғасырдың ортасында Әзербайжанды Орталық Азиядан шыққан көшпелі түркі тайпалары саналатын оғыздардың бір бұтағы селжұқтар жаулап алды. Осының негізінде Әзербайжан топонимдерінде жаңа түркілік есімдер

пайда болды. Жоғарыда әлденеше рет атап кеткеніміздей Махмұд Қашқари бойынша оғыздар жиырма екі тайпадан құралған болатын. Олардың қатарында: қынық, қайығ, байундур, йуа – йыуа, салғұр, афшар, бәктілі, бугдуз, байат, йазғыр, аймур, қарабөлік, алқабөлік, ігдір, урәгір – йурәгір, тұтырқа, улайундлуғ, тугәр – тігәр, печенек, чавулдар, чәбни, чаруқлуғ [18, б. 85-87]. Бұл тізімнің қатарына қарық пен қарқынды қоса отырып, Рашид ад-Дин оғыздардың жиырма төрт тайпадан тұрғандығын жазып қалдырады. Сондай-ақ, жаулаушылық тұсында ұйғыр, қыпшақ, халаж, қаңлы және қарлұқ тәрізді тайпалардың да жорықтарға бірге қатысқандар қатарында атап өтеді [19, с. 34]. А. Гуесйнзаденің зерттеулерінен чепне, чавулдур, салғұр, бектілі, баяндур тәрізді оғыз тайпаларының аттары Әзербайжан топонимінде қалғандығын аңғарамыз. Десек те, мұнда есімдері толық көрсетіліп отыр дей алмаймыз. Оған себеп Әзербайжан жерінен бұлардан басқа халаж, қарабөлік, қаңлы, чепне, салор және т.б. осы секілді 17 түркі этнонимдерін кездестіре аламыз. Бұл өз кезегінде оғыз тарихы мен әзербайжан халқы тарихын одан әрі тереңдете зерттеуді қажет етеді дегенді білдіреді.

Осындай салыстырмалы талдауларды Г.А. Гейбуллаевтың «Топонимия Азербайджана» атты еңбегінен де кездестіре аламыз [219, p. 45]. Ол Махмұд Қашқаридің еңбегінде көрсетілген тайпалар атаулары бойынша оғыз-селжұқ этнотопонимдеріне тоқталады.

Бұл көрсетіліп отырған мәліметтер Әзербайжан жерінде орналасқан халықтарға оғыздардың белгілі бір дәрежеде ықпалы болғандығын көрсетеді деп есептеуге мүмкіндік береді. Себебі аталған аймақта этникалық, саяси және т.б. қырларынан ешқандай да оғыз ықпалы жүрмеген болса, оғыз тайпаларының да атауы ешбір жерде сақталмауы керек еді.

Ортағасырлық көші-қон үдерісінің мақсаттары мен басты себептері әсіресе, көшпелілерде көбіне-көп жаулаушылықпен байланысып жататыны түсінікті. Осы тұрғыдан алдағы уақыттарда қыпшақтар ығыстырған оғыздардың Кіші Азия, Солтүстік Кавказ, Балқан түбегі тәрізді аумақтарға қоныс теуіп, сол аталмыш жерлердегі этникалық үдерістерге өз ықпалы мен халықтың қалыптасуына әсері зерттеудіқажет етеді. Миграция дегеніміз географиялық кеңістіктегі орнын ауыстырмай-ақ, қауымдастықтар мен топтардың арасындағы өзара араласу деп түсінік береді Я. Щепаньский. Өз кезегінде көші-қон үдерістері негізінде тайпа атауларының жер-су атауларында өз бейнесін сақтап қалып отыратыны көп жағдайда кездеседі. Бұл жөнінде А.Р. Агеева өзінің «Страны и народы: Происхождение названий» деп аталатын еңбегінде: «Дағыстанның топонимиясында көрініс беретін түріктердің этникалық атауларын зерттеу дағыстандық түркі халықтарының этногенезін, географиясын және этнографиясын, сондай-ақ миграциялық үдерістерін зерттеуге көмектеседі. Мысалы, Теркеме этнонимі Әзербайжаннан келген; ол термин мигранттар (Ұлы Дербент ауданындағы Улу-Теркеме мекенінің атауы) тобына қатысты. Дағыстанның түрік топонимиясында мигранттар-этнонимдерінің қатысуы түрікмендердің және қарабағлиндықтардың Әзербайжаннан көшіп келгенін дәлелдей түседі. Бұл фактіні жергілікті

ақсақалдар да әңгімелеп береді. Қоныстанған түрікмендер мен қарабағлиндықтардың сандары аз болды, сондықтан да олар бөтен түркілік ортада құмықтармен және орыстардың күшті ықпалында қалып, өздерінің тілін және дәстүрлерін жоғалтты. Бірақ топонимия этнонимдерді сақтап қалды», – деп көрсетеді [200, с. 17-18].

Мұндай Әзербайжан территориясындағы топонимикалық атаулардағы оғыздық компоненттер жөнінде А. Гусейнзаде өзінің Әзербайжан территориясындағы жаңа топонимдік атаулардағы оғыздық этнонимдерге қатысты зерттеуінде М. Қашқаридің және Рашид ад-Диннің шығармаларындағы оғыз тайпалары туралы «кейбір фонетикалық өзгерістермен Закавказье топонимдерінде өз көрінісін тауып, бүгінгі таңға дейін жеткендігін және олардың он бірі осы жерде кездесетінін» сөз ете отырып, Әзербайжан территориясында XI-XII ғасырларда мекен еткен түркітілдес тұрғындардың арасында түрік-селжұқтар мен оғыздар басымырақ түскендігін көрсетеді [87, с. 47]. КИИ авторлары түркілер қозғалысын, яғни миграциялық жылжуының салдары IV-VI ғасырлардағы Ұлы Халық көшіне тең келді деп баға береді [220].

Бұл топонимдер Селжұқтардың не болмаса Ильдегизидтердің кезінде пайда болған көшпелі және әскери тұрақтар мен ауыл-аймақтардың атаулары болып табылады. Бұл тайпалардың кейбірі XII ғасырдағы Әзербайжанның әскери-саяси тарихында айтарлықтай рөл атқарған. Мысалы, олардың қатарында қынық, бектілі, афшар, йиве және қыпшақ тәрізді тайпаларды ерекше атап өтуге болады. Ирактық Селжұқтар мемлекетіне қарсы 1191 жылғы Қызыл Арсланның ұйымдастырған жорығы кезінде осы тайпаның көмегіне сүйенгенін байқаймыз [221, с. 148-149]. Осы тәрізді ой-пікірді Н.Н. Шенгелиядан да көруге болады. Ол: «селжұқтар Грузия жеріне кіре отырып, олардың стратегиялық және әкімшілік басқару пункгерінде маңызды орынды иемденді... Грузия территориясында түрік тайпаларының жаппай отырықшылану үдерісі жүре бастады. Тонаушылық мақсатымен келген селжұқтар кейін қайтпады» [222] – дейді. Н.Н. Шенгелияның осы сөздерін келтіре отырып,В.Л. Гукасян: «Оғыз және қыпшақ тайпаларының Шығыс Грузияға қоныстануы туралы осы аймақтың: Текели (Марнеуль ауданы), Мугаилы (Дманисский, Болнисский и Марнеульский аудандары), Саатлы (Дманисский ауданы), Аккуллар, Борчалу (Марнеуль ауданы) және т.б. этнотопонимдері куә бола алады» [223, с. 25], – деп жазады.

Көріп отырғанымыздай кезкелген тайпа қоныс аударуы барысында өзінің жүріп өткен жолында қандай да бір із қалдырып отырады. Оның үстіне Ресейде топонимика бойынша жазылған алғашқы жұмыстардың бірінің авторы Н.И. Надеждина «Опыт исторической географии русского мира» (1837 ж.) деп аталатын еңбегінде: «Топонимика – жердің тілі, ал жер – адамзат тарихының географиялық номенклатурасы жазылған кітап», – деп жазған болатын [224]. Осыдан да бірнеше халықтардың түбі бір болып, тарихи тамыры жалғасып жататындығын аңғаруға болады. Мысалы, Әзербайжан жеріндегі Нахчыван аталатын қала мен Қазақстанның Жезқазғандағы Ұлытау ауданындағы

«Нақозған» атты жер атауларының түбіріне талдау жасай келе, Б.С. Қошым-Ноғай: «...Ежелгі оғыз тайпаларының ең жақын мұрагерлерінің бірі болып есептелетін әзербайжан елінде «Нахичевань» деп аталатын қала бар. ...Зер саларболсақ, Әзербайжандағы «Нахчыван» атауы мен «Шобанақ» топонимінің бір-бірімен өте жақын, мағынасы бір сөздер екенін аңғарамыз: «Нах + чыван» = «Шобан + нақ» [191, 140 б.] – дейді.

Әрине, әдеби тұрғыдан мұндай атаулардағы үндестіктерді пайдаланып, пікір айта салу оңай. Алайда, мұндайда әрбір жер атауларының артында тарих жасырынып тұрғанын да ұмытуға болмас.

«Нақ» тұлғасы топонимдерде тек жұрнақ түрінде ғана кездеспей, түбір күйінде ұшырасатынын Қазақстандағы жер атауларынан да көреміз. Жезқазғандағы Ұлытау ауданында «Нақозған» атты жер бар. Бұл атаудан да біз оғыз дәуірінің мұрасын аңғарғандаймыз: Нақ + оғыз + қаған = Оғыз қағанның ордасы (мекені, жайлауы, т.б.) немесе оғыз қағанның қонысы» [191, б. 140-141]. Мұндай топонимикалық атауларды зерттеу түркі халықтарының этникалық жақындығын анықтауға өз көмегін тигізеді. Жер-су аттарының ру-тайпа атауларымен астарласып жатқандығын тарихтың бір беті деп қарастырсақ, екінші бір қыры саналған көне тарихи әрі мәдени мұраларымыздың бірегейі «Қорқыт Ата кітабының» түркі тілдес халықтардың қайсысына тікелей қатыстылығы жөнінде де көтеріліп отырған мәселе бүгінгі таңда өз маңыздылығын одан әрі аша түсуде. Зерттеуге деген талпыныс пен қызығушылықты туындатып отырған «Қорқыт Ата кітабы» шығармасының тек әзербайжан халқына емес, бүкіл түркі дүниесіне ортақтығы осыған себеп.

Басты көтерілген мәселелердің қатарындағы эпостың пайда болуы мен таралу территориясына қатысты дау туындауы да заңдылық. Көптеген ғалымдар бұл эпостың дүниеге келген жері Әзербайжан дегенді ұстанады. Мұндай ғалымдар қатарында Г.Арслы, А. Демирчизаде [225, с. 78], В.Л. Гукасян [223, р. 56], және т.б. бар.

Мұндай көзқарастың орын алуын авторлар былайша түсіндіреді: «Бұл пікірдің дұрыстығы бірқатар қисынмен расталады. Біріншіден, эпостарда Әзербайжан топонимиясының – «Алынджа» (Нахичевандағы қорған), «Гянджа», «Барда» және т.б. қалалар көрініс берген. Соңғысын зерттей келе А. Демирчизаде оғыз және қыпшақ элементтерінің «Китаби Деде Коркудттың»тілінде оғыздық элементтердің басымдығымен қатар жүріп отыратынын атап көрсеткен еді» [225, с. 28]. Ал мұндай оғыз-қыпшақ элементтеріндегі араласулар және қатарласулар бұрын көп уақыт ықпалдасқан, қатар өмір сүрген және араласқан түрік тілінің қыпшақ және оғыз семьялары мекендеген аудандарда ғана орын алуы мүмкін [221, с. 155].

Мұндай жақындық пен ұқсастықтың орын алуы заңдылық. Себебі оғыздар Сыр бойынан ығыса жылжығанда олармен бірге ауыз әдебиеті үлгілері саналатын эпостар мен аңыздық әңгімелердің де бір территориядан екінші бір территорияға таралуы орын алып отырған. «Қорқыт Ата кітабының» Әзербайжан аймағында дүниеге келгендігі туралы пікірлердің де осындай жайттармен байланысы болса керек [226]. Дегенмен де, мұндай көзқарастардың

тарихи еңбектерде көрініс беруі халықтардың арасындағы қандай да бір байланыстың бар екенін тағы да дәлелдей түседі. Оған мысал, Қорқыттың әкесі Қарақожа оғыздардағы баят руынан (ал оғыздар тарихтан белгілі Әзербайжан жеріне қазақ жерінен барған), шешесі қыпшақтан болған. Мұның өзі тарихи эпостың дүниеге келуі жайында және Қорқыттың тарихи тұлғасы хақында жазылған зерттеулердің әлі де жалғасатынын аңғартады.

Жалпы тайпалардың халық болып ұйысуы мен этностардың ассимиляцияланuы, консолидацияланuы этнография ғылымында әлі де болса теориялық жағынан толықтай шешілмеген мәселелердің қатарында. Халық – күрделі этникалық үдерістердің жемісі әрі қорытындысы. Ол мемлекеттік құрылымдардың құлауымен, не болмаса жаңа тайпалық одақтардың сол бір территорияда пайда болуымен қалыптасатын, тайпалардың бірнеше топтасуы мен олардың арасындағы экономикалық байланыстардың дамуы жүретін үдеріс болып есептелінеді.

Консолидация (топтасу) – этноэволюциялық және этнотрансформациялық деп екіге бөлінеді. Этноэволюциялық консолидация дегеніміз, үдеріс кезінде тайпалардың және тайпалық топтардың консолидациясы жүріп, халықтар ішіндегі этнографиялық топтар мен мәдени-тұрмыстық ерекшеліктері бір-біріне сәйкестендіріліп, сіңісіп кетеді. Бұлардың барлығы халық құрылғаннан соң жүреді. Этнотрансформациялық консолидация – туыстас тайпалардың тіл мен мәдениеті жағынан бірігу үдерісі. Яғни, бұл кезеңде этникалық жағынан өзгерістерге ұшырау үдерісі орын алып, бір этностың құрып, екінші бір этностың пайда болуы жүреді де, соңғы жағдайда этногенетикалық үдеріске алып келеді. Бұл жағдайды әзербайжандар тарихынан толықтай көруге болады. Ол территорияда өмір сүрген тайпаларды тарих сахнасынан мүлдем сызып тастамай-ақ, көшіп барушылар мен жергілікті тұрғындар арасындағы ассимилияциялық үдерістердің орын алғандығын көреміз. Ал оның көрінісі – бұл халықтардың тілдік ерекшеліктері мен рухани-мәдени жақындығы. Мысалы, түркі халықтарына ортақ туынды, мұра саналатын «Қорқыт Ата кітабындағы» топонимикалық атаулар мен ру-тайпа атауларының, сондай-ақ жырдағы кейіпкерлердің арасындағы жақындықтан да, этникалық үдерістің этноэволюциялық та, этнотрансформациялық та консолидациясы жүрген деген қорытынды шығаруға болады.

«Қорқыт ата» жырына қатысты мәселелер (қай халыққа тиесілілігі турасында) ортағасырлардағы оғыздан тараған (оғыздық қандай да бір компонентті бойына сіңірген) түркі халықтарының арасында қандай да бір жақындық пен байланыстың бар екенін одан әрі дәлелдей түседі. Бұл жерде ескерілуі тиіс жәйт – тіл мен жазудың этникалық қалыптасудағы маңыздылығы. Себебі халықтың қалыптасуының соңғы үдерістерінің бірі ортақ тіл мен ортақ мәдениеттің, яғни жазбаша, дәстүрлі және т.б. пайда болуы болып есептелінеді.

Әзербайжандардың тілі жөнінде XIII ғасыр географы Якут ал-Хамави: «Әзербайжанның халықтары ақжарқын, олардың түрлері шырайлы және терілері аққұба болып келеді. Олар басқалар түсінбейтін азарийя тілінде сөйлейді» [227, с. 8] – деп айтқан. Бұл ертедегі тіл кейбір деректерде «забани-

туркян», яғни түркі тілі деп аталынады. Кейін келе алдымен парсы, кейіннен әзербайжандар территориясына толқынмен келген түркі тайпалары оғыздардың ықпалына түскендігі белгілі. Бұл жерден оғыздар мен Әзербайжан жеріндегі жергілікті тұрғындардың тілінде консолидацияның жүргендігін көруге болады.

Р. Фрай Әзербайжан жеріне түркілердің жаппай қоныстануының салдары уақыт өте келе басқа тілдің бәрін ығыстырды деп көрсетеді [228]. Селжұқтардың жаулаушылығымен түрік-оғыздар Оңтүстік Кавказ және Алдыңғы Азиядағы ең басты этно-саяси факторға айналды. Осылайша басты орында түрік-оғыздар тұрған әзербайжан халқының қалыптасу үдерісі аяқталды, ал әзербайжандық түркі тілі араб және парсы тілдерін ығыстырып Әзербайжандағы жалпы халықтық тілге айналды [229]. Бұл ойды П.Гольден де қуаттайды: түркі тайпасы оғыздар Әзербайжан территориясына қоныстанғаннан кейін ондағы тұрғындардың«түркілену» үдерісінің одан әрі жүруіне және этнолингвистикалық тұрғыдан өзгерістерге ықпал етті [230]. Бұл ойды Л.Джохансен де қуаттап, Әзербайжан территориясындағы халықтардың этникалық түркілену үдерісі XI ғасырдаселжұқтардың келуімен сәйкес келеді деген ой түйіндейді [231].

Халықтың этникалық қалыптасуының міндетті жағдайларының бірі территория мен тілдің ортақтығы деп есептер болсақ, территорияның ортақтығын туыстас тайпалардың өзара шаруашылық және мәдени байланыстар орнатып, дамуы үшін қажет еткендігімен түсіндіреміз. Бұл жерде айта кетер бір мәселе, түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуына ықпал еткен оғыздармен байланыстырылатын ғағауыздар, әзербайжандар, түрікмендер мен түріктер, сондай-ақ қазақтар және т.б. осы секілді халықтардың арасында осындай территориялық байланыс жатыр. Тарқата айтар болсақ, аталмыш халықтардың әрбірінің тарихи территориялық бастауы оғыз жабғуының мемлекеттік құрылымы құрылған Сырдария, Ұлы Даланың батыс территориясынан әрі қарай таралады. Осы мәселе төңірегінде Э.Д. Смит «Этнические истоки наций» атты еңбегінде: «Қазіргі таңдағы ұлттардың қалыптасуы жөніндегі қысқаша шолуымыздың жалпы қорытындысы барлық халықтарға тән сипаттар территориялық, сондай-ақ этникалық принциптер мен компоненттердің ортақ болып келетіні. Қандай да бір ұлт территориялық отанынсыз және қауымның қалыптасуы туралы аңызсыз өмір сүре алмайды», [232, с. 93] – деген пікір қалдырған еді. Осы тұрғыда тілдік жақындықпен оның құрылымы жағына тоқталар болсақ, көрсетілген халықтар оғыздық тіл тобына жатады. Жазу пайда болғанда халық өмірінде тілдің рөлі одан әрі арта түсетіндігі белгілі. Жазудың пайда болуы ортақ тілдің пайда болғандығын, осы территорияда өмір сүруші туыс емес тайпалардың байланыс орнату тіліне айналғандығын байқатады. С.А. Арутюнов және Н.Н. Чебоксаров этногенез ұғымын анықтауда тілдік рөлді ақпарат атқаратындығын атап көрсетеді. Ақпарат халық дәстүрін ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырушы қызметін атқарады. Авторлар этникалық өзін-өзі танудың негізі ретінде туған тілін қолдануға және сақтауға, сондай-ақ рухани дәстүрлі құндылықтарын жаңғыртуға ұмтылуды

түсінеді [233, с. 20]. Сонымен, тіл этномәдени және этнотарихи жадыны сақтай отырып, ұрпақтар арасын жалғастырушы, байланыстырушы болып табылады.

Этникалық үдеріс көп кезеңнен тұратын күрделі үдеріс болып саналады.

Қай халықтың болса да түрлі кезеңдегі этникалық үдерісі дамуын, үдеріс барысында олардың құрамындағы этникалық компоненттерді анықтау, басқалай айтқанда, халықтың құрылу үдерісін сипаттау қажеттілігі қай кезде де өзекті. Себебі кезкелген халық өзінің түп-тамырының бастауын қайдан алатынын зерттеп білмей, тарихы түгенделді деп есептемейтіні ақиқат. Зерттеліп отырған кезеңнің дамуының жалпы ортақ заңдылығы ретінде әрбір көшу, қоныс аударудан кейін оғыздар, не болмаса өзге тайпалар жергілікті халықпен белгілі бір дәрежеде араласып, бір-біріне сіңісіп те отырды. Екінші бір жағынан алып қарағанда кезкелген ру-тайпа белгілі бір бағытқа тұтастай көшкен жоқ. Оның үстіне қоныс аударылған, не болмаса жаулап алынған жерлерде, мекендерде әртүрлі тілде сөйлейтін жергілікті халықтар өмір сүріп отыратыны тағы да бар. Ғасырлар бойы этностардың араласу үдерісі үздіксіздік танытып келеді. Бұл жағдай өз кезегінде ғағауыздардың да түп атасы – оғыздарға, печенектерге де қатысты.

Тілдік жағынан туыстас тайпалардың консолидациясы тарихи, территориялық, экономикалық, әлеуметтік және мәдени алғышарттарды қажет етеді, оның үстіне бірыңғай этникааралық тіл бірігуді тездетеді. Туыстас тайпалардың халыққа айналуын тудыратын факторларының бірі тайпааралық байланыстар арқылы халықтың жалпы санының өсуі бойынша көбейіп отыруы. Халық санының өсуі өз кезегінде екі себептен туындауы мүмкін: оның бірі жергілікті туыстас тайпалардың табиғи өсімі, не болмаса қоныс аудару – этникалық жағынан туыстас тайпалардың миграцияға түсуі есебінен. Миграция кезінде ел тұрғындарының өмірінде туыстас жергілікті тайпалардың консолидациялануы мен қоныс аударушы тайпалар мен жергілікті тайпалардың консолидациялануы бірге параллельді жүреді. Бұл жағдайда мәселенің екі аспектісін бөліп көрсету қажет. Оның бірі – этникалық жағынан әртүрлі болып келетін жергілікті тайпалардың араласуы нәтижесінде ассимилияциялық үдеріс орын алса, екінші жағынан жаңадан қоныстанушылар мен ежелден осы елді-мекенде жасаушы туыс тайпалық бірлестіктердің өзара ассимилиясияға түседі. Яғни, жергілікті тұрғындар мен қоныстанушының этникалық жақындығы болатын болса, онда консолидациялық үдеріс жүреді. Егерде бұл құбылыс керісінше орын алса, олардың арасында ассимиляциялық үдеріс жүреді.

Бұл үдерістің барысы жергілікті және қоныс аударушы тайпалардың арасындағы сандық қатынасына да, сондай-ақ олардың әрқайсысының экономикалық даму деңгейіне де тәуелді. Сондықтанда сандық қатынас этникалық үдерісте маңызға ие, себебі қоныс аударып келушілердің саны басымырақ түсетін болса, онда осы аймақты ертеден мекен етушілермен консолидация орын алады. Қоныс аударып келушілердің жергілікті тұрғындарға және олардың тіліне ықпалы екі еселенуі мүмкін. Ал жаулап алынған елге жергілікті халықтан тілдік ерекшелігі бар мигранттардың көп бөлігі қоныстанса, сондай-ақ билік осы жаулаушыларға тиесілі болса, тілдің

ауысуы мен тілдік ассимилияция орын алады. Егер мигранттардың саны аз болса, сондай-ақ олардың жергілікті тұрғындармен туыстас тілді иеленсе, жергілікті тұрғындардың тілінде қоныстанушы тұрғындардың тілдік элементтері орын алады. Қоныстанушы тайпалардың жергілікті тұрғындармен этникалық байланысы болатын болса, онда халықтың қалыптасу үдерісі тездетіледі. Мұндай жағдайда этникалық үдеріс екі бағытта жүруі мүмкін. Оның бірінде жаңа халық қалыптасып шығады.

Жалпы деректерде исламды қабылдаудан бас тартып Оңтүстік Русь жері арқылы батысқа жылжыған оғыздардың бір бөлігі уздар (орыс деректерінде торктар) деп аталды. Дегенменде, мәселе күрделі болғандықтан осы кезеңге дейін де оғыздардың ішінде уздар болып өз алдына жеке өмір сүрген шығар, не болмаса сол кезеңде ғағауыз халқы болды ма деген де пікірлер орын алып келеді [234, с. 5].

Оғыздардың көшуінің себебі тек әскери-саяси (қыпшақтардың қысымы) сипатта ғана өрбіген жоқ, сондай-ақ экономикалық та (мал шаруашылығына қолайлы жаңа жайылымдық жерлерді іздеу) себебі болды. Тек әскери-саяси себеппен көшпеді деуіміздің себебі біршама мәліметтерде уздар қыпшақтарды шауып, әрқашан жеңіске жетіп отырған деген ақпарлар кездеседі.

У. Аллен Оңтүстік Кавказдың Шығыс бөлігіндегі таулы жайылымдар мен шүйгінді алқаптар Орталық Азия көшпелілерін қызықтырғанын айтады. Мугань даласы ежелгі кезден-ақ жылқы шаруашылығымен танылған еді. Орта ғасырда Кура өзенінің сағасынан оңтүстікке қарайғы мекен түрік-селжұқтар мен моңғол әскерлері үшін жылқыны толықтыратын басты орын әрі тірек болып табылатын [235, p. 235]. Оның үстіне Э. Пикок селжұқтардың Кавказ жеріне көшпелі қоғамға қажетті жайылым жерге мұқтаждықтан келді, ал Мугань мен Арранға жақын территориялар селжұқтар үшін маңызды болатын. Тайпа басшысының басты міндеті тайпаластарын жайылыммен қамтамасыз ету болды [101, p. 213, 223-225]. Дегенменде, айта кету керек, бұл концепция бүгінгі таңда ескірген. Әрі Әзербайжан түркілердің жері екендігіні ғылыми дәлелін тапқан. Бірақ та түрік-селжұқтар жергілікті тұрғындардың санын көбейтіп қана қойған жоқ, олардың этникалық тарихында да айтарлықтай орынға ие болды.

Сонымен бірге тағы да ескерер мәселе, тарихи дерек беттерінде оғыз атауының түрленіп кездесуі (орыс жылнамаларында торктар, византиялық деректерде уздар, оғыз, т.с.с.) зерттеуді қиындата түсетіндігін көрсетеді. Мысалы, Ескі Гузия жайында неліктен мәліметтер аз, оның негізін салушылар кімдер, уздар ма, әлде оғыздар ма, Ескі Гузия мүмкін оғыздардың емес, уздардың елі болар, оғыздар дегеніміз уздар, ал уздар ғағауыздардың тікелей арғы атасы деп неліктен кесіп-пішіп айтылмайды деген сияқты күрделі мәселелер тарихи зерттеулерде орын алуда. Сондай-ақ, бұған қарама-қарсы уздар мен оғыздар арасында қандай да бір байланыстың болуы екіталай деген пікірлер де бар.

Қалай дегенмен де қазіргі түркі халықтарының басым бөлігінің этникалық тарихы белгілі бір дәрежеде оғыздар тарихымен тікелей байланысты екенін жоққа шығара алмаймыз.

Әзербайжан – этникалық жағынан аралас қалыптасқан халық. Шығыс Закавказьеде өмір сүрген жергілікті халықтардың, оның ішінде солтүстік Парсы жеріндегі медиандықтарда болуы мүмкін өте ертедегі элементтерін бойларына жинаған. Кавказдық тегі көбіне-көп Кавказ әзербайжандарына қатысты. Олардың басым бөлігі Әзербайжан Республикасында өмір сүруде. Бірнеше шабуылдар мен миграцияларға қарамастан аборигенді кавказдықтар алғашында ирандықтармен, кейіннен оғыздармен мәдени ассимилияцияға түскен дегендей мәліметтер бар.

Жүргізілген тесттердің қорытындысына сүйенсек, кавказдық әзербайжандар көбіне-көп кавказдықтармен, ирандықтармен және Қиыр Шығыстағы еуропалықтармен және түрікмендермен ұқсастықтары бар. мтДНК генетикалық талдаулары мен Y-хромосома кавказдық популяция генетикалық тұрғыда еуропалықтар мен қиыршығыстықтың арасында болса, дегенмен де, қиыршығыстықтармен жақынырақ байланысы бар. Зерттеуші-ғалымдар қазіргі парсылар мен әзербайжандардың арасындағы мәдени ұқсастықтарды ежелгі ирандық ықпалдың көрінісі ретінде көрсетеді. Археологиялық мәліметтер ирандық дін зороастризмнің Кавказдың барлық аумағында христиан мен исламға дейін көрініс тапқандығына дәлел. Яғни, парсы империясының түрлі ықпалдары осы аумақтағы ирандық сипатқа қосылған. Сонымен бірге ирандық Әзербайжан тұрғындары оғыздар келгенге дейін парсы тілдес болған дейді зерттеушілер [236, p. 37-38]. Миграциялық қозғалыстардың ешқайсысының да қай халықтың да этногенезіне ешбір әсері болмайды деген ұстанымдағы зерттеушілер оғыздардың келуімен сол жердегі тұрғындардың мәдени, рухани, этникалық араласуының кейде толықтай, кейде ішінара жанама түрде жүргендігіне мән бермей жатады. Оғыздар келгенге дейін әзербайжандар парсы тілдес халықтар қатарында саналса, оғыздардың келуімен олардың тілдік ерекшеліктерінде өзгерістер орын алған. Бүгінгі таңда әзербайжандар түркі тілдерінің оғыздық тобына жататындығы да бұған дәлел болса керек.

Оғыздар көбінесе, селжұқтармен қатар айтылады, ал шындығында селжұқтар – оғыздардың маңызды тайпаларының бірі ғана және сонымен қатар селжұқтар өздерінің орда басшысының атын иемденген жалғыз тайпа. Оғыздық бастауды түрікмендер, анадолы түріктері, түрік-месхеттері, ғағауыздар, қырым татарлары, хорезм өзбектері қабылдаған. Кавказдағы оғыздық (селжұқтық) таралымды бойына сіңірген ең көпсанды түркітілдес этнос – әзербайжандар [237, с. 117]. Тек қана бір Әзербайжанның өзінде 2009 жылғы санақ мәліметтері бойынша 8,2 миллион әзербайжан тұрады.

Алғашында олардың этногенезіне қатысқандар қатарында тек мидяндар ғана емес, сонымен бірге кура-араксиндік мәдениеттің хуррит-урарттық субстранттар өкілдері де болды. Б.з.д. I мыңжылдықта бұл халықтар ирантілдес киммериялықтармен, скифтермен, массагеттермен және сақтармен айтарлықтай араласқан еді. Сонан соң б.з. I ғасырынан жергілікті тұрғындар көшпелі

халықтардың ұлы көшінің толқынына жолықты. Осындайда печенектер мен селжұқтар қысымы әзербайжан халқының этногенезі мен түркілік мәдениетінде маңызды да шешуші рөлге ие болды [236, с. 17-18].

Таяу және Орта Шығыс Азия елдеріндегі ортағасырлық түркі мемлекеттерінің басым бөлігінің құрылуы оғыздармен байланысты. Осындай саяси құрылым аясында бүгінгі түркі халықтарының құрылуына негіз болған этникалық бірігулер де қалыптасты. Оғыз тайпалық конфедерациясы тұрақты да мықты құрылымға ие болмағандықтан шығыс көшпелілерінің соққысына төтеп бере алмай, бірнеше бағытқа ыдырап кетті. Олар туралы хабарларда: олар шығыстан батысқа жылжығанда олар итке ұқсас жыртқышты көрді. Ит олардың алдында жүрді. Олар оған жақындамады. Жолға жүру керек болғанда ит оларды өз тілінде «тұрыңдар!» деп шақырып, жол көрсетіп отырғанын айтады Сирийцтің еңбегінде [46, с. 49]. Одан әрі «Жолкөрсетушісі көрінбей кеткенде олар орныгып қалады. Олар жердің жеткілікті еместігін байқайды және оңтүстік, солтүстік және орталық бағытта үшке бөлініп кетті. Олар үш таяқты алып оларға белгі салып, жоғарыға яғни Құдай бар деп есептейтін бағытқа лақтырды. Таяқтар жерге түскен кезде кімнің таяғы жердің қай бұрышын көрсетсе, сонда кетті» [46, с. 51] деген деректі кездестіреміз. Бұл әйгілі Әбілғазыдағы садақтың 3 жебесіне сәйкес келетіндей. Дегенмен де, тайпалық конфедерация кезінде құрылған белгілі бір саяси және мәдени институттар әрі қарайғы ірі әрі мықты мемлекет құруда да іргетас болып қала берді. Осындай мемлекет құрушылардың бірі – Селжұқтар еді. Бұл мемлекеттің құрылуы барысында оғыздар тарихи жазбаларда «түрікмендер» деген атаумен жиі атала бастаған еді. Мұсылмандық дін көшпелі түркілердің этноәлеуметтік құрылымындарына айтарлықтай өзгерістер алып келді. Оның оң және теріс ықпалы болды. Әдетте зерттеулерде діннің, әсіресе, ислам дінінің этногенезге ықпалына көбіне-көп көңіл бөлінбей отырады. Ал бұл өз кезегінде этностың мәдени және этнографиялық кескін-келбетінің ықпалдасуының маңызды факторларының бірі саналады. Бұл жерде тағы да айта кетер жайт, оғыздардың ислам дінін қабылдаған бір бөлігінің кейіннен «түрікмендер» деп аталуы [238, с. 61-62] осы этнонимді берік орнықтырды.

Түркі тайпаларының көптеген бөлігі моңғол жаулаушылығы тұсында территориядан тыс аймақтарға көшуге мәжбүр болды. Бұл кезеңде Иран мен Кавказ жеріндегі Ақ-қойынлы, Қара-қойынлы билігі кезінде оғыздық түркі тайпаларының тағы бір бөлігі осы аймақтарға қарай қоныс аударып келді [238, с. 68]. «Әзербайжан жеріне оғыздардың бір бөлігі келді, Вахсудан оларға құрмет көрсетті. Ғұздардың бұл бөлігінің басшылары Бұқа, Көкташ, Мансұр және Дана болды» деп аттары аталады. Және екі жақтық жүргізілген толассыз соғыстар сөз болады [39, с. 111 - 115; 52, s. 137-153].

XI ғасырдың I жартысында түрік-селжұқ тайпаларының Әзербайжан территориясына жаулаушылығы сол кезеңдегі феодалдық мемлекетінің, оның ішінде Ширваншах мемлекетінің де өмір сүруіне нүкте қойды. Территорияға кірген түріктердің жекелеген отрядтары көп болды, тек 1066 жылдың өзінде

ғана олардың шабуылы кең ауқымды қамтығандықтан ширваншах Фарибурз қуғындауды доғару үшін көп көлемде төлем төлеуге мәжбүр болды [121, с. 34].

Түрік-селжұқтарының Ширванға шапқыншылығы Владимир Минорскийдің де еңбегінде көрініс береді: «Сол жылы түріктер Ширванға кірді, және тірідей және жансыз заттардан көп пайда шығарды. Ширваншах түркілердің Ширваннан кетуі үшін көп қаражат жұмсады, бірақ 1066 жылдың қараша айында түрік Қара-тегин Ширванға екінші мәрте келді» [239, с. 70]. 1067 жылдың соңында селжұқ сұлтаны Алп-Арслан Арранға жорық жасады. Ширваншах Фарибурз «алдынан сыйлықтарымен және өз қызметін көрсетуге шықты және 460/1068 жылғы жорығына қатысты». Алайда, Ширваншах пен сұлтан арасындағы қатынас бұзылады. «Ал-Баба халқы оған бірнеше төрелерін ұстап отырғандығы туралы Ширваншах үстінен шағым түсіреді. Сұлтан оларды босатуды бұйрық етеді және ол орындалды. Сонан кейін сұлтан оны біршама уақытқа абақтыға отырғызды» [239, с. 60].

Оғыздардың батысқа миграциясының бірнеше бағытта жүргені белгілі. Олардың Кавказдағы орналасу аймағын анықтауда әзербайжандардың, яғни кавказдық Албанияның тарихын зерттеу аса маңызды. Әзербайжан халқының этникалық құрылымындағы оғыздық компонентті анықтау сол халықтың шығу тегін айқындау үшін ғана емес, сонымен бірге түркітілдестердің оғыздық бағытының алыстағы халықтарға қалай әсер еткенін білу үшін де қажет. Осы тұрғыдан алғанда әзербайжандардың этникалық құрылымына оғыздардың қалай ықпал жасағанын нақты деректер негізінде айқындау аса маңызды. Сондықтан да біз жоғарыдағы бөлімшемізде әзербайжандардың қалыптасуына ортағасырлық оғыз тайпалары қалай ықпал жасағанын жер, су атауларына, яғни топонимдерге сүйене отырып, талдаулар жасауға күш салдық. Әзербайжандардың құрылымына оғыздық-селжұқтардың шешуші ықпал жасағанын осы топонимикалық деректер арқылы байқап отырмыз. Бұдан шығатын қорытынды әзербайжан тарихын Кавказдағы жергілікті байырғы автохтонды халықтармен қатар олардың аймағына келіп қоныстанған оғыздардың ықпалымен салыстыра қарастырар болсақ, оғыздар тарихының әлі де тарихи сабақтастықпен жүйелі түрде зерттелмей жатқан кейбір қыртыстары ашылады. Біздің жоғарыдағы зерттеуіміз осындай үлкен ғылыми бағытқа алғышарт болар деп ойлаймыз.

2.3 Байырғы түрікмендердің этникалық құрамындағы оғыздардың орны

Әрбір түркі халықтарының тарихы түркі әлемі тарихының бір бөлшегі деп алып қарастырар болсақ, VIII-XIII ғасырлардағы оғыздардың бүгінгі түркі халықтарының этногенезіндегі орнын айқындау да өзекті болып табылады. Өз кезегінде түркі халықтарының тарихы, оның ішінде оғыз мәселесі қай елдің болсын зерттеуші ғалымдарын зерттеу алаңына шығарып келеді. Тарих ғылымындағы өзекті саналатын мәселелердің қатарынан ортағасырлардағы түркі этностарының этногенез үдерістері, осы үдерістерге қатысушы этникалық топтар, түркі халықтарының қалыптасуы, т.с.с. маңызды мәселелер бар.

Кезкелген халықтың атауы белгілі дәрежеде этникалық мәнге ие. Ол әдетте, жүздеген, не болмаса мыңдаған жылдарды қамтып, тарихқа бай болып келеді. Ендеше, «түрікмен» ұғымы кең мағынаға ие, онда этникалық бірегейлік туралы барлық мәлімет, мысалы, оның өткен тарихы мен бүгіні, адамдары мен мәдениеті, өмір сүріп отырған территориясы мен шаруашылық құрылысы бәрі-бәрі қамтылған.

Махмұд Қашқари «бой» сөзі ру, тайпа, халық дегенді білдіретінін жаза келе былай дейді: «Егер де бір-бірін танымайтын екі адам кездесіп қалса, біреуі сәлемдеседі де, былай деп сұрайды: «Бой кім?», яғни «Сенің руың, тайпаң, халқың кім?» дегенді білдіреді. Екінші кездескен адам жауап беріп, әңгімелері ары қарай жалғасын табады, не болмаса екеуі екі жаққа тарқасады» деп келтіреді [18, б. 150]. Яғни, бұл жерден тайпа атауының белгілі бір саяси да, әлеуметтік те сипатты танытатынын айта отырып, ең бастысы мұның этникалық маңызы зор екенін аңғарамыз.

Әдебиеттерде «түрікмен» атауының пайда болуы қазіргі Түрікменстанның жергілікті тұрғындарымен араласқан оғыздармен тікелей байланысты болып келеді. Дегенмен де, түрікмендер атауын ерте кезеңге терең бойлап, осы аумаққа қоныс аударған түркітілдес тайпалардың келуімен емес, біртіндеп түркі тіліне көшкен жергілікті тұрғындармен байланыстыру керек деген пікірді ұстанушылар да бар [240, с. 45]. М. Дурдыев: «түрікмендер – оғыздардың негізі емес», сондай-ақ түрікмендер көшпелі-отырықшылар емес– дей келе, бұл постулаттың екеуі де Түрікменстан түрік-көшпелілерін түгелдей алғанда түрікмен халқының этногенезіне байланысты автохтондылық концепциясына қарсы «жұмыс» жасауда дейді. Жекелеген жағдайда автор түрікмендердің ерте тарихы олардың жылқы өсіру мен кілем тоқу дәстүрінде бейнеленгендігін баса айтады. Осылайша: «Түрікмен халқының ата-бабалары дах-массагет қауымдастығынан шыққан әртүрлі тайпалар мен халықтар болып табылады. Олардың қатарында парфяндар, маргияндар, хорезмдіктер, аландар, астар, эфталиттер және сондай-ақ арасында оғыздар ерекшеленген көшіп келген түркітілдес әртүрлі тайпалар бар. Бұл тайпалар өздерімен бірге жаңа – түркі тілін алып келді және белгілі бір дәрежеде сыртқы келбетке өзгерістер енгізді, нәтижесінде әлемнің этникалық картасында түрікмендер деген жаңа атау пайда болды», – деп жазып, оғыздардың да белгілі бір дәрежеде түрікмендердің этногенезінің қалыптасуына әсер еткен арғы ата-бабаларының қатарынан екендігін жоққа шығармайды.

Сондай-ақ Г.Е. Марков та түрікмендер этногенезіне жергілікті егіншілермен қатар, мал шаруашылығымен айналысатын тұрғындардың да қатысқандығы туралы идеяны әрдайым қолдап келді [241]. Т.А. Жданко түрікмендердің малшылар емес, малшы-егіншілер екенін дәлелдеді [242].

Этникалық мәселелерді қарастырғанда түрікмендердің қалыптасқан тілі туралы, тілдік тобы туралы да мәліметтер өте маңызды рөл атқарады. Бұл жөнінде А.Ю. Якубовский: «Тілдік тұрғыдан алғанда түрік емес элементтердің Түрікменстан аймағында түркілену үдерісі IX ғасырға дейін, яғни оғыздардың алғашқы толқыны пайда болардан бұрын басталды. Оның үстіне бұл үдеріске

Мерв, Балх, және Дихистан аудандарында өмір сүрген түріктер де, оларға туыстас Балқанда және т.б. жерлерде мекендеген тайпалар тәрізді өздері де белсенді қатысты. Әсіресе түркілену үдерісі IX-X ғасырлардан кейін Түрікмения аймағында оғыздардың үлкен бөлігі шоғырланған кезде ерекше күшейіп кетті. Аландар мен астар тілдік тұрғыдан алғанда өздерінің тілдерін жоғалтты және түріктеніп кетті. Барлық жерде жақындасқан бетте-ақ және қосылған кезде түрік тілі жеңіске жетіп отырды. Дегенменде, жергілікті ирантілдес тайпалардың физикалық түріндегі этникалық, дәлірек айтар болсақ, антропологиялық ерекшеліктер бәрібір із-түзсіз жоғалып кете қойған жоқ. Олар осында түрікмен деген атауды алып, өздерінің долихоцефалиясын – сопақ бастылығын осы халыққа берді» [73, с. 66], –дейді.

Этногенез мәселесінің басты мәселесі сол халықтың құрамындағы қай тұрғындар құрамдық басымдыққа, сандық артықшылыққа ие екенін айқындау болып табылатындығы белгілі: жергілікті, автохтонды ма, әлде өзге жерден қоныс аударып көшіп келгендер ме. Мұндай жағдайда тек шежірелік аңыздар мен әңгімелерді пайдалана отырып, мәселені шешуге келмес, себебі жаулап алушылардың шежіресінің басым бөлігі кейін келе жаулап алынған этникалық топтың да шежіресіне айналып кетіп жататындығы болады. Осындайда антропологиялық және материалдық мәдениет (археологиялық) мәліметтері алдыңғы қатарға шығады. Кейбір зерттеушілер антропологиялық, археологиялық зерттеулер мәліметтеріне сүйеніп, түрікмендердің құрамында қазіргі Түрікменстан территориясында бірнеше мыңдаған жылдар өмір сүрген жергілікті, автохтонды нәсіл байқалады дегенді айтады. Сондықтан да олардың атақонысын Моңғолия мен Селенга, Іле мен Шу бойынан, Ыстықкөл аймағынан, Месопатамиядан іздестіріп қажеті жоқ деушілер де кездеседі.

Жалпы этногенез мәселесін қарастырғанда антропологиялық деректердің берері мол, себебі үңіле қарауды қажет ететіндігі қандай жағдайда да ең алдымен халықтың тілі мен діні, мәдениеті, тіпті, халық атауы да өзгеруі мүмкін, ал көп жағдайда, яғни бір халық екінші бір халықпен біте қайнасып, сіңісіп кетпейінше олардың антропологиялық бет-пішіндері мен кескін-келбеттері сақталатындығы айқын.

Ал түрікмендердің кескін-келбеті еуропоидтық нәсілге жақын және Орта Азияда мекен еткен өзге халықтардан ерекшеленіп тұрады. Олар – ортаазиялық аумақта орналасқан моңғолоидтық белгі араласқан бас пішіні үлкен болып келетін еуропеоидтық бірден-бір халық. Ал ортаазиялық аумақта орналасқан тек таулық тәжіктерді қоспағанда өзге халықтардың бас пішіні кіші (брахикефалией), аздаған моңғолоидтық белгі араласқан болып келеді [240, с. 15-16].

Дегенмен де антропологиялық мәліметтердің жеткіліксіздігі әзірге ежелгі және ортағасырлардағы Түрікменстан тұрғындары құрамындағы тайпалардың қандай нәсілге жататындығының басын ашып айтуға мүмкіндік бермейді. Жалпы XX ғасырдың соңына дейін Түрікменстанның не этнографиясына, не әлеуметтануына түрікмен тайпалары арасындағы медициналық-генетикалық зерттеулердің бірде-бір мәліметтері енгізілмеген. 80-жылдардың соңында

жүргізілген медициналық-генетикалық зерттеулер әрбір түрікмен тайпасын жекелеген субпопуляция ретінде, яғни барлық түрікмен тайпалары АВО және Нр гендік бөлшек жүйесі бойынша бір-бірінен ерекшеленіп тұрады дей келе, М.Дурдыев өз пікірін мыңдаған жылдар үдерісінде түрікмен антропологиялық құрамына моңғолоидтық элементтердің кірігуіне қарамастан моңғолоидтық араласудың айтарлықтай азшылықта екендігімен қорытындылайды [240, б. 24].

Дегенмен де, Әбілғазы баһадүрдің шежіресінің «Оғыз елінің жұрттары онда неше жыл, қалай отырғандары және түрікмен деп неге аталғандығы туралы» деген бөлімінде келтірілгендей: «Мауераннахрға түскен түрікмендерді тәжіктер әуелі түріктер деп еді. Бес-алты ұрпақ өткен соң жердің, судың әсерімен шекелері қысық, көздері үлкен, жүздері кіші, мұрындары үлкен бола бастады. Түрікмен жұртына келіп отырған елдерден тұтқын, саудагер Мауераннахрға келе бастады. Оларды көріп тәжіктер түріктер деді, бұрынғы түріктерге түрікменд деп ат қойды, оның мағынасы – түрікке ұқсас деген. Қара халық түрікменд деп айта білмеді, сонан соң түрікмен деді» [5, с. 22]. Абу Райхан Бируни еңбегінен де түрікмендердің «түріктерге ұқсас» деген пікірді кездестіруге болады.

XIV ғасыр тарихшысы Рашид ад-Динде: «Оғыз тайпалары өз аудандарынан Мауераннахр елі мен Иран жеріне келген кезде климаттың әсерінен олардың жүздері біртіндеп тәжіктердің сырт келбетіне ұқсай бастады, бірақ та олар нағыз тәжік болмағандықтан да оларды тәжіктер «түркман», яғни «түрікке ұқсас» деп атады. Осы себептен де бұл атау Оғыздың барлық тармағына таралған, және олар осы атаумен танылды» [19, с. 45],– деген мәлімет бар. Мұндай пікір келесі ғасырларда дүниеге келген еңбектерде де көрініс тапты. Мысалы, дәл осы суреттеуді Языджы-оглу Алидің «Тарих-Али-и Сельджук» деп аталатын еңбегінен де кездестіреміз [243, с. 22]. Бұл жерден жергілікті халық пен келімсек моңғолоидтық оғыздардың араласу үдерісін аңғарамыз.

Ал М. Қашқари өзінің «Түбі бір түрік тілі» атты еңбегінде «Түрікмен – оғыздар. Олардың түрікмен деп аталуы жайында мынадай аңыз бар:

Зұлқарнайын Самарқанттан өтіп, түркі шаһарларына жол тартқанда түркілердің Шу есімді жас хақаны бар еді. Ол көп қосынға ие болатын. Баласағұнға жақын Шу қорғанын салдырып, өзі басқаратын. Осы қорғанның алдында күн сайын бектердің құрметіне үш жүз алпыс мәрте барабан соғылатын. Бұхаралары оған «Зұлқарнайын жақындап қалды. Онымен соғысамыз ба, қандай жарлық бересіз?» деп сұрайды. Бұл кезде хақан Шу, Ходжент өзенінің бойына қарауыл қойып, Зұлқарнайынның сол өзеннен өтер уақытын хабарлап тұру мақсатымен шолғыншы топ – қырық тарханды жіберген екен. ...Зұлқарнайын өзеннен өткенін хабарлағаннан кейін Хақан дереу дабыл қағып, түн ортасында шығысты бетке ұстап жолға шығыпты. Хақанның дайындықсыз көшкенінен қауіптеген халық арасында дүрлігу болып үріккен ел кезкелген көлікке міне салып, хақанның соңынан еріпті. Хақан мен оның қосыны түнделетіп үріккен кезде көлік таба алмаған жиырма екі адам

жұртта қалып қойыпты. Олардың аты-жөндері мен малына басатын таңбаларын да көрсеттім. Мысалы, қынық, салғур т.б.

Сол жиырма екі бала-шағасымен үріккен елдің соңынан жүру-жүрмеу жөнінде кеңесіп отырғандарында қастарына тағы да екі адам келіпті. Олардың бала-шағалары да жандарында, жүктерін арқалап, терлеп-тепшіп, шаршап-шалдығып келе жатыр екен. Жұртта жиналып отырғандар «Зұлқарнайын жортып жүрген жолаушы, бір жерде тұрақтай алмайды. Біздің жерге де тұрмайды, кетеді. Біз бәрібір өз жерімізде қаламыз. «Қал аж – Осында қалыңдар» депті. Сонымен, олар бертін келе Қалаж атанып кетіпті. Қалаждардың негізі солай. Олардың бар болғаны екі-ақ ру.

Зұлқарнайын келгеннен кейін жұртта қалғандардың ұзын шаштары мен түріктерге ұқсас белгілерін көріп, олардың өздерінен сұрамай-ақ, «Түрік мананд – Түріктерге ұқсайды» депті. Сонан бастап Түрік деген сөз оларға есім болып кетіпті.

Түрікмендер негізінен жиырма төрт тайпа. Бірақ екі тайпасын құрайтын Қалаждар кейбір жағдайда олардан бөлек саналады» [18, б. 55], –деп жазады. Жоғарыда айтып кеткенміздей, ортағасырларда араб жаулаушылығымен байланысты оғыздардың ислам дінін қабылдаған бөлігінің түрікмен атағандығы жайында да әңгімелер бар (әл-Марвазидің еңбегінде айтылады). Бұл түсінікті османдық сарай тарихшысы Мехмед Нешри: «Хиджраның үш жүзінші жылы (б.з. 999 жылы) екі мың түрік шатыры исламды қабылдап, мұсылман болды. Сондықтан да оларды түрікмен деп атады», – дейді [112, s. 368]. Яғни оның талдауы бойынша түрікмен – екі сөзден құралған: «түрік» және «иман». Сонымен бұл атау исламды қабылдаған (иманын келтірген) түрік деген мағынаны білдіреді.

Сапармұрат Түрікменбашының «Рухнама» атты еңбегінде Оғыздардың ислам дінін қабылдағандар мен қабылдамағандар арасындағы алауыздықты және олардың іштей екіге қалай бөлінгендерін түсіндіреді: «... Исламның тез таралуы Оғыз-түрікмен мемлекетінің өз ішінен алауыздық туғызды, мұсылмандықты қабылдаған оғыздар одан бөлінді. Басқарушы Дукак, лақап аты Демир-Яйлы (Темір Садақ) Оғыз хан мемлекетінің басқарушысымен таласқа түседі, оның баласы Селжұқ мұсылмандықты қабылдап, туысқан қауымынан бөлінеді. Тарихтағы өзінің даңқына Ұлы Оғыз түрікмен мемлекеті ұлы данагөй, әскери қолбасы Селжұқ бекті тәрбиелегенімен лайық, ол түрікмен селжұқтары империясын негіздегендердің атасы» [244, б. 206].

Түрікмендер – еуропоидтық ирантілдес тұрғындармен араласқан оғыздардың бір бөлігі деп түсініктеме береді Тамара Т. Райс [245, с. 16]. Бұл пікірді ортағасырлық автор Абу Райхан Бируни дерегімен де нықтай түсуге болады. Ол түрікмендер деп түріктер мен мұсылмандар арасындағы аудармашыларды атайды.

Бұл мәселеде алғашқылардың бірі болып француз ориенталисті Де' Эрбело өз еңбегінде қазіргі Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан тәрізді Орталық Азия мемлекеттері халықтарына, орналасуы және қалалары мен басқарушы хандарына қатысты мәліметтерді топтастырған.

Ол көптеген араб, парсы деректерін топтастыра отырып, оғыздар мен түрікмендердің пайда болуы мен тарихи тағдырына қатысты деректерді тарихи айналымға енгізеді. Және де бұл бүкіл Шығысқа арналған тарихи сөздік болып есептеледі. Онда шығыс пен солтүстікке ығыстырылған түркілердің дініне байланысты өзара екіге: бірі дінге сенетіндер, ал екіншілері сенбейтіндер болып бөлінгенін айтады. «Оғыз ханның балалары, – дейді ол, – және оның ұрпақтары тек Мауереннахрға, яғни Трансоксианға ғана емес, сондай-ақ Жейхун өзені мен Хорасанның шекаралық шегіне дейін таралған. Жергілікті жердің әйелдеріне үйленіп, балалы болған. Өздерінің әкелерінің тілдеріне тән қатқыл дыбысты сақтады және хорасандықтар оларды түрікмендер, не болмаса туркомандар, яғни түріктерге ұқсас деген атау алды. Парсы тілінде түрікмен немесе туркманенд осындай мағына беруші еді» [56, б. 113]. Оғыздар мен түрікмендердің шығу тегіне қатысты мұндай көзқарасты ағылшын шығыстанушысы Х.Г. Раверти (H.G. Raverty) да нақтылай түсіп, «тюрк», «маненд» сөз тіркестерінен түркімен атауы шыққанын және оның парсы тілінен аударғанда «түркілерге ұқсас»деген мағынаны беретіндігін айтады [102, s.119]. Бұған назар аударған А. Вамбери еуропалық зерттеушілердің алғашқыларының бірі болып човдур, салыр, гоклен, текин және басқа да түрікмен тайпаларының рулық бөлінісін сипаттаған еді [104, s. 567].

Жоғарыда келтірілген түрлі деректерді кейін келе зерттеуші-ғалымдар да өз еңбектерінде пайдалана отырып, бұл мәліметтердің шындықтан алыс жатпағандығын атап көрсетеді. Мысалы, түрік этнографы И.Кафесоглу мен оның көзқарасын одан әрі дамыта түскен Фарук Сумер [103, s. 120] де осы көзқарасты ұстанады. Яғни, ол «түрікмен» – «түркі халықтарының түбірі», «нағыз түрік» дегенді айтады. Мұндай көзқарастар топонимикалық атауларға талдау жасау кезіндеолардың мәні мен мағынасын аша түседі. Сонымен 1040 жылы Селжұқ тайпасынан шыққан көсемдердің бірігуімен оғыздар Түрікмен аймағын жаулап алып, түрікмен халқының қалыптасуында басты рөл атқарды. Отырықшы халықтармен араласып түрікмендер деп аталды.

Түрікменстан және оның аймақтары Ұлы Селжұқ мемлекетінің негізіне айналады. Селжұқ мемлекетінің негізін қалаған оғыз түркілері тұрғындардың өсуімен және көрші елдермен қатынасының орныгуына байланысты батысқа қарай қоныс тебе бастады. Кейінірек олардың қонысының шекарасы Иран, Араб түбегіне, қазіргі Әзербайжан және Түркия аймақтарына қарай да таралды. Осылайша Селжұқ мемлекеті әлемдегі ірі державалардың біріне айналды [108, s. 50]. «Селжұқ-наменің» айтуынша, Түрікменстан мен түркілене бастаған оның айналасы және бұл бүкіл әлемге түркілердің таралған аумағы деп те айтылады. Жалпы түркілердің түркілік ортақ тамыры мен тарихын, олардың әлемге таралуын, бір-бірімен қарым-қатынастарын осы еңбектен аңғаруға болады.

Селжұқтар – оғыздың қынық тайпасының тумалары. Оғыз балаларының бірі Ай ханның ұрпақтары Жентте үлкен мемлекет құрды. Олардың біразы Мауераннахр және Бұхарадағы түрікмен туыстарына ауысады. Ислам дінін қабылдап, селжұқтар жасыл ту астында өздерінің тайпаластарымен соғыс жүргізді. Соғыста ірі табыстарға жеткеннен және өз тайпаластарының арасында

жағдайларын орнықтырғаннан кейін селжұқтар Газневидтермен шайқасады. 1040 жылы Оңтүстік Түрікменстанның борпылдақ құмында орналасқан Данданакан қорғанында газневидтер сұлтаны Масуд әмір мен селжұқтардың атты әскерінің басшысы Тоғрыл бек, Шағры бек және Мұсы байғының (Мусы-байгу) арасында шешуші шайқас болып өтеді. Селжұқтар газневидтерді жеңіп, Орта Азияның қожайындарына айналуына мүмкіндік туады. Осындайда көпсанды оғыз-түрікмен тайпалары Исраил ибн Селжұқтың ұрпақтары айналасында консолидацияға түсе бастады. Селжұқ мемлекетінде тайпалық бөліністер сақталып қалды. Мысалы, жоғарыда айтылғандай, оғыз конфедерациясы 24 тайпадан тұрып, оң қол – «боз оқтар» және сол қанат – «үш оқтар» деп бөлінгенібелгілі. Міне, осы бөлініс Селжұқ мемлекетінде де сақталынып қалды да, боз оқтар көп артықшылықтарға ие болды.

XI ғасырдың соңында селжұқтар Иран, Ирак, Закавказье, Кіші Азияның үлкен бөлігін жаулап алды. Жоғарғы сұлтан жерді өзінің қарамағындағы оғыз әскери аристократтарына бөліп берді де, осы территорияларда біртіндеп түрлі сұлтандықтар пайда бола бастады [238, с. 64].

XV ғасыр тарихына арналған «Китаб-и Диярбакрий» еңбегінде мемлекет басшысы Ұзын Хасан (1453–1478) өзінің Оғыз ханның ұрпағы, және баяндыр тайпасынан екендігін сөз ететін тұсы бар [245, s. 11-22]. Османдық тарихшы Мехмед Нешри өзінің Баязид II (1481–1512) сұлтанға арнайы жазған «Джихан-нама» шығармасын Оғыз хан тарихымен тікелей байланыстырады [112, s. 8-21]. Бұл жерден XV ғасырдағы мәдени, саяси оқиғаларда Оғыз-түрікмендердің ықпалының зор болғандығын байқаймыз. «Түрікмендер мемлекеті Оғыз хан дәуірінен бастап, Азия мен Еуропа тағдырына өшпейтін тарихи із қалдырды. Түрікмен оғыздардың өрлеуі I ғасырдан XIII ғасырға дейінгі тарихи ұзақ мерзімді қамтиды. Парфиян мемлекеті, Газневи түрікмен мемлекеті, түрікмен селжұқ империясы және көнеүргеніш түрікмендері патшалығы әлемнің тарихи-саяси ауа райына айтарлықтай әсер етті, сол кездегі дәуірдің өркениетіне үлес қосып, экономикасы мен мәдениетін биік деңгейге көтерді» [244 б. 195].

1153 – 1157 жылдарда көшпелі оғыз тайпалары мен Хорасан халқы бірігіп, көтеріліске шығып, Селжұқ мемлекетін талқандады. XII ғ. аяғы мен XIII ғ. бас кезінде Түрікмен территориясы хорезмдіктерге тәуелді болса, кейіннен 1219, 1221 жылдары бұл аймақты Шыңғыс хан әскері басып алады. Осыған байланысты көрсетілген территория Шағатай басшылығындағы Алтын Орданың және Хулагидтер мемлекетінің құрамына бөлініп кетті.

«XIII-XIV ғасырларда түрікмен халқының қалыптасу үдерісі өрістеп, оның құрамына языр, салар, али секілді солтүстік түрікмен жерін ежелден мекен еткен түрікмен тайпалары және Үстірт пен Маңғыстаудағы аралас тайпалар енді» [246, б. 131-132].

Оғыздар бастауын Алтай мен Оңтүстік Сібірден алатын түркітілдес көшпелі тайпалардан конфедерация құрылғандығы белгілі. Түрікменстан территориясында өмір сүрген халықтарды жаулай отырып, олар өздерінің түрік тілін енгізді, және де этникалық жағынан басымдық таныта отырып, белгілі бір

дәрежеде генеалогиясын да енгізді. Оғыздар үшін де және олар жаулап алған халықтар мен тайпалар үшін де аңыздық атасы Оғыз-хан болды [240, с. 9].

«Түрікмендер мен Оғыздардың арақатынасына келер болсақ, Бирунидің айтуынша, исламды қабылдаған оғыздардың бір бөлігі түрікмендер деп аталды. Шындығында да зерттеуші Притцак «Түрікмен» атауын парсы тілінен «иманды түрік» деп аударады. Зерттеуші С.Г. Агаджановтың пікірінше, Орта Азияға енген оғыздар осында байырғы тұрғындармен, негізінен алғанда ирантілдес халықпен ассимилияцияға түсіп, ақырында, XI ғасырдың екінші жартысында ескі «Оғыз» атауын «Түрікмен» атауы біржолата ығыстырып шығарды. Әйгілі селжұқтар әулеті де осы оғыздардан тарады және Қытайдан Египетке дейінгі ұлан-ғайыр аймақты өздеріне қаратты. Алайда, «Оғыз» атауы ешбір елде сақталмай, тарих қойнауына кетті» [125, б. 48-49].

Жалпы, тарихшы, этнограф, археологтар мен антропологтардың кешенді зерттеулері ортағасырлардағы Орта Азия мен Орталық Азия, оның ішінде Түрікменстанда, яғни түрікмен этногенезінде өзіндік орны бар ежелгі түркілер (түрікмен-оғыздар) мен жергілікті ирантілдес тайпалар орналасқан аймақтардағы этногенетикалық үдерістердің күрделі болғандығын көрсетеді. Түрікмен жеріндегі түркі емес элементтердің тілдік қатынасында түркілену үдерісі оғыздардың алғашқы толқыны келгенге дейін-ақ, яғни IX ғасырға дейін басталғанымен де, бұл үдерістің белсенді қатысушылары Мерв, Балх және Дихистан аудандарында өмір сүрген түркілердің өздері және Балқанда өмір сүретін оларға туысқан тайпалар еді. Әсіресе, IX-X ғасырларда оғыздардың келуімен Түрікмен территориясындағы түркілену үдерісі күшейді.

Түрікмендер этногенезінің қалыптасуында тек қана оғыздар қатысты деуге келмейді дегенмен де, басқа этникалық топтарға қарағанда олардың үлес салмағы айтарлықтай жоғары болған. Түрікмен халқының тарихи дәстүрінде оғыздарға басты орынды беретіндігі де кездейсоқтық емес.

Зерттеуші С.Г. Агаджанов өзінің IX-XIII ғасырлардағы Орта Азиядағы түрікмендер мен оғыздар тарихына арнаған зерттеуінде: «Отырықшылармен, негізінен ирантілдес халықтармен араласқан оғыздардың бір бөлігі түрікмендер деп аталды. X-XI ғасырдың алғашқы ширегінде бұл термин негізінен метистенген және исламдануға ұшыраған батыс Жетісудың және Сырдариянң орта ағасының оғыздар тобына қолданылды. Өздерін түрікмендер деп атаған Жетісу оғыздарының бір бөлігі X ғасырда Ордаға билік жасаған билеушіге тәуелді болды. Ал түрікмендер мен оғыздардың Сырдариянң орта ағысында және Қаратаудың етегінде көшіп жүрген екінші бір бөлігі тегінде Ескі Гузияның билеушілерінің ықпал ету аймағына кірді», – былай деп жазады [8, с. 17].

Халықтарды өзара топтастыратын, біріктіретін туыстық ерекшеліктер қатарындарухани да, материалдық та мәдениеттер болатынын білеміз. Бұл өз кезегінде оғыздардың бір бұтағы саналған түрікмендердің ауыз әдебиеті үлгілеріне салыстырмалы зерттеулер жүргізгенде одан әрі айқындала түскендей. Мысалы, «Қорқыт Ата кітабындағы» жырларда кездесетін басты қаһарман Қазанбек есімі туралы айта кетсек, бұл есім түрікмендердің

«Көроғлы», «Жүсіп пен Ахмет» сияқты эпос-жырларында жиі кездесіп отыратындығыжәне оның тарихи бейнесі мен болмысынан Әбілғазының шежіресіндегі деректер де хабар береді.

Түрікмендер этногенезіне қатысты деректерді былайша топтастыра отырып талдауға болады: 1) шығыстілді ортағасырлық авторлардың еңбектері (әл-Балазури, Бейхаки, Бекран, Гардизи, Әбілғазы және т.б.). Бұл авторлардың еңбектері «Материалы по истории туркмен и Туркмении» атты екі томдық құжаттар жинағында жинақталған; 2) Батыс Түрікмен жеріне келген еуропалық саяхатшылардың есептері, жазбалары және күнделіктері жатады. Ертедегі саяхатшылар түрікмендердің этникалық құрамы туралы мәліметтерді аз қалдырған. XIX ғ. авторлары, оның ішінде Н.Н. Муравьев, И.Ф. Бларамберг және т.б. еңбектерінен түрікмен тайпаларының орналасуы мен тарихы туралы мәліметтерді ала аламыз.

IX ғасырдан бастап ортағасырлық авторлар оғыздарды Балқан аймағына орналастырады да, олар XI ғасырға дейін тарихи деректерде аталып отырады. Оғыздармен бірге язырлар да аталады. Жазба деректерге қарағанда, XI ғасырда мұнда селжұқтар мен түрікмендер (олардың тайпалық тиесілігі айтылмай) орналасады. Жалпы жазба деректерде ортағасырлардағы тайпалардың арасында қандай да бір сабақтастықтың, байланыстың болу мүмкіндігі туралы, халық арасындағы ерекшеліктер жекелеген ортағасырлық тайпалар мен Балқан тайпалық топтарының арасындағы байланыстары айқын көрінбейді.

Сондықтан да тек қана жазба деректермен шектелу этногенез мәселесін зерттеу кезінде түбегейлі шешім табуға мүмкіндік бермейді. Сондықтан да маңызды деректердің қатарында ортағасырлық және жаңа кезеңге қатысты қатардағы жерлеу орындары мен жекелеген мәдени құрылымдар деректерінің мәліметтері де біздер үшін маңызды дерек түрі болып табылады. Себебі шаруашылық түрі мал шаруашылығымен байланысты болған көшпелілер өздерінің артында осындай ескерткіштік мәліметтер қалдырған: «...Түрікменстан ежелгі археологияда ұмыт қалған. Дегенмен де, оларды зерттеу түрікмен халқының тарихы бойынша мәселелерді талдауда нағыз жаңа құжаттық материалдар берер еді» [247, с. 55]. Деректің бұл түрі этнографиялық материалдан археологиялық мәліметке көшуде өте маңызды ерекшелікке ие. Бұл қазіргі халықтар мен ортағасырлық тұрғындар арасында қандай да бір сабақтастықтың, байланыстың бар екендігін анықтауға көмектеседі. Ортағасырлық жерлеу орындары, айтарлықтай уақыт алшақтығы болса да, маңызды да құнды, шынайы мәліметтерді қалдырған.

Осы мәселе төңірегінде зерттеуші А.В. Гудкова Кердері мәдениетінің оғыз-түрікмендердің этникалық мәселесіне қатысты талдай отырып, мынадай тұжырым жасайды: 1) Бұл аймақ белгілі бір дәрежеде оғыздардың бақылауында болған, бірақ мұнда Хорезм ықпалы да болған; 2) Кердері тұрғындары Сырдария оғыздарымен тығыз әрі достық қатынаста болған және оларға қарсы күресуден қорықпаған. Автор бұл жағдайды Кердері тұрғындары мен оғыздардың мәдени және саяси орталықтары құрылған аудан халықтарымен

арадағы генетикалық байланыстардың болғандығын ескере отырып айтады [248, с. 77-85].

Осындағы бірінші пікірге сәйкес ортағасырлық авторлардың бірі Истахридің мәліметін қосымша келтіре кетуге болады. Ол оғыздар елінің Джурджаннан Фарабқа дейінгі жерді алып жатқанын жазады [249, с. 7]. Және оғыздар жері Тараздан Фараб, Сүткент, самарқандық Соғды, Бұхара ауданы мен Хорезм арқылы Арал теңізіне дейінгі алқапты алып жатыр дейді. Бұл екі мәлімет те оғыздар еліне Әмудария мен Сырдария өзендері сағасының аралығы және Кердері де кірген болуы мүмкін деген пікірге алып келеді. Макдисидің мәліметінде Әмудариянның Арал теңізіне құятын тұсын Халиджан деп аталған. «Осы теңіздің жағасына жақын Халиджан маңы – оғыздардың жері. Бейбіт күндері оғыздар бір жағынан Бератегин тұрағына, екінші жағынан Джурджанияға келіп тұрады. Бұл екі тұрақ та шекаралық пункттер», – дейді ол [31, с. 210]. Мұндағы Бератегин тұрағының орналасуы жөнінде бірнеше пікірлер бар. Дегенмен де, ол Әмудария өзенінің оң жағалауында орналасқан болуы керек. Және мұндағы атау түркі тілінде, ал бұл кезеңде сағадағы топонимдердің басым бөлігі ірантілдестірілген болатын. Ал мұндағы Жаңадария бассейні оғыз мемлекетінің құрамында еді. Оның үстіне Әмудариянның шығыс құярлығында Кердері тұрғындарының бір бөлігі қоныстанған еді. Осыдан Кердері тұрғындары мен оғыздардың арасында тығыз байланыстың болғандығын көреміз. Кердері екі жақтық ықпалда – Хорезм мен оғыздардың ықпалында болған. Яғни, IX-XI ғасырларда Кердері отырықшылар мен көшпелі халықтардың араласуы мен белсенді байланысы орнаған аудан деп айтуға болады. Әртүрлі этникалық негізде пайда болған тұрғындардың метистенген аралас тобы түрікмендер деп аталған. Міне, осы тұрғыдан келгенде Кердері түрікмендердің бір тобының құрылған ауданы ретінде көрінеді. Бұл ортағасырлық авторлардың да жазба мәліметтерімен нақтылана түседі. Мысалы, жоғарыда айтқанымыздай, Марвази «Оғыздар исламданған аумақтармен көрші болғаннан кейін олардың бір бөлігі исламды қабылдап түрікмендер деп аталды. Ислам дінін қабылдағандар мен қабылдамағандар арасында жауластық басталды... Мұсылманданғандарды көшпелі пешенектер жағына қарай қуып ығыстырды», – дейді [249, с. 8]. Марвази жазып қалдырған осы деректерден аңғарғанымыздай, бұл территория Хорезмнің оң жағалауында жатыр. Осыған сәйкес түрікмен атауының аталуы осы ауданға сәйкес келеді. Көрсетіліп отырған мәліметтерге қарағанда Кердері территориясында түрікмен тобының бірі құрылған және бұл үдеріске Кердері тұрғындары да өз үлесін қосқан. Кердері мәдениеті түрікмен этногенезінің бір бөлшегі ғана. Бірақ этногенез мәселесінде осындай жекелеген тұстарды зерттеу арқылы ғана толықтай бір халықтың қалыптасу үдерісін аша аламыз.

Тасқа қашалып басылған таңбалар мен оғыздардың әрбір тайпаларына берілген таңбаларды салыстыру барысында да көптеген бірегейліктер мен сабақтастықтың болғандығын, сондай-ақ түрікмендер мен оғыздардан тараған тайпалардың арасында қандай да бір этногенетикалық байланыстың орнағандығын айқын аңғаруға болады. С.П. Поляковтың «Средневековые

погребения Северо-Западной Туркмении (К проблеме этнической истории туркмен)» атты кандидаттық диссертация түріндегі зерттеу еңбегінің археологиялық мәліметтер арқылы оғыздардың миграциялық толқыны мен ертеден Түрікмен территориясымен шектескен аймақтарда орналасқан оғыздар тайпаларының түрікмен этногенезіндегі орнын айшықтауда маңызы ерекше. Ол жазба деректерінде кездесетін мәліметтерді археологиялық деректермен салыстырмалы талдаулар жасай отырып зерттей келе мынадай қорытындыға келеді: жерлеу орындарының қай тайпаға тиесілілігін анықтау үшін жазба дерек мәліметтерімен қатар, этнографиялық мәліметтер, қабір тастарында басылған бедерлі таңбалар пайдаланылған. Археологиялық мәліметтерден көретініміз жергілікті тұрғындарға тиесілі материалдардың да ұшырасатындығы. Бұл жерден оғыздармен қатар өмір сүрген өзге де түркі тайпаларының баршасы бірден жан-жаққа қоныс аудармай, осы аймақтарда тұрақты қоныстану нәтижесінде ассимилияциялық араласулардың болғандығын көреміз.

Қабір тастардағы таңбалық белгілер жазба мәліметтермен (М.Қашқаридің, Әбілғазы мен Рашид ад-Диннің) өте жақын. Сонымен бірге заттай деректер табылған жерлерді оғыз тайпалары мекендегендігі туралы ақпараттар да кездеседі. «Түрікмен шежіресі» дерегінде автор Түрікмен аймағының батыс бөлігінің айтарлықтай көлемді жерін язырлардың XI-XIII ғасырларда иемденген жазады [250, с. 12]. Олар туралы жазба деректері де мол мәлімет қалдырған. Сондықтан да осы XI-XIII ғасырлар аралығын – языр кезеңі, ал тайпалық топты – язырлық деп атауға болады.

Ортағасырлық жерлеу орындары Батыс Түрікмен аумағындағы тайпалардың орналасуын қалпына келтіруге де көмектеседі. Балқанда бұл кезеңде язырлар мен игдерлер өмір сүрген. Олардың солтүстік бөлігіне қарай язырлармен бірге дудырға, ула-йондулуг, салор, дукерлер орналасты. Маңғышлақта салорлар, язырлар, баяттар, чепнелер, баяндурлар мен афшарлар өмір сүрді. Копет-Даг тау бөктерінде, Бахарденнен батысқа қарай язырлар орналасты. Олардың жерлеу орындары осындағы Сумбар мен Чандырда кездеседі. Шарлоук ауданында осы кезеңге жататын жерлеу орындары анықталып, ол бектілі, игдер, қайыг, баят және афшарларға тиесілі екендігі анықталды. Одан солтүстікке қарай Мешед-Миссариан аумағында язырлар мен салорлар өмір сүрді [250, с. 13].

Көріп отырғанымыздай, Түрікмен территориясының батыс бөлігінде оғыздардың аталмыш тайпалары жергілікті тұрғындармен қатар өмір сүрген. Мұның дәлелі – үлестірілген таңбалардың да жерлеу орындарынан кездесетіндігі. Бұл жоғарыда аты аталған оғыз тайпаларының жергілікті тұрғындармен араласып өмір сүргендігін және де белгілі бір дәрежеде XIII ғасырға дейін олардың арасында этникалық байланыс орнағандығына дәлел бола алады.

XI-XIII ғасырлардағы қабір құлпытастарында кездесетін таңбалар айтарлықтай азшылықта. Қабірлердегі ұшырасқан табыттардың көптігіне қарамастан оларда тек үш қана рулық таңбалар кездеседі. Осыған байланысты

жергілікті түрікмен халықтары мен оғыз тайпаларының қарым-қатынасы дамып, байланысы нығая түскендігін байқаймыз.

Бұл жағдайға Махмұд Қашқари мен Рашид ад-Диннің шығармаларында көрсетілген тайпалар тізіміне салыстырмалы талдау жасағанда көзіміз жете түседі. Арадағы байланыстың үзілмей жалғасын тапқандығын XIV-XV ғасырларға жататын жерлеу орындарына жасалған зерттеулерден де көруге болады. Мысалы, сөз болып отырған таңбалар осы кезеңге сәйкес келетін ескерткіштерде көбірек орын алған. Бұл кезеңде қарастырылып отырған территорияда салор таңбасы басымырақ. Себебі салорлар қоныстанғанда өте кең аумақты алып жатса керек. Мұның өзі салорлармен генеалогиялық байланысы бар тайпалық топтардың орналасуын анықтауға да мүмкіндік береді.

Өз кезегінде ортағасырлық ауызша деректерді толықтырып тұрған «Оғыз-наме» жырының «Оғыз ханның ұлдарына жерді бөліп беру» принципіне сүйенсек те, аталмыш аумақтарда оғыз тайпаларының өмір сүргендігін нақтылай түсеміз. Мысалы, Көк хан ұлдарының қатарындағы чепнелер мен баяндырлар Маңғышлақ жерінде, ал Ай ханның ұрпақтары дукерлер, язырлар, тұтырқалар және т.б. Балқан жерінде өмір сүрген. Дегенмен де, зерттеулерге сүйенсек, бұлай орналасудан басқа тайпааралық араласа орналасу да орын алып отырғанын байқаймыз. Мысалы, түрлі аумақтарда генеалогиялық өзара байланысы бар Оғыздан таралған тайпалар өзара араласып та өмір сүрген: язырлар салорлармен бірге, салорлар афшарлармен бірге және т.б. жағдайлар кездескен.

Қалай дегенде де оғыз тайпаларының атауы Түрікмен жерінде орналасқан тайпалармен бірге XVII ғасырға дейін аталып келеді. Және де олардың қатарына және құрамына өзге жаңа тайпалардың атаулары енбегендігі байқалады. Бұл дегеніміз оғыздардың түрікмендердің этногенезіндегі орнының маңызды екендігін дәлелдей түседі. Сондай-ақ краниологиялық материалдарға зерттеу жүргізе келе С.П. Поляков түрікмендерде кездесетін долихокранды антропологиялық типі туралы пікірді жоққа шығарады. XI-XVI ғасырлардағы ортағасырлық жерлеу орындарынан долихокранды бас сүйегі кездеспеген [250 с. 17]. Осы мәселеде қарлұқтарға қатысты пікірлер де бар. Кей зерттеушілер қарлұқ тобы құрамындағы тайпалар да түрікмен деп аталған деген пікірді ұстанады. Және бұлай деушілер бұл «таза қанды, нағыз, ұлы және т.б. түркілер» деген мағынаға ие болған деседі. Дегенмен де, бұл көзқарас түрікмендер туралы ортағасырлық деректер мәліметтері мен палеоантропологиялық материалдарымен сәйкес келмейді. Бұл материалдар түрікмен халқы түркітілдес қоныстанушылармен, моңғолоидтық және басқа да элементтермен араласқан аборигенді еуропеоидтық үндіеуропалық тұрғындардан қалыптасқандығын дәлелді көрсетуде [251, с. 13].

Түрікмендер мен Орта Азия, Қазақстан, Кавказ, Иран, Ауғанстан және т.б. шығыс елдеріндегі туысқан халықтармен тарихи және этномәдени байланыста қарастыру этногенез мәселесінде қызықты мәліметтер алуға көмектеседі.

Жоғарыда аттары аталған оғыз тайпалары ауызша деректерге де арқау болып, бүгінгі таңға дейін деректік мәліметтердің тобын құрауда. Ал түрікмен халқының шынайы тарихын қалпына келтіруде халық ауыз әдеби мұраларының үлкен маңызы туралы көптеген зерттеушілер пікірлер айтқан еді. Түрікмен тарихын зерттеуде фольклордың алатын орны туралы кезінде М.Михайлов былай деген еді: «Оларда сенімді тарих жоқ, себебі бұл мәселемен ешкім де айналыспайды; бірақ дәстүрлі деректерде мыңдаған кезеңнің көңілкүйі айтылғанымен, ертегі, аңыздар мен басқа да қоспалар болғанымен, саяси өмірдің ірі оқиғалары көптеп кездеседі» [252, с. 55]. Түрікмендердің шежірелік деректерінде шындыққа сай келмейтін тұстар көптеп кездескенімен де сыни тұрғыдан алғанда түрікмен халқының этногенезін қарастыруда олар маңызды дерек көзі болып табылады. Себебі, сол заман куәгерлерінен бастап ортағасырлық авторлардың жазба еңбектерінен елдерге қатысты қысқаша үзінді түрінде ғана мәліметтер ала аламыз. Сондықтан да фольклорлық шығармалар құнды дерек көзі саналады.

Мысалы, Салыр Қазан атымен, салыр тарихымен байланысты аңыздардағы және түрікмендердің Орта Азияны мекен еткен басқа халықтармен қатынасы жайындағы әңгімелерді зерттеу жұмыстарында кең пайдалануға болады. Себебі Салыр Қазан – түрікмен халқының ортақ тегі ретінде түрікмен тарихи аңыз-шежірелерінде танымал тұлға. Салыр Қазан жөніндегі халық аңызының қысқаша мазмұны мынадай: Салыр Қазан ержүрек батыр болған, жаяу саяхат құрғанды және үлкен мерекелерде ұйымдастырылатын балуандар арасындағы күрес жарысына қатысқанды ұнататын. Осылайша ол Тұран мен Иранның көптеген елдерінде болады. Бір күні оған Иранның ханшайымымен шайқасуы керек болады. Ханшайым кімде-кім мені жеңе алатын болса, соған тұрмысқа шығамын деп жариялаған еді. Соңында Салыр Қазан жеңіп, Иран ханшайымына үйленеді. Ұрпақтары теке деп аталып кеткен Теке Мұхаммет Али атты ұл бала дүниеге келеді. Салырдың екінші бір әйелінен Ерсары, Сарық, Йомут атты ұл балалары болған. Осылайша жоғарыда келтірілген тайпалардың барлығы да Салыр Қазаннан тарайды. Оның пешенектер елінің басшысы алып кеткен әпкесі бар еді. Олар көрші тұрар еді. Салыр қайтыс болғаннан кейін ағалары ер жетіп, әпкесін алып келуді ұйғарады. Ол балалы болғандықтан да ағаларына пешенектермен байланыс орнатуын, яғни өзінің қызын алуын ұсынады. Келісімге келіп, Сарық үйленеді. Осылайша пешенектер мен түрікмендер арасындағы туысқандық байланыс орнайды. Осы аңызда айтылған мәліметтер белгілі бір дәрежеде Әбілғазының мәліметтерімен сәйкес келеді. Әбілғазы салыр елінің пешенектермен көрші тұрғандығын және қандай жағдайда жауласқандығы туралы айтады. Мұндағы пешенектердің бір тобы XI ғасырда батысқа жылжыған еді. Олардың жер атаулары Анкара мен Конья төңірегінде сақталып қалған [103, s. 190]. Махмұд Қашқаридің, Рашид ад-Диннің жазба деректерінен де пешенектердің оғыздар құрамындағы бір тайпа екендігін білеміз.

Аңыздарда Қожа Ахмет Йассауи тұсындағы түрікмендер Түркістан маңында өмір сүріп, егін және мал шаруашылығымен айналысқан делінеді.

Түрікмен әскербасылары Ақман мен Қараман Қожа Ахметтің түрікмендерге деген қатынасына көңілдері толмай, салынған ауыр салықтан құтылуды ойластырады. Арада келіспеушіліктер орын алып, Қожа Ахмет оларды Түркістаннан қуып жібереді. Мұнда тағы да мынадай бөлік бар: Ақман мен Қараман Қожа Ахметтің қарғысынан кейін адам басты итке айналып кетеді де, биік тауға шығып, халыққа: «Оғыздан тараған халық және ақ пен қара тайпаларына қатысы барлар, соңымнан еріңдер. Біз сендерді есігі желдің көмегімен ашылып, жабылатын өлкеге алып барамыз», – дейді. Самарқан түрікмендерінің арасында да осыған ұқсас аңыз кездеседі. Онда Түркістан қаласында өмір сүрген Ахмет Йассауидың жылқы үйірінен бір жылқы жоғалады. Ахмет екі түрікменнен күдіктенеді. Олардың есімдері Ақман және Қараман еді. Олар мұндай күдікке ренжіп, кек алмақшы болады. Сондықтан да өздерінің жылқысын Ахметтің үйіріне жасырын қосып жіберіп, кейіннен өздерінің күдіктерін жариялайды. Ахмет барлық түрікмендердің Түркістан төңірегінен кетуін бұйырады да, олар Қызылқұм арқылы оңтүстікке кетеді. Нұрат тауына жеткен Ақман және Қараманның ұрпақтары осында қалса, өзге жақындары Әмудариядан әрі асады. Нұрат тауында тұрақтаған бөлігі кедей-кепшіктің күнін кешеді де, ақсақ-тоқсақ деген лақап атты иемденді [253, с. 125]. Мұндағы қоныс аудару тұсы XVII ғасырдағы Әбілғазының еңбегіндегі түрікмендердің бір бөлігінің Сырдариядан батысқа жылжуы туралы мәліметінен көрінеді. Ол: «Қылық-бек, Қызын бек, Қараман бек бастаған көптеген ел Маңғышлаққа кетті. Олардың арасында имирлер, дукерлер, игдирлер, човдурлар, қарқындар, салырлар мен агарлар болды», – деп көрсетеді [5, с. 68]. Бұл айтылғандар сондай-ақ, түрікмен-оғыздардың оңтүстік-батысқа жылжуымен сәйкес келеді. Әмудария жағалауына, Хиуа оазисіне, Маңғышлақ жартыаралына түрікмендердің көшуі шынында да орын алып, сондағы халықтармен олардың қақтығысқа түсіп, араласуына алып келді.Дегенмен де,оларөз тілдері мен дүниетанымдарын сақтап қалды.

Көріп отырғанымыздай, қыпшақ тайпаларынан жеңіліс тапқан оғыздар екі топқа бөлініп, олардың бірі қазіргі Түрікменстан территориясына енсе, ал екінші бір тобы Солтүстік Қаратеңіз жағалауына орналасып, орыс жылнамаларында ғұздар деген атпен жазылып қалады [139, с. 64].

Оғыздар тарихын айтқан кезде түрікмендер еске түседі. Жалпы барлық халықтың тарихы тәрізді түрікмен атауының шығуының да күрделі екенін ескеруіміз керек. Оның үстіне жоғарыда айтқанымыздай түрікмендер оғыздардың негізі емес деген пікірді айтатын зерттеушілер де бар. Сонымен қатар XI ғасырдағы Махмұд Қашқаридың «Түрік сөздігінде» қарлұқтарды түрікмендер деп көрсететін жері бар, яғни кейінгі түрікмендер түгел оғыздар тайпаларынан құралды дер болсақ, шындықтан алыстап кеткен болар едік. Бірақ XI ғасырдың II жартысында ескі оғыз атауын түрікмен атауының ығыстырып шығарғаны тарихқа белгілі. Оғыз атауының түрікмен атауымен ауысуы шын мәнінде оғыз атауын тарихи сахнадан мүлде кетірді. Дегенменде, түрікмендер құрамына жоғарыда айтқанымыздай басқа да тайпалық бірлестіктер кіргендіктен түрікмендерді оғыздар деп айтуға негіз жоқ. Басқа

халықтар тәрізді түрікмендер де миграцияға ұшыраған оғыздардан да басқа түркі халықтары, мысалы, қарлұқтарды және т.б. өз қатарына қабылдау арқылы қалыптасқан күрделі этникалық құрылым болып табылады. Сондықтанда бұл мәселеге терең зерттеулердің негізінде ғана іргелі қорытындылар жасауға болады. Оның үстіне Бирунидің түрікмендер дегеніміз мұсылманданған оғыздар деп айтқан пікірі тағы бар. Оның өзі оғыздардың түрікмендердің этникалық құрамын қалыптастыруға қосқан үлесін анықтау барысында этникалық, антропологиялық мәселелерді ғана емес, сонымен бірге рухани мәселелерді де ескеру қажет екенін байқатады. Дегенменде, қалай десекте жоғарыда атап көрсеткеніміздей деректерді талдау барысында оғыздардың жалпы түрікмен халқының этникалық үдерісіне айтарлықтай ықпал жасағанын байқаймыз.

Қорыта айтқанда жоғарыда келтірілген дерек мәліметтері көрсеткендей Түрікменстанның батыс ауданындағы ортағасырлық тұрғындардың құрамы ортағасырларда қалыптаса бастаған және олар өздерінің этникалық тарихында маңызды рөлге ие болып, құрамын толықтырған көптеген шет жақтан келген топтармен де араласқан. Олардың ішінде ең бірінше кезекте тұрғындарға түркі тілін енгізген түркі топтарымен байланысты ерекше айтуға болады. Түрікмен халқының нақты қалыптасуының аяқталуы әлемнің этникалық картасында XI-XII ғасырлардағы Түрікменстан территориясында Селжұқ империясының құрылуы кезеңінде түрікмен атауының пайда болуымен және осы атауды қабылдаған тайпалардың өзара жақындасуларына тікелей байланысты.

2.4 Осман түріктерінің этникалық тарихындағы оғыздар

Ортағасырларда өмір сүрген оғыз бірлестігінің Орталық және Кіші Азия және Кавказ жеріндегі этникалық үдерістердегі орнын ерекшелеп көрсетуге болады. Бірақ мұндайда мынаны ескерген жөн: түріктердің этногенезі– басқа да халықтардың, кезкелген этникалық қауымдардың пайда болып, қалыптасуы сияқты күрделі тарихи үдеріс. Белгілі бір ортақ заңдылықтарды иелене отырып, этникалық үдерістердің әрбір нақты жағдайларда ерекше өзгешеліктерді бастан өткізеді. Мысалы, түрік этногенезінің ерекшелігінің бірі бір-бірінен мүлдем өзгеше екі негізгі этникалық компоненттердің: бүгінгі таңдағы Түркия жеріне көшіп келуші көшпелі-малшылар мен жергілікті отырықшы егінші тұрғындардың жекелеген бөлігінің синтезделуінен байқалады. Біз әрине, түрік этногенезінің, яғни, түрік ұлтының пайда болуындағы оғыздардың этникалық ықпалдастық ерекшеліктерін қарастырамыз. Мұндай талдамалы жұмысқа тарихи фактілер, көбінек-көп жазба деректері және географиялық жер-су атаулары жайында қалдырылған османдық мұрағат деректері көмек көрсетті.

Дегенмен де, бүгінге дейін түріктердің этногенезінің қалыптасуы жөнінде бірнеше пікірлер орын алуда. Осман мемлекетінің әулеттік негізін қалаушы ретінде Оғыздың қайы тайпасы деп тұжырымдайтын тарихи көзқарастар зерттеушілердің арасындағы пікірталастарды ертеден туындатып келеді. Алғашқы кезде Осман әулетінің тарихы, алғашқы Осман шежірешілерінің жылнамаларындағы мәліметтер ешқандай талқылауға жатпай келді. Дегенмен

де, уақыт өте келе XX ғасырда Осман империясының пайда болуы жөніндегі XVI ғасыр басынан бастау алатын Еуропада жаңа тарихнаманың қалыптасуы ұлы империяның негізін қалаушы тайпалар жөніндегі белгілі мәліметтерді қайта қарау талабын қойды. Османдар туралы айтқанда өткен ғасырдағы барлық ислам әлемінің үлкен бөлігінің назарын өзіне аударған «Осман халифатының» тарихы басты назарға алынса, екінші жағынан, османдардың негізін қалаудағы «оғыз-түріктерінің» ықпалы жөніндегі көзқарастарды мақұлдауға көшті. Бұл айтылып отырған пікірлер османдық тарихнамада жемісті пікір-таластар тудырған жаңа зерттеулер мен әдістерді негізге алды. Бүгінгі таңға дейін ғалымдар арасында Осман империясының Оғыздың қайы тайпасымен байланысы болды ма деген мәселе төңірегінде түріктер этногенезіне байланысты біраз еңбектер жарияланды [254, s. 237].

Оғыз тайпаларының аз ғана бір бөлігінің ірі, алып империяны, яғни осман империясын, сондай-ақ, өзге де империялар мен мемлекеттер құруы туралы идеяның идеологиялық тұрғыдан алғанда аңыздық романтикалық тарихнаманың бірі болып табылады деушілер шықты. Мысалы, Феридун М. Емежен осман династиясының ішкі шығу тегіне үңіле отырып, мұны жазған жылнамашылардың өздері де османдық оғыздармен байланысты болды деген ұстанымда болды. Бірақ тарихнама жаңа кезеңдеөрістеп дамығанда османдық деректердің көптеп айналымға қосылуы барысында, османдық династия бастауындағы аңыздық тарихтан біртіндеп тазару басталды [254, s. 238].

Яғни жоғарыда айтылғандардан ұғатынымыз – Осман династиясын құрушылардың және олардың этникалық құраушы тобының оғыздардан болғандығын кейбір батыстық ғалымдар саяси жағдайлардың ықпалына байланысты мойындады дейтін ұстаным ғалымдар арасында орын алды. Сонымен қатар олардың арасында османдықтар тегінің оғыздардың қайыларымен қандай да бір байланысы болды ма деген сауалға жауап іздеген пікір-таластар шықты. Дегенмен де оғыз-түрікмендерінің бүгінгі таңдағы түріктердің этникалық қалыптасуында қандай да бір орны болғандығын, аталмыш территорияға кезінде жаулау барысында оғыз тайпаларының әскерлерінің барып, сол жерде тұрақтап қалып, жергілікті халықпен араласуы нәтижесінде қазіргі түріктердің қалыптасулары орын алды деп айта аламыз. Мысалы, Анадолы жеріне келген оғыз-түрікмендердің жалпы санын анықтауға көмектесетін жазба дерек көздеріне қарағанда Манцикерттегі шайқас барысында жаулаушыларды басқарған Алп-Арсланның қарамағында 55-60 мың әскер болған [255, s. 59]. Осының есебінен Кіші Азия жеріндегі әскерлердің саны өскендігін көреміз. Мұндай мәліметтерді византиялық және селжұқтық деректерден кездестіруге болады. Деректерде Мелик шахтың Анадолыға Артук бей мен Тутак әмір басқарған 100 мың түрік әскерін жібергендігі айтылады. Олар 1072 жылы Каппадокида қоныстанған еді. Бұл туралы Анна Комнина: «Шығыс елінің ішкі жағынан ірі варвар әскерін басқарған Тутах келді» [48, с. 58], – деп хабарлайды. Языджыоглу Али болса, Сүлеймен шахтың Анадолы территориясына алғашында 80 мың (1078–1079 жж.), кейіннен 120 мың әскермен кірген еді дейді [113, с. 45].

Низам әл-Мульктің «Сиясет-намэсі» ондағы Тоғрыл бек (1038–1063), Алп Арслан (1063–1072) және Мәлік шах (1072–1092) секілді оғыздық тегібар ұлы селжұқ сұлтандары туралы айтылғандар билікте отырған Селжұқ династиясының тарихы бойынша маңызды деректердің бірі болып табылады. Міне, осы деректе Мәлік шахтың 400 мың әскері болғандығы жазылған [50, с. 166-167]. Осындағы келтірілген деректі салыстырмалы түрде талдай отырып, М.Х. Йынанч Анадолыдағы әскердің саны 130-140 мың адам болған деп қорытынды жасайды. Себебі әрбір әскер отбасына тайпаның төрт адамы тиесілі деп есептер болсақ, онда барлығы 520-560 мың адам болып шығады. Осылайша, М.Х. Йынанч Анадолыдағы түрік тұрғындарының саны XI ғасырда 1 млн-ға жетті деп көрсетеді [113, s.174]. Екінші бір түрік тарихшысы И. Кафесоглу Анадолыдағы оғыздар саны бұл кездерде 550-600 мың болған дейді. Ал енді осы XI-XII ғасырларда Анадолыдағы түркі тайпаларының негізін оғыздар мен түрікмендер құраған еді. Барлық жағдайды ескере отырып, XI ғасырда Анадолы жерінде орналасқан түркі көшпелілерінің саны (олардың жоғарыдаатап өткеніміздей басым көпшілігі оғыздар мен түрікмен тайпалары болған еді) шамамен 500-700 мың, кейін келе XII-XIII ғасыр басында олардың саны 1 млн-ға жақындады. Түркия жерінде осында орналасқан оғыздардың байындыр, чепне, баят, қарақойынлы [115, s. 6-8], авшар атты тайпа атаулары сақталған. Мұндағы қарақойынлы тайпасы түрікмен мемлекетінің негізін қалауда да белгілі болды. Әбілғазы дерегінен көрінетіндей, бұл тайпалар оғыздың язғыр тайпасының ұрпағы болып табылады.

Зерттеуші Д'Эрбело де Моленвиль шығыстан және солтүстіктен ығысқан түріктерді төмендегішесипаттайды: Шығыстан және солтүстіктен ығысқан түріктер өзара іштерінен дінге байланысты да бөлінген болатын. Өйткені олардың бір бөлігі дінге сенсе, ал екіншілері дінсіздер болатын. Мұсылмандар өздерін Оттомандардан шыққанбыз деп есептейтін оғыздарды о бастан-ақ, діндарлар деп немесе мұсылмандар деп қарастырды, мұндайда оларды Мұхаммедтен көп ғасырлар бұрын өмір сүргені рас па екені есепке алынбады. Алайда олар шындығында да дінге сенетін, яғни христиан болуы әбден мүмкін еді. Шыңғыс ханжәне оның мұрагерлері, тіптен, Темірланның өзі туралы жазылған тараулардан көрінетіндей Шыңғыс ханның және Темірланның хандық құруына дейін-ақ Ордалар және ұлттар өмір сүрді. Олар христиандықты насихаттады. ....Эбн Аль Молаккеннің «Тарих Аль Атрах» деген атпен жазылған еңбегінде айтылғандай түріктердің шығыстықтар деп аталатын жалпы тарихы бар. Ол түрік – Отамандар тарихынан өзгешелеу болып келеді. Шығыс түріктердің қатарына Шыңғыс ханның және Темірланның заманында ірі соғыстар ұйымдастырып, жорықтар жасаған Моғолдар мен Татарлар кіреді. Тарихи деректерде хорезмдіктер, өзбектер өздерін арарилықтар деп атайды, және Шыңғыс ханның Шағатай ұлынан таратылатынөзбектердің бір бөлігі барлығы өздерін Шыңғыс ханның ұрпақтарымыз деп есептейді. Селжукидтер мен оғыздардан таралатын Оттоманидтер немесе Отамандар, түріктер және Азия мен Египеттен келген Тюркомандардан және көптеген т.б. бізге белгілі

ұлттар, атап айтар болсақ, аландар, геттер, жалайырлар, тамғашлар және т.б. бәрі осылай ойлайды [56, с. 113].

Ф. Демирташ Осман империясының авхив қорларынан XV-XVIII ғасырлардағы Кіші Азияны мекен еткен түрікмен тайпалары туралы мағлұматтарды табады. Онда Махмұд Қашқаридің [18, s.44] және Рашид ад-Диннің [14, с. 34], Әбілғазының [18, б. 45; 16, б. 23] жазбаларында көрсетілген тайпа атауларын ұшырастыруға болады. Бұл архив құжаттарын талдай келе, Ф.Демирташ сол уақытқа дейін ірі әрі күшті саналып келген тайпалар қатарының ыдырауынан не болмаса кішігірім топтарға бөлініп кетуінен және тайпалардың басым бөлігінің отырықшылыққа ауысып, жергілікті тұрғындармен сіңісіп кетуі салдарынан бұрынғы ірі тайпалардың ұсақ бөліктерге бөлшектенгендерін көруге болады дейді [116, s. 345-350]. Бұл жағдайды біз қынықтарға қатысты да айта аламыз. Ал кей жағдайда керісінше, бұрын елеусіз кішігірім тайпалар біріге отырып, іріленгендігін айтуға болады. Олардың қатарында авшардың, баят, бейдилилер бар.

Мұндай тайпа атауларының түріктердің кейінгі тарихында да орын алып сақталынып қалуы ғана емес, сондай-ақ «Канун-намэде» (Заңдар жинағы) дәстүрлі оғыздық бөліністің, Осман сұлтаны Сүлеймен I тұсындағы тайпалық әскер басшыларының кеңесі 24 адамнан тұрғандығынан да XI-XIII ғасырлардағы оғыздардың Анадолы түркілерінің арасындағы үлес басымдылығын онда айқын аңғаруға болады. Оған қоса түріктерде оғыздардың рулық таңбалары сақталынып қалды. Мысалы, селжұқтардың монеталарында өздерінің шығу тегі бастау алған қынық тайпасының таңбасы, ал келесі бір түрік династиясы – антукидтерде және кейінгі османдарда – өздерінің тегі болып табылатын қайы тайпасының таңбасы бейнеленген [113, s. 96].

Жоғарыда этногенез мәселесіндегі ең маңызды деген тұстардың қатарында тіл де қарастырылады деп айтқан болатынбыз. Міне, бұл тұрғыдан да түріктердің оғыздық тіл тобына жататындығын және сондай халықтардың бірінен саналатын Орта Азиядағы селжұқ кезеңіндегі түрікмендердің тілдік диалектісімен байланысын алға тартуға болады. Мысалы, Эвлия Челеби өзінің «Саяхат кітабында» («Книга путешествия», 3-том) XVII ғасырдағы Анадолы тұрғындарының тілі туралы мәлімет қалдырады. Онда мынадай жолдар бар: «Түрікмендердің сөйлеу тілі олардың өздері тәрізді Бұхара аймағынан шыққан. Мауераннахрдан Данишмендли, аққоюнлы, Селчук атанып Мауреннахрдан шыққан түрікмендер Анатолияға кірді» [256, s. 1714]. Ал, ортағасырлық авторлардың бірі XIV ғасырдың 30-жылдарының басында саяхаттаған Ибн Баттута жазбаларынан да көреміз. Ол Анадолы тұрғындары туралы: «Анадолыда мұсылман-түрікмендердің билігіне бағынған христиандар көп болды» [41, p. 415], – деген мәлімет береді.

Анадолы жеріндегі түркі тайпаларымен бірге өзге де халықтардың тұрғандығы айқын. Ол жөнінде ортағасырлық жазба деректермен қатар барлық түркі халықтарына ортақ «Қорқыт ата кітабында» да айтылады. Мысалы, Анадолының шығыс жақ бетіндегі оқиғаларды сипаттай келе, яғни «гяуралардың» түркілермен арақатынасы жайлы сөз болғанда, трапезундтық

гректер, грузиндер, абхаздықтар аталады [61, с. 49]. Тағы бір фольклорлық ескерткіштердің бірі саналатын «Сказание о Мелике Данышменде» шығармасында XI ғасырдың екінші жартысынан басталып XII ғасырға жалғасаорын алған тарихи оқиғалар суреттеледі, сонымен бірге Анадолыны мекен еткен тұрғындарының этникалық және діни түсінігі жағынан әртүрлілігі айтылады. Түркілерден өзге онда арабтар, грузиндер, армяндар да өмір сүрген еді [257, с. 82-83].

Міне, осы секілді жергілікті өзге де тұрғындармен қоса селжұқтардың жаулаушылығымен байланысты Кіші Азия түбегіне келген оғыз тайпаларының араласу үдерісі орын алады. Бұл жағдайды жоғарыда осы аймаққа келген оғыз ру-тайпаларының сандық көрсеткіші мен есімдері аталған деректерден көре аламыз.

В.В. Прудников «Норманны в Малой Азии в XI-XII вв.» атты зерттеу еңбегінде Кіші Азия XI ғасырда оғыздар мен түрікмендердің жаулау объектісі болған еді деп жазады. Бұған Ұлы Селжұқ династиясы (1037–1157) сұлтандарының саясаты едәуір ықпал еткен еді. Ондағы мақсат жаулап алынған отырықшы мемлекеттердегі өмір сүру салттарына қиындық алып келген көшпелілерді шекаралық шептерге орналастырып, оларды христиандық мемлекеттермен соғыс жүргізуге бағыттау еді. Селжұқтардың 1071 жылы Манцикерт (түрікше Малазгирт) тұсындағы Роман IV Диоген басқарған византия әскеріне шабуылдары нәтижесінде оғыз және түрікмен әскерлері Кіші Азияға тереңдей енді. Ол жерде басшылығында түркілер тұрған Икон сұлтандығы, Сивастағы Данышменді эмираты, Эрзерумдағы Салтукидтер эмираты және т.б. алғашқы мемлекеттер осылай пайда болды [258, с. 122].

XI-XII ғасырлардағы Кіші Азия тарихы Византия империясы күшінің әлсіреп, түрік әмірліктерінің және крестшілдер иеліктерінің құрылуымен сипатталады. Яғни, мұны батыс-христиандық пен мұсылмандық өркениеттің арасындағы белсенді байланыстардың басталу тарихы деп есептеуге болады. Бұл кезеңде түрік-селжұқтары және норманндар сияқты жаңа жаулаушы-халықтар да тарихи аренаға шыға бастайды. Кіші Азияда оғыздар ертеден мекен етуші жергілікті тұрғындармен: гректермен, византиялықтармен, армяндармен, арабтармен қарым-қатынаста болды. Осы аты аталған халықтардың қай-қайсысының жағынан болса да этникааралық байланыстар өз ізін қалдырмай кетпеді. Мәдени араласулар, байланыстар нәтижесі тарихи шығармалар авторларының еңбектерінде өз бейнесін қалдырды.

Кіші Азия территориясына келгенге дейін көшпелі мал шаруашылығы өмір салтын ұстанған оғыз тайпаларының бір бөлігі мұнда егіншілікпен айналысып, отырықшылыққа көше бастайды. Ол жайында атақты «Қорқыт Ата кітабында» оғыздардың аңшылықпен айналысқаны, жазда жайлауға көшетіндігі, ең басты байлығы саналатын үйір-үйір жылқы айдағаны, сонымен бірге таулы өлкеде олардың жүзімдік алқаптары да болғандығы айтылады [61, с. 22-23]. Міне, бұл жерден біз көшпелі түркілердің Анадолы жерінде тұрақтап қалу үдерісінің бастала бастағанын, оғыздардың жаулап алған территорияда

біртіндеп отырықшыланып, одан әрі жергілікті тұрғындармен ассимиляцияланууы, яғни жақындасулар жүргендігін байқаймыз.

Осылайша жаңа аймақтарға, не болмаса осы уақытқа дейін болған елдімекендерге және қалаларға қоныстанған түркілердің кейбір бөлігі отырықшыланып, осында жаңа кварталдар пайда болды [113, s. 176]. Кей жағдайда бұрынғы жергілікті тұрғындар қалдырып кеткен елдімекендерді өздерінің тұрақтарына айналдырғандар да болды [259, p. 380]. Міне, осы аймақтарды қоныс мекендеріне айналдырғандар кейін келе егін шаруашылығымен айналысып, Кіші Азиядағы шаруалардың негізін қалап қана қойған жоқ, сонымен бірге бұрынғы өздерінің тайпа этнонимдерінің орнына ортағасырлық түркі тайпаларына ортақ «түріктер» деген ежелгі атауға тоқтап, осы есіммен тарихта сақталып қалды. Сонымен ежелгі Түркі қағанатынан бұл этноним осы аумаққа дейін келеді. Этникалық үдерістердің жылдам жүруіне түркілердің отырықшылыққа бейімделе бастауы ықпал етсе, екінші жағынан жаулап алынынған территория тұрғындарының исламдануымен де байланысты болды. Тарихтағы түрлі жаулаушылықтардан көрініс берген астарлы саясаттың бірінен саналатын жаулаушы топтың жергілікті тұрғындарды өздерінің ықпалына көндіруде ұстанатын тәсілдерінің бірі ерікті түрде мұсылмандыққа көшіру селжұқ-оғыздарының да басты қаруы ретінде қолданылды.

Мысалы, осы кезеңге дейін Византия иелігінде болып, олардың ауыр салықтарынан зардап шеккен халық селжұқтардың исламды қабылдағандарға жасаған жеңілдіктерін өздеріне тиімді пайдалана алды. Әсіресе, армяндардың басым бөлігі ислам дінінекірді. Сондықтан да болар Византияның діни қысымшылығынан шаршаған армяндар алғашқы кезеңде Кіші Азиядағы оғыздар мен түрікмендердің пайда болуын қуанышпен қарсы алды [72, с. 67]. Осындағы көптеген армян және грузин, грек және т.б. халықтардың ықпалды жергілікті феодалдары жеке бас мүдделерін, не болмаса жеке саяси игіліктерін көздей отырып ислам дінін қабылдады. «Сказание о Мелике Данышманде» дерегінде көптеген ұсақ феодалдардың жеке бастарының мүддесін ойлап өздерінің діни сенімдерін тез арада өзгерткені айтылады.

Кіші Азиядағы түрік-селжұқтарында бірегей этникалық дүниетаным секілді ортақ этноним де болған жоқ. Көшпелі және жартылай көшпелі түріктер ортақ атаумен «түрік» деп көрсетілсе, кішіазиялық қауымдастықта тайпалық атау мен тайпалық дүниетаным басым түсті. Отырықшылыққа көшкен түркі тұрғындары – отырықшыланған түрік және исламдану мен түркіленуде өзара араласқан түркілер, және жергілікті тұрғындар өздерін ең алдымен мұсылмандар деп атады. Ал «Түрік» этнонимі тек отырықшыланған, шаруаға айналған бұрынғы көшпелі-түркілерге байланысты қолданылды. Түрік халқының этникалық қалыптасуы өзге түркі тілдес халықтардың қалыптасуы сияқты бір текті болған емес. Бір ғана тайпаны түріктердің негізгі тегі деп санауға келмейді, яғни түрік атанғандаркөптеген этникалық компоненттерден құралған еді. Міне, осыдан кейін түрік атанған қосымша бөліктердің бірін XI-XIII ғасырларда Кіші Азия территориясына енген оғыздар құраған еді.

Қазіргі таңда Түркияда орналасқан Анадолы (Кіші Азия) мекені ежелгі кезеңде бірнеше өркениеттің бесігі болып саналады. Моңғолдардың Орта Азияны жаулауы тұсында қайылар бастаған оғыз-түріктерінің батысқа Джелал-ад-динмен бірге кеткен бөлігі Римдегі селжұқ сұлтандарына қызмет етеді. Көп кешікпей олардың әскерлерінің басшысы Ертоғрыл XIII ғасырдың 30-жылдарында Сакарь (грек тілінде Сангарий) өзені бойындағы, византиялық иеліктерімен шектес резиденциясы Сёгюд қаласында орналасқан кішігірім иелікті басып алады. Осы оғыздар Кіші Азиядағы Селжұқтар кезеңіндегі түрік халқын қалыптастырушы құрамды бөліктердің біріне айналды.

Түріктер Оғызды Селжұқ пен Осман династияларының бабасы деп есептейді.

XI ғасырдың басында Кіші Азияға Селжұқ руынан әскер бастап келген оғыздардың ордасы басып кіреді. Византия қала бекіністері лек-легімен ағыла бастаған түркілерден қорғана бастайды. «Олар бақылаушы-күзет қойылған – шығыста Малатья, оңтүстікте Тарсус және солтүстікте Эрзурум «уджамдарын», яғни шекаралық бекеттерін алды» [72, с. 22]. Оғыздар XI-XIII ғасырлардағы Анадолы жеріндегі түркі тайпаларының негізін құрады. Бүгінгі таңға дейін Кіші Азияның шығыс аудандарындағы тұрғындарының өмір сүріп келуі олардың соншалықты күшті этникалық топ болғандығын көрсетіп отыр. Байындыр, баят, чепне, авшар, қарадашлы, қара-қойынлы тәрізді оғыз тайпаларының аттары Түркия аумағындакөп сақталып қалған. Түркі халықтарын ерекшелеп көрсету үшін Кіші Азияда түрік, оғыз және түрікмен деген этнонимдер қолданылады. Байырғы этникалық топтар мен түркі, оғыз-түрікмен тайпалық топтарының араласуы «осман-түркілерінің» құрылуына негіз болды [260, с. 220-221.].

Оғыз тайпалық одағының құрамындағы салардың миграциялық толқыны Әмудария мен Сырдариядан басталып, Каспий маңына дейін, одан әрі батысқа жылжи отырып, Кіші Азия территориясына барып сіңеді. Мұнда салар Шығыс Анадолы топонимдерінде өз ізін қалдыра отырып, араласып кетеді. Қытай жылнамаларында салардың қытай шегіне қарай қоныс аударуы туралы мәліметтер Мин династиясының билігі (1368–1644) жылдарының алғашқы уақытымен сәйкес келеді. Аңыздық деректердің түрлі версияларындағы қырық саларлық отбасылардың жаңа орында қоныстануы 1370 жыл деп өзгеріссіз уақыты көрсетіледі [261].

Бұл көрсетілгендерден аңғаратынымыз – Л.Н. Гумилевтің этногенезге берген «этногенез – этностардың пайда болып және жоғалатын үдерісі» деген анықтамасының айқындығы. Этностардың өмір сүру объективтілігі туралы пікір-таластар әлі күнге дейін жалғасуда. Алайда халықтар өздеріне қойған атаулары (этноним) мен көрші халықтардың оларға қойған атауларын (экзоним) иемденеді. Бұл этнонимдер мен экзонимдер тарихтың белгілі бір кезеңінде пайда болып, ол атауды иемденген қауымдастыққа таралады және келе-келе ол атау да, жазба деректер мен фольклорлық деректерде өз бейнесін қалдыра отырып, тарих бетінен кетеді. Сондықтан да халықтың пайда болуы, оның этногенезі туралы мәселенің орын алуы – заңды құбылыс. Қай халықтың болса

да этногенез мәселесі күрделі болып келеді де, олардың ертедегі этникалық құрамды түзген ру-тайпаларының жұмбақ тұстары көптеп кездеседі. Ол, әрине, ең алдымен осы мәселе төңірегіндегі жазба деректердің мардымсыздығынан, не болмаса мүлдем жоқтығынан орын алады [241, с. 93].

XIII ғасыр басындағы Моңғол шапқыншылығынан Кіші Азияға қарай қаша көшкен оғыздар мен түрікмендер тайпаларының атауларын зерттеуде С.Г. Агаджановтың еңбегі маңызды [8, с. 255; 262]. Олардың арасында қайы тайпаларының бір бөлігіне талдау жасалған. Кей деректерде қайы тайпасының Анкара маңындағы Кара-дагты мекен еткендігі көрсетіледі. Моңғолдардың жаулаушылық жорықтары Балх пен Хорасанға жеткеннен кейін Маханда жүрген оғыздар Анадолы және Әзербайжан жерлеріне қарай көшеді. Осман деректерінде де Хорасанды мекен еткен оғыздардың моңғолдардан қашып Анадолыға келгендері айтылады [263, s. 199]. Сондай-ақ оғыз афшарлардың және салорлардың құрамындағыирандық қарамандардың Оңтүстік Анадолыға қарай кеткендігі де дерек беттерінде жазылған [112, s. 42-43].

Қорыта келе айтарымыз, XI-XII ғасырларда Кіші Азияға түркі тайпаларының көптеп қоныстанғандығын жазба дерек мәліметтері растайды. Олардың ішінде ерекше аталатындар оғыздар мен түрікмендер.Олар мұнда ежелден мекендеген немесе өздерімен бірге көшіп келген басқа түркі тайпаларымен бірге түркітілдес этнолингвистикалық және мәдени қауымдастық құрды. XI-XII ғасырларда көптеген түркілер отырықшылыққа көшті. Осыған байланысты отырықшы түріктердің жергілікті отырықшы тұрғындармен араласу үдерісі орын алып, олар исламданды. Жергілікті көшпелілер элементтерімен араласуы көшпелі түріктерде де көрініс берді. Бұлардың бәрі де Кіші Азияның байырғы тұрғындарының бір бөлігінің түркіленуінің басталуына алып келді.

Сонымен Кіші Азия территориясына келіп жергілікті тұрғындармен ассимиляцияға түсті деп есептелінетін оғыздардың басқаларға сіңісу үдерісін біздің қарастырып отырған хронологиялық шеңберіміздің аясында ғана алып қарастыру мәселені кеңінен қамтуға мүмкіндік бермейді. Екінші жағынан алып қарағанда, мұндағы шығу тегі жағынан бір-бірінен алшақ жатқан түркі тайпалары мен түркілерден өзге армян, грузин, араб және т.б. тәрізді жергілікті халықтардың этникалық әртүрлілігі мәселенің шешімін табуды одан әрі қиындата түседі. Мұның өзі бұл мәселелерді арнайы басқа зерттеулерде қарастыру керек деген шешімге итермелейді.

Сонымен, XI ғасырда Орталық Азиядан шыққан оғыз тайпаларының бір бөлігі түрік-селжұқтары Кіші Азияда өз иеліктерін құрып, белсенді орныға бастады. Бұл тайпалық бөліктің атауы олардың басшысы Селжұқ әулетін құрған Селжұқтың есімімен байланысты болды. Тарихшылар селжұқтардың 1071 жылы византиялықтарды жеңуі Кіші Азиядағы христиандықтың, грек билігінің құлауы мен түрік-мұсылман мемлекеттілігінің жаңа формасының басталуының куәсі деп есептейді. Сонымен, бұл жеңіс Кіші Азия билігінің Селжұқтардың қолына өтуіне мүмкіндік берді. Оғыздар жеңіл әрі тез арада елдің ішіне ене түсті. Осы кейіннен келген оғыз-түркілері Кіші Азияға берік

орнықты, ендігі кезекте олар «жайылым жер іздеп бір жерден екінші бір жерге көшіп-қонып жүрген көшпелілерге емес,олар енді мемлекет құруды ойластырушыларға» айналды. Византиялықтардың жеңілісі селжұқтарға кейінгі он жылда толықтай жаулап алған Кіші Азияға кіруіне жол ашты [264]. XIII ғасырға қарай Анадолыда селжұқтардың толықтай дерлік біріктірулерінен сауданың қайта жандануы орын алды. Олардың астанасы Коньяда 100 мыңға дейін тұрғын болды. Конья қолөнері жақсы дамыған, айырбас сауда, мешіттер мен медреселер көптеп салынған қалаға айналды. Сұлтандықтың иелігі Кіші Азияны шайып жатқан теңіз жағалауына барып тіреліді. Олар 1207 жылы Анталияны, 1214 жылы Синопты жаулап алды. Ресей тарихшылары бұл өзі Кіші Азияда орнығып негізделген түркі тайпалары арасындағы ру-тайпалық құрылыстың қарқынды түрде ыдыраған уақыты деп көрсетеді. Мұндағы көшпелілер мен отырықшы тұрғындар арасындағы өзара жауласушылықтар мемлекеттік құрылымды тұрақты ете алмады. Конья сұлтандығы 1243 жылдан моңғолдардың Ирандағы елханына бағынып, кейіннен 1307 жылдары кішігірім княздіктерге бөлінеді. Олардың арасында моңғолдар шапқыншылығына дейін Эрзурум ауданында өмір сүрген оғыздардың қайы тайпасы бар еді. Кейінірек Караджадаге (Анкараның төңірегінде), соңыра Ертоғрыл басшылығымен барлығы 400 отбасыны құраған тұрғындар батыс Сёгют ауданына жылжиды. 1231 жылы Ертоғрыл акынджы отрядының басшысы бола жүріп, изник византиялықтарына қарсы селжұқ жорығында ерекшеленді. 1279 жылы Сёгют уджы (әскери тұрақ) бейі болып тағайындалды. Оның өлімінен кейін (1281 жылы) ақсақалдар оның ұлы Османды тайпа көсемі және удж бейі етіп сайлайды және бірнеше әскери жетістіктерден кейін оған селжұқ сұлтандығы берілді. 1289 жылы Осман билігі салтанатты сый-сияпаттармен әспеттеліп, (алмас қылыш тапсырып, күмістелген әбзелдерімен ат мнгізіп) «жоғарыдан» бекітілді. Осылайша кішігірім ғана шекаралық шептегі әскер шоғыры ортағасырлық болашақ әлемдік империяның өзегіне айналды.

Оның үстіне османдық бейлик Орта Азиядан келген түркі-қоныстанушыларының екінші толқыны есебінен басқа тайпалардан жоғары тұруға мүмкіндік алды. Олардың қатарында ғұламалар да, саудагерлер де, қолөнершілер де болды. Х. Иналджык: «XIII ғасырдағы Анадолы жерінің барлық қырынан қарағанда да түркілердің отаны іспетті болған. 1279 жылы Шығыс Анадолыдан өткен Марко Поло бұл территорияны Түрікменияға ұқсатқан», – деп есептейді. 1289 жылы Осман өзінің кішігірім иелігінің шекарасын византияның жері есебінен кеңейтуді бастады. Бұл үдеріс XIV ғасырда да өз жалғасын тауып, Османның ұлы Орханның кезінде 1326 жылы мемлекет астанасы Бурсаға көшірілген еді. Біртіндеп османдықтар бүкіл Анадолыны, кейіннен Балқанды өз иеліктеріне қаратты.

Түрік ғалымдары мұндай әлемдік алып империяның пайда болуының бастапқы себептері ретінде діни идеологияның ықпалына баса мән береді: Осман басшылары Византия мен Балқан жерінде діни идеологияны басшылыққа ала отырып, қысқа ғана уақыттың ішінде кең аумақты иеленді.

Ахмед Есеви дервиштің арқасында Анадолы толықтай дерлік өзінің кескінін өзгертті. 1071 жылғы шайқастан кейін «жүздеген мың түрік-оғыздар Шығыс, Орталық, тіпті, Батыс Анадолыға келіп, византиялықтар тастап кеткен жерлерге қоныстанды». Анонимді батыс авторы көрсетілген оқиғаға қатысты: «Түріктердің күштілігі» византиялықтарды бар жері мен қалаларын, қамалдарын тастап, шығысқа кетуге мәжбүр етті», – дейді. «Бұл елде солар үшін кездесу ұйымдастырғандай түріктер мұнда әлемнің барлық шетінен келе бастады» [109, s. 25-26]. Дегенмен де, қоныстанған түрікмен-оғыздардың шешуші рөлі жөнінде Түркия тарихшыларының бәрінің пікірлері бірдей, бір жақты емес. Олардың кейбіреулері түріктер мұнда оғыздар келгенге дейін де болған деп есептейді. Түркі тұрғындарының айтарлықтай бөлігі Анадолы жерінде Малазгирт шайқасына (1071 ж.) дейін де өмір сүрген: «Біз Анадолыны ежелден бері мекен етеміз... Бәлкім, біздің ата-бабаларымыз шумерлер болған...», – дейтіндер бар [265].

С.М. Алиев өзінің XX ғасырдағы Иранның қоғамдық-саяси тарихына жаңа көзқарастармен, ешбір айналысқа түспеген мұрағат құжаттарын, Ресей, Иран, еуропа және араб елдерінің құжатты материалдарын негізге ала отырып жазған еңбегінде Иран, Ирак, Анадолы, Кавказ, Ауғанстан және Үнді жеріндегі түркілердің миграциясы мен жаулаушылығы Ұлы Селжұқтар тұсында кең масштабқа ие болды. Кейінгі ғасырларда Иран мен Анадолыға қоныстанған түркі тайпаларының (ең бастылары – Оғыз, Қыпшақ) шапқыншылығы мен миграциясы жалғасын тауып, осында түріктер саны арта түсті. Этнотілдік ауысым аясындағы маңызды кезеңдердің бірі моңғол жаулаушылығы мен XIII-XIV ғасырлардағы Ильханидтер мемлекетінің өмір сүруі еді. Дегенмен де, моңғолдар бұл аумақтағы түркі халықтарының этникалық құрамына елеулі өзгеріс енгізе қоймады [266, с. 23], – дегенді айтады.

Сонымен кейінгі түрік ғалымдары үшін Манцикерт маңындағы шайқас түріктердің Батысқа жылжудағы алғашқы басты жеңістерінің символы болып табылады. Осы заманда көшпелілердің бір бөлігі жер шаруашылығымен айналыса бастап, отырықшылыққа көшті де, вакфтар құрылды, бірақ олардың саны аз еді [266].

Қайылармен бірге селжұқ династиясы әулетіне кіретін оғыздардың қынық тайпасы да Түркия тарихында Анадолы жерін жаулау мен оны басқаруда маңызды орын иеленді. Әрине, олардың саяси, әскери рөлдері бірде үстемдік алса, бірде төмендеп отырды.Дегенмен де, олар өз белгілерін географиялық орналасуы бойынша тұрғылықты жерлерде Қынық, Қынықлар деген атаумен қалдырды. Осылайша бұл оғыз-түрікмен тайпасы Орталық Азия тарихында географиялық атауларды түркілендіруге өз үлесін қосты [110, б 11].

1071 жылы Мелазгирд шайқасында жеңіске жеткен Алп Арслан түрікмендердің Кіші Азияға келулеріне жол ашты. Рум қақпасына енген селжұқтар Алп Арсланның немересі Сүлеймен-шаның маңына топтасты. 1075 жылы селжұқ мемлекетінің негізін қалап, Сүлейман-ша Кониені, сосын Ызныкты басып алады, соңғысын астана қылып, одан әрмен Тарсус, Адан, Месис, Малтыяға барады. 1095 жылы ол өз қол астына Антакыюды

бағындырады. Бұл жеңістерді селжұқ мемлекетінің екінші сұлтаны Клыч Арслан бекемдей түседі. Бұл мемлекет 1308 жылға дейін өмір сүріп, Анатолияны селжұқ түрікмендерінің отаны етумен даңқы шықты. Және исламды таратуға, түрікмен бектіктерін нығайтуға аса күшті ықпал жасады [244, б. 216-218].

Осман түрікмендерінің мемлекетін 1300 жылы Анатолияда селжұқ түрікмен Ертоғрыл газының ұлы Осман газы негіздеген. Анатолия жерін бірте-бірте түрікмен бектері иелене бастайды. Осман түрікмендерінің мемлекетін құрған солар еді [244, б. 222-223].

Алғашқы уақытта оғыздардың Анадолы жеріне қоныстануы олардың боз оқ және үш оқ, яғни оң қанат және сол қанат деген дәстүрлі бөлінісі негізінде жүзеге асқан еді. Батысқа жылжыған бозоқтар осында оңтүстікте қоныстанса, солтүстікте үшоқ тайпалары орналасқан, яғни орналасу кезінде де оғыздарда қалыптасқан әскери тәртібі белгілі бір мөлшерде сақталған. «Бозоқ» атауы топоним ретінде де кездеседі, Орталық Анадолының солтүстігінде Бозоқ деп аталатын жазықтық бар. Осман империясы кезінде «бозоқ» атауы Анадолының солтүстігінде Йозгат ауданында әкімшілік бірлік ретінде ұзақ уақыт бойы сақталып тұрды [267, с. 83]. Ал енді түрікмен атауына қатысты да әртүрлі пікірлер бар.

Солардың қатарында Түрікмен сөзінің мағынасын жұртта көшпей қалып қойған бір топ халықты «Түркі мұнда!», «Түркілерден қалғандар» депкөрсеткендіктен,түрікмен деген ат таңылып кеткен дейді. Осындай мағлұматтарды негізге алған Ә.Х. Марғұлан IX-XI ғасырларда Қондықер шежіресінің шығуына негіз болған оғыз тайпалары XV ғасырда Түркия жеріне ауып, сол аумақта орнығып, соған сәйкес Осман түріктері атанғанын дәйектеуге тырысқан [81, б. 352-354].

Анадолы топонимдері жөніндегі түрік ғалымдарының зерттеулері осында әртүрлі тайпалық бөліністің болғандығын көрсетуде. Дегенмен де олар жер-су атауларында кездесетін есімдердің барлығы түгелдей тайпа атына қатысты деп айта алмайды. Өйткені кейде тайпаларды басқарушы билеушілердің де есімдерімен сәйкес келіп отыратын топонимдер кездеседі. Мысалы, қайы тайпасының атауына байланысты топонимдер Чанаккаледен Карсаға дейін, Урфадан Манисаға дейінгі кең аумақты алып жатқан территорияға таралған. Селжұқтар кейде қандай да бір өздеріне қосылған жаңа тайпаны алғашқыда елдің ішкі бөлігіне орналастырған. Ондағы мақсаты олардың қаншалықты «сенімді» екендіктеріне көз жеткізудікөздегендіктен еді.Кейіннен оларға сенген кезде ғана шекаралық шептерге қарай ауыстыратын болған. Міне, осы себептен де бір тайпаның бірнеше аудандарда орналасуы орын алып, оларға қатысты топонимдік атаулардың әр жерде кездесіп отыруы әдеттегі құбылыс болып табылады. Тайпалардың бұлайша шашырай орналасуы, сондай-ақ, қандай да бір тайпамен байланысты атауға ие болған әкімшілік бірліктер мен елдімекендер жөнінде мәліметтер СүлейменІ сұлтан тұсындағы жерге қатысты құжаттарда орын алған. Ф. Демирташ XVI-XVII ғасырлардағы османдық мұрағат материалдарынан Эймур, Баят, Авшар, Байындыр, Чепне, Салур және

т.б. түрік оғыздарының атаулары кездескендігін айтады. Кейбір топонимдерде оғыз тайпаларын билеп отырған басшылар (мысалы, Эймур) есімі қылаң береді.

Қорыта келгенде айтарымыз этникалық тарихтағы аса бір маңызды және даулы мәселе түрік этнонимінің Кіші Азия аймағына таралуы туралы мәселе. Егер түрікмен тобына мұсылманданған оғыздарды жатқызатын болсақ, ал Анадолы түріктері дегеніміз кімдер деген сауал туындайды. Жоғарыдағы зерттеулерімізден көрінгендей батысқа жылжыған оғыздар көші әртүрлі кезеңдермен Анадолы жеріне де барған. Және осындағы тайпалардың түріктенуіне бұл шешуші ықпал жасаған. Қалай десекте Орталық Азияның Моңғол үстіртінде кеңінен таралған түрік атауының сандаған ғасырлардан кейін Кіші Азия аймағына барып, XI-XIII ғасырлар аралығында осында түрік этнонимін таратқанын теріске шығара алмаймыз. Алайда, Анадолыға оғыз-селжұқтарының қоныстануы және онда осылардың билікке қол жеткізіп, салтанат құруы нәтижесінде Осман мемлекетінің құрылуы мұның бәрі өте күрделі этникалық, этно-саяси үдерістердің нәтижесі болып табылатынын жоғарыдағы біздің зерттеуімізден аңғаруға болады. Біз Кіші Азия аймағындағы селжұқтардың қозғалысын зерттей отырып, сонымен бірге Осман түріктері мемлекетін XIV ғасырдың басында Анадолыны нығайтуда селжұқ түрікмені Ертоғырлы-ғазының ұлы Осман-ғазының тұсында негізделгенін нақтылай түстік. Яғни Осман түріктері қалай десек те өздерін байырғы оғыздар мемлекетінің тарихын жалғастырушылар ретінде көрсете алады деп ойлаймыз. Тарихи деректер Анадолы түріктерінің этникалық құрылымының қалыптасуында оғыздардың, әсіресе, оғыз-селжұқтарының шешуші ықпалы болғанын айқын байқатады.

3 ОҒЫЗДАРДЫҢ ҰЛЫ ДАЛА ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ РУ-ТАЙПАЛАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ЫҚПАЛЫ

3.1 Ортағасырлық оғыз тайпаларының жалайыр, қаңлы, ошақты ру-тайпаларына әсері

Қазақ халқының қалыптауындағы оғыз компонентінің рөлі тарихнамада назардан тыс қалып келе жатқан мәселе болып табылады. Зерттеудің маңыздылығы соңғы жылдардағы тарихи зерттеулер мен ауыз әдебиеті үлгілерін (шежіре деректері, шежірелік аңыздар) заттай деректердің маңызды бір тобы ру-тайпа таңбаларының пайда болуын зерттеу барысында қазақ халқын құрап отырған ру-тайпалардың қалыптасуында оғыздық компоненттің ежелгі дәуірлерден бастап белсенді рөл атқарғанын көруге болады. Сондықтан тарауда қазақ ру-тайпаларының қалыптасуындағы оғыздардың рөлі талданады.

Қазақ шежірелері қазақ халқының түп ата-бабасы саналатын аңыздық бейне Алаша хан мен Оғыз ханнан (яғни Уыз ханнан) басталады. Мұндай бастауды Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шежіресінен де кездестіруге болады. Онда: «Біз Уыз хан ұрпағынанбыз. Дәл осы Уыз ханның қалауы бойынша алғашқы қазақ киіз үйі жасалынды. Сондықтан да, қазақтар «киіз туырлықты қазақ, уыз үйім» делінген [68]. Халықтың генеалогиясына қатысты жазылған «Қазақтың түбі» жазбасында қазақтың шығу тегі Адам атадан, одан таралатын Хам, Сам, Яфестен басталады да, одан әрі Уыз ханға, кейінгі хандарға келіп тіреледі, – деп жазылған [268, б. 256]. Б. Әбілқасымов шығарған «Түрік шежіресінде» Оғыз ханның алтын үй жасатқаны мәлімделсе, «Қазақтың түбі» атты жазбаларда Уыз ханның (Қазан көшірмесінде Оғыз хан деп те жазылады) жасатқан үйі киіз деп көрсетіледі [269, б. 13].

Осы Уыз ханның ұрпақтарының бірі саналатын жалайырлар Қ.Жалайырдың пайымдауынша оғыздардың дулуга (дулугат), чумугун (шуманақ) руларының қатарында Түрік қағанатының құрамына болған. Жалайырдың ата-бабалары VIII ғасыр тұсында Сыр бойынан шығысқа қоныс аударады. Ол кезде бұл көшпелілер «огуздар»деп аталатын.

«Тогус огус», «огустар» туралы мағлұмат Моңғолияның Орхон өзенінің бойындағы «Хөшөө Цайдам» ескерткіштер қорығындағы Білге қаған ескерткішіндегі жазуда берілген. Аталмыш ескерткіштегі жазбаларда айтылуы бойынша түркілерге шығысынан қытайлар, батысынан Тогус огустың Багас ханы Қырғыз, Хуриган (Отуз татар), Қытай (Қара қытай), Татабалар шабуыл жасады [270, б. 68]. Біз олармен «жиырма екі мәрте шайқастық» делінген онда [270, б. 69]. Бұл туралы Елтеріс қағанның білікті кеңесшісі Тонықөк ескерткішінде де баяндалады.

Көне тарихшы Құрбанғали Халидтің айтуы бойынша: «Жалайыр – оғыздардан таралған ертедегі түркітілдес тайпа. XII ғасырда жалайырдың айналасына он шақты тайпа бірігіп, XIII ғасырда Жетісу өңіріне қоныс тебеді. Темір дәуірінде жалайыр тайпаларының кейбір бөлігі саяси рөл атқарды. Бұлар да қазақ руларының арасында үйсіндер сияқты құрметті орында жүреді» [211, б. 293].

Бұл жерде ескерілуі тиіс мәселе – өз кезегінде оғыздардың түркі халықтарының этногенезіндегі орны мен рөлі туралы зерттеулердің көптеп кездесетіндігі. Осы мәселені қарастырған зерттеушілердің алдыңғы қатарын толықтырушылардың бірі Н.Я. Аристов Ұлы Орда тайпалық құрамын анықтауда көбіне оларда дулат, қаңлы және қырғыздардың мүше болғандығына тоқтала келе, жалайырлар осы аты аталған үш тайпаның да белгілі элементтерін бойына сіңірген еді деген пікірге келеді [271, с. 166].

Қазақ шежіресі жыр, ертегілермен қатарласа айтылып жүріп, көшпенді халқымызға мыңдаған жылдар бойы рухани азық болып келді. «Шежіре – халықтың шығу тегін, таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы» деген анықтама бар. Олай болса, ұшы-қиырын қиялмен болжап болмайтын, кең-байтақ даланы мыңдаған жылдар бойы мекендеп келген бір тектес тілі, дәстүрі, мәдениеті және тұрмыс-салты ортақ халқымыздың тарихын қазіргідей, бергі 5-6 ғасыр төңірегінен емес, шежіре көрсеткендей, арыдан, тереңнен іздестіруіміз керек.

«Оғыз хан» атты аңыз түркі-оғыз халықтарын ерте заманда бір мемлекетке біріктіруші даңқты қолбасшы әрі батыр, данышпан көсем Оғыз (Уыз, Оуыз) туралы баяндайды. Бұл – тарихта белгілі нақты ұлы тұлға түрінде емес, керісінше, жартылай аңыздық, жартылай мифтік қаһарманға айналған қайраткер жөнінде. Біздің дәуірімізге жеткен осы аңыздардың, ескі тарихи шығармаларда жазылған ең көне нұсқалардың бірі де осы «Оғыз хан». Аңыз алғаш Әбілғазы Баһадүрдің XVII ғасырда жазылған «Түрік шежіресі» атты шығармасы бойынша (Шаджара-и турк, 1663–1664.) жарияланды [29, б. 335].

Онда Оғыз ханның халқына мұсылман болуды жариялауы, мұсылмандықты қабылдамағандардың өзін өлтіріп, бала-шағасын құл еткені айтыла келе, оның осы мақсатпен өзге елдермен соғысы баяндалады. Аңызда оның кезекті соғыстарының бірі татарларға бағытталып, ол жеңіп шығады. Бұл жөнінде: «Оғыз хан татарларға шабуыл жасады. Татар ханы көп әскермен оған қарсы тұра алмады. Оғыз жеңді. Оғыз хан әскерінің қолына көп олжа түсті. Бұл дүнияны артуға ат-көлігі аздық етті. Әскердің ішінде бір шебер адам бар еді, ол арба жасауды ойластырды. Сөйтіп, арба жасап, барлық олжаны оған тиеді. Бұрын арбаның өзі де, аты да жоқ еді. Жүргенде қаңқ-қаңқ еткен дыбыс шығарғанына қарай, оның атын «қаңқ» деп атады [272, s. 121], оны жасаған кісіні «қаңқылы» деді. Бүкіл Қаңлы елі осы адамның балаларынан тарады» [29, б. 335], – делінеді. «Шаджара-и турктен», міне, осындай тайпа атауларының қалыптасуы туралы деректер бар. Қаласақ та, қаламасақ та аңыз дерек осылай дейді. Дегенмен де, кейбір осындай ауыз әдебиеті үлгілерін шынайы тарих ретінде қарастыру біршама шатасуларға алып келеді. Себебі аңыз дерек қаншама ғасырлар бойы жасап келе жатқандықтан оның бойында әр дәуірдің, әр кезеңнің тарихи сәттерінен көріністер сақталуы мүмкін. Сондықтан да қандай да бір фольклор түрін тарихи оқиғаларды зерттеуде пайдалануда оның шынайылығының, тарихи маңыздылығының қаншалықты екеніне көңіл аудару қажет. Бұл біз айтып отырған «Жалайыр» этнониміне де тікелей қатысты. Жалайыр этнонимінің мән-мағынасы бүгінгі тарихқа дейін анықталмай, мұның

өзі ол туралы әртүрлі аңыз-әңгімелердің таралуына алып келді. Бүгінгі жалайырлар өздерінің ертедегі шежірелерін ұмытып қалғандықтан, олардың бабалары туралы тарихи аңыздарда моңғол жаулауынан кейінгі және Қазақ хандығы тұсындағы ахуалдар ішінара көрініс беріп отырады.

Аңыздық жыр-ертегілерді профессор Т. Омарбеков оларға тек аңыз ретінде қарамай, астарында қандай да бір шындықты, тарихи мәліметті жасырған дерек ретінде зерттеу жұмыстарында пайдаланудың маңыздылығын ашып көрсетеді [273]. Зерттеуші сонымен бірге дегенмен де қаншама ғасыр қойнауының мәліметтерін бойына жиған ауыз әдебиеті үлгілерін тарихи сараптамадан, талдаудан өткізу қажеттігін де естен шығармауға кеңес береді.

Мысалы, жалайырларға қатысты шежірелік аңыздар былайша өрбиді: Жалайырдың шын есімі Құдайберген екен-мыс. Ол жауға қарсы асығып жүген-ноқтасыз айғырды жайдақ мініп шапқанда, жылқының жалын айырып жіберіпті-міс. Осыдан соң ол Жалайыр атанып кетіпті. Жылқының жалын айырған Құдайбергеннің орнына Қабыланның есімін қойып айтатын аңыз да бар [274, б. 12]. Мұның өзі тарихи тұлға есімінің бұл жерде дәл еместігін көрсетеді.

Жалайыр атауының шығу төркіні жайында мынадай да бір аңыз кездеседі. Ол бойынша Жалайырдың шын аты Жансақал екен. Ол аң аулап жүргенде құлан айғырының жалын сырыпты-мыс. Содан Жансақал Жалайыр атанса керек [29, б. 101]. Бұл жерде келтіріліп отырған аңыздық деректер тарихи шындықты толықтай ашып отыр деп айта алмаймыз. Аңыздарда көрсетілгендей Жалайырдың Құдайберген немесе Қабылан болуы мүмкін еместігін былайша түсіндіруге болады: «Құдай» деген ұғымның өзі түркі-моңғол дәуірінің сөзі емес, оның «Тәңірінің» орнына қолданысқа кіруі кейінгі парсылардың ықпалымен байланысты. Қабылан атауы да Жалайырды алмастыра алмайды. Өйткені ол Жалайыр тайпасына кейініректе Қазақ хандығы тұсында ұран ретінде қабылданған кісі есімі. Мынаны да ұмытпауымыз керек – алғаш тайпа құрылады, атау алады, ал ортақ ұран болса кейіннен қабылданады. Жансақал кейінгі қазақ шежіресіндегі тұлға, оның есімі сондықтан да Жалайыр бола алмайды деп қорытындылауға болады бұл мәселені [275, б. 93-94].

Жалпы түркі халықтарына ортақ «Оғыз-наме» және «Қорқыт Ата кітабы» секілді жыр-дастан үлгілерімен қатар [276], Әбілғазы Баһадүр хан қағаз бетіне түсірген «Түркімен шежіресі» секілді еңбектерден біз түркі халықтарының генеалогиялық таралуын да аңғарамыз. Жалпы, оғыздар ғана емес, барша көшпелі халықтар деп айтуға болады, ру шежіресіне және оның ұйымдарына өте үлкен мән бере отырып, ауызша тарих айту дәстүрін де сақтай білген. Жеке ру-тайпалардың шежіресіне арналып жазылмаса да, «Оғыз-наме» дастаны түркі тектес халықтардың ежелгі шежіресін генеалогиялық аңыздар негізінде баяндаған эпостық шығарма болып табылады.

«Оғыз-наме» дастанының бірнеше нұсқасы белгілі және ол нұсқалардың авторы ретінде ортағасырларда Қазақстан аумағында, оның ішінде Сыр бойы, Жетісу, Түркістан жерін мекен еткен, бүгінгі қазақ халқының құрамды бөлігін


қалыптастырып отырған тайпалардың бірінің өкілі екені күмән тудыра қоймасы анық. Сондай-ақ, «Оғыз-наме» дастаны бізге оғыздар туралы көптеген мәліметтер береді. Жалпы, мұнда Оғыз қаған туралы деректер аз емес. Атап айтар болсақ, дастанның басты кейіпкері саналатын – Оғыз қағанның дүниеге келуі, ер жетіп, ел басқару ісіне араласуы, сондай-ақ, Самарқан, Бұқара, Хорасан арқылы Иран, Сирия, Египетке жасаған жорықтары, өмірінің соңындағы ұлдарына (екі әйелінен дүниеге келген алты ұлына) жаулап алу кезінде ие болған территориялар мен бар байлығын мұра қылып үлестіріп беруі деген сияқты әрекеттер және оқиғалармен қатар, түркі халықтарында кездесетін мифологиялық культ – қасқырдың әр кезеңде де Оғыз қағанның жанынан табылып, көмектесетін тұстары суреттеледі. «Оғыз-наме» дастанының бізге түркі шежірешісі Әбілғазы Баһадүр қалдырған, парсы тарихшысы Рашид ад-Дин жазып алған нұсқалары жеткен. Кей ғалымдардың айтуынша, Әбілғазының еңбегі өзінен ертеректе өмір сүрген Рашид ад-Диннің қолжазбасының көшірмесі болып табылады. Дегенмен де, Әбілғазының жазып қалдырған нұсқасында Оғыз мәселесі кеңірек баяндалады.

«Оғыз-наме» дастанында көк бөрінің қайтпас қайсарлықты, батырлықты, өжеттікті, ерлікті танытатын, бейнелейтін тұстары да бар [277].

Жалайырлардың ежелгі шежіресіне зер салып қарар болсақ, олардың арғы атасы оғыздар екендігін тағы байқаймыз. Олар ортағасырларда моңғолдармен көрші отырып әрі жақын байланыста болғандығы белгілі. Мұны тарих ғылымдарының докторы, профессор, ру-тайпалардың этникалық тарихымен айналысушы ғалым Т. Омарбеков Рашид ад-Диннің деректеріне сүйене отырып, жалайырлардың ежелгі шежіресін 1-кестеде көрсетілгендей береді:

Кесте 2 - Жалайырлар шежіресі (Рашид ад-дин мәліметі бойынша) [275, б. 117]

1. Адам Сафиолла	2. Шес пайғамбар	3. Қинан	4. Мәһлайыл
5. Берді	6. Ідіріс пайғамбар	7. Мұтұшлақ	8. Ләмек
9. Нұх пайғамбар	10. Иафес	11. Түрік	12. Түтік
13. Елше хан	14. Деббақый	15. Күйік	16. Алынша
17. Моңғол	18. Қарахан	19. Оғызхан	20. Күнхан
21. Айхан	22. Жұлдыз	23. Меңлі хан	24. Теңіз хан



Шежіреден көріп отырғанымыздай, Оғыз Қараханның ұлы және одан Күн хан, Ай хан, Жұлдыз секілді ұлдары дүниеге келіп, ал Жалайырлар Дәрлікеннен тарайды.

«Көрсетіліп отырған шежіредегі Түрік және Моңғол атауларынан тұтас халықтар тараған болса, ал Қарахан, Оғызхан тәрізді кісілердің есімдерімен мемлекеттік құрылымдар құрылды. Қысқасы, бұл шежіреде Түрік халқының сана-сезімінде терең із қалдырған тарихи тұлғалардың есімдері берілген. Әрине, бұл шежіре өмірге келген кезде әлі де түрік, моңғол аталатын халықтар қалыптаса қойған жоқ болатын» [278, p. 3179-3199].

Кестеде берілген дәрлікен атауын деректер негізінде талдай отырып, профессор Т. Омарбеков бұл атаудың «туыстар», «туысқандар» деген мағынаны білдіретіндігіне тоқталады. «Дәрлікендердің құрамында шынында да бұрын жалайыр бірлестігінде болған төлеңгіт (теленгут), кори (тури), куркин (курхган), кумсаут (курлаут) тәрізді рулардың да болғандығын осы деректен біліп отырмыз. Бұлар өзара сөйлескенде бірін-бірі жақсы түсінген. Мұның себебі, жалайырдың ескі шежіресінен байқалатынындай, моңғол аталған тайпалар мен оғыз аталған тайпалардың түп-тамырлары бір. Яғни, ежелгі «дәрлікен» немесе «жалайыр» бірлестігіне оғыз руларымен бірге кейінірек моңғолдарды құраған тайпалардың кіріп кеткендеріне таңданудың еш реті жоқ. ...В.Ш. Бембеевтің пікірі Дәрлекин немесе Жалайыр бірлестігінің негізгі ядросын туысқан оғыз тайпалары құрап, кейінірек оған Қалайыр (Жалайыр) өзені бойына қоныстанған кірме моңғол тайпалары қосылып, бұл тайпаның этникалық бірлестіктен әскери-әкімшілік және әлеуметтік-экономикалық сипаттағы бірлестікке ұласқанын байқатады» [274, б. 118].

Далалықтардың бүкіл тарихы бірігулер мен ыдыраулардан тұратыны белгілі. Олар кеңінен біріккенде төрт құбыласына түгел танымал болған далалық алып империялар (қағанаттар) құрылады да, ал ыдырағанда осы империя шағын-шағын жеке хандықтарға, бектіктерге, әулеттік, рулық-тайпалық негізде бөлініп кете барады. Алайда, осы далалық империялардың қай-қайсысы да, тарих дерегіне қарағанда, қашан жеке иеліктерге бөлініп, ыдырап құлап біткенінше кемі екі-үш ғасыр өмір сүреді. Сондай-ақ, жеке иеліктерге бөлініп кеткен ру-тайпалардың арасынан бірігуге ұйытқы болар біреуі шығып, төңірегіндегілердің басын қосып, қайтадан жаңа далалық империя құрғанша да осынша уақыт кетеді. Міне, осы жеті-сегіз ғасыр ішінде жаңағы далалық империяның билігінің басында болған әулеттің ұрпағы өсіп-өне келе өз алдына жеке ру-тайпаға айналып, «патша тұқымы» («торығ») деген атаумен тарихқа енеді. Мұндағы «патша тұқымы» деген түсінікті шетелдік авторлар өздерінің таным-түсінігі бойынша берген, ал оның түрікше мағынасы: ескіше – «төр ұрығы», жаңаша – «төре тұқымы».

«Қазақ ру-тайпаларының тарихы» деп аталатын көп томдық монографиялық жұмысының «Жалайыр» аталатын томында белгілі тарихшылар, тарих ғылымдарының докторлары Омарбеков Талас және Хабижанова Гульнара Болатовна жалайырлардың этникалық тарихына бойлай отырып, құрамындағы дәрлікендердің «төрелекүн» аталуына талдаулар жасайды. Онда Шыңғысханның мемлекетіндегі ханның ұрпақтарының «төре» деп аталуы мен «төрелекүн» арасында бір байланыстың болуы мүмкін екендігін төрелекүндердің түркітілдестермен бірге моңғолтілдес ру-тайпалардан тұрғандығымен дәлелдей түседі. Шежірелік деректердің де туыстық байланысты жоққа шығармайтындығын алға тартады. Оған тағы бір аргумент 1206 жылы Темучинді хан көтерген 94 тайпа өкілдерінің арасында түркітілдестердің көптеп кездесетіндерін ескерер болсақ, бұл пікір одан әрі растала түседі [275, б. 118-119]. Ал өз кезегінде жалайырлардың ежелгі шежіресі олардың түп атасы оғыз екендігін дәлелдейді және моңғолдардың оларға әрқашан көрші болғанын көрсетеді [275, б. 116].

Бұл жердегі мән беріліп отырған «торығ» ұғымы орыс деректерінде «торк» деген атаумен кездесетін оғыздар деп ойлаймыз. Бұл атаулар Украина және Ресей жеріндегі жер-су атауларында көрініс тауып отырған. Мысалы, Украинадағы бір қаланың аты XVIII ғасырға дейін Берендичев деп аталынып келген [279]. Н.Я. Аристов зерттеуінде (Харьковтан 165 версте орналасқан) Тор қаласы туралы мәлімет бар. Оның жанынан Торск көлі мен Тор және Торец деп аталынатын екі өзен кездеседі. Және сол жерде Торск қалашығы XVII ғасырға дейін өмір сүріп, кейіннен Славянск қаласы деген атау алған [279].

Н.П. Барсов бұл қала туралы: «Торческке келер болсақ, ол Ярослав өлгеннен кейін пайда болса керек, Торктерді орыс княздары бағындырғаннан кейін, және бұл 1084-1086 жылдарға дейін орын алған. Ал бұл кезде орыс князі Изяслав еді», – дейді [280, с. 139]. Мұндай көзқарасты ертеректеу кезеңге сәйкестендіріп Б.Д. Греков та көрсетеді. «Торческ алғаш рет 1085 жылы Поросьте кездеседі. Бірақ біз бұл қала мемлекеттің оңтүстік шекарасына бекіністі құрылыстар жүргізілуімен байланысты одан да ертеректе пайда болған деген болжамымызды айта аламыз», – дейді ол [281, с. 283]. Қалай десекте қала атауында түркілік этнонимнің (торк) көрінісі айқын аңғарылады. Торктер мен берендейлердің ертедегі қалаларының бұл аумақтарда кездесетіндігін XIX ғасырдың соңында жүргізілген археологиялық зерттеулер де (зерттеулер жүргізілгенде аталған этнос өкілдерінің жерлеу ерекшеліктеріне сәйкес анықталған) дәлелдейді.

Н.Я. Аристов жалайырлардағы балғалы және қайшылы руларының түрікмендермен туыстас екендігін жазады [282, с. 407]. Бұл өз кезегінде жалайырлардың ортағасырлық оғыздық құрылымдардың бір тармағы екендігін тағы да айқындай түседі. Сондай-ақ жалайырлардың ақмарқа және қарамарқа деген бөлінісі түрікмендер этногенезін құрап отырған оғыздардың аққойынлы және қарақойынлы тайпаларымен арақатынасы болуы мүмкін деген ойды туындатады. Себебі Ұлы жүз құрамындағы сөз болып отырған жалайырлардың Шуманақ тармағынан тарайтын Сыпатайлардың құрамындағы алты атаның

қатарында Ақмарқа және Қарамарқа аталады. Мұндағы ру-тайпалар атауларындағы ұқсастық ортағасырлардағы оғыздар құрамындағы тайпалардың кейінгі түрікмендер және қазақтар арасын этникалық байланыстырушылар екендігін көрсетеді. Өз кезегінде оғыздардың құрамындағы аққойынлы және қарақойынлы тайпалары түрлі саяси және шаруашылық жағдайларға байланысты оңтүстік батысқа жылжи отырып, Иран жеріне барып, XV ғасырда жаңа мемлекеттік құрылым құрған болатын.

«Мұндағы балғалы руының біразы Іленің төменгі ағысындағы оң жағадағы Шеңгелді, Бесапан, Құмбасы, Құланбасы, Жуантөбе, Ақдала, Қаракөл, Аққаптал, Үшқызылжар, Жіңішке қойнауларын қыстап шықты. Бұл рудың кейбір қауымдастығы Қапшағайдан бастап, Арқарлы мен Малайсары тауларына дейін қоныс тепті. ...Қайшылы руының салыстырмалы аз тобы XIX ғасырдың ортасына таман Іле қамауы мен Балқашта тұрды. Біздің байқауымызша, XIX ғасырдың 80-жылдарында олардың екі тобы Талас өзенінің аңғарына қоныс аударып, Верный уезімен шекаралас жерде Әулиеатаның Шу өзені аңғарына тұрақтады» [283, б. 89-90].

Зерттеушілер арасында жалайырлардың рулық ұраны туралы түрлі пікірлер бар. Мысалы, Н. Гродеков пен Н.Я. Аристовтың пікірінше бұл ұран – «Бақтияр», М. Тынышбаевта – «Бақтияр» және «Қоблан», ал С. Аманжоловта – «Бөрібай», В.В. Востров, М.С. Мұқанов, Х. Арғынбаевта – «Қоблан». Жалайырдың рулық таңбасы – тарақ. «XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Жалайыр рулары Жетісу уәлаятының Верный мен Қапал уездерінде қоныстанды, олардың ішінара топтары Сырдария уәлаятының Шымкент, Әулиеата уездерін жайлап көшіп жүрді» [283, б. 87].

Оғыздардың Жетісу жерінен Сыр бойына ығыса көшуі барысында құрамында жергілікті жетісулық тайпалардың да қоса көшкендігі туралы айтуға болады. Себебі батысқа миграциялық жылжу кезінде кейбір ру-тайпалар бұрынғы орындарында тұрақтап қалса, олардың бір бөлігі оғыздармен бірге қоныс аударып, жолдағы елді мекендерден де ру-тайпалардың кейбір бөліктерінің оларға қосылуы орын алып отырады. Мұндай мысалдарды ортағасырлық авторлар еңбектерінен де кездестіреміз. «Қалыптасқан оғыз этносының құрамына Жетісудан шыққан түркі тілдес компоненттер де кірді. Бұлар ең алдымен, оғыздармен бірге Сырдарияның орта шеніне ауа көшкен қарлұқ топтары, сондай-ақ халаждар және басқа батыс түрік тайпалары болды. Олардың ішінде VIII ғасырда Шу мен Талас аңғарларын мекендеген жағрлар (шағр) және шарұқтар бөлімдері де бар болатын. Тегінде, XI ғасырдағы оғыздар тайпаларының бірі есебінде деректерде айтылатын жарұқлұғтардың, шарұқтардың ұрпағы болуы мүмкін.

Оғыздардың қалыптасуына шығыс түрік тайпаларының кейбір топтары да қатысты. Бұл орайда олардың қатарында неғұрлым маңызды рөл атқарған имақ-қимақ тайпаларының бөлімдері және басқа тайпалардың бөлімдері – негізгі көпшілігі Обь пен Ертістің арасын мекендеген баяндұрлар, имурлер және қайлар болды» [284, б. 367].

Белгілі тарихшы, тарих ғылымдарының докторы Г.Б. Хабижанова өзінің докторлық диссертациясында жалайырлар мен қаңлылар құрамындағы ортағасырлық оғыздық компонентті қарастыра келе этникалық үдерістердегі арақатынасты анықтаушы ортақ тарихи жүйенің қалыптасқанына тоқталады: «Образуется общая историческая проекция, определяющая взаимосвязь этнических процессов: у карлуков, связанных через огузов с племенем джалаиров; западнотюркских племен дулу (будущих дулатов) – через карлуков с киргизами и, наконец, джалаиров – с дулатами и киргизами. При этом последняя взаимосвязь прослеживается не только через посредство карлуков, но и по другим этническим контактам джалаиров. В этой связи и нужно, на наш взгляд, рассматривать историю тех племен, имевших прямое или косвенное отношение к джалаирам до тех времен, когда название этого племени появляется в источниках» [136, с. 154]. С.Аманжолов Жалайыр руының шығу тегі мен оның ата-тегін қарастыра келе, олардың Шуманақ және Сырманақ деген тармақтарына тоқталады. Бұл тармақтар ежелгі Дулудың шу-ми, шу-муғун, шу-бань тәрізді бес аймағын қайталайтынын ескертеді. Қазақты құраған жалайырлар мен түрікмендерді құраған қарақойынлылар мен аққойынлылардың, сол сияқты қырғыздардағы жаманақ пен оманақтың да қандай да бір байланысы болуы мүмкін. Х. Арғынбаев және т.б. зерттеушілер диалектіге байланысты зерттеулер жүргізу барысында Арал теңізі маңын мекен етуші шектілердің өздерін Жаманақ деп атайтындығын анықтаған [283, б. 78]. Осылайша зерттеуші қазақтар мен қырғыздар арасындағы жақын туыстық байланыс мәселесін сөз ете келе, мұндағы кездесіп отырған «манақ» алғашқы кезде рулық атау ретінде емес, белгілі территорияны мекен еткен тұрғындарға берілген ат болуы мүмкін деп тұжырымдайды. Яғни, Шу-манақ сөзін «Шу бақташылары» және «Шу бағбандары» деп атауға болады дейді [283, б. 79].

«Манақ» сөзінің көне моңғолша «күзетші» дегенді білдіретінін анықтаған кейінгі зерттеушілер мұны «Шуды бақылаушы», «Сырды бақылаушы» деген мағынада түсіндіреді.

Қазақ халқының этногенездік қалыптасуында қазіргі Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағын мекен еткен тайпалардың алар орны ерекше. Олардың қатарында қазақ халқының бір бөлшегін құрап отырған қаңлылар бар [285]. Қазақстанның оңтүстік және орталық бөлігінде қаңлылардың басым көпшілігі күні бүгінге дейін өмір сүреді. Бұдан байқайтынымыз, ортағасырлық қаншама көшіп-қонулар мен жылжулар орын алып отырғанда қаңлылар өздерінің ертеден мекен еткен аймақтарында тұрақтап қалды. Қаңлылардың бүгінгі таңда да орналасқан аймағы Батыс Жетісу, Қаратау баурайы мен Сырдарияның орта ағысындағы жерлер, яғни олар бұрынғыша Ұлы жүздің ертеден келе жатқан территориясын мекен етуде. Сондай-ақ қаңлылардың Қазақ хандығы тұсында да қазақ халқының қалыптасуында айтарлықтай шешуші орын алғанын деректерден көруге болады. Осыған орай: «... ежелгі Қаңлы мемлекетінің орналасқан аумағы Орта Азияның дәл кіндігі, яғни Сыр бойы, Арал өңірі, Талас және Шу өзендерінің аймағы – бұлардың бәрі кейінгі қазақтың үш жүзінің түйісетін, бас қосатын және тоғысатын қасиетті аймағы болып табылады. Оның

үстіне ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан жерін мекендеген дулат, қыпшақ, оғыз тәрізді бірлестіктердің бәрі өзінің тарихи тамырларын қаңлылармен байланыстырады» [275, б. 5]. Біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты болғандықтан қаңлылардың оғыздармен де этникалық байланысы барына тоқталатынын айта кету керек.

Бұл мәселені тарихи деректермен байланыстыра қарастырар болсақ, оғыздардың қаңлылармен тығыз қарым-қатынаста болғанын айқын аңғарамыз. Н.Я. Аристовтың жалайырлар құрамында дулат, қаңлы және қырғыз элементтерінің кездесуі туралы қағидасына назар аударсақ, осы автордың оғыздардың және қаңлылардың байланысы туралы дәлелдемелерін айта кеткен жөн. VIII-X ғасырларда оғыздардың Сырдарияға қоныстануы осындағы қаңлы және қыпшақ тайпаларының Сыр бойындағы қоныстарын түркілендіре түсті. Сонымен қатар осындағы қаңлылар шығыстағы қарлұқтардың қол астындағы шығыс қаңлылардан өзгеше жаңа оғыз атауын қабылдады. Мұнда тағыда ескереріміз, оғыздар қоныстанған және жайлаған жерлер қаңлылардың ежелгі орналасу аймағы, яғни байырғы Қаңлы мемлекетінің жері болып табылатын еді. Н.Я. Аристов былай деп жазады: «Ғұздардың, яғни оғыздардың атауы Сырдариянның төменгі ағысында, оның екі жағалауында және батысқа қарай орналасқан қаңлы руларында араб географтары заманында пайда болса керек. Оғыз хан туралы аңыз, Рашид ад-Дин мен Әбілғазыда көрсетілгендей, түрікмендерде ғана емес, сонымен бірге ұйғырларда да кездеседі. В.В. Радлов басып шығарған Шеффердың кітапханасынан алынған ұйғыр қолжазба үзінділерінің аудармалары осыны дәлелдейді. Оғыз атауы ғұздарда ғана емес, сонымен қатар Күлтегін мен Могилян ханның ескерткіштеріндегі түрік-орхон жазбаларынан көрінетіндей, Селенга бойындағы, Моңғолиядағы көптеген рулар да осылай аталады» [271, с. 187].

Сыр бойын мекен еткен қаңлылар туралы айтқанда Оғыз баба туралы аңызда айтылған деректер назар аудартады. Рашид ад-Динде келтірілген оғыз туралы аңызда түріктердің ру басысы, Оғыздың бабасы Яфеттің иелігіне жататын қалалар мен жерлердің атаулары арасында Қарақорым аталады. Бірақ бұл «Жылнамалар жинағының» басылымына редактордың берген ескертпесінде айтылғандай, моңғолдың емес, Орта Азияның елді мекені болып табылады. «Қарақорым Дешті Қыпшақта да, Сырдария ауданындағы түрік қаңлыларында да болды» [231, с. 81]. Н. Аристовтың пікірі бойынша Алмалықта, Ыстықкөлде, Ұлытауда, Сырдариядағы Кичиг тауда шығыстан көшіп келіп қоныстанған оғыздар туралы Әбілғазының шежіресінде берілген мәліметі қаңлылар туралы тарихи деректермен толық сәйкес келеді. Қаңлылардың оғыздар құрамына кіріп, оғыз аталуы себебін Н. Аристов: «Өздерінің онгоны оғыздардың атын қабылдаған қаңлы және қыпшақ рулары VIII-X ғасырларда Сырдариянның төменгі ағысында және батыс жағында жалпы тайпалық немесе одақтық атаумен көріне бастады. Бәлкім, мұны былай түсіндірген жөн болар, қаңлылардың шығыс бөлігі қарлық хандарына бағынғандықтан бұл одақ ендігі жерде қаңлы атауымен аталмайтын болған. Тіптен соңғылардың едәуір бөлігі қарлықтарға бағынғандықтан түрік деп те

атала алмайтын еді. Себебі шын мәнінде бұл атау қаңлыларға жат және ол түрік-тукиюлардың есімі болатын. Міне, сондықтан да, әрине, біртіндеп бұрынғы культ және таралған онгон бойынша олар оғыздар атауын қабылдады» [271, с. 188], – деп түсіндіреді.

Ал бұл мәселе, яғни қаңлылардың оғыздар құрамынан көрінуі, олармен қандай да бір этникалық байланысы туралы зерттеушілер арасында бірнеше пікірлердің орын алып отырғанын аңғартады десе болады. Мысалы, С. Толстов қаңлылардың тек үлкен бөліктерінің ғана оғыздардың құрамына кіргендігін, олардың басым бөлігінің оғыздарға қарсы тұрғандығын алға тартады. Яғни, автордың ойынша, Сыр бойын мекен еткен қаңлылармен оғыздар тұтастай араласып ассимиляцияға түскен жоқ [286, с. 200-201].

Қазақстан территориясындағы ру-тайпалардың этникалық тарихында ғана емес, сондай-ақ оғыздардың құрамындағы селжұқтардың батысқа қоныс аударуымен тікелей байланысты Кавказ және Кіші Азия жеріне дейін жеткен, түріктердің Осман империясының негізін қалауы сияқты оқиғалар барысында қаңлылардың түркілер жайлаған аймаққа таралып, кейінгі түріктердің этникалық қалыптасуларында өзіндік орын алғанын көруге болады [287, б. 19]. Солтүстік Арал тұрғындарының этникалық және мәдени байланыстарының негізгі аймақтары Орталық және Батыс Қазақстанның далалық алқаптары болса да, оғыздар мен қыпшақтар бірлестіктерінің маңызды этникалық үдерістерді байланыстырушы рөлін ерекше атап өтуге болады. Аталмыш оғыз-қыпшақ кезеңін Арал маңы мен көрші аймақтардағы көшпелі мекендер мен қалалардың түркілену үдерісінің аяқталғандығымен байланыстыра аламыз. Осыларды ескере отырып, Е.М. Ужкенов оғыз-қыпшақ дәуірінде отырықшылық пен көшпелілердің қалалық мәдениеті жаңа сипатқа ие болғандығын, және де дәл осы кезеңде бірқатар жаңа қала орталықтары жаңадан көшіп келуші көшпелі тайпалық бірлестіктердің келуімен байланысты болғандығына тоқталады. Және де бір ескеретін тұс – қыпшақтар мен оғыздар атауы бірге қосарланып қолданылса да, оғыздардың этникалық тарихтағы орны ерекше. Себебі, кейінгі бірқатар этностардың қалыптасуына негіз қалаған бірден бір тайпалар бірлестігі еді деуге болады [187, с. 114-115].

Көріп отырғанымыздай, кезінде оғыз-қарлық-қыпшақ бірлестіктерінің құрамында жүрген қазақтың ру-тайпалары көптеген қилы тарихи кезеңдерді бастан өткізсе де, бәрібір өздерінің ұлттық мемлекеттілігін, яғни өз алдына жеке Қазақ хандығын құра алды. Көшпелі ру-тайпалардың бір орталыққа біріккен мемлекетін қалыптастырудың өзі сол кезеңде адамзат тарихында ойып орын алатын ұлы ерлік қатарына жататын еді. Бұл құрылған мемлекеттің этно-әлеуметтік тірегі қазақ рулары мен тайпалары болды.

Зерттеу жұмысының ғылыми айналысқа енгізілер тұсына оғыздардың ұрпақтарынан саналатын Ұлы жүз құрамына кіретін Ошақты руына талдамалы зерттеулер жүргізе отырып анықтау да жатады. Ұлы жүздің құрамына кіретін Ошақты руы туралы ертеректегі жазба деректер мәліметтері кездесе бермейді, тек ортағасырлардағы деректерде оның құрамындағы Байлы руы жөнінде ақпарларды араб саяхатшысы Масудидің «Тарихи Абулхайырхани» атты

шығармасынан кездестіре аламыз. Бұл біздің қолымыздағы жалғыз ғана дерек. Кейінгі XIX-XX ғасырлардағы зерттеушілер де Ошақты руына қатысты мәліметтердің кездесе бермейтіндігіне байланысты өз еңбектерінде атап қана өтіп, олардың этникалық құрамы мен пайда болуы жайлы толықтай зерттеулер бере алмады.

Дегенмен де, рулық шежіреге жүгінсек, шындығында да Ошақты тайпасының құрамындағы 4 рудың бірінің Байлы (Байназар) деп аталатынын байқар едік. Осы рудан кейіннен Кенесары Қасымовтың көтерілісіне белсенді қатысқан Панг батыр шыққан [283, б. 131].

Ал енді осы Байлының ноғайша Бекназар, ал оған ағайынды, кейіннен Ошақтының тағы үш руына атттарын берген кісілердің Қоңыр немесе Қойназар, Аталық немесе Бекназар және Тасжүрек немесе Ақназар деп аталғанын ескерер болсақ, Байлы мен оның бауырларының Қазақ хандығының Ноғайлымен біріккен алғашқы ғасырларында XVI ғасыр соңында - XVII ғасырдың басында өмір сүргендерін аңғарамыз. Бізге белгілі Ошақты тайпасының шежіресі XI-XII ғасырлардан, яғни оғыздар заманынан бастау алады.

Көріп отырғанымыздай, дерек беттерінен бүгінгі таңдағы атауларды дәл сол күйінде іздестіріп табу оңай емес. Себебі этникалық үдерістерде өзара байланысты анықтайтын тарихи ортақ проекциялар құрылымы орын алған. Ру-тайпалардың бір орыннан екінші бір орынға жылжу барысында сол елді мекенде автохтонды өмір сүрген белгілі бір ру-тайпалармен өзара байланыстар орнату арқылы ассимиляциялық араласулар тайпаларды өзгеріске ұшыратқан. Мұндайда оғыздармен байланысқан қарлұқтардың жалайыр тайпасымен, ал жалайырлардың дулаттар мен қырғыздармен байланыстылығын және т.т. орын алғанын анық көреміз. Осылайша, ортағасырлық ру-тайпалардың құрылымы мен құрамы сан мәрте өзгерістерге ұшырап отырған.

Міне, сондықтан да осындай мәселенің байлауы шешілмеген тұста ортағасырлық ру-тайпаларды олармен қатар өмір сүріп, өзара ықпалдастықта болған басқалармен, яғни тікелей және жанама түрде этникалық байланыстарға түскен екінші бір ру-тайпамен қатар алып салыстырмалы түрде қарастыру қажет. С. Аманжолов та өз кезегінде бұл жағдайдың қазақ тайпаларының қалыптасуы мәселесіне арналған өзінің еңбегінде барлық түркі тайпаларына ортақ болып келетін осы заңдылықты алға тартады. Себебі тұрақты түрде қалыптасқанша ру-тайпалардың құрамы біз баяндаған объективті және субъективті себептерге байланысты бірнеше мәрте өзгеріске түсіп отыратыны бар.

Қазақ зерттеушілері арасынан М.Тынышбаев алғаш рет ошақтылардың рулық құрылымдары туралы біраз мәліметтер беріп талдаулар жасайды [80]. Оның жұмысын басшылыққа ала отырып, тарих ғылымдарының докторы, белгілі этнограф ғалым Х. Арғынбаев ошақтыны Ұлы жүздің құрамына кіретін жалайыр, шапырашты, қаңлы, шанышқылы, ысты, албан, суан, сары үйсін және дулат руларының қатарында атайды. Сондай-ақ: «Ысты, ошақты мен шапыраштыға келетін болсақ, М. Тынышбаев олар үйсін рулары одағына

кейіннен енді деп есептейді. Бұл пікірдің жаны бар секілді» [190, б. 36]. Ошақтының төрт руының аттарының ноғайша болуы (Бекназар, Байназар, Қойназар, Ақназар) бұл пікірді растай түседі. Ал енді ноғайлардың арғы бабалары да оғыздарға алып барады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, ертеректегі жазба деректерінен ошақты руы жөнінде мәліметтерді кездестіре алмаймыз. «Халықтық этимология Жалменденің әйелі Қарашаш айы-күні таяп отырғанда қонақтарға түстік ас дайындап жүріп, ошақ басында босанып қалғандықтан дүниеге келген бала Ошақты аталыпты деп түсіндіреді. Бірақ «ошақты» сөзінің төркіні көне түркі этнонимін де еске түсіреді: «үч+оқлы», яғни «үч+оқ+ілі» деген түсінік тағы да оғыз бірлестігін еске түсіреді.

Ошақтылар үйсіндер одағына кіргеннен кейін «Бақтияр» ұранын қабылдайды. Ал оған дейін олардың өзіне тән ұраны болмаған. Ал қазақ рулары жөнінде мәлімет жинаған Н. Аристов, М. Тынышбаев, С. Аманжолов, В. Востров секілді ғалымдардың бәрі де ошақтылардың рулық таңбасы тең бүйірлі үшбұрыштан тұратын «тұмар» екенін жазып қалдырады. Бұл тұмарды бірімен-бірі түйістірілген «үш оқ» яки «үш жебе» деп оқуға да болады. Үш оқ – үш жебе – үш рудың бірігуі арқылы пайда болған тайпа «үш оқ елі», яғни «үч оқ ілі – үш оқлы – ұшақлы – ошақ-ты» аталуы ғажап емес», – дейді зерттеуші Б. Қошым-Ноғай [191, с. 89]. Бұл әрине, әлі де ғылыми тұрғыдан дәлелдеуді қажет ететін ұсыныс.

Жалпы Ошақты – саны жағынан аз рулардың бірі. Н. Гродеков, И. Смирновтардың еңбектеріндегі мәліметтерге сүйене отырып, Н. Аристов ошақтылардың саны шамамен XIX ғасырдың аяғына қарай Әулиеата, Шымкент, Ташкент уездерінде 2000 үй болды деп көрсеткен. Ал М. Тынышбаев болса, 1917 жылы Әулиеата уезіндегі ошақтылардың санын 60 000, Шымкентте 10 000, жалпы саны 70 000 жан болған деп есептейді. Көріп отырғанымыздай, Ошақтылар Талас өзенінің төменгі ағысының екі жақ бетінде, Шымкент, Әулиеата уездерінде шоғырлана қоныстанған.

Сонымен, олардың тайпалық таңбасында бейнеленген үш жебенің үшбұрыш жасай орналасуы оғыздардың «үш оқ», «боз оқ» бөлінісін еске салады. Алайда, ғалымдардың басым бөлігі ошақтылардың таңбалық белгісі тұмар бейнесін көрсетеді деген пікірде. Сонымен бірге бұл таңбадан далалық өңірде қолданылатын үшбұрышты темір ошақ бейнесі де байқалатындай. Дегенмен де, қалай десекте, Ошақтылардың арғы тамырларының оғыздар бірлестіктерінен бастау алатындарын мойындауға тура келеді.

Қорыта келгенде айтатынымыз қазақтың Жетісу аймағындағы, яғни кейіннен Ұлы жүз тайпалар бірлестігі мекендеген аймақтағы кейбір тайпалық құрылымдардың оғыздармен этникалық байланысы бар екенін байқатады. Мұның басты себебі бұрын Алтайдың оңтүстігінде және Моңғол үстіртінде оғыз бірлестіктерінің құрамында болған қазақтың кейбір тайпалық бірлестіктері өздерінің тарихын оғыздармен байланыстырады. Соның айқын көрінісі Рашид ад-Дин келтірген Жалайырлар шежіресіндегі Оғыз ханның жалайырлардың 19-атасы болып тұруы. Шындығында да оғыздар көші VIII ғасырда Жетісу жері арқылы өткені тарихи деректерден белгілі. Мұның өзі

оғыздардың кейбір этникалық құрылымдарының осы аймақта орын теуіп қалуына және жергілікті тайпалармен ассимилияцияға ұшырауына алып келді. Сондықтанда жалайырлар жоғарыда айтқанымыздай өздерін Қараханның ұлы Оғыз ханнан таратады. Егер қазақ ру-тайпаларының рулық шежіресінде Оғыз хан әрқашан кездесе бермейтінін ескерсек, бұл шежіре зерттеушілерді ойландырады деп ойлаймыз. Ал енді жалайырлардың Жетісу аймағындағы үйсін тайпаларына аса ықпалды тайпалық бірлестік екені және белгілі. Оның өзі қалай десекте оғыз тайпаларының қазақты құраған Ұлы жүз бірлестігіне этникалық тұрғыдан ықпал жасағанын дәлелдей түседі.

3.2 Оғыз тайпаларының найман, қоңырат руларымен тарихи-этникалық байланыстары

Қазақ халқы өзінің тарихи бастауын сонау ертедегі ғұн, сақ, түркілерден ала отырып, олардың тікелей тарихи мұрагері саналады. Ең бастысы, қазақ халқының тарихы ежелгі түркілерден бөлінбес біртұтас. Сондықтан да басқа да түркітілдес халықтар секілді қазақ халқының да тарихын ежелгі түріктер тарихынан ажыратып, жеке қарастыруға әсте болмас.

Жалпы ортағасырлардағы тайпалар бір-бірімен тығыз байланыста өмір сүрген дедік. Сол кездегі қалыптасқан дәстүр бойынша билік басына келген тайпа атымен жер немесе кейде мемлекет аты аталынып отырған. Оған мысал авторы белгісіз парсы дерегінен: «Еділ мен Дон өзенінің арасы бұрын осы жерде мекендеген хазарлар атымен «Хазар даласы» деп аталушы еді, енді бұл жер «Қыпшақ даласы» деп аталады», – деген жолдарды оқимыз. Мерв қаласында тұрған парсылық ақын әрі жиһангез, мемлекет шенеунігі Насыр Хосроу 1045 жылы Алтайдан Еділге дейінгі жерді Дешті Қыпшақ, яғни «Қыпшақ даласы» деп атады. Бұған дейін бұл аймақты араб географтары «Оғыздар даласы» деп атап келген болатын. Яғни, қандай да болсын бір қуатты да күшті тайпа өзге бір тайпаның иелігіндегі аймаққа келіп қоныстанған болса, енді бұл дала билік жасаушы тайпа атына көшеді. Бұл дегеніміз алғашқы тайпалар өз жерін толықтай тастап кетті дегенді білдірмейді. Өз кезегінде бұрынғылардың бір бөлігі осында қалып, кейінгі келген өздерінен әлдеқайда күшті тайпа билігін қабылдап отырған. Кейін келе олар өзара араласып, бір-біріне сіңісіп кеткен, не болмаса кейбірі өз тілі мен мәдениетін де сақтап қалған [288, s. 79-92].

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей оғыз тайпаларының бірқатары қазақ руларының этногенезінің қалыптасуына тікелей ықпал еткендіктен оғыздардың қазақ халқымен этникалық байланысының үзілмегенін көруге болады. Мысалы, өз кезегінде оғыздар үш оғыздар, сегіз оғыздар, тоғыз оғыздар, он оғыздар, отыз оғыздар дегендей тайпалар бірлестігін құраған. Мұндағы сегіз оғыздар – моңғол тілінен аударғанда сегіз мағынасын білдіретін наймандардың арғы бабалары. Бұл бірлестік бастапқы кезеңде «сегіз оғыз» деген атаумен танылды да, кейін келе оларды көршілері «цзу-бу» деп атап, XI-XII ғасырлардан бастап бұлар наймандар деп аталды.

Тарихшылар тарапынан сегіз оғыздардың түркітілдестер қатарынан екендігі нақтыланып, наймандардың ертедегі тарихын ежелгі Сегіз оғыздар бірлестігінен іздестіруге баса назар аударуда. Бүгінгі таңға дейін зерттеуші ғалымдар сегіз оғыз атауының шығу төркініне көңіл бөліп, бұл бірлестіктің құрамын толықтырған тайпалар туралы түрлі пікірлерді ортаға салды. Мұндай пікірлердің орын алуына қытай жазба деректерінде кездесетін сегіз тайпадан тұратын бірлестіктердің аталуы түрткі болды. Бұл мәселені терең зерттей келе профессор Т. Омарбеков олардың қатарында «Нұмдардың сегіз елі» дегендердің сегіз оғыздармен тарихи хронологиялық шегі, территориялық орналасуы жағынан да алшақ жатқандығын көрсетеді. Сонымен қатар зерттеуші екінші «Ляо-чжиде» хатталған сегіз ұлысқа (бу) кіретін тайпа атауларында (Цзу-цзе-ли (Чучеры), И-ши-юй-хо, Ши-хо, Навэй, Биньмо (Дяньмо), Нэй-хой-цзи, Си-вэн, Цзи-моу-цзе) түркі сөзінің кездеспейтіндігін, яғни олардың көне манчжур тіліндегі атаулар екендігін айтады [122, б. 197-198].

Қытай жылнамаларына жасалған талдаулар Сегіз оғыздар бірлестігін телек (теглек) тайпаларының құрғандығын айқындай түседі. Бұлар кейде Гаогюй тайпалары деп те аталады. Аталған деректерден Сір-ендалықтардың (сеянто) және ұйғырлардың (яглақар) биліктерінен кейін Тоғыз оғыз атты ұйғырлар үстемдік жасаған тайпа бірлестігіне қарсы VIII ғасырдың орта шенінде жаңа Сегіз оғыздар бірлестігінің пайда болғанын көруге болады [183, s. 79-92].

Тоғыз оғыздар бірлестігі құрылғанда, оларды билеген ұйғырлардың өздеріне басмылдарды және Шығыс қарлұқтарын күшпен бағындырғаны белгілі. Алайда телектердің бугу, хун, байырқу, тонғра, сыге, киби тәрізді алты арысы Тоғыз оғыздар құрамына кірмей, бірақ олармен тең құқылы жағдайда қалып қойды деп атап көрсетеді Т. Омарбеков қазақ халқының ру-тайпаларының тарихын зерттеуге арналған өзінің еңбегінде [122, б. 199]. Батыста орналасқан ұйғырларға наразылық танытқан ұлыстар өзара бірігіп, Сегіз оғыздар бірлестігін құрған болуы керек. Оның тайпалық құрылымы өзгеріп, қатары ұйғырларға наразы өзге де оғыз тайпаларымен толықты. Қытай деректеріндегі мәліметтерге талдау жүргізгенде сегіз оғыздардың алғашқы кездегі құрамы төмендегідей көрініс тапқанын байқаймыз:

Кесте 3 – Сегіз оғыздардың алғашқы кезеңдегі құрамы

Сегіз арыс (оғыз)

Бұлашық	Едер	Сұба	Нағар	Оғыз	Йұрегір	Ядыр	Қырғұт

Бұл тізімде көрсетілген ру-тайпалар Тоғыз оғыздардың солтүстік-батысында орналасқан тайпалар еді. Олардан оңтүстікте көрші орналасқан жаулары Құйғыр (ұйғыр) болды. Жоғары айтылғандай ұйғырларға қарсылық білдірген оғыздардың құрамына біртіндеп оларға көршілес қатар қоныс тепкен

Мөнден, Танағыр тайпалары қосылса керек. «Үбірдің батысы мен Агнидың солтүстігінде Ақтауды қапталдай» орналасқан Бұлашық, Едер, Сұба, Нағар, Оғыз, Қырғұт, Ядыр, Йүрегір, Қыбыт тайпалары өзара көрші жатыр [289, б. 122]. Бұлар – Сегіз оғыздар. Сір-енда күйрегеннен кейін Сегіз оғыздарға Таринақ, Зыбан, Дарқыт тәрізді Алтынтаудың батыс күнгейіндегі тайпалар да қосылған. Бұлар жорыққа 10 мыңдай адам аттандыра алатын еді [122, б. 121-122]. Көріп отырғанымыздай аталған тайпалар оғыз арыстарынан құралғандықтан және оны құраған тайпалар санына байланысты бұл бірлестік атауы Сегіз оғыздар деп аталған болуы мүмкін. Олар алғашында сегіз арыс аталып, кейіннен оғыз арысының атымен бұл бірлестік Сегіз оғыздар одағы аталады. Бұл сегіз тайпаның Сегіз оғыздар деген атауы Ел Етміш қағанның бітіктасында да кездеседі.

Әрине, ұйғырларға қарсылық кезінде сегіз оғыз тайпасы қытай деректерінде Тоғыз ғулар деп аталған Тоғыз арыстармен уақытша одақтасуға мәжбүр болды. Олар құйғырлардың шығыс бөлігіндегі көрші орналасқан тайпалар еді. Бұл бірлестік атаулары кейін келе Тоғыз байырқу, Сегіз байырқу деген де атауды иемденді. Бірлестік құрамындағы байырқулардың ұйғырларға қарсы күрестерде күшінің басым түсуіне байланысты Байырқу конфедерациясы, одағы деп те аталды.

Зерттеуші Қ. Сартқожаұлының Күлтегін мәтініне берген түсініктемесіндегі географиялық атау – «jer-bajyrqu» бойынша Байырқу конфедерациясы Оңтүстік шығысы Иньшань жотасынан бастап, батыс солтүстіктегі Аққу көліне дейінгі үлкен аумақты алып жатыр. Бұл шамамен алғанда 1050-1110 бойлық, 420-510 ендікте орналасқан. Зерттеушілер Байырқуды тоғыз оғыз, сегіз оғыз деп екіге бөледі. Йер-байырқу аймағындағы байырқу конфедерациясы ірі-ірі 17 тайпадан тұрады. Біріккен Түрік қағанаты орнағаннан кейін қағанат құрылымы жасалғанда 17 аз-байырқу екіге бөлініп, екі қанатқа орналастырылған. Тоғыз тайпадан тұратын тоғыз оғыздарды телес қанатқа, сегіз тайпадан тұратын сегіз оғыздарды тардуш қанатқа енгізген. Кейін тоғыз оғыздар керейт атанып кетсе, сегіз оғыздар «сегіздер» немесе «найман» атанып кетті.

Оғыздардың этникалық және тайпалық құрамының орныға бастауы Батыс Жетісумен тікелей байланысты. Оғыз бірлестігі Оңтүстік және Батыс Қазақстанның байырғы тұрғындарымен араласу нәтижесінде құрылды. Оның құрамына кангар-печенегтердің біразы және Сырдария, Арал және Каспийдің солтүстік төңірегін мекен еткен тайпаларының бірқатары кірген еді.

Оғыз тайпа бірлестіктерінен құралған наймандардың ата-бабалары телек (теглек) тайпаларынан шыққандықтан, көшіп-қону өрісі өте кең тайпалық бірлестіктерді қамтыды. Олар әртүрлі этностармен туысқандық тығыз қарым-қатынаста аралас өмір сүрді. Сондықтан да болар наймандардың этникалық шығу тегін зерттеуші ғалымдар оларға көрші тайпалар арасынан іздестіреді. Мысалы, қырғыз зерттеушісі Т. Акеров наймандардың ежелгі аталарын қырғыздың аз (усунь) тайпаларынан іздестіреді. Сонымен бірге, осы автор наймандар татарлармен де қандас туыс деген дәлелдемесін ұсынады. Оның

ойынша, анчи татар, тоғыз татар, отыз татар, қара татарлар, ақ татарлар, сары татарлар және т.б. кезінде татарлардың билігі күшейген дәуірде өздерін татар атауға мәжбүр болған түркі тайпалары болып табылады. Яғни, наймандар ақ және қара татарлармен туысқан болуы мүмкін [290, с. 183-184]. Ғылыми әдебиеттерде жекелеген ғалымдар наймандардың, керейлер мен меркіттердің қырғыздармен этникалық байланысы туралы пікірлерін айтып жүр. Мұндай жақындасу осы тайпалардың Тянь-Шаньға миграциясы кезеңімен, яғни моңғол жаулаушылығы кезеңімен тұспа-тұс келеді. Мұндай пікірді ұстанушылар қатарында Хань Жулинь, П. Пачневский, Е. Кычанов тәрізді ғалымдар бар. Е. Кычанов аталғандар қатарына меркіттер мен татарларды да қосады.

Наймандар VIII ғасырдан бері тайпалық одақ ретінде белгілі. А.Ш. Қадырбаев та жоғарыдағы авторлар тәрізді наймандар алғашында сегіз оғыз тайпалары деп аталған деп көрсетеді: «Ляо династиясы кезеңінде сегіз тайпадан құралған сегіз оғыздар одағы өмір сүруін жалғастырды, бірақ моңғолтілдес қидандар оларға түркіше «сегіз тайпа одағы», яғни «найман» мағынасын білдіретін моңғолша атау берді», – дейді ол [291, с. 44]. Зерттеуші мұндай пікірді қытай жылнамалары мен Рашид ад-дин, Ата Мәлік-Джувейнидің еңбектерінде көрсетілген наймандар мен керейлердің, меркіттердің қырғыздармен байланысы туралы мәліметтеріне сүйенеді [292, с. 11]. Өз кезегінде бұлардың бәрі әрине, оғыздар бірлестіктерімен тығыз байланыста болғандары белгілі. Юань кезеңінің маманы, қытай ғалымы Хань Жулинь наймандарды X ғасырдың бірінші жартысында құлаған юань династиясынан кейін оңтүстікке кеткен Енисей қырғыздарының бір бөлігі деп есептейді. Оның мұндай тұжырым жасауына «Манас» жырында найман атауының қырғыздармен бірге үнемі аталып отыруы себеп болған. П. Рачневский де наймандар мен керейлерді қырғыз халқының бір бөлігі, не болмаса Қырғыз қағанаты этностарының бөлігі деп жазады. П. Рачневскийдің бұл ойын Е. Кычанов та қолдайды [293, с. 103-104]. Зерттешілердің бір бөлігі найманды түрік пе, монғол ма деген сауалға да жауап іздейді. Еуропа тарихшылары қатарында түркі тайпаларының тарихына қызығушылық танытқан ғалымдардың бірі Абрахам Константин Д'Оссон «Geschichte der Mongolen con Dschingis Khan bis Tamerlan» («Моңғол тарихы. Шыңғысханнан Тамерланға дейін») деп аталатын неміс тілінде жарияланған еңбегінде Рашид ад-Дин, Джувейнилердің еңбектері және басқа да ортағасырлық армян, грузин деректері мен орыс жылнамаларын пайдалана отырып, наймандарды түркі тайпасы деп көрсетеді [294]. Оның бұл пікірін неміс шығыстанушысы Юлиус фон Клапорт [295] пен Генри Хойл Хоуорс [96, с. 20] та қолдайды. А. Мокеев археологиялық зерттеулер нәтижесінде Тянь-Шаньға моңғол мәдениетін тасымалдаушылар қатарында наймандар да болған деген қорытындыға келеді. Автор, қидан тайпалары жуан-жуандарды өздеріне қаратқаннан кейін моңғолдардың сегіз деген санды білдіретін «сегіз тайпа» деп аталғандығын көрсетеді [296, с. 71-81]. Зерттеушілерді қызықтырған тақырыптардың қатарында әсіресе, наймандардың монғол жаулауы кезеңіндегі тарихы да бар. Ю.С. Худяковтың пікірінше, наймандар XII ғасырда Батыс Моңғолия аймағын мекен еткен. XII

ғасырдың ортасына қарай найман әскербасшысы Наркез Таян мен Эният Каан Тұрпандағы ұйғырлар елімен шектес жатқан Ертіс өзені жағасы мен жазықтықты мекен еткен «қырғыз тайпаларын жеңеді» [297, с. 73]. Алайда, 1199 жылы найман ханы Бұйрық Шыңғыс ханнан жеңіліп, қырғыздардың Кэм-Кэмджиут аймағына қарай қашып кетеді. С.М. Абрамзон Шаарихандағы (Өзбекстан) наймандардың құрамында булғашы-найман аталатын кішігірім ру бар екендігін жазады [77, с. 49]. М. Тынышбаев түркітілдес туыс халықтардың құрамында кездесетін үйсін, жалайыр, қаңлы, арғын, қоңырат, керей, қыпшақ, алшын тәрізді басты қазақ руларының қатарында наймандарды да атап өтеді [79, с. 37-38].

1219–1224 жылғы Шыңғыс хан бастаған моңғол жаулаушылығына дейін, яғни XII ғ. соңы – XIII ғ. басында Моңғолия жерінен қазіргі Қазақстан аумағына қоныс аударған тайпалардың келесі бірі наймандар болды дей келе, т.ғ.д., профессор Б.Б. Кәрібаев пен т.ғ.к., қауымдастырылған профессор М.С. Ноғайбаева наймандармен көрші жатқан елдердің аймақтарын: «Наймандардың негізгі мекені шығысында Селенга мен Орхон өзендерінің жоғарғы ағысынан, батысында Тарбағатай тауына дейінгі, солтүстігінде Танну-Оладан оңтүстікте Алтай тауының жоталарына дейінгі жерлер болып, батыста – қаңлылармен, солтүстікте – қырғыздармен, шығыста – кереит және меркіттермен шектесіп жатты» [298, б. 81], – деп атап шығады. Бұл жерден тағы да көріп отырғанымыз жоғарыда аталғандай наймандар қырғыздармен көрші орналасып, олармен тығыз байланыста болған. Ал Шыңғыс хан шапқыншылығы тұсында наймандардың бір бөлігі қырғыздардың қарамағына барып, олармен араласып кеткен деуге болады. Жалпы наймандар ғана емес, көптеген қазақ руларының этникалық қалыптасулары басқа көрші тайпалармен, соның ішінде моңғолдармен тығыз байланысты.

М. Тынышбаев қазақ руларының тізімін бере отырып, олардың құрамын алғаш рет толыққанды түрде жазып шығады. Және әрбір тайпа атауының шығу тегіне тоқталып өтеді. Ол: «Қаңлы, Үйсін, Уақ, Қыпшақ – түрік тайпаларының атауларын; Жалайыр (еке-моңғол), Арғын, Керей, Найман, Қоңырат (Көк (еке) – моңғол) – Моңғол тайпаларының атаулары. Ал Алшын – түрік пен моңғол тайпаларының аралас атауынан шығуы мүмкін (славян-түрік-моңғол)», – деп, бұл аталған руларының басқа түркітілдес халықтардың да құрамында кездесетіндігіне де көңіл бөледі. Оларды төмендегіше беруге болады [79, с. 151]:

Кесте 4 – Түркі халықтарының құрамында кездесетін қазақтың ру-тайпа атаулары

Тайпалар	Қырым татарлары	Қарақалпақ	Қырғыз	Өзбек	Түрікмен	Башқұрт	Татар
1	2	3	4	5	6	7	8
Жалайыр		+					
Керей	+	+			+	+	

4 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8
Найман	+	+	+				+
Ошақты				+			
Қаңлы				+			

Кестеден көріп отырмыз, кейбір қазақ рулары басқа тайпалар құрамына ыдырап кеткен. Десекте, бұлардың біразы жоғарыда айтқанымыздай, оғыздық тамырлар бар тайпалар.

Оғыздардың этникалық тарихы тереңге тартады. Осы мәселе төңірегінде арнайы еңбек жазған зерттеуші ғалым С.Г. Агаджанов оғыздардың территориясын деректер арқылы анықтай отырып, қандай өлкеде оғыздардың тайпалары өмір сүргендігіне және олардың қандай этно-саяси бірліктің қалыптасуына ықпал еткендігіне және бұған тікелей ықпал етуші факторларға көңіл бөледі [8, с. 4]. Оғыздар жалпы өзінен кейінгі түркі халықтарын қалыптастырып қана қойған жоқ, ол өзі де түркі тайпаларының бірінен саналады. Л.Н. Гумилев бастаған бір топ зерттеуші ғалымдар оғыздардың этникалық бастауын тюгю түріктерінен шығарады. Ал қазақтар болса, сол түріктердің бірден-бір ұрпағы саналады. Қазақстандық зерттеуші Ж.О. Артықбаев ежелгі түркілердің этникалық дәстүрлері қыпшақтар мен оғыздарда өз жалғасын тапқандығын жазады. Түрік қағандығының құрамында тоғыз оғыз тайпалық одағының пайда болған кезі – VII ғасырдың басы. Олар бұл кезде Орталық Азияда өмір сүрді. VIII ғасырдың орта тұсында Жетісудағы оғыздардың Сырдарияның төменгі ағысына қарай қоныс аударуларына тура келсе, IX ғасырда Ыстықкөл маңындағы оғыздарды қырғыздар ығыстырып, Шығыс Түркістанның Шыңжанына көшіреді. Шыңжандағы тоғыз оғыздар көне ұйғыр тайпасымен араласып, бұрынғы атын бірте-бірте жоғалтып, оның орнына ұйғыр этнонимін қабылдады. Оңтүстік және Батыс Қазақстан жерлерінде оғыз этносының қалыптасқан кезі – IX-X ғасырлар. Бұлардың этникалық құрамын Сырдария алқабы мен Арал-Каспий далаларын мекендеген ежелгі этникалық топтар мен Жетісу, Сібірдің көшпелі ру-тайпалары құраған.

Оғыз тайпалары қазақ халқының тарихында өзіндік із қалдырды дедік. Қазіргі зерттеушілердің көпшілігі найман, керей, уақ руларының этникалық қалыптасуында оғыздардың орны ерекше деп көрсетеді. Тарихи деректерде оғыздар қазақ халқының арғы тегі ретінде баяндалады. Ол жөнінде академик Ә.Х. Марғұлан өз ойын былай тұжырымдайды: «Қазақтар өзінің шежіресі бойынша өздерін әу бастан түрікпенмен туыс болғанбыз деп есептейді. «Қыпшақ шежіресі» деген кітапта «Алаша ханның екі баласының біреуінен Сейілхан, одан сегіз арыс түрікпен, екіншісінен Жайылхан, одан қыпшақ, кейін қазақ пен қарақалпақ шыққан, түрікмендер боз оқтан, қазақтар үш оқтан тараған» [81, б. 200-201].

Әлемге әйгілі «Диуани лұғат-ат түрікте»: «Оғыз – түрік тайпаларының бірі, оғыздар – түрікмендер болып табылады. Олар жиырма екі ұрық болып,

әрқайсысының айырым белгісі және малдарына басатын таңбасы бар. Олар бір-бірінің малдарын сол таңбаларына қарап таниды»,– делінеді [18, б. 85].

Бұл жерде оғыздар түркі тайпаларының бірі деп айтылып отыр. Осы тұрғыдан тайпа кейін түркі тілдес ұлттардың әрқайсысының құрамына бөлініп, қосылып кетті деп айтуымызға болады. Бірақ біз Махмұт Қашқаридың «Оғыздар – түрікмендер болып табылады» дегенін терең ойлануымызға тура келеді. Ол оғыз тайпасының әрбір (жиырма екі) руының атын және таңбасын жеке-жеке ерекшелеп жазғаннан кейін және «жоғарыда санап өткендерім оғыздардың басты ұрықтары, бұл ұрықтардың және бір мұнша аймақтары бар. Бұл айтылған рулардың аттары, оларды құрған ең ертедегі ата-бабаларының аттары» [18, б . 56], – деп жазған. Демек оғыздар өз кезінде үлкен ру-тайпалар бірлестігі болған. Оның қалыптасуы күрделі де, ұзақ кезеңді бастан өткерген.

Академик В.В. Бартольд Орта Азияны мекендеген түркі халықтарының шығу тегі, әр тайпаның билік жүргізудегі әрекеті, өмір сүру барысы, дәстүрі жөнінде сөз қозғарда, түркі тектес халықтар арасында ертеректен қай тайпаның үстемдігі көпке дейін өрлеу тауып тұрғанын атап көрсетті. Бұл пікірді В.В. Бартольдтің: «Название чигиль, с тех пор забытие, в XI в. применялось к большому числу турецких народностей. По Махмуда Кашкарскому, огузы называли чигилями всех турок от Аму-Дарьи до Китая», – деген сөзі нақтылай түседі [63, с. 58].

Жалпы оғыздардың негізгі отаны VI-VII ғасырларда қазіргі Моңғолиядағы Орхон өзенінен батысқа қарай Жетісу жері арқылы Сыр өзені бойына дейінгі аймақты алып жатты. Моңғол үстіртін мекен еткен IX-XII ғасырлардағы түркі тайпаларының шығыстан батысқа қоныс аударуларының себептерін қазақ тарихшысы З. Қинаятұлы ғылыми түрде жан-жақты талдаған еді [137, с. 80].

«Оғыз» этнонимі қытай жылнамалары арқылы «Угуан» деген атпен VI ғасырдан бері белгілі. Алғаш Шығыс Түркістаннан Ыстықкөл аймағына дейінгі аралықтағы аймақтарды мекендеген оғыздар VII ғасырдан бастап Жетісу мен Сырдария аралығына көше бастады. Олардың көпшілік рулары Батыс Түрік және Түркеш қағандықтары құлағаннан соң өзара билік үшін күрес орын алып, 766 жылы Жетісуда қарлұқтардың билігі орнықты. Сондықтан да бұл маңды мекен еткен оғыз тайпалары бұл өңірден Сырдың төменгі ағысына қарай барып қоныстанды. Сөйтіп, VIII ғасырдың екінші жартысына дейін осы маңда күшті орда құрған-ды. Ал IX ғасырдың бас кезінде оғыздар осы бетімен пешенегтер мен қаңлы (кей деректерде «қаңар», «қаңғар», «кангар») тайпа бірлестіктерін талқандап, Сырдарияның төменгі ағысына дейін барды. Ал IX ғасырда Арал төңірегін өздеріне қаратады. Орыстың белгілі археологы академик С.П. Толстов көне жазба деректер мен археологиялық мәліметтерге сүйене отырып жазған «Ғұздар қаласы» атты еңбегінде оғыздардың IX ғасырдың аяғында оңтүстік орыс жеріндегі пешенегтерді талқандап, Еділ бойын жаулап алғанын айтады [6, б. 34].

Оғыз және селжұқ мемлекеттеріндегі оғыз және түрікмен тайпалары Еуразия тарихында маңызды орынды иеленеді. Оғыз тайпасының маңызды бөлігі қазақ, өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татарлардың құрамына енді.

Оғыздар Қазақстан жерінде болған екі ғасырдай уақытта өзге түркі тайпаларымен өзара мәдени-шаруашылық, этностық ықпалдастықта болды. Нәтижесінде оғыздар қыпшақ, Алтын Орда, Көшпелі Өзбек мемлекеті, Қазақ хандығы құрамындағы белді тайпалардың біріне айналды.

Жалпы, кез келген халықтың қалыптасуы оның екінші бір халықпен сіңісуі нәтижесінде де жүзеге асып жатады. Осы тұрғыдан оғыздар конфедерациясын жергілікті және осы аумаққа келіп қоныс тепкен элементтердің ассимиляциялануы мен этникалық синтезінің негізінде құрылды деп айта аламыз. Оғыздардан жеңілген қаңғар-печенектер, Арал мен Сырдария, Солтүстік Каспий аймағын мекен еткен өзге де тайпалар осы құрамға кірді. Олардың қатарында үндіеуропалық нәсілдер де кездесті. Жекелеп алып қарастырғанда, бұл Арал теңізі мен Каспийдің шығыс жағалауында орналасқан аландар мен астарға қатысты. Сондай-ақ, оғыздарға дейін, яғни VI-IX ғасырларға дейін Аралдың батыс бөлігін мекен еткен баджгардтар, нукардтар мен баджналар да осындай араласып сіңісуді бастан өткерді. Осының көрінісі – түркі тайпаларында кездесетін «Бессары» этнонимі.

Трансильваниядағы боярлардың бір тегі – Басарабтар (Бессарабтар) деп аталады. Бастапқыда «бессарабтар» («бессарылар») деп б.з. I-II мыңжылдықтары межесінде Днестр-Прут өзендерінің арасын мекендеген халық аталды. Осыдан барып 1349-1357 жылдары осы аймақ мәскеулік грамоталарда «Бесарабтар жері» деп аталған. Бұдан бүгінгі Молдавияның тағы бір тарихи атауы – Бессарабия шығады. Бүгінгі ру-тайпалық тізбеде бұл ру қазақтың Қаңлы, Қыпшақ, Шапырашты, Тана және Беріш тайпаларындағы Бессары, Ошақты тайпасындағы Бессары, өзбектің Бесшары руы түрінде кездеседі. Сондықтан белгілі түркітанушы академик В. Гордлевскийдің Бессарабия атауы қыпшақ ханы Басарабтың атынан шыққан деген жорамалы қате болып көрінеді» [155, б. 21].

Бірқатар тарихи-хронологиялық белгілерге сүйенсек, «қыпшаққа дейінгі» кезеңде Бессары көшпенді руы болгарлық немесе уыздық болған. XIV ғасырдағы болгар-серб текетіресі кезінде белгілі молдаван господары (билеушісі) Иоанн Басараб Болгария жағында болды. Ол басқарған Молдованың валахтары (болгарлары) мен аландары Алтын Орданы қолдаған антисербтік коалицияға кірді [155, б. 21-22].

Оғыздармен тікелей этникалық байланысы болуы мүмкін деп Орта жүздің құрамындағы Қоңырат руының Божбан атадан тараған тобын да есептеуге болады. Оған лингвистикалық талдаулар жасау барысы мынадай тұжырым жасауға алып келді.

«Қоңырат руының босағаны бейнелеген бір ғана таңбасы болғанымен ұраны екеу болған: «Мүкамал» және «Алатау». Аңыз бойынша Сары, Сапар, Божбанды Жаманбайдың балалары ығыстырған. Бұл бес ру одақ құрып, «бес ата» деп аталады, және олар «Мүкамал» деген Саңғылдың ұранын қабылдаған.

«Бес атаға» кірген рулардың әрқайсысының өз ұрандары болған. Атап айтқанда, сапар руынікі – «Айту», сарынікі – «Барқы», божбандікі – «Қайнақ» деген атаулармен белгілі. Жаманбайдың ұрпақтарындағы ұрандарға тоқталсақ: қараша мен жанай руларында – «Көкен», ақболат пен қайрақта – «Сапақ» екенін көреміз [127, б. 152]. Мұндағы көрсетіліп отырған Жаманбайдың ұрпақтары – божбандар бүгінде Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданының Бесарық ауылдық округінде, Оңтүстік Қазақстандағы Бөген елді мекенінде шоғырланған.

Қоңыраттардың пайда болуы жөнінде мынадай ақпараттарды келтіре кетуді жөн көрдік: «Малыби өз заманының өте озық тумасы еді. Үш жүзге басшылық етіп сыртқы жауларынан қорғануда ақылды басшы бола білген. Оның екі әйелі болған: Құндыз және Жезбике. Үлкен әйелінен Күнті дүниеге келіп, одан Сұпы, Бақи туады. Ал Сұпыдан – Маңғытай, Сеңгіл; Бақидан – Құдайберді; Құдайбердіден төрт ұл: Жаулыбай, Аманбай, Сүдембай, Сүйінбай тарайды. Ал екінші әйелінен Түкі, одан Байқошқар, Аққошқар, Жаулыбай; Байқошқардан Ақболат; Аққошқардан Қайрақ, Божбан тарайды. Осылардан өсіп-өнген ру қоңырат елі деп аталған» [299, б. 139].

ҚҰЭ-да: «Божбан – қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша, Орта жүздегі қоңырат тайпасынан таратылады. Шежірелік аңыздарда Божбан батырдан таралған ұрпақтар деген дерек бар. Божбаннан таралған белгілі адамдар арасында Байбөрі байдың баласы әйгілі Алпамыс батыр мен оның ұлы Жәдігер есімдері де аталады. Божбаннан Қожағұл, Жәукім, Итемген, Құлым, Бекарыс, Тоқпақ, Жұмық, Ұржық аталары өрбиді. Ұраны – Алатау, таңбасы – босаға» [300, б. 354].

Міне, қоңыраттар құрамында аталып отырған осы Божбанды ортағасырлардағы Көктүрік қағанатының негізін салушы Боджман қаған ретінде көрсетуге бірнеше дәлелдеріміз бар дейді О.Д. Бекжан: «Бірінші дәлеліміз: рулық шежіреде Божбан атаны дүние жүзіне әйгілі Алпамыс батырдың өзі деп көрсететін нұсқалар бар. ҚСЭ-да Божбан ата туралы дерек берілген. Онда: «Божбан – Орта жүз, Қоңырат ішіндегі Көтенші руынан тараған ата. Шежіре бойынша Божбаннан Ұржық, Жұмық, Қожағұл, Жәукім, Итемген, Құлым, Бекарыстан, Тоқпақ дейтін сегіз ата тарайды. Аңыз бойынша, Божбан – Жиделі-Байсындағы Алпамыс батырдың ұрпағы, бала кезінде Көтеншіге келіп сіңген. Көтеншіден тараған Сары, Сапар, Маңғытай, Саңғыл елдерімен бірігіп, «Бес Божбан» атанған. Божбан Октябрь революциясына дейін Шымкент уезінің оңтүстік-батысын, Сырдың екі жағын мекендеген. Таңбасы – Қоңыратқа ортақ босаға (∏)»» [301], – делінген.

Аталған автор келтірілген мәліметтерді алға тарта отырып, шежірелік деректер мен фольклорлық деректерде кездесетін Алпамыс пен Божбанның арасындағы байланыстарды ашуға тырысқан. Мұны жалпылай айтсақ, бір деректерде Божбан атаның Алпамыс батырдың ұрпағы ретінде суреттелгені, ал екінші бір деректерде Алпамыстың өзі Божбанның ұрпағы, ал келесі бір дерек топтарында Божбан мен Алпамыс екеуі де бір адамның аты ретінде көрсетілгені сияқты бірнеше нұсқалар мен айырмашылықтардың орын алуына

тоқталуға болады. Яғни «бір деректерде, «Божбан» Жиделі Байсындағы Алпамыс батырдың ұрпағы, бала кезінде Көтеншіге келіп сіңісіп кеткен десе, екіншіде, Алпамыс батыр «Божбан еді» дейді» [302]. Талдаулар жасай келе деректерде кездесетін Алпамыс пен Боджманның арасындағы байланыстың бар екендігін ашуға тырысқан аталған автор бұл екеуі әртүрлі кезеңнің сипатын бойына жинаған эпостардағы кейіпкерлер деп санауға болады дейді. Мысалы, «Қорқыт Ата кітабындағы» Алып Бамсы Алпамыс дей келіп, Манас, Алпамыс, Алып Бамсы, Боджман – бір кейіпкер дегенді алға тартады. «Алпамыс есімі Боджман қаған атынан туған. Оның шығу төркіні есім буындарын алмастырып айтудан пайда болған. Мысалы, қазақ есімдерінде Байбөрі – Бөрібай, Байсары – Сарыбай тәрізді буын-сөздерді ауыстырып айтудан Боджман – Манбодж болып өзгеріске түскен деуге болады. Алдыңғы ман буыны ман //бан // пан сәйкестіктеріне түрлене алады. Ал соңғы бодж буыны бодж //бош // бос сәйкестіктерімен өзгеріске түседі және алдыңғы Б дыбысы да б //м //н сәйкестіктеріне ауыса алады. Осыдан банбос // баннас // маннас // манас атауы осылай шығады. Бұдан басқа Мамыш есімі Манмыш // Маммыш // Мамыш өзгерісінен, Манаш // Маннаш-тан пайда болады. Ал Алпамыстағы Памыс панмыс // паммыс // памыс түрленісінен туғаны анық» [303, б. 93].

Тағы бір этимологиялық талдау бойынша «Оғызнама» жыры және «Қорқыт Ата кітабында» кездесетін «үш оқ», «боз оқ» бөлінісіндегі «боз оқ» атауы қоңыраттар құрамындағы божбан атауында сақталып қалған болса керек. Мұны былайша түсіндіруге болады: «боз+оқ+ан» = «бозоған» = «божыбан», бұдан «божбан» келіп шығады. Тілдік өзгеріс заңдылықтарын ескерер болсақ, «қ» дыбысының «ғ» дыбысына айналатынын айтуға болады. Және «-ан» жұрнағы парсы тіліндегі көптік жалғау болып келеді. Осы компоненттер тұтаса келе «боз оқтар» деген мағынаға алып келеді [191, б. 314-315]. Осы ретте Есіркеп Кәрібайұлы жазған «Қоңырат шежіресінде» келтірілген халықтық этимологияны келтірелік: «Игілікті әкесі «Бозжігітім», «Бозжаным» деп жүріп, ол «Божбан» атанып кетеді» [304, б. 9]. Сондай-ақ тағы бір шежірелерден Жолдыбай деген кісі момын, сөйлемей бозарып отыра бергендіктен де «Божбан» атанып кетіпті деген түсіндірмені де кездестіруге болады [304, б. 65].

Фольклорлық үлгілердің қатарында халық арасында кең таралған «Алпамыс батыр» жырында кездесетін Байбөрі деген кісінің баласы Алпамыс божбандардың атасы ретінде көрсетіледі. Ал бұл халықтық шығарма оғыздардың дастаны «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жырдан» бастау алады.

Осындай пікірді академик Әлкей Марғұлан да береді. Онда мынадай жолдар бар: «Алпамыс» жыры көп тайпаға мирас болған ескі жыр, «Бамсы» жырының бір түрі. Ол Алтай тауынан бастап, Орта Азия, Кавказ жеріне дейін таралған әфсана. Оғыз-қыпшақ тайпалары оны мыңдаған жыл есіне берік ұстап, ұлы аңызға айналдырған. Бұл жырды ескі қалпында осы күнге дейін айтып келген қазақ, қарақалпақ, өзбек ақын-жыраулары. Бұларда (әсіресе қазақ пен қарақалпақта) «Алпамыс» жырының ескі сюжеті мен құрылысы берік сақталған эпосты айтып қалыптастыруда ұйытқы болған оғыз елінен тарап шыққан

қоңыраттар. Олар екі жерді қоныс етіп қалған. Бірі Сырдарияның өңірі – оғыздардың ескі жұрты, екіншісі Жиделі Байсын – Әмудариянның бойы, сыртқы оғыздардың мекені. Ерте дәуірдегі оғыздар, олардан кейін шыққан қоңыраттар жаз бойы Сарыарқаны, Торғай, Тобыл, Жайық бойын жайлап, қысқа қарай жылы жаққа, Сырдың, Әмудариянның алқабына барып қыстайтын болған. ...Жиделі Байсындағы қоңыраттар бұрын Сарыарқаға дейін жайлап жүрген. Тек соңғы ғасырларда ғана қоныс шалғайлықтан байланысын үзіп алған. Бұл «Алпамыс» жырының сюжеті екі елде өзгерусіз сақталуынан да көрінеді» [81, б. 22].

Әрқашанда тарих шындықты халықтық деректерден өрбітетін Әлкей Марғұланның бұл айтқандарын теріске шығаратын пікірлер әзірге жоқ.

Әбілғазы өзінің «Түрікмен шежіресінде» Оғыз ханның күннен туған алты ұлынан тараған ұлдарының аттарын айта келе, «... Сорқы бұ уақытта Сорқыхи дейді» деген үзіндіні келтіре кетуді жөн көрдік. Мұндағы Сорқының қоңырат ішіндегі жетімдерден тарайтын Соркүйік (Сұркиік) руының атауы болуы мүмкін деп те болжам жасауға болады.

Осы айтылғандардан туындайтын ортақ қорытынды тарихи деректер оғыз тайпаларының қазақтың құрамындағы тайпалық бірлестіктерінің жаңа этникалық одақтарының қалыптасуына айтарлықтай елеулі ықпал жасағандарын, күні бүгінге дейін оғыз іздерін олардың этникалық құрылымдарынан кездестіруге болатынын аңғарамыз.

Қорыта келгенде айтарымыз қазақтың орта жүздің құрылымын этникалық тұрғыдан құрауда оғыздардың да ықпалы болғанын байқаймыз. Мұны әсіресе, кезінде сегіз оғыз атанған наймандар тарихы анықтай түседі. Сонымен қатар оғыз этнонимінің Орта жүзді құраған басқа да ру-тайпаларға өзіндік ықпалы болғанын іргелі қоңырат тайпасының рулық шежіресін қарастырғанда тағы да байқаймыз. Мұны фольклорлық деректер де мақұлдай түседі. Осы айтылғандардан шығатын қорытынды оғыздар қазақты құраған ру-тайпаларға жат емес.

3.3 Оғыздардың адай, шеркеш, жаппас ру-тайпаларының этногенезіне ықпалы

X ғасырда оғыз тайпаларының көпшілігі Арал мен Каспий теңіздерінің маңындағы далаларға қоныстанды. Масуди Хазар теңізінің маңындағы шөлдерде көптеген көшпелі оғыздар тұратынын айтып: «... оғыздардың қоныстары мен қамалдарының батыс шекаралары оңтүстік Орал мен Еділдің төменгі бойына дейін жеткен. Жайық бойымен және Еділдің сол жақ жағасымен көшіп жүрген оғыз тайпалары башқұрттармен, бұртастармен шекаралас болған» [284, б. 371], – дейді. Мұндағы көрсетіліп отырған территориялық аймақтарда оғыздардың материалдық мәдениетінің үлгілері ретінде олардың өздеріне тән ерекше белгілері мен таңбалары қалып отырғанын археологтар мен тарихшылар айқындай түсуде.

Бұл жерде айтпағымыз, этногенез мәселесін зерттегенде семиотика ғылымының да алдыңғы қатарға шығып, біршама көмекке келе алатыны.

Семиотика белгілі бір таңбалар мен белгілерді зерттейді. Ал қазақ халқының этникалық тарихын қарастырғанда оның түп-тамыры қандай тайпалардан таралатындығын әртүрлі тарихи таңбалар мен белгілерді тікелей байланыстыра зерттеу біршама жаңалықтар мен тарихи толықтыруларға алып келеді. Семиотиканы кез келген зерттеу объектілерінде басшылыққа ала аламыз. Ал қазақ рулары тарихында кездесетін таңбалардың қай кезеңде шыққандығы туралы зерттеуші ғалымдар арасында түрлі пікірлер болды. Кезінде айтылған Н.А. Аристовтың пікірін жалғастырған қазақстандық зерттеушілер: «Біздің ойымызша, осы тұжырымдардың өзі рулық таңбаларды – ерте ортағасырлардағы түркілердің өмірінің саяси-шаруашылық қажеттіліктері туғызған дегенге ақиқат жақын тұр» [122, б. 55], – деген пікір айтады.

«Таңба» сөзі түркі тілдес халықтар мен кавказдықтарда кездеседі. Бұл сөзді кабардиндіктер «дамыгъе», адыгейлер «тамыгъа», абаздар «дамыгъа», абхаздар «адамыг» деп атаса, орыс әдебиетінде ол «тавро» деп жазылған. Е.М. Тургунбаев өз еңбегінде қазақ ру-тайпаларының шежіресіне тоқтала отырып, таңбаларға да үлкен мән беру керектігін ескерте келе: «...Таңба деген сөздің этимологиясы таң, яғни таңдану. Түбірі таны да болуы мүмкін, яғни білу, шешу. Руналық-тамғалық тұжырымдамадан Тамға кодталған графикалық ақпарат, онда прототүркілердің ежелгі философиясы жатыр, ал оның мағынасын табиғаттың заңын, логиканы пайдалана отырып шешу керек. Руналық-тамғалық тұжырымдаманың құпиясы иероглиф алфавит мәтініне сай келетін ақпарат көмегімен шешіледі. Таш-оғыз тамғалары немесе сыртқы тамғалардың базалық орналасуы белгілі. Сыртқы тамғалар сармат және алан тамғаларының бір бөлігі болып табылады» [127, б. 156], – дейді.

Әмудария мен Сырдария өзендерінің бойында орналасқан ру-тайпалардың осы аумақта қалдырған өзіндік белгілерінің біршамасы қазіргі таңдағы қазақ және түрікмен таңбаларына ұқсайды. Олардың қатарында: Табын, Тама, Адай, Кете, Бекделі, Байандыр, Ысық, т.б. бар.

Бұл дегеніміз, А. Джикиевтің адай руының таңбасына қатысты айтқан, яғни адайлар таңбасының ортағасырлардағы түрікмендердің «қазаяқлы» таңбасынан алынғаны туралы пікірінің [305] орынсыз екендігін былайша түсіндіруге болады деген сөз: адай руы сан жағынан көп рулардың қатарынан саналғандықтан да ұсақ, кішігірім рулардың таңбалық белгісін көшірме ретінде пайдалануы мүмкін емес. Оның үстіне түрікмендердің құрамында кездесетін салорлар оғыздардың бір бұтағы саналады. Осыған байланысты да Қазақстан территориясы аумағын мекен еткен адайлардың таңбасына қатысты сырттан келген ықпалдастық туралы түсінік қате.

Рашид ад-Диннің айтуы бойынша, таңбалар аңыздағы Оғыз ханның ұлы әрі мұрагері саналған Күн хан тұсында белгіленген, яғни олар бұйрықты, байлықты, табындағы малдарын белгілеп, оған басқалардың қол сұқпауы үшін осыны ойлап тапқан. Ал А.Н. Харузин таңбаны жеке меншікке қарағанда рудың белгісін көрсететін белгі ретінде қарастырады. Түркілер ұлысына бірден-бір тән ерекшелік ол рулық таңба болып табылады. Ру таңбасы арқылы сол елдің этникалық атауын, оның атқарар қызметін айқындауға болады.

М. Қашқаридың «Түбі бір түркі тілі» атты еңбегінде оғыздардың этникалық құрамы төмендегіше тізіледі: «Қынық, қайығ, байундур, йуа – йыуа, салғұр, бәутілі, бугдуз, байат, йазғыр, аймур, қарабөлук, алқабөлук, ігдір, урәгір – йурәгір, тутырқа, улайундлуғ, тугәр – тігәр, бажанак, чувулдар, чәбни, чаруқлуқ» [18, б. 180]. М. Қашқаридың көрсетуіндегі оғыз тайпаларының құрамы мен тайпалық таңба белгілерінің қазіргі қазақ құрамындағы таңбалармен сәйкес келетіндігін байқау қиын емес.

Мысалы, Оғыз руларының ру таңбасы – қазақтың садыр, матай руларының таңбаларына ұқсас, қайығтар – қаңлылардыкіне; байұндүрдікі – қоңырат, сары үйсіндерге, керейлерге; ибалардыкі – сунақтарға; салғұрлардікі – адай, алшындарға; ігдірлердікі – жаппастарға, және т.б. ұқсайды. Бұл жерде ру-тайпа таңбаларын зерттеу біздерге тарихи зерттеулер назар аудармай келе жатқан тұстарды анықтауға жаңа қырынан келу керек деген қорытындыға итермелейді. Бұл ретте Ю.А. Зуев: «М. Қашқари мен Рашид ад-Диннің кезіндегі рулық таңбаларды кейінірек кезеңдегі түрік және моңғол тайпаларының таңбаларымен салыстыра қарау Орталық Азия халықтары этногенезін зерттеп білуге қажетті аса құнды материалдар бере алар еді» [306], – деген болатын.

Ру-тайпалардың таңбалық белгілерін қарастырғанда Н.А. Аристов, М. Тынышбаев, С. Аманжолов сияқты ғалымдардың айтып кеткеніндей, белгілі бір ру-тайпалар бұрынғы тайпа құрамынан кеткен кезде, не болмаса екінші бір рудың құрамына кірген кезде немесе жеті атаға толып өз алдына ел болған кезде олардың таңбаларындағы белгілерге біртіндеп қосымша таяқшалар, белгілер жалғанып отыратындығын естен шығармаған жөн.

С.Е. Әжіғали өз зерттеулері барысында таңбаны мәтіннің алғашқы элементтеріне жатқызады. Таңбалар ескерткіштердің батыс қырларында – молаларда, сандықтастарда, сағанатамдарда, Шопан ата, Қараман ата, Қошқар ата молаларындағы қойтастарда бейнеленген бірден бір ақпараттық элемент болып табылады дейді ол. XII-XV ғасырлардағы Маңғышлақ ескерткіштерінде оғыз тектес түрікмен тайпаларының таңбалары кездеседі [24, б. 57]. Атап көрсетер болсақ, салорлардың, чоудорлардың, игдыр, байындыр таңбалары «оғыз балаларының» таңбаларына өте ұқсас.

«Электронное научное издание Альманах Пространство и время» атты электронды журналда жарияланған С.Е. Әжіғалидің «Арал-Каспий аумағының мәдени мұра очеркі» атты еңбегінде мемориалды ескерткіштер беттерінде қалған таңбалардың өзгермейтін атрибут екені айтылады. Зерттеуші адай, табын руларымен бірге түрікмендердің игдыр тайпасының да таңбасындағы ұқсастықтарды көрсетеді. Құлпытастарда бейнеленген рулық белгі – таңбалардың шығу тегі мәселесі қызықтырған автор зерттеу жүргізіліп отырған аймақтағы мемориалды-культті кешендерінің тарихи-мәдени, этнографиялық мәніне ерекше тоқталады [22, б. 20]. Себебі мұндағы ескерткіштер тарихы сан қырлы тарихи аңыздар мен дәстүрлерге бай болғандықтан да, өткен ғасырларда өмір сүрген көптеген ірі қайраткерлер жерленген орынның көркемделген түрлі суреттермен оюлық өрнектеумен, таңбалар салумен көрініс беруі маңызды тарихи-мәдени, этнографиялық мәнге ие болып келеді. Мысалы, Маңғыстау

мен Үстірттегі тарихи құрылыстарда оғыз-қыпшақ кезеңінде өмір сүрген тайпалардың таңбалық белгілері көрініс беріп отыр. Сондай-ақ осы деректер негізінде Кіші жүз қазақтарының бұрынғы таңбалық жүйесі қалпына келтірілуде. Сондықтан да Арал, Каспий маңындағы ортағасырлық архитектуралық ескерткіштердің оғыздар тарихын зерттейтін тарихи дерек ретіндегі маңызы зор болып отыр.

Шаруашылықтың көшпелі және жартылай көшпелі түрін ұстанған, IX-XI ғасырлардағы Сырдария, Арал теңізі мен Солтүстік Каспий бойын жайлаған оғыздардың басым бөлігінің бет-пішіні моңғолойдтық нәсіл түрін иемденді. Бұл жөнінде әл-Масуди: «Олар (түріктердің) ішіндегі ең аласалары, олар көздері ең кішкентайлар» [307, с. 172], – деп жазады. Оғыздардың сыртқы бет-пішініне қатысты айтылған бұл жазба мәліметтері кейбір палеоантропологиялық материалдармен сәйкес келеді. Батыс Қазақстанда орналасқан оғыз-печенегтердің қорғандарынан табылған бас сүйектері моңғолойдтық типке сәйкес келеді [308].

Жалпы, қандай да болсын халықтың, ұлттың, ру-тайпаның да өзінің шыққан тегі, ата-бабалары бар. Кез келген нәрсе аяқасты пайда бола қоймайды. Осыған байланысты оғыздар да белгілі бір өзіне дейінгі өмір сүрген тайпалардың ұрпақтары. Яғни, оғыздардың бүгінгі күнгі ұрпақтары жайында сөз қозғар алдында олардың кімнен, қайдан шыққандығы жөнінде де қарастыру маңызды. «Егер кейде неолит заманынан бастау алатын өте ежелгі рулардың аттарының бүгінгі күнгі түріктердің арасында сақталуы заңдылық болса, бірнеше далалық рудың мықты одағының мұнша ұзақ өмір сүруі басқа – сакральды байланыста болса керек». Осындай «Тұран қоғамындағы ежелгі ру-тайпалық ұйымға таңғажайып ұқсастығы олардың атын атауға мүмкіндік береді. ...«Жеті ру» тайпалар одағы бұрынғыша Орталықеуразиялық далада өмір сүріп жатыр. Ол Тама, Табын, Кердері, Керейт, Рамадан, Жағалбайлы және Телеу аталатын батыс қазақстандық тайпалар» [155, б. 74]. Осы ретте айта кетер жағдай, алдыңғы тарауларда айтылғандай оғыздар түркі халықтарының этногенезінде маңызды орын алды дегенді айтқанда, ең алдымен, олардың да түркі тайпаларының қатарынан саналатынын ұмытуға болмас. Сондықтан да, бұл тарихи сабақтастықтың бастауында сақтар дәуірінен хабар беретін заттай деректер мен ежелгі әріптік кескіндемелерден Байұлының құрамына кіретін ру-тайпалардың таңбаларын кездестіруге болады. Мысалы, мұнда жаппас тайпасының Z таңбасын, шеркеш, есентемір тайпаларының V таңбасын ұшырастыруға болады. Мұндай салыстырмалы талдауларды оғыздар бірлестігі құрамындағы ру-тайпалар мен Кіші жүз қазақтары руларының таңбаларын қатар қойып жасауға болады. Тағы бір назар аударар мәселе, көп жағдайда, Кіші жүз құрамындағы рулардың таңбалық белгілерін Батыс Моңғолия, Орхон, Талас бойындағы тарихи ескерткіштерден де кездестіруге болады. Мұның өзі осы тайпалардың ата-бабаларының кезінде осы аймақтарды мекендегендерін дәлелдейді.

Қандай да бір ру-тайпаның атауын не болмаса этникалық жақындастығын іздестіруде бізді қателікке ұрындыратын жағдай ертедегі атаулар мен қазіргі

сөзжасамдардың арасын бір деп есептеп, жаңылуларға жол береміз. Мұндай қателіктерге бой алдырмас үшін, олардың тарихын жан-жақты қарастыру қажет. Мысалы, рулар аттары атаулық тұрғыдан сәйкес келмеген жағдайдың өзінде де, не болмаса мұндай атаулар тіптен сәйкес болған жағдайда да ол ру-тайпалардың өздеріне ғана тән ерекше тарихи белгілері болып саналатын рулық таңбалары арқылы зерттеулер жүргізгенде осы таңбаны қай ру иемденді және оның көшіп-қону ареалы қай жерлерді қамтиды? – деген сауалдарды қоя отырып қарастыру қажет. Бұған көнеден, оғыз заманынан қалған тарихи таңбалар көмектеседі. «Тайхар жартасындағы ескерткіште көрініс тапқан тайпа таңбаларынан Байбақты мен Жаппас тайпаларының рулық таңбаларын кездестіреміз. Қарауыл Қызыл ескерткішінен де басқа атаулармен бірге аталған тайпалардың рулық таңбаларын да ұшырастыра аламыз» [309].

Осыған байланысты Қаржаубай Сартқожаұлының монографиялық жұмысының құндылығын атап көрсету керек. Бұл еңбекте көне ру-тайпалардың белгілерінің салыстырмалы түрдегі таңбалары келтірілген. Соларға ғылыми талдау жасай отырып, оғыздық компоненті ретінде алынып отырған таңбалық белгілерді қазақ ру-тайпалары құрамындағы таңбалық белгілермен салыстыру негізінде оғыздарды осы өңірдегі іздерін анықтауға болады.

«Келтірілген мәліметтерді талдар болсақ, мынадай қорытынды шығады: ертедегі айлин руының этникалық тарихы Сырдария мен Арал маңында дамыды. Осыған сәйкес, айлин башқұрларының қарақалпақтармен және түрікмендермен этникалық байланысы ертедегі үдерістердің кейінгі инерциясы ғана. Айлиндердің шығу тегі оғыздармен байланысты. Рашид ад-Дин құрастырған ертедегі оғыздардың шежірелік құрылымында яраз тайпасы / япаз-яппаз-ябпаз /, дукер, дургэ және яирлы / ягирлы-ягаирлы-ягалбайлы / Оғыздың екінші ұлының есімін алған айлун (жарты ай) бөлігіне бірігеді» [310, с. 203]. Бұл жерден көріп отырғанымыздай, Рашид ад-дин дерегінде көрсетілген «Ай» Оғыздың екінші баласы. Айдың құрамында көрсетілген басқа тайпалар бірлестігі қатарында «Яраз» және «Яирлы» атаулары кездеседі. Бұл атауларға талдау жасай келе: Яраз – Жаппас, Яирлы – Жағалбайлы болуы мүмкін деген болжамдар жасалынады [310, с. 203-204].

Мұндай тарихи сабақтастықты Жетірудағы тағы бір тайпа Тамадан да байқауға болады.

Тамалардың арғы аталарының Алтай-Саян өңірін мекендегенін, Рашид ад-дин зерттеулерінде атап көрсетілетін тумат тайпасынан бастау алуы мүмкін деген пікірді алғаш рет Х. Арғынбаев, М. Мұқанов, В. Востров тәрізді зерттеушілер көтергені белгілі [283, с. 48]. Ортағасырларда Қара теңіз аймағына дейінгі жерді жайлаған құрамында Тама руы да бар, көптеген қыпшақ-оғыз тайпаларының түрік және Батыс-Шығыс түрік қағанаттары тұсында аталған Алтай-Саян өңірін өздерінің тығыз топтасу, мемлекетті орнықтыру аймағына айналдырғанын ескерер болсақ, жоғарыда аталған ғалымдар пікірін құптауға тура келеді [311, б. 62].

Батыс Қазақстан территориясын алып жатқан Кіші жүз құрамына кіретін адайлардың да оғыздармен белгілі бір деңгейде байланысы бар екендігін

жоғарыда айтқан болатынбыз. Ол жөнінде «Қазақстан ұлттық энциклопедиясында»: «Сегіз арыс Адай – қазақ халқының құрамындағы ру. Шежіре бойынша Кіші жүздің Байұлы тайпасынан таратылады. Ұраны – Бекет, таңбасы – жебе. Ғалымдар «Адай» этнонимінің түп-төркінін алыстан бастайды. Көне үнді жазбаларында жеңіс бермейтін жауынгер дай тайпасы және оның қолбасшысы Бәли патша туралы деректер бар. Ежелгі грек тарихшысы Геродот (б.з.д. 484–425 жж.) әйгілі «Тарих» атты еңбегінде парсы патшасы Кир заманындағы сақтар арасындағы дай деген көшпелі тайпа болғанын айтады. Кир Оксус (Әмудария) өзенінің Каспий теңізіне құйылысында көшіп жүрген сол тайпамен шайқаста қаза табады (б.з.б. 530 ж.). Грек географы әрі тарихшысы Страбон (б.з.б. 64/63 ж.ш. – б.з. 23/24 ж.ш.) Соғдианамен іргелес көшпелі сақ тайпаларының Гиркан (Каспий) теңізінің бүкіл солтүстігі мен шығысын алып жатқанын, сондағы сақтардың көбісі дай тайпасы екенін атап көрсетеді. Тарихшылар олардың аты оғыздардың «ада» (арал), «адай» (аралдар) деген сөзінен шыққан дей келіп, Адайлардың арғы тегі дайлардан басталуы мүмкін деп топшылайды. Адай руын құрайтын басты екі ата: Құдайке, Келімберді. Құдайкеден – Тәзіке, Қосай; Келімбердіден – Құнанорыс, Ақпан, Балықшы, Бұзау, Тобыш, Мұңал. Қазақ шежірелеріндегі сегіз арыс Адай осы. Адай тайпасының ең көп тараған іргелі аталарының бірі – Қосай. Түркі қағанаты кезінде өмір сүрген Қосай есімі (Кошу) Күлтегін жазуында келтірілген» [312, б. 281], – деген түсіндірме беріледі. Бұл жерден шығатын қорытынды, оғыздар бірлестігінің ертедегі сақ-массагеттерден басталған этникалық тарих пен кейінгі түркі халықтарының арасын байланыстырушы аралық

Белгілі ғалым Серік Әжіғали өзінің Арал-Каспий аумағындағы ескерткіштерді зерттеуге арнаған еңбегінде оғыздардың қазақ тайпаларының этногенезіне қатысуы ешқандай күдік тудырмайтындығын айтып өтеді. Олардың Батыс Қазақстан территориясында мекендегенін осында сақталған топонимдерден көруге болады. Сонымен, ортағасырлық дерек беттерінде қалған Чаграогуз, Джаграогуз, Чагра атауларының қай жерде орналасқандығы жөнінде талдаулар жасай келе Шағырай үстірті оғыз атауы болып табылады, және Шағырай – Кіші жүздегі қазақ тайпасы шеркештің ұраны деген пікірге келеді С. Әжіғали. Одан ары қарайғы шеркеш тайпасының оғыздармен байланысын зерттеушілер кейіннен оғыз конфедерациясының құрамына кірген VIII-X ғасырлардағы түркі тайпасы джаграмен байланыстырады [23, с. 391; с. 315,]. Каспийдің солтүстік-шығыс аймағы X ғасырда түркітілдес тайпалардың мекені болғандығы жөнінде айтылған зерттеушінің қорытындыларымен келісуге болады. Арал-Каспийдегі этникалық үдерістерде «ежелгі («массагеттік») және кейінгі (түркілік) мәдени-идеологиялық дәстүрді байланыстыруда» оғыздық компонент үлкен рөл атқарды [23, с. 90].

Осы ретте Оғыз қаған немерелерінің аттарына сәйкес келетін Маңғыстаудағы топонимдік атауларды келтірсек:

Кесте 5- Маңғыстаудағы жер-су атаулары [314, б. 359]







№	Жер-су атаулары	Этнонимдер	Орналасуы
1	Емір	Имур (Емүр, Еймур)	Маңғыстау темір жол линиясының Шетпе-Ақтау пұшпағының орта тұсындағы стансаның аты. Ақтау қаласынан 35-40 км жерде.
2	Аусар Аусары	Аушар (Афшар)	Шетпе кентінен шығыста 8 км жерде, Шығыс Қаратау жотасының солтүстік-батыс етегіндегі су мол аңғарлы алқап.
3	Қарқын	Қарқын	1-Қарқын. Таулы Маңғыстауда, Оңтүстік Ақтау мен Батыс Қаратау жоталарының аралығындағы шағын тау аралық аңғар. Шетпеден 25-30 км жерде, Тұщыбек пен Жыңғылды ауылдарының аралығында. 2-Қарқын. Үстіртте, Босаға-Қараған маңында, Қайғылы-Бабадан оңтүстік-шығыс бетте. 3-Қарқын. Қиранды, орысшасында "Каркон" деп жазылған. Батыс Қаратаудың солтүстік беткейі мен Солтүстік Ақтаудың аралығындағы аңғарда, Құлаат, Қырыққез, Қады жерлерінің аралығында, Шайыр ауылынан солтүстік-батыста 12 км жерде.
4	Егдір	Ігдір	Бозашы түбегінде, Тұщықұдық ауылынан батыста 28 км, Қияқты ауылынан солтүстік-батыста 9 км жерде.
5	Шәудір	Чаулдүр	Бозащы түбегінде, Тұщықұдық ауылынан батысырақта 32, Қияқты ауылынан солтүстік-батыста 12 км жерде. Отырар маңында да Шәуілдір елді-мекені бар.
6	Баянды	Баяндүр	Хасарлы теңізіне тау, Ақтау қаласы маңындағы елді мекен атауы.
7	Жазғұрлы	Языр (Йазғұр)	Оңтүстік Маңғыстаудағы тұйық ойыстың атауы. Басғұрлы-Жазғұрлы деп қосарланып та айтылады. Жаңаөзен қаласынан оңтүстік-шығыста 70 км жерде.

М. Қашқари мен Рашид-ад-Диннің еңбектері бойынша Оғыз-ханнан таратылатын ертедегі түрікмен тайпаларының таңбаларын ескерткіштерде кездесетін бірегейлікті байқаймыз.

Кесте 6 – Махмұт Қашқари «Диуани Лұғ-ат ит-түрік» және Рашид ад-Дин «Шежірелер жинағы» еңбектеріндегі оғыз тайпаларының таңбалары [275, б. 65, 69]


№	Оғыз тайпалары (М. Қашқари бойынша)	Тайпалар таңбалары	Оғыз тайпалары (Рашид ад-Дин бойынша)	Тайпалар таңбалары
1	2	3	4	5
1	Қынық-қынықтар	۴ (малдарының таңбасы)	Кайи	۱۶۱

6 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
2	Қайық-қайық		Баят	
3	Байұндұр-байұндүр		Ал-караули	
4	Ива-иба (иыва-йыба)		Кара-уйли	
5	Салғұр-салғұр		Язер	
6	Афшар-афшар		Дукер	
7	Бектілі-бектілі		Дордирга	
8	Бүгдүз-бүкдүз		Япарлы	
9	Байат-байат		Аушар	
10	Иазғыр-иазғыр		Кызык	
11	Еймүр		Бек-Дели	
12	Қара бөлік		Каркын	
13	Алқа бөлік		Баяндур	
14	Ігдір		Бичинэ	
15	Үрегір (йүрегір)		Джаулдур	
16	Тұтырқа		Чибни	
17	Ұлай-ұндлығ		Салор (Салыр)	
18	Түгер		Имур	
19	Бешенек		Алаюнтли	
20	Жұвалдар		Уркиз	
21	Жерпі-жепні		Бекдир	
22	Жаруқлығ (саны аз)	таңбалары беймәлім	Букдуз	
23			Йива	
24			Кынык	

Маңғыстау үстіртіндегі ескерткіштердегі суреттер мен жазба деректерін есепке ала отырып, С.Әжіғали өз еңбегінде батысқазақстандық ескерткіштердегі қазақ таңбаларынан кесте жасаған еді. Бұл кестенің зерттеу тақырыбына сәйкес келетін адай және жаппас руларына қатысты тұстарын қысқартып беруді жөн көрдік:

Кесте 7– Батыс қазақстандық ескерткіштердегі таңбалар [23, с. 457]

№	Таңба	Ру (тайпа)	Қорым	Дерек
1		адай	Шопан-ата және т.б.	Ескерткіштер эпиграфиясы; Левшин, Материали по истории КазССР, т. IV (МИК)
2		-//-	Масат-ата, Оғланды, Белеулі, Асреп-Мусреп	ЕЭ
3		-//-	Хан зираты (Орда)	ЕЭ
4		-//-	Көкей 2	ЕЭ
5		-//-	Құсшы-ата Қошқар-ата	ЕЭ
6		-//-	Құсшы-ата	ЕЭ
7		-//-	Күще-бейіт	ЕЭ
		-//-	Күще-бейіт	ЕЭ
8		Жаппас	Күще-бейіт, Қарасақал, Қаракөл бас. зираты	ЕЭ

Сырдария және Қазақстанның батыс өңіріндегі ру-тайпалардың этникалық тарихын зерттеуде ортағасырлық жазба дерек беттерінде қалған мәліметтердің де алар орны ерекше. Мысалы, әл-Факих ал-Хамаданидің «Елдер туралы мәлімет» атты еңбегінің мешхедтік қолжазбасындағы «Жаңбырлы тас» атты аңызда: «Түркі елдерінің бірден-бір ғажайыбы жаңбыр, қар, бұршақ және өздері не қаласа соны жаудыратын тастары. Оларда бұл тастар үлкен маңызға ие және кеңінен таралған. Бұл жағдайды ешқандай түрік теріске шығармайды, және бұл түркілердің ішінде басқаларға қарағанда тоғызоғыздар билігі тұсында ерекше маңызға ие болған» деп келтірілген [315]. Наджиб Хамадани былай деп жазады: «Балкик ибн Жабғу күн шығатын бір таудың бар екенін айтты. Осы маңда аптап ыстықтан адамдар жер астында (сард абха) өмір сүреді. Жыртқыш

аңдар мен жабайы жануарлар осы ыстық пен шөлден әбден азап шекті. Құдіреті күшті Алла бұл жануарларға осы (жаңбырлы) тастың құдіретін көрсетті. Олар далаға (биябан) барып, оларды (осы тастарды) ауыздарына алды және бастарын көкке қаратты. Сол сәтте жаңбыр жауды. Түрік патшасы Балкик былай деді: «Менің атам оны (осы жаңбыр тудырушы тасты) көргісі келді. Бірде ол сонда барып, осы тасты (аузына) алған аңды көреді. Ол жабайы аң аузынан тасты түсіріп алғанша артынан қуды, бірақ алмады. Патша (падишах) одан (осы тасты) тартып алды. Оны (осы тасты) қай кезде болмасын күнге қаратқанда бұлттар пайда болады. Оны тоғыз-оғыз тасы деп атайды». Наджиб Хамаданидің басқа қолжазбасында: «Балкик айтты: «Менің атам оны (жаңбыр тудырушы тасты) алғысы келді. Бір күні ол жабайы жыртқышты көріп, оны тоқтағанша қуды, бірақ ол тасты алмады. Қазір (бұл тас) біздің патшамыздың қолында. Қай кезде де оны күнге қаратса, бұлт пайда болып жаңбыр жауады» [315, б. 45], – делінеді. Бұл келтіріліп отырған аңыздық деректің кейінгі кездердегі қазақтар арасында тараған «тасаттық» дәстүрімен сабақтастығы болуы мүмкін деген жорамал жасауға болады. Себебі, халық қуаңшылық кезеңде тәңірге жалбарынып жаңбырдың жаууын сұраған. Бұл дәстүр күні бүгінге дейін өз жалғасын тауып келеді. «Ұлттық энциклопедияда» тасаттық мағынасына: «Тасаттық – көпшілік жиналып атқаратын діни рәсім. Тасаттықта көпшілік қауым болып жиналып, құрбандық шалып, сауабын аруақтарға бағыштап, құран оқылып, құдайдан жаңбыр жаууын тілеп ниет қылады. Тасаттыққа жиналған қауым діни рәсімдерді атқарумен қатар жиынның соңын мереке сауыққа айналдырады» [316, б. 246], – деген түсініктеме береді.

Көріп отырғанымыздай, құрғақшылықтан құтқарады деп жасалатын ырым «тасаттық» дәстүрі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде өте маңызды орынға ие. Кейбір мәліметтерге сүйенер болсақ, бұл жаңбыр жаудыру дәстүрі түркі халықтарының осы «жаңбырлы тас» деп аталатын ерте кезеңдегі джада, таш, яда және т.б. аталып, ортағасырлардан кейінгі XIX ғасырдың соңына дейін кең таралған ұғымдардан бастау алады. Джада (яда) нефритті білдіруі мүмкін. Аталмыш тас жауынның жаууын тудыра алатындықтан, оны иемдену үлкен күшке ие болуды білдіреді. Міне, түркі тайпалары арасында кеңінен тараған аңыздарға арқау болған джада тасын иемдену үшін көптеген ұрыс-шайқастар орын алғандығы жөніндегі мәліметтерді кездестіруге болады.

Аңыздарда көптеген түркі тілдес халықтар өздерінің бабасы санаған Оғыз ханның осы тасты иемденгені айтылған. Түрік тілінде сиқырлы тастың ертедегі түрік атауы Эрзурум (Шығыс Анадолы) аумағында ғана тараған яд бонджугу («жад моншақ») деген ұғымда сақталған. Мағынасы көз тиюден сақтайтын тұмар дегенді білдіреді [317].

«Яда» туралы мәліметтердің алғашқысы VII ғасырға сәйкес келеді. Мұндай деректер ибн ал-Факихтың «Китаб ахбар ал-булданда», Наджаб Хамадани мен Гардизидің де еңбектерінде кездеседі. Аңыздардың бірінде джада тасы күн көтерілген тау бөктерінен табылады деп айтылған. Аптап ыстыққа шыдамаған адамдар күндіз үңгірді пана тұтып, жер бетіне түнде ғана шыға алған. Олар осындай аптап ыстықтан құтылу жолын аңдардан көрген.

Аңдар осы джада аталатын тасты ауыздарына салып аспанға қарағанда аспанды бұлттанып, жаңбыр жауған [318].

Жоғарыда көрсетілген мұндай дәстүр тек қазақтарға ғана тән деуге келмейді. Біз қарастырып отырған оғыздармен этникалық байланысы бар деп есептелінетін әрбір түркі халықтарында да мысалы, өзбектер мен түріктерде және т.б. кездеседі.

Оған дәлел, әзербайжандар арасында да осы тәріздес аңыз әңгімелер бар. Бабадаг (Бабатау) тауы ертеден әулиелі, қасиетті жер саналған. Таудан алынған тастар киелі деп танылып және «баба тасы» деген аталған. Осыған орай, тау Бабаның «денесі», ал осы таудың тастары Баба тауының «денесінің» тасты бөліктері болып табылады. Бабадагтан алынған тастарды басқалай «баба құлы» деп те атайды. Халық аңыздарында, «баба құлы» («baba qulu») тастары найзағай жарқылы кезінде көктен түседі. Міне, осы таудың тастары сенім бойынша жаңбыр шақыра алады. Бабадаг тауының шыңы «ших» руына тиесілі, таудағы жаңбыр тудырушы тас осы тайпаның мүшелерінде сақтауда болады. Олар тасты өзгелердің қолына түспестей жерде сақтайды. Халық ұғымы бойынша тау шыңы тек таза адамдарға ғана қуат береді [319].

Сонымен, қазақ құрамындағы ру-тайпалардың оғыздармен этникалық байланысының белсенді болғандығын таңбалық белгілерінен де, әртүрлі аңыз деректерден де айқын байқай аламыз. Бұған ерекше мән берудің де қажеті жоқ шығар. Өйткені Кіші жүз құрамына кіретін бірқатар тайпалардың, мысалы, тамалардың, адайлардың, және т.б. тайпалық бірлестіктердің оғыз аймағына көрші болуы осы көшпелі тайпалардың өзара ассимилияцияға ұшырауын туғызды. Мұның өзі бізді қазақ ру-тайпаларының ішінде оғыздардың ықпалы әсіресе, Кіші жүзді құраған тайпалық-рулық бірлестіктерге күштірек болды деп айтуға итермелейді.

Қорыта келе айтарымыз, қарастырылып отырған ру-тайпалардың өзіндік ерекше белгілері саналатын рулық таңбалары шежірелік этнографиялық деректер қатарын толықтырады. Себебі дәл осы таңбаларды жазба деректермен байланыстыра зерттеу арқылы рулардың, тайпалық одақтардың жүріп өткен тарихи үдерістерін қалпына келтіруге болады.

1. Қазақ рулары мен тайпаларына тән белгілерді, яғни рулық таңбаларын зерттеу халықтың этникалық тарихының қыр-сырын терең ашуға, олардың оғыз тайпаларымен ортақ тарихи тамырлары туралы қорытындылар мен тұжырымдар жасауға мүмкіндіктер береді. Мұндағы ру-тайпалардың таңбалары олардың әрқайсысының өткен тарихи жолы мен олардың өзара қалай туыстасатындарын және бұл маңызды мәселеде оғыз бірлестігінің маңызын, тайпалардың осы этникалық бірігуінің әр кезеңдегі сатыларын анықтауға мүмкіндіктер береді.

2. Оғыздар одағына бірігіп өздерінің күрделі қалыптасу тарихын басынан өткерген әрбір ру-тайпалар өзара сіңісулер мен араласуларды бастан өткеріп, тайпалық одақтардағы орын алмастыруларға да барып отырған. Оғыз бірлестігінде орын алған осындай этникалық үдерістердің нәтижесінде рулар мен тайпалар этникалық, антропологиялық, тілдік жағынан жақындасқан.

Осылайша түркілердің оғызтілдестерге және қыпшақтілдестерге топтасулары белсенді түрде жүзеге асты. Бұл кезеңде оғыздар тек түрікмендердің ғана емес, сондай-ақ, әсіресе Батыс Қазақстанда орналасқан қазақтардың да этногенезінде топонимдер мен этнонимдерде өз іздерін қалдыра отырып қалыптасуына үлкен ықпал еткен.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысы көрсеткендей ұзақ ғасырларға созылған этникалық үдерістер нәтижесінде бүгінгі түркітілдестер қатарын толықтырып отырған қазақ, әзербайжан, түрік, түрікмен және тағы басқа да халықтардың этникалық қалыптасуында айтарлықтай орын алған оғыздар құрамындағы ру-тайпалардың тарихын зерттеу маңызды рөлге ие болып отыр. Осы орайда, әсіресе, біз диссертациямызда қарастырып отырған VIII-XIII ғасырлардағы этникалық үдерістердің маңызы зор. Өйткені осы кезең оғыз тайпаларының әртүрлі бірлестіктерде қалыптасып, өздерінің мемлекетін (қағанатын) құрған және батысқа жылжып, түркітілдестер қатарында жаңа құрылымдарды ұйыстырған кезеңі. Этногенез мәселесіндегі күрделі де қайшылықты көзқарастар кезінде қазақ тарихындағы ру-тайпалар тарихының, ұлттық мәселелердің шежірелік тұрғыдан зерттеу объектісіне алынбай келгені белгілі. Бұл мәселелерді көбіне-көп шетелдік, сондай-ақ орыс ғалымдары қарастырып, еуроцентристік көзқараспен, біржақты, дәстүрлі деректерді ескермей келген еді. Қазіргі таңда Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, дамыған елдер қатарына қосылу барысында «Мәңгілік ел» Қазақ елі тарихын жан-жақты қарастыруда оғыздар тарихына қатысты жаңа еңбектер жазылуда. Қазақстандық ғалымдар өз елінің өткенін, яғни этникалық қалыптасу тарихын еркін зерттеп, Қазақстан территориясында өмір сүрген ру-тайпалар тарихына деген қызығушылықтар артты. Олардың арасында оғыздар тарихы да аса маңызды болып отыр. Өйткені оғыздар да қыпшақтар және т.б. тайпалар тәрізді қазақ этногенезінің қалыптасуына өзіндік үлес қосты. Тарихтың қай кезеңінде тарих сахнасына шықтық және кімдердің ұрпақтары саналамыз деген сауалдарды ортаға тастай отырып, халықтың тарихи тамырының бастауын тереңдете зерттеушілер қатары мәселені қарастыруда ортағасырлық жазба, археологиялық және ауызша деректерге сүйенуде. Бұл мәселелерді тиянақты зерттеу түптің түбінде өз кезегінде Қазақстан территориясында жасап, кейіннен тарихи, саяси оқиғаларға байланысты миграциялық үдерісті басынан өткерген Оғыздар бірлестігі құрамындағы тайпалардың әлемнің түкпір-түкпіріне шашырай қоныс теуіп, өзге де түркі халықтарының этникалық қалыптасуында алатын орнын анықтауға алып келеді. Тарих ғылымының алдында тұрған тарихи міндеттердің қатарында қазақпен шекаралас көрші орналасқан елдер мен алыстағы Кіші Азия түбегіне дейінгі аралыққа таралған өздері де түркілер саналатын оғыздардың тарихи бастауының Қазақстанмен тікелей байланыстылығын анықтау болып табылады. Осыған байланысты зерттеушілер алдында түркі халықтарының халық болып қалыптасу үдерісін анықтау, туыс елдер арасындағы этникалық байланыстар мен ортақ тарихи тамырларды айқындау міндеті тұр. Міне, бұл көрсетілген жағдайлар біз зерттеп отырған тақырыптың өзектілігі мен зерттеу маңыздылығын дәлелдейді. Мұндайда біз, мәселенің күрделілігін және бір мәселе әртүрлі қырынан қарастырылатынын ескере отырып, тарихнамалық бөлімді проблемалық тұрғыдан қарастырдық. Олардың ішінде атап өтер болсақ Н.А. Аристов, Р.Г. Кузеев тәрізді зерттеуші-

ғалымдардың түркі халықтарының тарихын өзара этникалық байланыста зерттеу ұстанымдарын басшылыққа алдық.

Зерттеу жұмысымызда кейінгі уақытқа дейін ғылыми айналымдарға енгізілмей, еуропалық зерттеушілер назар аудармай келген ауызша тарих айту дәстүрлі үлгілерін тарихи айналымға енгіздік. Олардың ішінде этникалық байланыстарды анықтайтын шежірелік деректер, территориялық жағынан жақындық, рухани сабақтастық (ауыз әдебиеті үлгілерінің ұқсастықтары, бірдейлігі) мәселелері басты назарға алынды. Сонымен қатар этникалық үдерістер мен этногенез мәселесінде қалыптасқан теориялық көзқарастар әртүрлі болып келетінін, оларды тарихи-салыстырмалы түрде қарастыру қажеттігін де ескердік. Зерттеу жүргізуде басшылыққа алынған бұл принцип алға қойған мақсат, міндеттерімізді айқындап берді және зерттеу барысында нақты нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндіктер берді.

Жалпы алғанда зерттеу барысында этникалық үдерістерді зерттеу күрделі теориялық ұстанымдарды талдау негізінде ғана жүзеге асатынын айқын байқадық. Мұндайда, әсіресе, оғыздардың миграциялық үдерістеріне қатысты теориялардың басын ашып алған жөн. Оғыздар кейбір зерттеушілер түсіндіретініндей қаңғырып көшіп жүрген, этникалық жағынан әртекті тайпалық одақтар емес, олардың негізгі топтарын түркі тілдес, рухани жағынан және шаруашылықтық-тұрмыстық тұрғыдан өзара жақындасқан туысқандық байланысы бар рулар мен тайпалар құрады. Моңғол үстіртінен басталған көш осы аймақтағы Түрік қағанатының ыдырау және қайшылықты даму үдерістерінің нәтижесі болып табылатыны сөзсіз. Сонымен бірге оғыздардың батысқа қоныс аударуында біздің ойымызша, батыс аймақтарда мысалы, Жетісуда туыстас түркітілдес тайпалардың орналасуы және олардың оғыздарды жатырқамай өз қатарларына қабылдауы тәрізді себептермен қатар кейбір зерттеушілер айтып жүргендей табиғи-климаттық жағдайдың да өзіндік ықпалы болғаны сөзсіз деп ойлаймыз. Тынық мұхиттан соғатын муссондардың бағытын өзгертуге байланысты Моңғол үстіртінде климаттық ахуалдың өзгерістерге ұшырап отырғанын географ ғалымдар да талай айтқан болатын. Мұның өзі оғыздар тәрізді дәстүрлі мал шаруашылығымен айналысатын рулар мен тайпаларды жаңа жайылымдар мен қоныстар іздеп батысқа көшуге мәжбүрледі деп ойлаймыз. Яғни оғыздар миграциясын бір ғана себептен іздестіруге болмайды. Миграция теориясы туралы айтқанда міне, осыны ұмытпаған жөн. Сонымен бірге оғыздар қоныстанған Жетісу аймағы, Сыр бойы және т.б. батыстағы олардың жаңа қоныстары шын мәнінде, бұрыннан осы өңірде қоныс тепкен автохтонды халықтардың атамекені болатын. Амалсыздан олардың үстіне келіп қоныстанған оғыздар жаңа аймақтарда түркілену үдерістерін күшейтіп жіберді. Нәтижесінде Алтайдан Дунайға дейін, оңтүстікте Анадолыға дейінгі аймақта түркітілдестердің жергілікті халықтар арасындағы үлесі арта түсті. Бұдан шығатын қорытынды оғыздар елсіз аймақтарға қоныстанған жоқ, олар мал шаруашылығына қолайлы, көшпелі тұрмысқа ыңғайлы жаңа жерлерді іздестіру барысында осындағы бұрынғы халықтарды өздерінің этникалық құрамына қабылдап, халықтардың жаңа құрылымын қалыптастыруға, яғни оғыз

тілдес халықтардың қалыптасуына этникалық негіз қалады. Бұл істе оғыздардың IX-XI ғасырларда қанатын кең жайып нығайған Сыр бойындағы мемлекетінің маңызы зор деп ойлаймыз. Осында "үш оқ" және "боз оқ" қанаттарына бөлінген бұл мемлекеттік құрылым Сырдың орта және төменгі ағысы аймағына ғана емес, жалпы Ұлы Даланың батыс аймақтарына да және Кавказ, Анадолы аймақтарына да өздерінің этникалық ықпалын жасады. Оғыздардың этникалық құрамының күрделі болуы және олардың өз кезегінде әртүрлі атқа: түрікмендер, селжұқтар тәрізді жаңа атауларға ие болулары оғыздардың этникалық тұрғыдан қалыптасқан біртұтас тайпалық одақтар құрылымы екенін айқындай түседі. Мұны Махмұд Қашқари тәрізді тұлғалардың өздерінің еңбектерінде оғыз тайпаларының атауларын ғана емес, рулық, тайпалық таңбаларын да, олардың сандарын да нақтылап көрсетуі айқындай түседі.

Мәселенің маңыздылығын ескере отырып, миграциялық үдерістердің этногенездегі орнын теориялық бөлімде арнайы қарастырып, осы мәселеге байланысты әртүрлі көзқарастарды талдауға баса назар аудардық. Себебі ортағасырларға тән ерекшелік саналатын миграциялық үдерістер барысында ру-тайпалардың көрші орналасқан елдердегі тұрғындармен этникалық араласуын теориялық тұрғыда жете зерттеу мәселенің басын ашуға көмектеседі. Осындай зерттеулер жүргізу барысында жоғарыда аталған түркі халықтарымен қазақ халқының арасындағы этникалық байланыстың тереңде жатқан тарихының салдарларын бүгінгі таңда да айқын байқауға болатыны ашып көрсетілді. Себебі қазақтар құрамындағы наймандардың, керейлердің, адайлардың және т.б. рулардың қырғыздар мен башқұрттар құрамында да кездесулері, Анадолы, Әзербайжан, Түрікменстан территорияларындағы топоним атауларынан Ұлы Дала арқылы өткен оғыздар құрамындағы тайпалар аттарының ұшырасулары, аңыз-әңгімелер мазмұнының ортақтығы бұл халықтардың өзара этникалық байланыстарының тамыры тереңде екендігін одан әрі дәлелдей түседі. Жан-жақты зерттеу осы кезге дейін тарихнамада орын алған жаңсақ пікірлерді теріске шығаруға, дәлірек айтсақ, жоғарыда аталған халықтардың этникалық қалыптасуында оғыздардың еш рөлі болған жоқ, олар келгенге дейін байырғы жергілікті түркі халықтары негізінде қалыптасып қойған еді, – деген пікірлерді жоққа шығаруға мүмкіндік берді. Осы негізде қандай да бір оғыздық компонентті бойына жасырған түркітілдес халықтардың ортақ бастауы да Қазақстанның ортағасырлық территориясымен және тарихымен тікелей байланысты екенін дәлелдедік деп ойлаймыз.

Диссертациялық зерттеу жұмысы барысында қазақ халқын құраған Үш жүз құрамындағы рулардың ортағасырлардағы оғыз тайпаларымен қандай да бір байланыстары болуы мүмкіндігін дәлелдеу археологиялық жұмыстардың нәтижелерін пайдалана отырып қарастырылды. Мұндағы басты көңіл әрбір ру-тайпалардың өзіндік ерекшеліктері саналатын рулық белгілері мен таңбаларға бөлінді. Ғасырлар қойнауларынан бізге аман жеткен оларға салыстырмалы талдаулар жасай отырып ортағасырларда Қазақстанның Жетісу аймағында,

Оңтүстік, Батыс бөліктерінде өмір сүрген оғыздар құрамындағы тайпалардың бүгінгі қазақ халқын қалыптастырудағы сабақтастығын анықтауға тырыстық.

Диссертациялық зерттеу әзербайжан, қазақ, түрік, түрікмен сияқты халықтардың этникалық шығу тегінің ортақтығы туралы мәселенің дәлелділігін және маңыздылығын анықтап берді. Осы тұрғыдан келгенде оғыздар бірлестігі құрамында болған тайпалардың бүгінгі таңдағы түркітілдес халықтардың этникалық құрылымындағы орнын айқындауға баса көңіл бөлдік. Осындайда түрік, түрікмен, оғыз, қырғыз атауларының түбірінің бір мағынаны білдіретіндігіне де назар аудардық. Айтылулары әртүрлі болғандарымен бұл атаулар осы халықтардың этникалық тамырларының ортақтығын айқындап отырғандай.

Қорыта келгенде айтарымыз, диссертациялық жұмыстың алдына қойылған мақсат және міндеттері зерттеу барысында толық орындалды деп ойлаймыз. Қазақстан территориясынан этникалық бастау алған оғыз тайпаларының түркі халықтарының этногенезінің қалыптасуындағы орнын анықтауда бізге дейінгі ғылыми айналымға енген ой-пікірлерге жаңаша тұрғыдан қарау жүзеге асты. Оларға шынайы да, объективті талдаулар жасалынды. Мұндай зерттеу қорытындылары, зерттеулердің нәтижелері этникалық үдерістердің ру-тайпалар тарихында өзара ықпалдастықтар мен сіңісулердің болғандығын көрсете отырып, өз кезегінде тек қазақтардың ғана емес, сондай-ақ әзербайжан, түрікмен, түрік тәрізді халықтардың да қалыптасуында оғыздық элементтер орын алып, олардың этникалық, антропологиялық, тілдік тұрғыдан өзара әрекеттескендігін айқындауға көмектесті.

Біздің зерттеу жұмысымыз, аталған туыстас халықтар зерттеушілеріне ой салар, және олар осы негізде өздерінің халықтарының қалыптасуы туралы біздің ұстанымдарымызды ескеріп, жаңа зерттеулерге жол ашар деген үміттеміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. 2 том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 252 б.

2 Базылхан Н. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 152 б.

3 Кляшторный С.Г. Огузы // Советская Историческая энциклопедия. – Т.10. – М., 1967. – С. 467-468.

4 Бартольд В.В. Очерк истории туркменского народа. Сочинения. – Т.2. – Ч.1. – М.-Л., 1957. – 594 с.

5 Кононов А.О. Родословная туркмен. Сочинения Абу-л-Гази хана Хивинского. – М.-Л., 1958. – 230 с.

6 Толстов С.П. Города гузов (историко-этнографические этюды) // Советская этнография. – М., 1947. – №3. – С. 55-102.

7 Агаджанов С.Г. Новые материалы о происхождении туркмен. – ИАН Туркменск. ССР. – Серия общественных наук. – 1963. – №2. – С. 5-14.

8 Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад: «ЫЛЫМ», 1969. – 295 с.

9 Оғыздар // Қазақ Совет Энциклопедиясы. – Т.8. – Алматы, 1976. – 438 б.

10 Токарев С.А. К постановке проблем этногенеза // Советская этнография. – 1949. – №3. – С. 12-36.

11 Абусеитова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии в XIII-XVIII вв. (библиографические обзоры). – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. – 426 с.

12 Утемиш-хаджи. Чингиз-наме / Факсимилие, перевод, транскрипция, текстологические примечания, исследование В.П. Юдина. Комментарии и указатели М.Х. Абусеитовой. – Алма-Ата: Гылым, 1992. – 296 с.

13 Абусеитова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы: «Дайк-Пресс», 1998. – 268 с.

14 Рашид ад-Дин Ф. Огуз-наме. – Баку: Эльм, 1987. – 128 с.

15 Жирмунский В.М. Огузский героический эпоси «Книга Коркута» // Книга моего деда Коркута. Огузский героический эпос. – М.: Наука, 1976. – 239 с.

16 Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 206 б.

17 Манас. С. Каралаевдин варианты боюнча. / Түз.: А.Жайнакова, А.Акматалиев. – Бишкек: Турар, 2010. – 1006 б.

18 Махмұд Қашқари. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік): 3 томдық шығармалар жинағы / Қазақ тіліне аударған, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазған А.Егеубай. – Алматы: ХАНТ, 1997. – 590 б.

19 Рашид ад-Дин. Сборник летописей. / Пер. с перс. Л.А. Хетагурова, Ред и прим. А.А. Семенова – М.-Л.: Издательство АН СССР, 1952. – Т.1., Кн. 1. – 221 с.

20 Жалайыр Қ. Шежірелер жинағы / Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 128 б.

21 Құдайбердіұлы Ш. Қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі. – Алматы: Қазақстан; Сана, 1991. – 80 б.

22 Ажигали С.Е. Очерк культурного наследия Арало-Каспийского региона // Электронное научное издание Альманах Пространство и время. – 2014. – Т.5 – Вып. 1. Часть 2. Пространство и вермя Каспийского Диалога.

23 Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2002. – 654 с.

24 История и культура Арало-Каспия. Сборник статей. Вып. I. / Под общ. ред. С. Ажигали. – Алматы: Құсжолы, 2001. – 228 с.

25 Бабалар сөзі: жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. – Т.32: Шежірелік дастандар. – 2006. – 400 б.

26 Бабалар сөзі: жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2012. – Т. 85: Тарихи аңыздар. – 416 б.

27 Бабалар сөзі: жүз томдық. – Астана: Фолиант, 2006. – Т. 34: Батырлар жыры. – 384 б.

28 Бабалар сөзі: жүз томдық. – Астана, Фолиант, 2012. – Т. 82: Шежірелік жыр-аңыздар. – 432 б.

29 Бабалар сөзі: жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2012. – Т. 83: Шежірелік аңыздар. – 448 б.

30 Бабалар сөзі: жүзтомдық. – Астана: Фолиант, 2011. – Т. 80: Топонимдік аңыздар. – 416 б.

31 Материалы по истории туркмен и Туркмении. Арабские и персидские источники. – Под ред. С.Л. Волина, А.А. Ромаскевича, А.Ю. Якубовского. – М. -Л.: АН СССР, 1939. – Т. 1. – 617 с.

32 Материалы по истории киргизов и Киргизии / отв.ред. В.А. Ромобин. – М.: Наука, 1973. – 280 с.

33 Асадов Ф. Арабские источники о тюрках раннее средневековье. – Баку – «Элм»: Академия наук Азербайджана, 1993. – 205 с.

34 Кожобеков М., Абдиев Т. Кыргыздардын жана Кыргызстандын тарыхый булактары. – Бишкек: Кыргыз-Түрк «Манас» университети, 2002. – 370 б.

35 История Казахстана в арабских источниках. Арабские географы и путешественники IX-XII вв. – Алматы: Дайк-Пресс, 2010. – Т.2. – 328 с.

36 Мухаммед ибн Наджиб Бакран. Джахан-наме / Издание текста, введение и указатели Ю.Е. Борщевского. – М.: ИВЛ, 1960. – 144 с.

37 Коновалова И.Г. Ал-Идриси о странах и народах Восточной Европы. – М.: «Восточная литература» РАН, 2006. – 328 с.

38 Буниятов З.М. Обзор источников по истории Азербайджана. Источники арабские. – Баку: Изд-во Академии Наук АзССР, 1964. – 36 с.

39 Материалы по истории Азербайджана из Тарих-ал-камтль Ибн ал-Асира. – Баку: АзФАН, 1940. – 183 с.

40 Книга Ахмеда ибн-Фадлана о его путешествии на Волгу в 921-922 гг. – Харьков: ХГУ, 1956. - 345 с.

41 [Ibn-Battuta], The travels of Ibn Battuta. – vol. II. – Cambridge, 1961. – 244 p.

42 Armeria and the Crusades, thenth to twelfth centuries: the Chronicle of Matthew of Edessa / translated from the original Armenian with a commentary and introduction by Ara Edmond Dostourian; foreword by Krikor H. Maksoudian. – Lanham, New York, London: University Press of America, 1993. – 390 p.

43 Повествование вардакета Аристакэса Ластивертци / Аристакэс Ластиверци; перевод с древнеармянского, вступительная статья, комментарий и приложения К.Н. Юзбашяна. – М.: Наука, 1968. – 195 с.

44 Andreasyan H.D. Türk tarihine ait Ernieni kaynakları. – «IÜEFTD», 1950. – c.I. – №2. – S. 98-118.

45 Гусейнов Р.А. Из «Хроники» Михаила Сирийца // Сирийские источники по истории Закавказья X-XIV вв. – Баку: ПС., 1960. – вып. 5. – С. 47-54.

46 Гусейнов Р.А. Сирийские источники XII-XIII вв. об Азербайджане. – Баку: Изд-во Акад.наук АзССР, 1960. – 179 б.

47 Сочинения Константина Багрянородного «О фемах» и «О народах». С пред. Гаврила Ласкина. – М., 1899. – 210 с.

48 Анна Комнина. Алексиада / Вступ. ст., пер. и ком. Я.Н. Любарского. – М.: Наука, 1965. – 688 с.

49 Moravcsik Gy. Byzantinozurcica, II. Sprachreste der Türkvölker in der byzantimischen Quellen. – Berlin, 1958. – 297 p.

50 Сиасет-намэ – книга о правлении вазира XI столетия Низам аль-мулька. Перевод, введение в изучение памятника и примечания профессора Б.Н. Заходера. – М.-Л.: Издание Академии наук СССР, 1949. – 379 с.

51 Платонъ Меліоранскій. Сельджукъ-намэ, какъ источникъ для исторіи Византіи въ XII и XIII вѣкахъ // Византийский Временник издаваемый при Императорской Академіи Наукъ. – Том I. – Выпуск 3-4. – Санкт-Петербург, 1894. – С. 613-640.

52 Azərbaycan tarixi üzrə qaynaqlar. – Bakı, «Çıraq, 2007. – 400 s.

53 Bəhram Məmmədli Ənvər Çingizoğlu. Oğuz-Türkmən tayfaları Orta əsr qaynaqlarında. – Bakı: SDU, 2012. – 115 s.

54 Эвлия Челеби. Книга путешествий сейахатнаме. Земли Закавказья и сопредельных областей Малой Азии и Ирана. – М.: Наука, 1983. – вып. 3. – 241 с.

55 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – М.-Л: АН СССР, Институт этнографии им. Миклухо-Маклая, 1950. – 656 с.

56 Центральная Азия глазами одного французского эрудита XVII-го века (отрывки) / Перевод с французского Алие Акимовой. – Ташкент, 2003. – 113 с.

57 Радлов В.В. К вопросу об уйгурах. – М.: Книга по Требованию, 2014. – 132 с.

58 Аристов Этногенез и этническая история казахов. 2-е изд.доп. – Астана: «Алтын кітап», 2007. – 372 с.

59 Бартольд В.В. Сочинания. Т.6. (Работы по истории ислама и Арабского халифата). – М.: Наука, 1966. – С. 413-432.

60 Бартольд В.В. Турция, ислам и христианство // Бартольд В.В. Сочинения. Т.6. (Работы по истории ислама и Арабского халифата). – М.: Наука, 1966. – С. 413-432.

61 Книга моего деда Коркута. Огузский героический эпос. – М.-Л.,1962. – 142 с.

62 Бартольд В.В. Сочинения. V том. – М.: Издательство «Наука», 1968. – 759 с.

63 Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. – 192 с.

64 Бартольд В.В. Киргизы (исторический очерк). – Фрунзе: Киргизское Государственное Издательство, 1927. – 31 с.

65 Абуль-Гази. Родословное древо тюрков / Перевод и предисловие Г.С. Саблукова. – Казань, 1906. – 336 с.

66 Потанин Г.Н. Казак-киргизские и алтайские предания, легенды и сказки // Живая старина. – Пт, 1916. – 186 с.

67 Валиханов Ш.Ш. Собрание сочинения. в 5-томах. – Т.1. – Алма-Ата, 1961. – 432 с.

68 Көпеев М.-Ж. Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993. – 76 б.

69 Васильевский В.Г. Византия и печенеги (1048-1094). – М.: Ломоносов, 2013. – 192 с.

70 Голубовский П.В. Печенеги, тюрки и половцы до нашествия татар. История южно-русских степей IX-XIII вв. – Киев: Университетская типография И.И. Завадского, 1884. – 262 с.

71 Голубовский П.В. Об узах и тюрках. // Журнал Министерства народного просвещения, 1884. – 25 с.

72 Гордлевский В.А. Государство Сельджукидов Малой Азии. – М.: Издательство Академии наук АН СССР, 1941. – 204 с.

73 Якубовский А.Ю. Очерки по истории туркменского народа и Туркменистана в YIII-XIX вв. – Ашхабад, 1954.

74 Толстов С.П. По следам древнехорезмийской цивилизаций. – М., 1948. – 328 с.

75 Росляков А.А. Туркмены и огузы. Уч. Зап. Туркменского гос.унив. – Вып. 3. – Ашхабад: Туркмен гос.издат, 1955. – 66 с.

76 Бернштам А.И. Социально-экономический строй орхоно-енисейских тюрок в VI-VIII вв. Восточно-тюркский каганат и кыргызы // Труды института востоковедения. T.XLV. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1946. – 210 с.

77 Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культерные связи. – Фрунзе, 1990. – 480 с.

78 Петров К.И. Очерк происхождения киргизского народа. – Фрунзе, 1963. - 148 с.

79 Тынышпаев М. Великие Бедствия... (Ақтабан шұбырынды). – Алма-Ата: Жалын, 1991. – 152 с.

80 Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. – Ташкент: Восточное Отделение Киргизского Государственного Издательства, 1925. – 62 с.

81 Марғұлан Ә.Х. Ежелгі жыр, аңыздар / Ғылыми зерттеу мақалалар. Құрастырған Р.Бердібаев. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.

82 Буниятов З.М. Азербайджан в VII – IX вв. – Баку, 1965. – 383 с.

83 История СССР с древнейших времен до Великой Октябрьской Социалистической революции. Т. 1. / Редакторы тома Плетнева С.А., Рыбаков Б.А. – М.: Наука, 1966. – 719 с.

84 Плетнева С.А. Кочевники средневековья. Поиски исторических закономерностей. – М.: Наука, 1982. – 192 с.

85 Мизиев И.М. Шаги к истокам этнической истории Центрального Кавказа / Под ред. В.Б. Виноградова. – Нальчик: Эльбрус, 1986. – 184 с.

86 Кызласов Л.Р. История Южной Сибири в средние века. – М: Высшая школа, 1984. – 167 с.

87 Гусейнзаде А. Параллели огузских этнонимов в современной топонимии Азербайджанской ССР // Сов. тюркология. – 1977. – №4. – С. 7-51.

88 Рауф А. Гусейн-Заде. Кавказ и сельджуки. – Баку: «Кавказ», 2010. – 272 с.

89 Бутанаев В.Я., Худяков Ю.С. История Енисейских кыргызов. – Абакан: Издательство Хакасского государственного университета им. Н.Ф. Катанова, 2000. – 272 с.

90 Запорожец В.М. Сельджуки. – М.: Воениздат, 2011. – 295 с.

91 Гейбуллаев Г.А. К этногенезу азербайджанцев. – Т.1. – Баку: Элм, 1991. – 552 с.

92 Гадло А.В. Этническая история Северного Кавказа X-XIII вв. – СПб.: Издательство С.-Петербургского университета, 1994. – 238 с.

93 Исмаилов Э.Р. Очерки по истории Азербайджана. – М.: Флинта, 2010. – 424 с.

94 Акеров Т. Каркырахан Великий Кыргызский каганат. Роль этнополитических факторов в консолидации кочевых племен Притяньшанья и сопредельных регионов (VIII-XIV века). – Б.: 2012. – 202 с.

95 Гусейнов Р.А. Некоторые археологические и антропологические материалы по этногенезу азербайджанцев. – Özümüzü və dünyani də ketməy olunda (Сборник научных статей). – Баку: Elm və Təhsil, 2011. – С. 59-71.

96 Howorth H.H. History of the Mongols: from the 9th to the 19th Century. London: Burt Franklin, 1876. – Vol. 1. – 745 p.

97 Frye R. Ardabi / The Encyclopaedia of Islam. New edition. 12 volumes. vol. 1. / Ed. by H. Gibb, J.Kramers, E.Levi-Provençal, J.Schacht – et al. Leiden: B.J.Brill, 1986. – P.625-626;

98 Frye R. The Sasanians / The Cambridge Ancient History. New edition: 14 volumes. Vol. 12 / Ed. by A.Bowman, P.Garsney, A.Cameron. - Cambridge: Cambridge University Press, 2005. – P. 461-480.

99 Bosworth C. Azerbaijan IV. Islamic History to 1941 / Encyclopaedia Iranica: in 45 volumes. Vol.III, fasc. 2-3 / Ed. by E.Yarchater. – London; New York: Routledge&Kegan Paul, 1987. – P. 224-231.

100 Golden P. The Turkic Peoples and Caucasia / Transcaucasia. Nationalism and Social Change: Essays in the History of Armenia, Azerbayjan and Georgia / Ed. by R.Suny. – Michigan: The University of Michigan Press, 1996. – P.45-67.

101 Peacock A. Nomadic Society and the Seljuq Campaigns in Caucasia // Iran & the Caucasus, 2005. – Vol. IX. – №2. – P. 205-230.

102 The Tabagat-i-Nasiri. A general History of the Muhammedan Dynasties of Asia. / Transl. by H.G. Ravery, vol. I. – London, 1881. – p. 128.

103 Sümer F. Ogüzlar (Türkmenler). – Ankara: Ankara Universitesi Basimevi, 1972. – 320 s.

104 A. Vambery H. Das Turkenvolk in seinen ethnologischen und ethnographischen Beziehungen. – Leipzig: F.A. Brockhaus, 1885. – 668 p.

105 Kafesoğlu I. Selcuklar ve Selcukli tarihi üzerine araştırmalar. – Istanbul-Eylül, 2014. – 376 s.

106 Wittek, Yazijioghlu' Ali on the Christian Turks of the Dobruja. // Bulletin of the School of Oriental and African Studies. – 1952. – № 3. – P. 639-668.

107 Turan O. Keykavus II ”, İslâm Ansiklopedisi. – MEB, C. 6, İstanbul, 1993. – s. 642-645.

108 Sümer F. Gagauzlann aslı // Türk dünyası tarih dergisi. – 1991. – mayıs. – s. 53.

109 Turan Refik, Nerin Ergezer. Genel Türk Tarihi. – Ankara, 1995. – 494 s.

110 Hüseyin Çınar. Kınıklar ve kınık yerleşmeleri // Oğuzlar: Dilleri, Tarihleri ve Kültürleri 5. Uluslararası Türliyat Araştırmaları Sempozyumu. – Ankara: Hacettepe Üniversitesi, 2015. – S. 301-320.

111 Demir Necati. Türk dünyasının ortak kanağı: «Yazıcıoğlu Ali'nin Selçuk-name'si» // Türk kültürü ve Hacı Bektaş veli araştırmala dergisi. – 2011. – №58. – S. 49-68.

112 Mehmet Neşri. Kitab-i Cihan-nüma. Neşri Tarihi. – Ankara, 1949. – Cilt I. – 401 s.

113 Yınanç M.H. Türkiye tarihi. Selcuklular devri. – Istanbul: Bürhaneddin Matbaası, 1944. – s. 191.

114 Orkun H.N. Anadolu'da Oğuz boyları // «Olkü». – c.V., №27. – 1935. – S. 189-199.

115 Yalgın A. Riza, Cenupza Türkmen Oymaklar. – Istanbul-Ankara, 1931–1933. – K.1-3. – V.1. – 836 s.

116 Demirtaş F. Osmanlı devrinde Anadolu'da Oğuz boyları. – «AUDTCFD», 1949. – c.VII. – №2. – S. 321-365.

117 Mualla Yudu Yücel. Karadeniz'in Kuzeyinde Oğuz – Guz – Uzlar // Oğuzlar: Dilleri, Tarihleri ve Kültürleri 5. Uluslararası Türliyat Araştırmaları Sempozyumu. – Ankara: Hacettepe Üniversitesi, 2015. – S. 385-404.

118 Əkbər N. Nəcəf. Səlcuqlu dövlətləri və Atabəyləri tarixi: Oğuzların ortaya çıxmasından – XIV əsrə qədər / elmi red. I. Məmmədov. – Bakı: Qanum, 2010. – 755 s.

119 Ахундова Н.Ф. Азербайджанские государства в XV-XVI веках по материалам «Кембриджской истории Ирана». – Баку, ИПО Турхан, 2015. – 172 с.

120 Кафар-Заде Л.Р. Раннесредневековая история Азербайджана в Англоязычной историографии.: дис... док-ра филос. по истории: 55.03.02. – Баку, 2014. - 218 с.

121 Гамзабекова С.Г. Средневековая история Азербайджана в английском востоковедении (на основе творчества В.Ф. Минорского): дис. д-ра философии по историческим наукам: 5503.02. – Баку, 2016. – 226 с.

122 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Найман. Х том. Бірінші кітап. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. – 457 б.

123 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Қаракесек бірлестігі (Әлім, Кете, Шөмекей). – т. 13. – 1-кітап. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2010. – 474 б.

124 115 Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің шығу тегі (IX-XV ғасырлар). – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 396 б.

125 Омарбеков Т. Қазақ түркілерінің мемлекеттілігі: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар баяны. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 192 б.

126 Қазақ халқының этнотерриториясының қалыптасуының мәселелері: монография / жауапты ред., Т.Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 135 б.

127 Тургунбаев Е.М. Шежіре – тарихи-этнографиялық дерек: оқу құралы / Е.М. Тургунбаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 234 б.

128 Жумагулов К.Т. Проблемы истории германских племен (с древнейших времен до начала средних веков). – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 325 с.

129 Zhumagulov K.T. Attila the Hun and the Turning Point of Ancient History // 3d International Multidisciplinary Scientific Conference on Social Sciences and Arts – SGEM 2016. – P. 9-17.

130 Zhumagulov K.T. Materials of Vatican Apostolic Library on early history of Eurasia // «Дүниежүзі тарихының өзекті мәселелері» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. 19-20 қараша. 2015 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – P. 3-5.

131 Қалыш А.Б. Қазіргі Қазақстандағы этникалық және этномәдени процесстер. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 254 б.

132 Абиль Е.А. Этногенез казахов. Опыт системного подхода. – Кустанай: ФСИИ «Тарихшы», Издательство Кустанайского сельскохозяйственного института, 1997. – 110 с.

133 Сартқожаұлы Қ., Жолдасбек М. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.

134 Нуртазина Н.Д. Распространение Ислама и формирование казахской мусульманской традиции (VIII –XIX вв): монография / Н. Нуртазина. – Алматы: «Қазақ университеті», 2016. – 354 с.

135 Аманжолов К.Р. Түркі халықтарының тарихы (Көне дәуірден біздің заманымыздың XIV ғасырына дейінгі кезең). – Алматы: Білім, 2005. – Т.1. – 304 б.

136 Хабижанова Г.Б. Тюркский фактор в становлении протоказахских племенных образований в IX-XII вв. Дис. ... док. ист. наук. – Алматы, 2010. – 332 с.

137 Қинаятұлы З. Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – Астана, Елорда, 2001. – 208 б.

138 Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. По арабским источникам. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 156 с.

139 Майданали З. Древняя история Казахстана (тюркский период). – Алматы: Раритет, 2010. – 168 с.

140 Искакова Ғ.З. Түркі қағанаттарының этно-тарихи географиясы (VI ғасырдың ортасы – X ғасы): дис. ... тар. ғыл. док. (PhD): 6D020300. – Алматы, 2015. – 112 б.

141 Өскенбай М. Ә. Орта Азия түркі тайпаларының этно-әлеуметтік сабақтастығы (VIII-XII ғғ.): дис. ... тар. ғыл. док. (PhD): 6D020300. – Алматы, 2017. – 156 б.

142 Кошымова А.О. Этникалық үдерістерді зерттеу: теориялық-методологиялық мәселелері // Қазақ тарихы. – 2017. – №8(155) – Б. 12-14.

143 The Determinants of International Migration: Theory // IMI Working Papers Series. – 2011. – №32. – P. 28-35.

144 Thierry Volery. Ethnic entrepreneurship: a theoretical framework // Handbook of Research on Ethnic Minority Enterpreneurship. A Co-evolutionary view on Resource Management. – Northampton: Edward Elgar Publishing, 2007. – P. 30-41.

145 Демографический понятийный словарь / Под ред. Л.Л. Рыбаковского. – М.: ЦСП, 2003. – 351 с.

146 Рыбаковский Л.Л. Миграция населения (вопросы теории) / Монография. – М.: ИСПИ РАН, 2003. – 238 с.

147 Миграционное движение населения: теория, политика, практика, перспективы. / Под общей редакцией Воробьевой О.Д., Топилина А.В. (Проект РГНФ №13-42-93009). – М., 2013. – 257 с.

148 Жакин М.С. Функциональное значение принципа родства и родовой структуры в этносистеме кочевой цивилизации казахов (по материалам XYIII-XIX вв.). дис. на соискание уч.степ.кандидата исторических наук. – Караганда, 2001. – 182 б.

149 Gerschenkron A. On the Concept of Continuity in History // Proceedings of the American Philisophical Society. – 1962. – Vol. 106. – No. 3 (Jun.29). – P. 53-99.

150 Садохин А.П. Этнология. – М.: Гардарики, 2006. – 287 с.

151 Бромлей Ю. Очерки истории этноса. – М.: Наука, 1983. – 413 с.

152 Анфертьев А.Н. Пролегомены к изучению этнической истории // Этносы и этнические процессы. – М.: Восточная литература, 1993. – С. 62-69.

153 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – М.: Ди-Дик, 1997. – 542 с.

154 Бромлей Ю.В. Этнос и эндогамия. – Советская этнография, 1969. – №6. – С. 84-91.

155 Байжумин Ж. Тұран. Адамзат қоғамының тарихына көзқарас. 3-кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2013. – 170 б.

156 Пищулина К.А. Юго-восточный Казахстан в середине XIY – начале XYI века (Вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата: «Наука» КазССР, 1977. – 288 с.

157 Голубцова В.С. Община, племя, народность в античную эпоху. – М.: Наука, 1998. – 253 с.

158 Park R.E., Burgess E.W.S., eds. Introduction to the science of society. – Chicago: University of Chicago Press, 1921. – P. 161–216.

159 Loobbal Sámmol Ánte (Ante Aikio). An essay Saami ethnolinguistic prehistory // A linguistic map of prehistoric Northern Europe. Suomalais-Ugrilaisen Seuran Toimituksia = Memoires de la Societe Finno-Ougrienne. – Helsinki, 2012. – P. 63-117.

160 Ethnic Groups and Boundaries. The Social Organization and of Culture Difference by Frederik Barth. – Boston: Little, Brown and Company, 1969. – 153 p.

161 Charlotte Seymour-Smith. Macmillan Dictionary of Anthropology. – Basingstoke United Kingdom, 1986. – 312 p.

162 Patterson, Thomas Carl. The Inca Empire: The Formation and Disintegration of a Pre-Capitalist State. – New York: Berg, 1991. – 211 p.

163 Emberling Geoff. Ethnicity in complex societies, archaeological Perspective // Journal of Archaeological Research. – 1997. – №5. – P. 295-344.

164 Schopenhauer A. The World as Will and Presentation, trans. Richard E. Aquila in collaboration with David Carus. – New York: Longman, 2008. – 625 p.

165 Рыбаков С.Е. Этничность и этнос // Этнографическое обозрение. – 2003. – № 3. – С. 3-24.

166 Малинин Г.В., Дунаев В.Ю., Курганская В.Д., Нысанбаев А.Н. Теория и практика межэтнического и межкультурного взаимодействия в современном Казахстане. Учебное пособие для вузов. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2002. – 231 с.

167 Воронков В., Освальд И. Введение. Постсоветские этничности // Конструирование этничности. – СПб.: Дмитрий Буланин, 1998. – 303 с.

168 Дунаев В.Ю., Курганская В.Д. Концептуально-методологические основания мониторинга этногосударственных и межэтнических отношений // Вопросы методологии казахстанской модели межэтнического единства и согласия. Материалы III городской научно-практической конференции. Научно-экспертной группы АНК г.Алматы (10 декабря 2014 г., Дом Дружбы). – Алматы: ИФПР КН МОН РК, 2015. – 141 с.

169 Хобсбаум Э. Принцип этнической принадлежности и национализм в современной Европе // Нации и национализм /Б. Андерсон, О. Бауэр, М.Хрох и др; Пер. с англ. Л.Е. Переяславцевой, М.С. Панина, М.Б. Гнедовского. – М.: Праксис, 2002. – С. 332-346.

170 Жүсіпова Л.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – деректанушы. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, 2005. – 128 б.

171 Алаш // Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясы. 1-том. / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. – 25 б.

172 Әділгереев Х. Қазақ халқы құралуы тарихынан // Социалистік Қазақстан. – 1941. – 18 май. – 10 б.

173 Қазақ тарихынан. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.

174 Ахметұлы Ш. Уақ тайпасының таңбалары // М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Хабаршысы. – №2(58). – 2015. – Б. 311-322.

175 Ельницкий Л.А. Скифия Евразийских степей (Историко-археологический очерк). – Новосибирск: Наука, 1977. – 256 с.

176 Всемирная история в десяти томах / Гл.редактор Е.М. Жуков – Т.1. – М.: Государственное издательство политической литературы, – 1956. – 531 с.

177 al-Masudi. Les prairies d'or. – Paris. 1851. – p.212

178 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. – 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010. – 544 б.

179 Marquart J. Osteuropäische und ostasiatische Streifzüge. Ethnologische und historisch-topographusche Studien zur Geschichte des 9. und 10. Jahrhunderts (ca. 840-940). – Lepzig, 1903. – 185 s.

180 Anthony D. Smith, «Ethnic Myths and Ethnic Revivals» // Journal of European Sociology. – vol. 25. – 1985. – p. 288

181 Самашев З., Кушербаев К., Аманшаев Е., Астафьева А. Сокровища Устюрта и Манкыстау. – Алматы, 2007. – 400 с.

182 ал-Истахри. Извлечения из «Китаб месалик ал-мемалик» // Материалы по истории туркмен и Туркмении. – М.-Л.: АН СССР, 1939. – Т. 1. – С. 167-180.

183 Bregel, Yuri. An historical atlas of Central Asia. – Brill Leiden. – Boston, 2003. – 109 p.

184 Omarbekov T., Koshymova A.O., Arystanbekova K.D. Territorial location and cities of Oguzes // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы. – 2016. – №1(80). – P. 36-39.

185 Қошымова А.О., Арыстанбекова Қ.Д. Қазақ халқының қалыптасуындағы оғыздардың рөлі // Қазақ тарихы. – 2015. - №5(136). – Б. 23-25.

186 Байпаков К.М. Огузы, туркмены и сельджуки в городах Жетысу и Южного Казахстана // Известия НАН РК, серия общественных наук. 2006. – №4. – С. 35-61.

187 Ужкенов Е.М. Западный Казахстан в духовных и этнокультурных контактах с сопредельными регионами (I половина I тысячидетия – XII вв.). – дисс. на соиск. ученой степени кандидата ист.наук. – Алматы, 2008. – 146 с.

188 Извлечения из «Ахсан ат-такасим фи-ма'рифат ал-акалим ад-Макдиси и Масуди // Материалы по истории туркмен и Туркмении. – М.-Л.: АН СССР, 1939. – Т. 1. – С. 166-208.

189 Hudud al-Alam. The regions of the world./ Trsnalated and explained by V. Minorsky. – Cambridge: University Press, 1982. – 610 p.

190 Қошымова А.О. Оғыздардың қазақтармен территориялық байланысы // Қазіргі замандағы жаһандану және ықпалдастық жағдайында әлемдік қауымдастық және Қазақстан: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. 20-21 қараша. 2014 ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – Б. 154-56.

191 Қошым-Ноғай Б.С. Тіл ұшындағы тарих («Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы»). – Алматы: Жазушы, 2003. – 496 б.

192 Баласағұн Жүсіп. Құтты білік. – Алматы, 1986. – 602 б.

193 Қошымова А.О. Оғыздар мемлекеті мен Қазақ хандығы (Сығанақ және Жанкент қалалары мысалында) // «Қазақ хандығы: тарих, теория және бүгінгі күн» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – Б. 102-104.

194 Қинаятұлы З. Сығанақ алғашқы қазақ мемлекеті – Ақ Орданың астанасы // Отан тарихы. – 2008. – №3. – Б. 90-95.

195 Амандықов Р. Құм жұтқан қала // Егемен Қазақстан. – 2014. – 21 тамыз. – №162. – 7 б.

196 Марғұлан Ә.Х. Шығармалары – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007. – 1 том. – 608 б.

197 Стоянов В. Драконы и ельбиры в куманского-кипчакском мире. Вариации по теме структурирование жилого пространства // Еуразия қыпшақтары: тарих, тіл және жазба ескерткіштері: халықаралық ғылыми конференция. – 29-30 мамыр 2013 ж. / Ред. басқ. акад. Көмеков Б.Е. – Астана, 2013. – С. 46-59.

198 Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. – Алма-Ата, «Наука», 1989. – 293 с.

199 Мұхаметқанұлы Н. Қырғыздар // Қазақ тарихы. – №6. – 2006. – Б. 17-20.

200 Агеева Р.А. Страны и народы: происхождение названий. – М.: Наука, 1990. – 256 с.

201 Кызласов Л.Р. Древняя и средневековая история Южной Сибири (в кратком изложении). Пособие для учителей истории. – Абакан: «Хакасское отделение Красноярского книжного издательства», 1991. – 58 с.

202 Жүнісов Д. Өзен-көл атаулары. – Алматы: «Қазақстан», 1991. – 128 б.

203 Анвар Байтур. Кыргыз тарыхы (Кытайлык кыргыз окумуштусунун изилдөөлөрүнде). 1-китеп. – Б.: «Бийиктик», 2003. – 315 б.

204 Манас: Эпос. Сагымбай Орозбак уулунун варианты боюнча. – 4-китеп. – Фрунзе: Кыргызстан, 1982. – 210 б.

205 Кляшторный С.Г. Древнетюркские исторические памятники как исторический источник // Эл аралык турк цивилизациясы конгреси. – Бишкек, 2005. – С. 147-153.

206 Эшиев А.М. Манастын улуу Кыргыз мамлекети: рухий дүйнөсү, идеологиясы, геосаясаты, маданияты. 1-китеп. – Бишкек: «Улуу Тоолор», 2014. – 239 б.

207 Қошымова А.О. Оғыздар ортағасырлық қырғыздар тарихында // «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. II-бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – Б. 548-560.

208 Молдобаев И.Б. «Манас» – историко-культурный памятник кыргызов. – Б.: Кыргызстан, 1995. – 312 с.

209 Cengiz Buyar. Kırgızistan'da Oğuz araştırmaları // Turkish Studies International Periodical For The Languages, Literature and History of Turkish or Turkic. – Volume 10/5 – Spring 2015. – p. 95-106.

210 Мұхаметқанұлы Н. Киелі Манас және Әуезов // ҚР ҒМ-ҒА Хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. – 1997. – №5. – Б. 29-32

211 Құрбанғали Халид. Тауарих Хамса (Бес тарих). Ауд. Б. Төтенаев, А. Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.

212 Чороев К. Происхождение кыргызов с точки зрения генеалогических сказаний (санжыра) и ДНК генеалогии // http://kghistory.akipress.org/unews/un_post:1894 (17.09.2015).

213 Караев О., Эралиев С. Кыргыз этнографиясы боюнча сөздүк. – Б.: Бийиктик, 2005. – 600 б.

214 Нурбек Туран, Печенектер // Тарыхый-даректїї илимий-плпулярдуу журнал Тізїчі. – № 2. – 2013. – Б. 32-44.

215 Мокеев А. Этапы этнической истории кыргызского народа во второй половине IX-первой половине XYIII вв. – диссертация на соискание уч.степени доктора исторических наук. – Бишкек, 2010. – 263 с.

216 Тунян В.Г. Прирастание Азербайджана к истории Армении: мифы и реалии. – Ер.: Институт истории, 2013. – 298 с.

217 Древнейшие государства Кавказа и Средней Азии. / Отв. ред. тома Г.А. Кошеленко. – М.: Наука, 1985. – 495 с.

218 Buchan J. The Baltic and Caucasian States: the Nations of To-day. A new History of the World. - London: Hodder and Stoughton Ltd, 1923. - 269 p. - 229 p.

219 Гейбуллаев Г.А. Топонимия Азербайджана (Историко – этнографическое исследование). – Баку: Элм, 1987. – 197 с.

220 The Cambridge History of Iran. - Vol.6. - The Timurid and Safarid Periods (Edited by P.Jackson and L.Lockhart). - Cambridge University Press, 1986. - 1087 p.

221 Сумбатзаде А.С. Азербайджанцы – этногенез и формирование народа. – Баку: Элм, 1990. – 304 с.

222 Шенгелия Н.Н. Сельджуки в Грузии в XI вв. – Тблиси, 1968. – 364 с.

223 Гукасян В.Л. Об азербайджано-грузинских и языковых контактах // Советская тюркология. 1980. – №4. – С. 22-33.

224 Энциклопедия фонда знаний «Ломоносов». МГУ имени М.В. Ломоносова. // http://www.lomonosov-fund.ru/enc/ru/encyclopedia:0132412 (25.05.2016).

225 Демирчизаде А.М. Об эпосе «Китаби Деде Коргуд». // Труды АПИ им. В.И. Ленина. Сектор языка и литерутары. – Баку, 1959. – С. 91-98.

226 Қошымова А.О. Әзірбайжан тарихындағы оғыздық компоненттің көрінісі (топонимдік атаулар негізінде) // Қазақстанның жаңа жаһандық жаңғыруы: «Алаш» және «Мәңгілік ел» идеялары: халықаралық ғылыми-теориялық және әдістемелік конференцияның материалдары. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – Б. 157-161.

227 Якут ал-Хамави Му'джам ал-булдан (Географический словарь стран) / Пер. З.М.Буниятова и П.К.Жузе. – Баку, «Элм», 1983. – 65 с.

228 Frye R. Arran / The Encyclopeadia of Islam. New edition: in 12 volumes. Vol.1 / Ed. by H. Gibb, J.Kramers, E.Levi-Provençal, J.Schachtet al. – Leiden: E.J.Brill, 1986. – P.660-661.

229 Mahmudov Y.M. Azərbaycan: qısa dövletçilik tarixi. – Bakı: Təhsil, 2005. – 140 s.

230 Golden P. The Turkic Peoples and Caucasia / Transcaucasia. Nationalism and Social Change: Essays in the History of Armenia, Azerbayjan and Georgia / Ed. by R.Suny. – Michigan: The University of Michigan Press, 1996. – P.45-67.

231 Johansen L. On the roles of Turkic in the Caucasus Area / Linguistic Areas Convergence in Historical and Typological Perspectivi / Ed. by Y.Matras, A.McMahon, N.Vincent. – London: Palgrave McMillan, 2006. – P.160-181.

232 Смит Э. Образование наций // Этнос и политика. Хрестоматия. – М.: УРАО, 2000. – С. 86-94.

233 Арутюнов С.А. Народы и культуры: Развитие и взаимодействие. / Отв. ред. Бромлей Ю.В. – М.: Наука, 1989. – 245 с.

234 Драгой Ф.Г. Государство ЯБГУ, Старая и Новая Гузия (Гагаузия) // Связь времён. – №5. – 2008. – С. 5-12.

235 Allen W. The Caucasian Borderland // The Geographical Journal, 1942. vol. 99. – №5/6. – P.225-237.

236 Vahid Rashidvash. Patrilineal Genetic Analysis of the Origin of Azaris of the Middle East // Journal of Social Sciences and Humanities. – Vol. 8. – №1(2013). – P. 30-40.

237 Тайсаев Д.М. Этногенез народов Кавказа. – Нальчик: Издательство М. и В. Котляровых (ООО «Полиграфсервис и Т»), 2015. – 204 с.

238 Шафиев Ф. Этногенез и история миграций тюркских кочевников: закономерности процесса ассимиляции. – Баку, 2016. – 400 с.

239 Минорский В.Ф. История Ширвана и Дербенда X-XI веков. – М.: Изд-во восточной литературы, 1963. –265 с.

240 Дурдыев М. Туркмены (Поиски предков туркменского народа и его исторической прародины. – А.: Харп, 1991. – 56 с.

241 Марков Г.Е. Происхождение и формирование туркменского народа // Туркмены (Серия «Народы и культуры») / Отв.ред. Н.А. Дубова. – М.: Наука, 2016. – 635 с.

242 Жданко Т.А. Каракалпаки (основные проблемы этнической истории и этнографии). – М.: Наука, 1964. – 353 с.

243 Yazıcıoğlu Ali, Tevāri-Āl-i Selçuk / Çeviren Dr. Abdullah Bakir. – Istanbul: Çamlıca Basım Yayın, 2009. – 988 s.

244 Түрікменбашы С. Рухнама. – Алматы: «Білім» баспасы, 2004. – 389 б.

245 Тамара Т.Райс. Сельджуки. Кочевники-завоеватели Малой Азии. – М.: Центрполиграф, 2004. – 234 с.

246 Тоқтабай А. Түркі халықтарының этномәдениеті. – Алматы: «Толағай», 2006. – 328 б.

247 Массон М.Е. О происхождении некоторых каменных намогильников Южного Туркменистана. Труды ЮТАКЭ, вып. I. – Ашхабад, 1949. – 55 с.

248 Гудкова А.В. Кердерская культура VII-XI вв. на севере Хорезма и ее значение для изучения этнической истории огузо-туркменских племен // Проблемы этногенеза туркменского народа. – Ашхабад: «Ылым», 1977. – 160 с.

249 Очерки из истории туркменского народа и Туркменистана в VIII-XIX вв. – Ашхабад, 1954. – 406 с.

250 Поляков С.П. Средневековые погребения северо-западной Туркмении (К проблеме этнической истории туркмен). – автореф. дисс. на соиск. уч.степени кандидата ист.наук. – М., 1966. – 19 с.

251 Агаджанов С.Г., Каррыев А.К., Росляков А.А. Вопросы этногенеза туркменского народа (Краткий историографический обзор) // Проблемы этногенеза туркменского народа. – Ашхабад: «Ылым», 1977. – 160 с.

252 Михайлов М. Туркмены. – «Литературные библиотека». – 1867. – №13-14. – С. 50-67.

253 Хорошхин А. Народы Средней Азии. Материалы для статистики Туркестанского края. вып. 3. – СпБ., 1874. – 328 с.

254 Oguzlar: Dilleri, Tarihleri ve Kültürleri. 5 Uluslararası Türkiyat Araştırmaları Sempozyumu Bildirileri. – Ankara: Hacettepe Üniversitesi, 2015. – 769 s.

255 Orkun H.N. Türk tarihi. – c.I-IV. – II том. – Ankara, 1946. – 59 s.

256 Öztelli C. XVII yuzılda büyük folklorlu Evliya çebli. – «TTA», 1958. – №107. –1714 s.

257 Гарбузова В.С. Сказание о Мелике Данышменде: монография / В.С. Гарбузова. Историко-филологическое исследование АН СССР. Институт востоковедения. – М.: ИВЛ, 1959. – 189 с.

258 Прудников В.В. Норманны в Малой Азии в XI-XII вв.: дисс. на соиск. уч.степ. кандидата исторических наук. – М., 2016. – 292 с.

259 Ruben W. Anadolu'nun yerleşme tarihi ile ilgili görüşler. Koçhisar'in Tuz gölü Batısındaki step köylerinde 1946 Eylülünde yapılan bir araştırma gezisinin sonuçları. – «AÜDTCFD», 1947. – c.V. – №4. – 380 s.

260 Карабаев Б. Туркмены (тюркмены) Турции // Туркмены зарубежного Востока (Очерки о туркменах Ирана, Афганистана, Ирака, Сирии, Турции и Китая). – Ашхабад: Туркменистан, 1993. – 261 с.

261 Резван Е.А. Между Туркестаном и Тибетом: салары. – СПб.: МАЭ РАН, 2010 – 410 с.

262 Агаджанов С.Г. Сельджуки и Туркмения в XI-XII вв. – Ашхабад: ЫЛЫМ, 1973. – 163 с.

263 Erzi A.S. Akkoyunlu ve Karakoyunlu tarihi hakkında araştırmalar. – «Bel.», 1954. – c.XVIII. – №7. – S. 179-221.

264 Челеби Э. Книга путешествия (Извлечения из сочинения турецкого путешественника XVII века). Перевод и комментарии. Выпуск 3. Земли Закавказья и сопредельных областей Малой Азии и Ирана. – М.: Наука, 1983. – 376 с.

265 Diplomatik gozlem gazetesi. Dun dine kalmadi. Okunma Sayisi: 10. www.diplomatikgozlem. com/index (10.05.2015).

266 Алиев С.М. История Ирана. XX век. / Алиев Салех Мамедоглы; Рос.акад.наук. Ин-т востоковедения. – М.: Ин-т востоковедения РАН: Крафт+, 2004. – 648 с.

267 Еремеев Д.Е. Этногенез турок (происхождение и основные этапы этнической истории). – Москва: издательство «Наука» Главная редакция Восточной литературы, 1971. – 272 с.

268 Сөз өнерінің зергері (Ұлы ойшыл, ғұлама, дін танушы, библиограф, сөз өнерінің зергері, ақын, публицист, этнограф, фольклорист, ағартушы – Мәшһүр Жүсіп Көпеевке арналады). – Алматы: Орталық Ғылыми кітапхана, 2008. – 308 б.

269 Жүсіпова Л.Қ. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Қазақ түбі» үлгілері – тарихи дерек көзі ретінде. Тарих ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. диссерт-ң автореферaты. – Алматы, 2002. – 32 б.

270 Амар А. Монголын товч түүк. – Улан-Батор, 1989. – 189 б.

271 Аристов Н.А. Труды по истории и этническому составу тюркских племен / Отв. ред. акад. В.М. Плоских. – Бишкек: Илим, 2003. – 460 с.

272 Kildiroglu M. Kirgizlar ve kipcaklar (IX asrin ikinci yarisindan XVI asra kadar Kirgizlar ve Kipcaklar etno-siyasi iliskileri.). – Ankara «TTK», 2013. – 311 s.

273 Түркі-славян әлемі этнотарихи және социомәдени диалогтың үлгісі ретінде: монография / жауапты ред., Г.Б. Хабижанова. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. – 264 б.

274 Толқынбекұлы Р. Жалайыр: он екі ата. Шежіре. – Алматы, – 2000. – 675 б.

275 «Қазақ ру-тайпаларының тарихы». – Жалайыр VIII том. Бірінші кітап. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2007. – 488 б.

276 Oğuz Ö. Türk Halk Edebiyatı. – Ankara, 2013. – 542 s.

277 Gültekin M. Dede Korkut Kitabı'nda Kahramanların Problem Çözme Yöntemleri ve Dede Korkut Kitabı'nın Eğitimde Kullanılması // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi / Journal of Turkish World Studies. –15/2 Kış-Winter 2015. – S. 49-54.

278 Oskenbay M., Omarbekov T., Khabizhanova G., Iskakova G. Turkic Genealogical Traditions: New Insights on the Origins of Chinggis-qan // Man in India. – 2016. – №96(9). – P. 3179-3199.

279 Гундогдыев О.А. Туркмены и народы мира. – А.: Туркменская государственная издательская служба, 2012. – 288 с.

280 Барсов Н.П. Очерки русской исторической географии. География начальной (Несторовой) летописи. 2-е изд. – Варшава, 1885. – 139 с.

281 Греков Б.Д. Киевская Русь // Избр. тр. – М., 1959. – Т.2. – 283 с.

282 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности // Живая старина. – СПб., 1897. – Вып. 3-4. – С. 277-456.

283 Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында (Құраст.: Ә. Пірманов). – Алматы: Амамұра, 2000. – 464 б.

284 Қазақ ССР тарихы / Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық. – Алматы: Ғылым, 1980. – Т. 1. – 495 б.

285 Koshymova A.O. Oguzs in the ethnic history of Kazakh people // Peoples of Eurasia: history, culture and interaction problems: materials of the VII international scientific conference on April 5–6, 2017. – Prague: Vědecko vydavatelské centrum «Sociosféra-CZ», 2017. – P. 6-9.

286 Толстов С.П. Основные вопросы древней истории Средней Азии // Вестник древней истории. – М., 1938. – №1(2). – С. 176-203.

287 Омарбеков Т. Қаңлының көне тарихы // Шәмші ұлттық мәдени және ғылыми-танымдық журналы. – 2010. – № 2(15). – Б. 16-19.

288 Omarbekov T., Nogaybayeva M.S., Koshymova A.O. Kazak Türklerinin Oluşumunda Oğuzların Rolü: Etnik ve Coğrafi bütünleşme /The Role of Oguzs in the formation of Kazakh Turkic: Ethnical and Geographical Integration // Milli Folklor. – 2017. – №71. – S. 79-92.

289 Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. 2-кітап: б.з. 275-840 жылдары / ғылыми жет. Ж. Мырзаханұлы. – Алматы: Өнер, 2006. – 344 б.

290 Акеров Т. Древние Кыргызы и Великая степь. (по следам древнекыргызских цивилизаций). – Бишкек, 2005. – 252 с.

291 Кадырбаев А.Ш. Иранцы и тюрки в Китае и Центральной Азии XIII-XIV вв. / А.Ш. Кадырбаев. – Алма-Ата, 1990. – 160 с.

292 Кычанов Е. Величие и падение Киргизского каганата // Газета «Слово Кыргызстана». – 4 ноября. – 2003. – №20. – С. 11.

293 Кычанов Е. Юань-Мин доорундагы кыргыздар (XIII-XV кылымдар). [Текст] / Е.Кычанов, Т.Бейшеналеев // Ала Тоо. – Фрунзе, 1990. – №7. – С. 123-138.

294 D'Ohsson A.K. der Mongolen con Dschingis Khan bis Tamerlan. – Amsterdam: Tableau historique de l'Orient, 1834. – 335 p.

295 Клапрот Ю. Описание поездок по Кавказу и Грузии в 1807 и 1808 годах по приказанию русского правительства Юлиусом фон Клапортом, Придворным советником Его Величества императора России, членом Академии Санкт-Петербурга и т.д. // Вестник Европы. – 1812. – №2. – 221 с.

296 Мокеев А.М. Кыргызы на Алтае и на Тянь-Шане. – Б.: Издательство КТУ «Манас», 2010. – 280 с.

297 Худяков Ю.С. Кыргызы на просторах Азии. – Бишкек: Камекс-Детай; Фонд «Сорос-Кыргызстан», 1995. – 232 с.

298 Ноғайбаева М.С., Кәрібаев Б.Б. Моңғол жаулап алушылығына байланысты Қазақстан аумағына тайпалардың қоныс аударуы // Қазақ халқының этнотерриториясының қалыптасуының мәселелері: монография / жауапты ред., Т.Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – Б. 80-87.

299 Алпысбес М. Ұлт шежіресіндегі айтулы ел аналары мен ханымдар // Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар: халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары / (даярлаған Д.Қамзабекұлы). – Астана: «Форма Плюс» баспасы, 2015. – Б. 132-145.

300 Божбан // Қазақстан. Ұлттық Энциклопедия / Бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясың» Бас редакциясы, 1999. – 720 б.

301 Божбан // ҚСЭ. – 2-том. – Алматы, 1973. – 371 б.

302 Сәдібеков З. Қазақ шежіресі. – Ташкент: Узбекистон, 1994. – 103 б.

303 Бекжан О.Д. Көне түркі күл жазуындағы белгісіз еріндік буынды екінші кірігіңкі дауыссыздардың мағынасы мен таңбасы // Вестник ПГУ. – Серия филологическая. – №2. – 2011. – С. 91-110.

304 Қоңырат шежіресі / Есіркеп Кәрібайұлының жазбалары бойынша, құрастырып толықтырған Б. Серікбайұлы Қошым-Ноғай. – Алматы: Жалын баспасы, 1992. – 80 б.

305 Джикиев А. Этнографический очерк населения юго-восточного Туркменистана (коцне XIX-начало XX в.). – Ашхабад: «Ылым», 1972. – 216 с.

306 Зуев Ю.А. Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 365 с.

307 История Туркменской ССР с древнейших времен до конца XVIII в. / Ред. коллегия: проф. А.Каррыев, М.Е. Массон (гл. ред.) и др. – Ашхабад: Изд-во АН Туркм. ССР, 1957. – Т. 1. – Кн. 1. – 495 с.

308 Агаджанов С.Г. К этнической истории огузов Средней Азии и Казахстана // Известия АН Туркменской ССР. Серия общ. наук. – 1977. – №4. – С. 73-85

309 Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі. – Алматы: «Арыс», 2007. – 304 б.

310 Кузеев Р.Г. Происхождения Башкирского народа (этнический состав: история расселения). – Уфа: ДизайнПолиграфСервис, 2010. – 560с.

311 Қазақ ру-тайпаларының тарихы. Т.XII.: Қаңлы. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. – 732 б.

312 Сегіз арыс Адай // «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Ә.Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 720 б.

313 Хабижанова Г.Б. Этнополитическая история тюркских племен территории западного Казахстана в X-XII вв. // Вестник КарГУ. – 2010. – б. 78-84.

314 Қондыбай С. Маңғыстау-нама. Зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2006. – 444 б.

315 Асадов Ф.М. Арабские источники о тюрках в раннее средневековье. – Баку: Элм, 1993. – 204 с. – 48 с.

316 Тасаттық // Қазақстан. Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б. Аяған. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2006. –704 б.

317 Ажигали С.Е. Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей ретроспективе: Жетысу, середина 80-х / Обычаи и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сборник статей. – Алматы, 2001. – с. 163.

318 Акишев А. О культе «дождевого камня» (джада, яда) // Проблемы изучения и охраны памятников культуры Казахстана. – Алма-Ата, 1980. – С. 203-208.

319 Кулиева Р.Г. Культ камня в Азербайджане (археолого-этнографическое исследование). – Баку: «Элм», 2007. – 128 с. – С. 31-33.

ҚОСЫМША А



Қарағоқы-Қостам бейітіндегі ортағасырлық мавзолей қабырғаларындағы қыпшақ және оғыз-түрікмен таңбалары.
Суретті түсірген С. Әжіғали. 2012 ж.



Үстірт. Білеулі 1 моласы. Түрікменнің иғдыр тайпасының таңбасы.
Суретті түсірген С. Әжіғали. 1997 ж.



Оғыз-түрікменнің тюгер тайпасының таңбасы. XIV-XIV ғғ. Сисем-атадан солтүстікке қарай. Суретті түсірген С. Әжіғали. 2012 ж.



Адай руы таңбасының сәндік-көркем түрі. Самдағы Күше-бейіті қорымы*.
Суретті түсірген С. Әжіғали. 1997 ж.

* Суреттер С.Е. Әжіғалидің "Маңқыстау мен Үстірт ескерткіштері" атты кітап-альбомынан алынды.